Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

II бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
с международным участием

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»

II часть

23 февраля 2017 года

Арқалық қаласы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

II бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
с международным участием

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»

II часть

23 февраля 2017 года

Арқалық қаласы

ӘОК 80/81 (063)
ББК 80/81
Қ 22

Бас редакторы / Главный редактор:
Мусабекова Г.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Бас редактордың орынбасары / Заместитель главного редактора:
Рахметова Б.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., АрқМПИ профессоры

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:
ф.ғ.д., профессор Аймұхамбет Ж.Ә. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ), ф.ғ.к., доцент Сарекенова К.К. (Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ), ф.ғ.к., Рахметова Б.А., ф.ғ.к., доцент Искакова Б.Д., п.ғ.к., доцент Колдасбаева З.Ш., ф.ғ.к., доцент Валиханов Ш.А., ф.ғ.к., Калиев А.К., ф.ғ.к., Даулетова А.С., ф.ғ.к., Дуйсебекова А.Е., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Шакирова К.М., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Абдуллина А.А., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ауезова Ш.С., пед. ғыл. магистрі, Айдарова Г.К., аға оқытушы Таутина Б.А., аға оқытушы Абдрашитова Р.А., гум. ғыл. магистрі, аға оқытушы Ибрагим А.Е., заң ғыл. магистрі, аға оқытушы Бермағамбет Р.Е., пед. ғыл. магистрі, аға оқытушы Алькуатова А.Л.

Басылымға жауапты / Ответственные за выпуск:
заң ғыл. магистрі, аға оқытушы Бермағамбет Р.Е.; аға оқытушы Таутина Б.А.; редакциялық-баспа бөлімінің бастығы Амирбеков О.А.; лаборант Карбозова Г.К.

Қ 22 **«Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» = «Актуальные проблемы современных филологических исследований»** халықаралық қатысуымен республ. ғыл.-тәжіриб. конф. материалдары. II бөлім (23 ақпан 2017 ж.). - Арқалық: АрқМПИ, 2017. – 259 б.- қазақша, орысша.

ISBN 978-601-06-3969-0

Бұл жинаққа Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының педагогика және филология факультетінің, қазақ, орыс тілдері мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен 2017 жылдың 23 ақпанында өткізген «Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» халықаралық қатысуымен республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушы ғалымдар, докторанттар мен магистранттардың ғылыми мақалалары енгізіліп отыр.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында филология ғылымындағы әр түрлі әдіснамалық көзқарастар және қазіргі тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Жинақ филология саласындағы зерттеушілер мен білім алушыларға, жалпы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-06-3969-0

УДК 80/81 (063)
ББК 80/81

© Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

АЛҒЫСӨЗ
Институт ректоры, г.ғ.д. С.Б.Қуанышбаевтың құттықтау сөзі

Құрметті әріптестер!
Құрметті конференция қонақтары!

«Қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелер» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қош келдіңіздер!

Конференция тақырыбы қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелеріне, сондай-ақ елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асыру жағдайында білім беру кеңістігіндегі білім сапасына адамның даму үрдістері мен перспективаларына арналған.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы жылғы **«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»** атты Қазақстан халқына Жолдауында: «IT білімді, қаржылық сауттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек», – деп атап көрсеткен болатын. Ұлтжандылықты дамытудың негізгі құралы әдебиет пен тіл екенін ескерсек, қазіргі қазақ филологиясының алдында да зор мақсаттар мен міндеттер тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар Жолдауда елбасы Үкіметке тапсырма бере отырып, «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді», – деп баса айтты. Бұл да қазақ филологиясына үлкен міндет жүктейді. Өйткені қазақ тілінің дамуы тіл білімінің дамуымен тікелей байланысты.

Елімізде «Үш тұғырлы тіл» бағдарламасы жолға қойылғаны белгілі. Ошақтың үш аяғы тең болуы үшін, қазақ тілі ағылшын, орыс тілдерінің тасасында қалмай, керісінше басым сипат алып, мемлекеттік тіл ретінде жетекшілік қызмет атқаруға тиісті. Ол үшін қазақ филологиясы, яғни қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдары ағылшын, орыс филологиясының даму деңгейіне жетуге тиіс. Қазіргі таңда қарыштап дамыған ағылшын және орыс филология ғылымының жеткен жетістіктерінен үлгі ала отырып, дамудың жаңаша, заманауи деңгейіне көтерілу қазіргі қазақ филологиясына қойылған негізгі талап болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда біздің бүгінгі конференциямыздың қазіргі филологиялық зерттеулердегі өзекті мәселелерге арналуы конференция тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығын айқындап береді.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияның республикалық статусын конференцияға еліміздің барлық облыстарынан келген ғылыми еңбектер мен конференцияға келіп отырған көрнекті филолог-ғалымдар айқындайды.

Конференцияға қатысушылардың мақалаларында филология ғылымындағы әртүрлі әдіснамалық көзқарастар және қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының өзекті, теориялық және тәжірибелік мәселелері қамтылған.

Бүгінгі конференция материалдары қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының заманауи үлгіде, жаңаша дамуына, мемлекеттік тіліміздің өркендеуіне маңызды үлес қосатын мұра болар деген сенімдемін. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін!

II СЕКЦИЯ
ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ БАҒЫТТАР МЕН ЖАҢА ҮРДІСТЕР

КЕЙБІР ЭТНОТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ
(Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде)

Ш.Б. Сейітова
ф.ғ.д.
Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті,
Семей, Қазақстан
seitovashinar@mai.ru

Аннотация. *Генетическая сила нации, механизм самосохранения соответствует времени, и чтобы идти в ногу со временем, необходима непрерывная работа механизма духовных ценностей, что и является главным требованием на сегодняшний день. Внедрение данного механизма, отвечающего требованиям времени и ставшим защитой нации, имеет свой собственный путь становления на долгом жизненном пути народа.*

Ключевые слова: *этноним, устойчивое сочетание, информация, культурный фонд, нацилнальное единиство.*

Abstract. *Genetial Force of nation, mechanism of self-surviving correspondence to the time, and for that mechanism of non-stop moral values is necessary. Providing this mechanism, meeting modern requirements, has its own way of development in a long life way of the nation.*

Keywords: *ethnonym, phvasal unit, advice, information, cultural heritage, national unit.*

Халық рухының өмірлік мәні оның тілінде сақталған. Сондықтан кез келген этнос өміріне қатысты мағыналық – бірлік халық өмірінің мәнді бір бөлшегі. Әрбір этностың бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті мен өзіне тән ерекшеліктері болатыны – заңдылық. Мұндай құбылыс сол тілдік ұжымдағы ортаның қарым-қатынасынан, олардың сөйлеу мәдениеті мен өмір сүру дағдысынан, тектік құрылымының коммуникативтік ерекшеліктерінен анық байқалатынын аңғаруға әбден болады. Бұл ерекшеліктер сол кезеңге тән қоғамдық сананың тілінде жақсы сақталады да, сол этностың рухани, мәдени құндылықтарының негізін көрсетеді. Осыған орай қазіргі тіл ғылымында халықтың, индивидтің этноментальды өмірін, дүниетанымдық сипатын қарастыратын антропоөзектік бағыттағы зерттеулер өз нәтижесін беріп келеді. Себебі, тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды. Тілдік ұжымды, жеке адамды тілі арқылы тану арқылы оның шаруашылық, мәдени өмірінен толық ақпарат алуға болады. И.А. Бодуэн де Куртэнэ сөзі бойынша: «...язык существует только в индивидуальных мозгах, только в душах, только в психике индивидов или

особей, составляющих данное языковое общество», – десе [1, 8 с.], біз қарастыратын антропоцөзектік парадигма негізінде зерттеушінің зейінін объектілік танымнан субъектілік танымға, яғни адамзатты тілі арқылы, ал тіл арқылы адам баласын саралауға болады.

Антороповзектік парадигма тұрғысынан адам әлемді өзін-өзі жете түсіну арқылы таниды. Дүниені адами призма арқылы танитынымызға көптеген тілдік бірліктер дәлел. Мысалы: *аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ; Ұшасын арқалаған Ақтағыс; ноқта аға; жаныс көп пе, қамыс көп пе?* т.б. Ешқандай абстрактілі теория неге ноқта аға немесе арғынның көптігін аспанға, қыпшақтың көптігін жұлдызға теңеуін, тіпті болмаса Ақтағыстың (кісі есімі) Ұшаны (жер атауы) (*Ұшасын арқалаған Ақтағыс*) арқалауын түсіндіре алмас еді. Адамға болмыстағы заттардың өлшемі ретінде өзін сезінуі адамға өз санасында антропоцөзектік түйсік түзілім құруын ғылыми деңгейде зерттеуге болатынын көрсетеді. Адам санасындағы, басындағы түйсік түзілімі, оның рухани болмысын, іс-әрекетінің уәжін, құндылықтар дәрежесін анықтайды. Адамның сөзін, сөйлесімін жиі қолданатын сөз орамдарын зерттеу арқылы болмысын түсінуге болады.

Тілдің мәдени мағыналы ақпаратты жинақтау мен сақтау қызметі тағы бар. Кей бірліктерде бұл ақпарат қазіргі кездегі тілді тасушы имплициттерде жүздеген жылдар трансформациясына жасырылған. Алайда ол бар әрі қызмет жасайды (мысалы, найман тайпасының қыржы табын алсақ, ел ішіндегі қалыптасқан түсінік: ол – малсақ, еңбекқор, бауырмал, бірақ өкпешілдігі де бар, сондықтан болар *қыржи, қыржи, Мәмбетқұл; қисая қалса, қыржы болғаны* сынды тұрақты тіркестер сүйекке сіңді қасиетіне қатысты қалыптасқаны және т.б.)

Бұрыннан келе жатқан ұғым мен жаңа қабылданған ұғымның арасындағы ассоциациялық байланыс негізінде қалыптасқан, мысалы: *аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ; қойды теке бастайды, бізді Айдос бастайды; сөз анасы – қыпшақ, ел анасы – найман; елтен ел болмайды, ешкі қой болмайды; бағаналы баласы – елінің панасы, ананың көзінің қарасы;*

Қоршаған ортаның нақты шындық көрініс дағдысы нәтижесіндегі (стереотип) бізге белгілі кез келген тіркес астарында стереотиптік құбылыс бар. Мысалы: *тарақ найзалы батыр; кең қолтық керей; астындағы атын алты ай іздеген Малтүгел; қыржаңға өкпелеген қыржы; ұл туса қызай қуанар, гүл өссе қыз қуанар*. Соңғы мысалды алатын болсақ, түздің қатерлі де қиын шаруаларын атқару ер адамның мойнына жүктелген іс екені қалып алған жағдай, ал жаугершілік заманда, үркінді кезеңде ер-азаматсыз отбасы өмір сүре алмас еді, сондықтан қазақ отбасында дүниеге ұл бала келсе, қуаныш еселенеді. «Ұл туған әйелге – күн туады» ел санасында қатталған стереотиптің бір бір көрінісі. «Ұлан-ғайыр, көп» – санада орныққан стереотиптік жайт. Бұл *сан мыңдаған, құмырсқадай қаптаған, жұлдыздай бықынаған* дегенді ойша елестету арқылы жасалған ситуациямен ассоциациаланады, ұласады да, екінші реттегі

таңбамен вербалданған тұрақты тіркес «аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ» түрінде беріледі. Символ – әр қырынан көпқырлылығымен танылатын мәдениеттің тұрақты элементі. Мысалы, *бөлінгенді бөрі жейді; бір рулы ел.*

Жоғарыда көрсетілген когнитивті модельді ұйымдастыратын бірліктер мен таңбаларға (ассоциация, стереотип, символ, бейнелер) зер салсақ, олардың адамның ойлауы мен түсінуіне, қабылдауына, елестетуіне ықпалы ерекше екенін тануымызға болады. Тақырыпқа өзек болып отырған ру-тайпа болса, сол ру-тайпаның ойлау қабілеті, дүниені қабылдауы, қалыптасқан ұлттық рәсімді сақтай білуі, оны тілі арқылы бере білуі, ол ру-тайпа негізіндегі ұлтты тану, ұлттың мәдениетін тілі арқылы тану болып табылады. Айтылған таным-түсінік жөнінде ақпарат беруші ру-тайпа, яғни ру-тайпаның жүріп өткен жолынан, өмір кешулерінен, бағыт-бағдарынан, күнделікті жағдаяттардан бізге ақпарат беруші дереккөздердің бір арнасы – ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестер.

Біз Шығыс Қазақстан аймағындағы ру-тайпа атауларынан қалыптасқан тұрақты тіркестердің мағыналық, концептуалдық ерекшеліктерін қарастыра отырып, олардың бойында жинақталған ақпарат мына мәнділіктерді көрсеткенін байқадық. Ру-тайпа одағы қоғамдық құқықтық қатынастар институты, ол құқықтық қатынастарды реттейді, ол қоғам мүшелерінің әлеуметтік қатынастарына қызмет етеді, ол ру-тайпа мүшелерінің мәдени қатынасына қызмет етеді; ол жалпы адамзаттың ұлттық құндылықтары негізінде тәрбие ісіне қызмет етеді; ол санаға, қоғамдық санаға сөз арқылы әсер етуге қызмет етеді.

Сонда ру-тайпаға қатысты ақпаратты: құқықтық мәдениет → әлеуметтік этика → тәрбие → ұлттық құндылық → қоғамдық стереотип → ұлтық менталитет ретінде қарастыруға болатынын көреміз.

Әлеуметтік этика адамның өз ақыл-ойына сәйкес қоршаған дүниені танып-білуге, бағалауға мүмкіндік береді. Б.Сағындықұлы атап көрсеткендей: «Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан бар тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады» [2, 101 б.]. Мәселен, белгілі бір кезеңде өмір сүрген ру-тайпа немесе оның мүшелерінің қандай өзіндік қасиеттері болғанын бүгінге жеткен мақал-мәтел, тұрақты тіркестердің нәзік иірімін сезу арқылы, адам санасына тұтастай сол мәліметтің жетуі арқылы білеміз. Ұлттық болмыс тұрғысынан алып қарағанда, әлеуметтік этиканың қалыптануында адамның өткендегі тәжірбиесі маңызды орын алады. Мысалы, қазақы ұғымда қуанышты жағдайды қабылдаудың өз ерекшелігі бар. Құнанбайдың немере інісі Ақбердіге Құнабайдың «Бетқұдықты Ақбердіге берсін!», – деген сәлемін әкелген Абайға Құлыншақ ақын: «Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді», – деп тақпақтай бергенде, Бала Абай іле жөнеліп: «Бақ берген емей немене, Борсақтан қалған аз жерді «Менікі» деп тап берді [3, 147 б.] деген екен. *Ақберді, Ақберді, Ақбердіге Құдай бақ берді* мағыналық бірлігі осы бір қуанышты оқиғадан кейін ел аузында қалса керек. Ұлттық қабылдау,

ұлттық түсінікте бақты берейін десе, бір-ақ сәтте бере салар деген қағида қалыптасқан, сонымен қатар есте қаларлық жағдайда өлең сөзбен термелей жөнелу бұл да қазақы топырақтан өніп шыққан бір белгі .

Қазақ халқы салт-дәстүрін, әдет-ғұрпынан бой тартпаған халық. Көптеген күрмеуі қиын мәселе дала дәстүрі негізінде шешіліп отырған. Мысалы, *өліп кетті Өтекең, майға толды Көтекең* тұрақты тіркесінен жол-жоралғы негізіндегі даулы мәселенің оңтайлы шешімін тапқанын көреміз. Айдабол балаларының арғы атасының аты Көтібақ болса керек. Ауыл ішіндегі істің аяғы насырға шауып (Абыралы жерінде), кісіге жазығы жоқ, көпшіл де діншіл жан Өтебай қазаға ұшырайды. Екі ауыл да бір Үсеннің балаларынан. Елдің тыныштығын, азаматтардың амандығын қалайық дей отырып, сол елдің болысы, Ноха қажы қомақты ақшалай құн кескен екен [4, 110 б.]. Жоғарыдағы сөзді Өтебайдың құрдасы Күлшім деген айтып, елге таралып кетіпті. Ағайын арасына жік түспеуін көздеген шешім қалыптасқан дәстүр негізінде, яғни ұлттық менталитет негізінде оң шешімін тапқан.

Қазақ халқының өзіндік сөйлеу өнері, қоғамдық стереотип қалыптасқан. Шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Сол себепті шешен де шебер сөйлеудің қыр-сырын жетік білген қазақ халқының ұлттық сөйлеу ерекшеліктерін төмендегідей бөліп көрсетуге болады: *Біріншіден,* қазақ үйіне келген адамды бірден әңгімеге тартпаған, алдымен сый-құрметін көрсетіп, ыңғайы келді-ау дегенде, қалыптасқан жөн-жоба негізінде көңіл-қошын білдірген. *Екіншіден,* әңгімелесу аXVалында айтылған сөздің астарлы мағынасына көз жеткізіп барып қана, өз ойын айтқан. Қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа бірден жауап қайтармаған. Егер сынау мақсатында немесе шұғыл жауап беруді қажет ететін төтенше жағдай болса, табан астында, бірден ұтымды да санамалы, тілге тиек ететін дерекпен қолма-қол жауап қайтарған, орайына қарай, суырып салып, өленмен де жауап қайтара білген. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған. *Үшіншіден,* тілдесудің ойдағыдай өтуінің этикалық шарты бар. Сөйлеушіге оң пейіл білдіру, тілдесуге ықыласты екеніңді көрсету, оның сөзін түсіністікпен ден қоя тыңдау т.б. сондай-ақ әңгімеге, сөзге құлақ түріп, назар аударудың вербалды белгісі – қоштау таныту арқылы жүзеге асады. Қазақ амандасудан бастап қоштасуға дейін тиісті қалыптанған жазылмаған ережені сақтайды. Қазаққа кеңдік, есептеспеушілік, «бір Алла біледі» деушілік, қанағат, тәубеге келушілік қасиеттері тән. Сонымен, адамды, оның жан дүниесін тілінен тыс зерттеуге болмайды. Сондай-ақ тілді де адам арқылы, адамның жан дүниесі арқылы зерттемей болмайды. Тілдің субъектісі, біріншіден, тілдік тұлға (жеке адам, тілді тұтынушы), екіншіден, халық, ұлт (тілдік ұжым). Бүгінгі тілдік ұжым кешегі ру-тайпадан қалыптасқандығы айқын. Сондықтан да аймақтық дәрежедегі ру-тайпаның қолданысындағы тұрақты тіркестерді белгілі бір аспектіде қарастыру – ол халықтың тұтастығын көрсететін мәнді бірліктер.

Жинақталған материалды саралай отырып, бір қырынан, яғни тәрбиелік құндылығы тұрғысынан алғанда байқағанымыз, әртүрлі жағдаятқа байланысты, біліп-білмей жасалған кемшін тұстарды алдағы уақытта сабақ болсын деген мақсатта қолданылатын мәнділіктердің бар екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, *Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон (*Арғын – Мейрам – Өтей). Қолы ашық, дастарқаны мол, берекелі бәйбіше өз аймағында беделді адамның біріне саналатын. Берілген тұрақты тіркес өз ортасындағы еңбегіне қарай салыстырмалы түрде айтылған, яғни бірінің екіншісіне қарағанда, адамға деген құрметі басым дегенге саяды.

Жинақталған тұрақты тіркестер мәнді-мәнсіз, баянды-баянсыз, жағымды-жағымсыз болса да ұлт тілінде туып, қалыптасып, тұрақты тіркес дәрежесіне енгеннен кейін ұлттық құндылық қатарынан орын алары сөзсіз. Себебі, кез келген бір сөз сол ұлт қажеттілігін өтемесе, лексикалық қордан, қабаттан шығып қалары аян. Дәстүрлі қоғам бар жерде құқықтық қоғам бар (М. Қойгелдиев). Әрбір ұлт мәдениеті өз бастауын сол ұлттың этникалық іргетасы болып қаланған ру-тайпа болмысының қалыптасу қайнарларынан алатыны сөзсіз.

Тілдің ұлттық мәдениетпен байланысының түрі жайлы мәселеде зерттеушілер арасында бірізділік жоқ. Бірқатар зерттеушілер (Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров) ұлттық-мәдени компонет түрінде, Ю.А.Сорокин негізгі білім түрінде және т.б. зерттеген. Негізінен В.Н.Телияның пікірі дұрысырақ болар, себебі ол байланыс мәдени коннотация арқылы жүзеге асады деген. Ондай мәдени коннотация тұрақты тіркестің, тілдік бірліктің ассоциативті-образды интерпретация нәтижесінде немесе метафоралардың ұлттық-мәдени эталон, стереотиптердің қатынастылығынан туындамақ. Мәдени коннотация мазмұнын компоненттерді символикалық оқу арқылы да анықтауға болады. Мысалы, тұрақты тіркестерде ұран мағынасындағы «*Ақжол», «Қаптағай*» сөзін аруақтану, бойға ерен күш жинау, қуат көзінің символы ретінде: *«Ақжолдаса», арғын қалмайды, екеуі бірігіп, «Сарманайлап» түйілсе, басқалардың сау тамтығы да қалмайды;* бүкіл әскер он мың болса, он мың, жүз мың болса, жүз мың бәрі ұрандап, мыңдаған ат тұяғының дүбіріне жүздеген әскерилердің дауысы қосылғанда, күн күркірегендей, алапат дауыл тұрғандай ұрыс даласының символы ретінде: *«Ақжолдаған» арғындар, «Бақтиярлаған» үйсіндер;* бір тудың астына біріктіретін, бір сөздің аясына шоғырландыратын, туысқандықтың белгісі, жинақтағыш күш символы ретінде: *Байғара – сыбанның ұраны; ұран иесі – Боранбай* және т.б. екінші деңгейлік сезім призмасынан көрінетін символдық мән иеленген тұрақты тіркестермен бейнеленіп, ұлттық тілдік әлем картинасының ерекшелігін анықтайтын басты фактор ретінде жүреді. Адам сезімінің жан-жақтылығын бағалаудың генетикалық механизмі бір мезгілде жан-жақты әрі ұлтқа тән қабілетке ие болып, әлемдік тілдік картинаны әрі жалпы типологиялық, әрі индивидуальді ерекше етіп көрсетуге бейім.

Лексикалық бірліктерді образды қабылдаудың жоғарыда көрсетілген стереотиптерге, символдық ұғымға қатыстылығының негізінде ұлттар менталитетін тану арқылы біз олардың мәдени-ұлттық мәнін, қасиетін жете түсіне түспекпіз. Тұрақты тіркестер мен мағыналық бірліктер мазмұны және онда ұялаған мәдени коннотациялар білім көзіне айналады.

Ұлттық тіл семантикасында бекіген образдар жүйесі тілдегі мәдени ақпараттың негізі болмақ. Нәтижесінде мәдени кодтар қатыстылығы мәдени ұлттық коннотация мазмұнын құрайды. Мәдени коннотация ғана мағыналық бірліктер мәніне, символдар немесе метафоралар, олар қолданылатын мәтін мағынасына да қажетті мәдени сипат береді. Әдетте, коннотативті сөзде денотаттың жекелеген белгілері бөлінген. Мәселен, берілген тақырыптағы ру-тайпа атауларының ішінде *«малтүгел»* сөзі оның найман ішіндегі аңқау ел екенін ғана білдіріп қоймайды, сонымен қатар, аңғырт, сенгіш, момын, бопау адамды да елестетеді. Сөз мағынасына ассоциативті белгілердің телінуі, коннотацияның пайда болуы – мәдени-ұлттық үрдіс, ол ақыл қисынына бағынбайды (неге мысалы, садыр табынан шыққан адам аңқау емес, малтүгел табынан шыққан адам аңқау, себебі: садыр табынан шыққан адамдарға, көбінесе, қу деген сөз телінеді), сол себептен әр халықта аңқаулық эталоны ретінде басқа да рулар табынан шыққан адамдарды алуға болады.

Жалпы коннотациялар сөзден шығатын асоциацияларға негізделеді, әйтсе де, олар кей кезде шынайылыққа сүйенеді: *садыр* – ақылдылықтың (сайтан қу ма, садыр қу ма?), *матақ* (керей) – тентектіктің (матақ, жүрген жерің шатақ), *Белгібай* (найман) – жомарттықтың (Береген Белгібай), *тобықты* (арғын) – сөзге шешен, іске алғыр, ұйымшыл (сөз маржаны тобықтыдан табылады, бөз арзаны Бұқардан табылады, толғағы бір тобықтының баласы т.б) және т.б. Көбінесе, коннотациялар бағалаушы рөлінде келіп, сонымен қатар әлем картинасын құрайтын тілдің ұлттық ерекшелігін анық байқатады. Мысалы, алғашында наймандардың әлемді қабылдау картинасында *найманның қызына шыдағанға тозақ жұмақтай көрінеді; найманның қызын алған, жұмаққа барады* тіркестері жағымды мағына берсе, арғындарда *ажалыңнан бұрын өлгің келсе, не екі аяқты мотоцикл ал, не арғыннан қатын ал* – жағымсыз баға алған; ал найман тайпасының ішіндегі қызай табының қыздары жайлы тек жағымды ғана баға берілген: *арғыннан ән таңда, қызайдан қыз таңда.* Коннотацияларда тілдің номинативті жүйесінің потенциалды шикізаты түзіледі, себебі коннотативті сөз жаңа мағына жасау қабілеті ғана емес, сонымен бірге сөз семантикасындағы күрделі қатынастардың терең мағынасын сақтау әрі ұлттық мәдени тілдік картинаны жасау мүмкіндігі тағы бар.

Қорыта келгенде, этнотұрақты тіркестер ұлттың мәдени дамуының ұзақ үрдісін көрсетіп, ондағы мәдени дәстүрді, стереотип пен архетиптерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Тұрақты тіркестер – құрамына ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ой-сана, таным-түсінік, адамгершілік заңдылықтары кіретін ерекше микроәлем. Ол барлық ұлт тілдерінің жаны, олардың көбінде дерлік ұлттық мәдени таңба бар; ұлттық-мәдени сипат беретін мәдени ақпарат мағыналық

бірліктердің ішкі формасындасақталады. Тұрақты тіркестер – әлемдік тілдік картинаның бір бөлігі, олар әрқашан да субъектіге бағытталып, олар әлемді сипаттау үшін емес, оны бағалауға, әлемнің субъектіге қатынасын суреттеуге арналған. Біздің пайымдауымыз бойынша, кез келген мағыналық бірлік – ол мәтін әрі мәдени ақпаратты сақтаушы. Сонымен, қарастырылып отырған мағыналық бірліктер – ұлттық менталитет пен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші әрі сақтаушы.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
2. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. – Алматы: Қазақ университеті. – 2003. – І-бөлім. – 101 б.
3. Исабаев Б. Ұлылар мекені. – Новосибирск, 2001. – 623 б.
4. Нәсенов Б. Абыралы – қанды жылдары. – Новосибирск, 2002. – 2 б., 3 кіт. – 642 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.С. Сейтенова
п. ғ. к., доцент,
Халықаралық КАНКОРД академиясының корреспондент мүшесі
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: *В статье расматривается проблема формирования культуры речи младших школьников — одна из актуальных проблем сегодняшнего дня. Ученик должен уметь выразить свою мысль, во первых, не стесняясь; во вторых, уметь правильно и точно составлять предложения; в третьих, освоить первые простые элементы культуры говорения; в четвёртых, уметь строить отношения с окружающими. Как показано в выводах, необходимо освоить основные принципы и концепции языковых отношений.*

Ключевые слова: *проблема, формирования, культуры речи, младших школьников, актуальных проблема, уметь выразить, мысль.*

Abstract: *In article is considered the problem of formation of speech culture of younger schoolchildren one of actual problems of today. The student should be able to Express their thoughts, first, don't hesitate; the second, to be able to correctly form sentences; third, to master the first simple elements of the culture of speaking; the fourth, to be able to build relationships with others. As shown in the conclusions, it is necessary to master the basic principles and concepts of linguistic relations.*

Keywords: *problem of formation of speech culture, Junior schoolchildren, the actual problem is, to be able to Express the thought.*

Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қаракөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Тек тіл үйренуде ұмыт болып бара жатқан шаруа бала бақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарымызды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында бұл мәселені көптеген ғалымдар зерттеп-қарастырғаны

белгілі болды. Солардың ішінен педагогикалық сөздікте берілген мынадай анықтаманы мысалға келтіретін болсақ: «Оқушылардың сөйлеу мәдениеті – оқыту үрдісі мен адамдардың тілдік қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Оған тілдің мағыналылығы, ойлылығы, байлығы, көркемдігі мен жалпы тілдік нормалардың сақталуы тән» [1, 263 б.]. Ал бұл мәселені жан-жақты зерттеген Л.И.Ожегов: «Сөйлеу мәдениеті - бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы – бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпытілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Ойын жеткізуде дәл әдіс таба білу ғана емес, сондай-ақ орынды сөйлеу» - деп тұжырымдайды [2, 287 б.].

Оқушыны сөйлеу мәдениетіне төселдіру, ең алдымен, әдеби тілдің нормаларын дұрыс меңгеруден бастау алады. Ғалым Н.Уәлиев зерттеу еңбегінде сөйлеу мәдениетінің нормативтік аспектісі мен қатысымдық қырының өзара бірлігін былайша тұжырымдайды: “Сөйлеу мәдениеті, алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді” [3, 6]. Яғни сөз мәдениеті, бірінші кезекте, әдеби тіл нормаларын қамтиды да, екінші кезекте, сөйлеу шеберлігі деңгейіне қатысты мәселелерді қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, сөз мәдениетінің бірінші аспектісі сөз дұрыстығы болуы тиіс екендігі дау туғызбайды.

Тілдік нормалар сөз дұрыстығы деген ұғыммен парапар келеді. Балаға тіл үйрету де дұрыс сөйлеудің жолдарын таныту арқылы жүзеге асырылады.

Әдеби тіл нормаларына “тұрақтылық, қолданыс аясының кеңдігі, жалпылама қолданымдық, жалпыға ортақтық, тілдік жүйенің өзіндік дәстүрі мен мүмкіндіктеріне сәйкестік тән”. Қолданушылары шетсіз де шексіз ұлы даланың, кең байтақ өлкенің қай жерін мекендесе де, айтарлықтай тілдік айырмашылығы болмаған, жалпы жаратылысы әу бастан-ақ текті де таза қазақ тілінің нормалары оның табиғи болмысымен тығыз тұтасып жатқандықтан, оны үйрету де қиынға соқпайды. Тек тілді оқытуда оны өзге тілдің қалыбына салып қоймай, “біріншіден, оны өз табиғатына сүйене отырып жүргізуге, екіншіден, сол білімді баланың ұғыну психологиясынан туындатып үйретуге” басымдылық берілуі шарт.

Әрине, тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, оның әдеби тілдік нормалары да ішінара өзгеріп, жетіліп отыратыны заңды. Ондай өзгерістер, әсіресе, сөз мағынасына, сөз тұлғасына, сөз құрамына қатысты болып отырады. Тілде жаңа сөздердің, оралымдардың тууымен байланысты екі не одан да көп нұсқалардың қатар қолданылатын кезеңдері болады. Сондықтан әдеби тіл нормасында да екі ұдай қалыпта қолданылатын сөздер ұшырасып жатады. Ол бала тіліне де әсер етпей қоймайды. Сол себепті ғалымдар тілдің нормасының үш деңгейін саралап көрсетеді:

1-деңгейдегі норма - қатаң норма - міндетті түрде сақталуы керек, өзгертілмейтін, басқа нұсқаның қолданылуына жол бермейтін норма. (Мысалы: ауызша тілде шегара деп айтылғанмен, жазбаша нұсқада тек шекара деп қолданылады).

2-деңгейдегі норма - босаң норма - екі нұсқаның қатар қолданылуына шек қоймайтын, еркіндікке ыңғайлы норма. (Мысалы: мақрұм сөзінің махрұм, рақмет сөзінің рахмет нұсқасы тілде қатар қолданыла береді).

3-деңгейдегі норма - өзгермелі норма - ауызекі тілдегі көнерген формалардың қолданылуына шек қоймайтын норма"[4,77 б.]. Біздің түсінуімізше, алдыңғы екеуі нормалану деңгейіне жатқанымен, соңғы деңгей норманың талабына жауап бере алмайды. Өйткені нормалаудың басты кретерийі – оның тұрақтылығы. Ал осында көрсетілген үшінші деңгейде ол талап мүлде ескерілмейтіндіктен және тілді қарабайырландырып жіберетіндіктен, оны норманың деңгейіне жатқызуға болмайтын сияқты.

Сөйлеу мәдениетінің нормалық сапасының сақталуы әр сөздің мағынасын дұрыс ажыратып, орынды қолданумен тығыз байланысты. Яғни мұнда лексикалық норманың мәні ерекше деген сөз. Сол үшін мектепте оқылатын тіл білімінің әр саласы оқушыға сол саладағы негізгі нормаларды сақтай білуге үйретуден басталады. Сөздерді өз мағынасына сай қолдана білу сөйлеушінің тілдік талғамы мен ой дәлдігін өзара бірлікте дамытады.

Сөз тазалығы адамның ой тазалығын да, оның жалпы тілдесімге деген биік жауапкершілігін де танытады. Өйткені тілді шұбарламай сөйлеу, ең алдымен, адамның сол тілге деген құрметінен туындайды. Ойдағы алалық қана тілдегі алалыққа әкеледі. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламауды тіл тазалығының белгісі деп қарастырады және "тіл тазалығы тіл анықтығын тудыратынын, яғни айтылған лебіздің ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмеуіне әсер ететінін" бағамдайды [5,180 б.]. Жалпы, сөз тазалығының сақталмауының себебін екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншіден, тілдесімде бөтен сөздердің қолданылуы жағынан; екіншіден, сөйлеуде басы артық сөздер мен оқшау сөздерді, сөз тіркестерінің кірістірілуі жағынан сөз тазалығына нұқсан келеді. Шындығында әлемде бөтен сөз араласпаған, шеттен сөз қабылдамаған бірде-бір тіл жоқ. Мәселе сол сөздердің дұрыс, орынды қолданылуына байланысты болып отыр. Сөз байлығы мен тазалығына қатысты В.Г.Белинский былай дейді: "Орыс әдебиетінің әр дәуірінде шет сөздер ағыл-тегіл еніп отырады; біздің дәуір де ол салттан арыла алған жоқ. Бұл қалып жуырда жойыла қоймайды: бөтен жерде туған идея бізге келгенде бөтен сөзді ертіп ала келеді.... Бірақ тілдің тағдыры жеке адамның бұрмалауына көнбейді. Тілдің сенімді, азбас сақшысы бар, ол сақшы – тілдің тума рухы, табиғаты, тума данышпандығы. Сондықтан да шеттен енген сөздің көбі өзінен-өзі жоғалып, азы ғана өмір сүріп қалады. Жаңадан енген орыс сөздері де сол заңға бағынады: біразы кірігіп, іске асады, қалғандары жоғалады. Әйтсе де, жат ұғымды атау үшін олақ жасалған орыс сөзі шет сөзден тиімді емес, қайта әлдеқайда жаман" [6,127 б.]. Дәл осындай жай қазіргі қазақ тілінің де

басынан кешірілуде. Жаһандану жағдайындағы алыс-жақын шет елдермен алыс-берістің арта түсуі, әсіресе, сөздік қорға үлкен салмақ салуда. Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сан алуан жарнамалардағы “шұбар тіл” мектеп балаларының санасына сіңбей қалмайды. Ендеше, бүгінгі шұбар тіл ана тіліміздің ертеңгі тағдырына қалай әсер ететінін бағамдау қиын емес. Сол ағылып келіп жатқан сөздердің кейбірі күнделікті тұрмыста қолданылатын, тілде бұрыннан бар сөздердің өзін ығыстыратын жайы да кездеседі. “Тіл – бейне бір шексіз мұхит, оған дария суы да, ірілі-ұсақ өзен суы да, қайнар бұлақ та, өткінші жауын да, қажетсіз лай да құйылып жатады”. Мәселе сол сөздердің ішінен қажеттілерін іріктеп ала алатын талғамды қалыптастыруда. Осы орайда бүгінгі мектеп оқушыларының ғана емес, жалпы қоғамдық сипат алып бара жатқан келеңсіз үрдістің бірі – сөйлеу тілінде кірме сөздердің, бөгде тілдік элементтердің жиі қолданылуы.

Демек, біздің көтеріп отырған мәселеміз бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан, бастауыш мектепте мұғалімдер оқушыларға жалаң бір жақты тілдік матералдарды меңгертіп қана қоймай, оқушылардың игерген тілдік материалдардағы тіл заңдылықтары мен ережелерді өз сөздерін қалай қолданып жатқандығына баса көңіл аударуға тиіс. Оқушылардың қате сөйлегендеріне кешіріммен қарап, оларды қате жіберуге дағдыландырмау керек. Бұл үшін мұғалім әрбір сабақта оқушыларды ауызша сөйлеуге, сөйлеген сөздерінде қандай сөз қолданғанын байқауға, синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай орынды пайдалануға дағдыландыруы қажет. Оқушыларды ауызша сөйлеуге үйрету арқылы олардың тілдік материалдарды жеңіл игеруіне ықпал етуге болады. Себебі, ауызша сөйлеу дағдысын меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш.Оразбаева былайша ой қорытқан: «Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген окушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл — тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс» [7, 143.].

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру деп —оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмыстарының көздеген басты мақсаты - шәкірттердің білімдік, тәрбиелік біліктерін жетілдірумен қатар олардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытып, тілдік қарым-қатынаста сөйлеген сөздерінде жаргон, варваризмдер мен қыстырма сөздерден арылту. Осы мақсатқа сәйкес бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен мәтіндер жүйесі оқу бағдарламасының мазмұнына лайықталып құрылуы тиіс. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жұмыстары сатыланып, жеңілден қиынға қарай ұстанымын негізге алып жүргізілген кезде ғана жетістікке жетеді.

Қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін ең жоғарыда айтып кеткендей, алдымен бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеуін қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыда Т. Қордабаев төмендегідей тұжырымдаған: «Өмір өріне алғаш қадам басқан жас ұрпақ болашағына қажетті нәрді мектептен алатыны белгілі. Мектеп беретін сондай нәрдің бірі, бірі болғанда да бірегейі — оқушы жастардың сөйлеу, жазу мәдениеттілігі»[8, 122-6.]. Жасыратыны жоқ, бұл салада мектептеріміздің өнімді ісі әзірше байқалмайды. Оны біз республикамыздың түкпір-түкпірінен жоғары оқу орындарына түсу үшін жылма-жыл келіп жататын оқушылар білімін тексеруден де байқаймыз. Солардың басым көпшілігінде кездесетін ең негізгі кемшіліктің бірі — шығарма жазуда болсын, ауызша емтиханда болсын өз пікірлерін, тіпті біліп тұрғандарын ауызша түрде жеткізе алмайтындықтарында, тілдік элементтерді өзіне лайықты орынды дұрыс қолдана білмейтіндіктерінде. Бастауыш сыныптарда кейбір балалар ұялшақ болады да, мұғалімнің сұрағына кейде жауап қайтармайды немесе «бар», жоқ «ия» деп, бір сөзбен ғана жауап береді.

Сондықтан, мұғалім бірінші сыныптан бастап әрбір оқушыны батыл, қатты дауыспен, анық, ашық сөйлетуді үнемі қадағалап, қолға алса, онан әрі сөйлеу мәдениеті тиісті дәрежеде қалыптаса бастайды. Бастауыш сыныпта дыбыстың анық айтылуына, жаңылтпаштарды көбірек айтқызуға, түрлі тақпақтар оқыту, жаттату жұмыстарына қатты назар аударылуы тиіс. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды сөйлеу мәдениетіне дағдыландыру үшін сөз ұғымын, оның мағыналық реңктерін, мағыналық түрлерін меңгеруге аса көңіл бөлінуі тиіс. Мысалы, сөздердің бір ғана дыбысын өзгертіп беру арқылы оқушыларға сөздің мағынасын толық ұғындыру дағдылары жетіледі:

Мысалы, 1-сыныпта оқушыларға «Р» дыбысы мен әрпін үйрету барысында «ара» деген сөз ауызша айтылады. Сонда ара сөзінің ағаш кесетін құрал екендігін түсіндіретін ағаштың түрі, жәндіктің түрі ретіндегі араның суретін көрсету барысында түсіндіру керек. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды сөйлеу мәдениетін, дағдысын қалыптастыруға арнайы тапсырмалар, мәтіндер беріп сабақ өткізу барысында сол тапсырмаларды орындау, мәтіндерді оқу арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін, дағдысын қалыптастыруға болатындығын байқадық [9. 55].

Сонымен, зерттеуші - ғалымдардың берген түрлі зерттеулерін саралай отырып, біз сөйлеу мәдениеті дегеніміз – оқыту үрдісінде, отбасында, жалпы адамдардың өзара қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби тіл нормасын сақтай, тіл тазалығын сақтай жеткізе білу шеберлігін айтамыз. Әр полимәдениетті дамыған жеке тұлғаның ерекше маңызды қасиетінің бірі – тіл (сөйлеу) мәдениетін игеру. Сондықтан бүгінде жас ұрпактың тіл (сөйлеу) мәдениетін қалыптастыру мәселесі ерекше орын алып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 280 б.
2. Головин Б.Н. Как говорить правильно: Заметки о культуре речи. –М.:Высшая школа, 1988. – 299 с.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... диссер. – Алматы, 2007. – 296 б.
4. Дәулетбекова Ж. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... диссер. – Алматы, 2008. – 290 б.
5. Бекбергенова Р.А. Байтұрсынұлы және тіл мәдениеті //Жинақ: Мемлекеттік тіл: бүгіні мен болашағы. – Астана, 1998. – 336 б.
6. Головин Б.Н. Основы культуры речи. – М.: Высшая школа, 1980. – 335 с.
7. Сейтенова С.С. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың ғылыми – әдістемелік негіздері: Монография. Алматы- 2014
8. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Мектеп, 1975. – 192 б.
9. Сейтенова С.С. Изучение проблем формирования языковой культуры учеников начальной школы II международная студенческая научно-практическая конференция. Новосибирск, 2012 г.

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІ МҰРАЛАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Г.Баялиева
ф.ғ.к., доцент
қауымдастырылған профессор
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан
Bayalieva67@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматриваются языковые особенности поэтов и импровизаторов ногайских веков.*

Ключевые слова. *литература, ногайский язык, импровизатор, литературный язык, норма языка.*

Abstract. *The article deals with the linguistic peculiarities of poets and improvisors of Nogay Eras.*

Keywords. *literature, Nogay language, improvisor, literal language , language norms.*

XV ғасырдан бастап қазақ хандығы құрылып, төл әдебиетіміз қалыптасты. Қазақ әдебиетінің тарихы жеке жырау, жыршылармен толықты. Олар өздерінің өлең-толғаулары арқылы қоғам мен адам арасындағы қатынасты: елдік пен ерлік жайын, қысқасы өмірдің алуан мәселелерін, уақыт сөзін жеткізді. XV-XVI ғасырлар әдебиеті тарихи кезеңінің өмір тұрмысын, хан мен халықтың сыр-сипатын ашық, айқын сөз етумен ерекшеленеді. Қазақ халқының құралу дәуіріндегі кейбір тарихи оқиғалардың елесі туған әдебиетіміздің төлбасылары Асан Қайғы мен Қазтуған, Шалкиіз шығармаларынан айқын аңғарылады.

XV ғасырға дейін ноғайлылар мен қазақтың ру тайпалары Алтын Орда құрамында бірге, аралас-құралас өмір сүргені мәлім. Шоқан Уәлиханов айтқандай, Жәнібек ханның билік құрған шағында қазақ пен ноғайлы жұрттары бірге өмір сүрген кезі өлең-жырлардың алтын дәуірі болды. Шоқан Жиренше шешен аңыздарын, «ноғайлы философы» Асан Қайғы толғауларын, Әз Жәнібек сөздерін осы ноғайлы-қазақ дәуірінде туған деп топшылайды.

Тек Жиренше мен Асан емес, XV-XVI ғасырларда өмір сүрген Доспамбет, Шалкиіз, Қазтуған, Шобандар да ноғайлы-қазақ жыраулары болып саналуға тиіс. Бұл пікірді принципті түрде алғаш айтқан зерттеуші - Құлмат Өмірәлиев болатын. [1:68]

XV-XVI ғасырлардағы қазақ жыраулар шығармаларының тілі орта ғасырлық түркі әдеби тілі, соның дәстүрі, орфографиялық негізінде сөйлеу тілі арасында қалыптасып, сол бағытта дамыды және ол шығармалар ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарады.[2:98]

XV ғасырдан басталатын қазақ поэзиясының ең көшбасында Асан Қайғының тұруы тегін емес. Өйткені, Асан айтты деген аталы сөздер ауыздан- ауызға, елден-елге, ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің заманымызға жетіп отыр. Әдетте, өзі өмір сүрген заманның, уақыттың көрінісін көркем сөзбен шебер бере білген ақынның өзіндік қолтаңбасы өшпек емес. Қазтуған, Шалкиіз жыраулар туралы да осыны айтуға болады.

Орта ғасырлық латын поэзиясы, трубадурлар лирикасы европалық лирика үшін қанша қызмет атқарса, XV-XVII ғасырлардағы қазақ өлеңі кейінгі жазба поэзиясы үшін сондай игі ықпалын сіңірді. [3:76]

Қазақ қауымы халық ретінде XV ғасырларда құрала бастағаннан кейін тілі *ж*-мен айтылатын топта қалыптасып, өзге түркі тілдерінен ажырай бастаған. XV-XVI ғасырлардан қалған өлең-жырлар әлі де ноғайлы, қазақ жұрттарына ортақ, мүмкін, көп ретте *ж*-мен емес, *й*-мен айтылған болар. Бұған кейбір тарихи есімдерге қатысты жырлар мен шағын өлеңдердің Қырым татарларында да (ноғайлыларында) сақталғаны куә. [2:70]

Бұл дәуірдің әдебиет үлгілерінің тілін құрылымдық қабаттарға қарай толық сипаттау мүмкін емес, әсіресе, олардың фонетикалық күй-қалпын мүлде беруге болмайды. Оған бұл үлгілердің хатқа түспей, ауызша сақталып, бізге ауызша жеткендігі басты себеп болып отыр. XV-XVI ғасырларда өмір сүрген қазақтың жырауларының өлең толғауларында, бағзы заманнан келе жатқан мақал-мәтелдерде, сондай-ақ кейбір ежелден қалыптасқан сөз тіркестерінің құрамында бұл күнде аса көп қолданылмайтын, мағынасы күңгірт тартқан немесе мүлде түсініксіз біраз сөздер кездеседі.

Шығарманың сөздік байлығы, сөз топтарының сипаты онда қолданылған стильдік тәсілдерге тікелей қатысты. Дидактикалық толғаулар кейде ой түйінін дәлелдеу үшін қарама-қарсы полюстерді салыстыру тәсілін пайдаланады: хан~қара, жақсы~жаман, құстың құлы~құстың төресі, дос~дұшпан, сұлтан~құл. Бірақ бұлар сөздікті байытатын дәрежеге жетпеген.[4:75]

XV-XVI ғасырлардағы қазақтың ауызша дамыған төл әдеби тілінің қазынасында орыс тілінен сөз алу дәстүрі жоқ, өйткені мұның әлі базасы қаланбаған. Жаңа сөздерге (неологизмдерге) келсек, олар жөнінде дөп басып айту қиын. [1:77]

Бұл мұралардан архаизмдерді көптеп кездестіруге болады. Оларды шартты түрде үш топқа бөліп қарастырамыз:

1. Бұл күнде мүлде қолданылмайтын бейтаныс түрлері.

2. Қазірде де түсінікті, бірақ қолданыстан шығып қалған пассив элементтер.

3. Қазірде де қолданылатын, бірақ өзгеше мағынаға ие болғандар.

Мысалы, тілі кейінгі кездердің нормасына сәйкестендірілген деп тауып отырған Асан Қайғы толғауларының ішінде мына жолдарды контекс бойынша да, контекстен тыс та ұғу өте қиын:

Ойыл деген *ойынды*
Отын тапсаң *тойыңды.*
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың.
Кеңестің түбі *нараду*

Мұндай жолдар мен жеке элементтер Қазтуған, Шалкиіз жырауларда едәуір. Мысалы, Қазтуғанның «Қара *ұнымы* сұлтандайын жүрістің», Шалкиіздің «Тұсындағы болған *нартын* қорлама. Сөз боларсың көлемге. *Сындырау* арқа,сырт соқпақ. Шемшірлігін ноқталап, *Құдаған* өскен арулар»,-деген жолдардағы сөздердің бейтаныстығы айтылмақ ойды күңгірттеп тұр.

Қазірде де түсінікті, бірақ қолданыстан шығып қалған пассив элементтерге мына сөздерді жатқызуға болады: хан,сұлтан, құл, жебе,алдаспан, т.б.

Үшінші топқа қарындас,жұрт, алаш, ару, ауыр, қыршан, озу тәрізді сөздерді жатқызуға болады. Бұлар мағыналары біраз өзгеріп, семантикалық қозғалысқа түскен сөздер. Мысалы, «қарындас» сөзі бүгінге дейін екі мағынада қолданылады. Осы күнгі әдеби нормадағы актив мағынасы «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны» және жалпы ер адамға байланысты айтылғандағы жасы кіші әйелдің атауы. Қазақ тілінде бұрын бұл сөз жалпы «туысқандар,руластар,аға іні» деген ұғымда жиі қолданылған. Мысалы, Асан Қайғының:

Ол күнде *қарындастан* қайырым кетер, - дегенінде де Шалкиіздің:

Жайыңды білген *қарындас*,

Ол *қарындас* әм жолдас, - дегенінде де бұл сөз әйел жынысты адам туралы емес, жалпы туысқандар, жақындар туралы. XVIII ғасырда шыққан атақты «Қаратаудың басынан көш келеді» деген халық өлеңіндегі «Қарындастан айырылған жаман екен, Мөлтілдеп екі көзден жас келеді», дегендегі *қарындас* «бірге туған, туысқан, ағайын» сондықтан да ол бертінде халық аузында «Айрылған ағайыннан жаман екен» деген вариантта да айтылады.[5:45]

Көне түркі тілдерінде *қарундаш/қарындаш* сөзі бір құрсақтан шыққан аға- іні дегенді білдірген. Бұл фактілерге қарағанда, қарындас сөзінің о баста «бір құрсақтан (қарын сөзінің «құрсақ» мағынасы да болған) шыққан аға- іні,қарындас,сіңлі» деген нақты мағынаны берген. Мысалы, Қадырғали бидің шежіресінде «жасы кіші әйел бала» деген ұғымды *қыз қарындаш* деп береді: Қутуқут нойан(ның) бір анадан екі қыз қарындашы бар еді. (Жамиат – тауарих,1851,79)

Қазірде тілімізде бар, мағынасы да айқын *ару* сөзін ертедегі нұсқалардан жиі кездестіреміз. Мұнда екі түрлі мағынада қолданылады: бірі - жеке тұрып, «сұлу, көрікті әйел, сүйікті қыз, жар» деген мәнде. Сонымен қатар ертедегі қазақ әдеби тілінен *ару ат, ару ұл, ару батыр* деген тіркестер де қолданылады. Мысалы, Шалкиізде:

Айсұлдың *ару* Әметі тұрғанда,
Айсаның *ару* ұлы Қолай бар.

Бұл күнде ***ару ат, ару жігіт*** деген тіркестер құлаққа жат естіледі. Ертеректе *ару* сөзінің «пәк,таза, кіршіксіз» және діни ұғымдағы «әулие,ие», осылардан барып «игі, мінсіз, игілікті, ғаслыл, күнәсіз, пәк» деген ауыспалы мағыналары пайда болған.Бұл сөз түркі,түркі-манғол сөздерінде де кездеседі. Монғол тілінде *ариг* сөзі «таза» деген мән береді.

Дегенмен бұл кездегі қазақ тілінде бүгінгі нормалдардан өзгеше келетін азды көпті грамматикалық тұлға-тәсілдердің болғаны сөзсіз.

1. Сөз өзгерту саласында.Септеу тәртібі (парадигмасы) негізінен қазіргімен бірдей,тек есімдіктердің септелуінде өзгешелік бар. Ілік жалғауы *мен, біз* деген есімдіктерге жалғанғанда *–ің, -ім* түрінде де келеді: *менім, бізің*. Әсіресе *менім* варианты қазіргі қазақ тіліне жат,ол ноғайлық тұлға. Бірақ XV-XVI ғасырлардағы қазақ тілі үшін де бұлайша қолданыстың болуы ықтимал. Шығыс септіктің екі-үш жерде -дын, -дін варианты кездеседі:Ер өзіндін соңыратын... Бұ кеткендін қайтпасаң (Шалкиіз).Етістіктің түйық түрі (немесе қимыл атауы) екі түрлі тәсілмен жасалған:бірі қазіргіше *-у* жұрнағы арқылы, екіншісі *-мақ* жұрнағы арқылы.

Шылаулар қазақ тіліне тән түрлерінде ғана кездеседі. Жазба тілдерге тән арабша *уа,лекин,* парсыша *һәм* шылауы бір екі жерде ғана көрінеді: Жайыңды білген қарындас, Ол-қарындас *һәм* жолдас(Шалкиіз). Соң шылауының *соңратын* деген көне варианты да қолданылған.

2. Сөз тудыру жүйесінде. Туынды түбірлердің ең бір жиі қолдаылған сипатты топтары *-лық, -лы, -сыз, -дай* жұрнақтарымен жасалғандар. Грамматикалық ерекшеліктердің қатарында *дүр(-ды,-ді,-ты,-ті)* форматының қолданылуын көрсетуге болады. XV-XVII ғасырлардағы қазақ поэзиясында,сірә, *дүр* варианты басым болғанға ұқсайды. Бұл үлгілердің кейін хатқа түскенінде *-ды/-ді, -ты/-ті* болып өзгертілуі мүмкін. Бұлардан басқа бұл күнде өзгеше тұлғада қолданылатын кейбір туынды етістіктер бар. Мысалы, ырысымды *сындайын* дегендегі соңғы етістік қазірде *сынайын* күйінде болар еді. Сұлу үнмен *үндейін* (Асан

Қайғы) дегендегі *үндеу* етістігі бұл күнде жолмен берілер еді. Сонымен, XV-XVII ғ. қазақ поэзиясы тілінің грамматикалық жүйесі қазіргі кездегімен бірдей келіп отырғанымен, едәуір сәттерде ерекшеліктері бар екені байқалады. Ол ерекшеліктер, біріншіден, әріден келе жатқан ескі тұлғалардың орнын алуынан туса, екіншіден, әдебиет жанрының сөз қолданыс тәсіліне байланысты орын алғандар. [6:105]

Бұдан соң шешендік-дидактикалық толғаулар жеке сөздерді тұлғалардың, құрылымдардың қайталап келуі сияқты амалды жиі қолданады, соның нәтижесінде синтаксистік-құрылымдық параллельдер молынан орын алады. Бұл-толғаулардың ең сипатты белгісі. Мысалы, Асан Қайғы «Тақырлауға қонған қаз-тырна» деп басталатын шағын толғауын әрбір екінші тармақ сайын солардың соңында **ол** сөзін қайталау арқылы құрады:

Тақырлауға қонған қаз тырна
Таң маңында ұшар *ол.*
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар *ол.*
Қызыл изен, боз жусан
Сарыарқаға бітер *ол...*

Қазақтың мол ауыз әдебиеті мұрасының ішінде батырлар жырлары циклі мен XV-XVII ғасырлардағы жеке ақын-жыраулар шығармашылығының арасында үлкен іліктестік бар екені айқын. Бұл жақындық әсіресе, көркемдеу тәсілдері мен лексика-фразеология саласында көзге түседі. Ақын-жыраулар үлгілерінде образдар батырлар жырларындағыдай ең алдымен малға, айналаны қоршаған табиғат дүниесіне қатысты келтіреді. Айталық, «Ер Тарғын» жырының бір өзінде кездесетін бадана көзді кіреуке, алты аршын ақ болат, қозы жауырын қу жебе, т.б. «Қобыланды батыр» жырында бар толғамалы ақ сүңгі, қозы жауырын жебе дегендерді ақын-жыраулардан ұшыратамыз. Тарғынның мертігіп жатқанда Ақжүніске айтқан монологінің:

Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт құрсайды.
Күнді байқап қарасам,
Күн жауарға ұқсайды.
Көгілдірін ерткен
Көлдегі қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды,- деп келетін жерлері Шалкиіздің Темір әміршісіне айтқан мына жолдарымен образдас түседі:

Аспанды бұлт құрсайды,
Күн жауарға ұқсайды.
Көлдерде қулар шулайды,
Қулардан ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды.

Біз зерттеу жұмысымызда жыраулар мұрасының кейбір тосын қырларын ашуға тырыстық.

Әрине, ілгергі дәуірлерден ауызша жеткен қазақ көркем туындыларын әрі қарай іздестіре беру, жиналғандарына текстологиялық жұмыстар жүргізу, стильдік-тілдік жағынан жан - жақты талдаулар жасау – қазақ филологтары мен тіл мамандарының міндеттері.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Р.Сыздық. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004. – 68 б.
2. С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004. – 98 б.
3. Өтеген Күмісбаев. Көне жырлардың жаңа қырлары. //Ақиқат, 1994. – 76 б.
4. М.Мағауин. Алдаспан. – Алматы, 2004. – 70 б.
5. М.Балақаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 2004. – 45 б.
6. Р.Сыздық. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 2004. – 54 б.

ҚАЗІРГІ СӨЗ ҚОЛДАНЫСЫНДА ҰШЫРАСАТЫН КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР

А.М. Абасилов.
ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а.
Ж.Қ. Кеңес
студент
А.Е. Төлеген
студент
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда, Қазақстан
kenes-zhanar@mail.ru

Аннотация. *Язык − многофункциональное явление. Патриотизм и национальная гордость казахстанцев, связанные с казахским языком − довольно распространенное чувство, но в наших размышлениях мы заведомо откажемся от него и будем рассматривать только практические аспекты языка и всёчто с ними связано. Попытаемся рассмотреть основные функции, которые выполняет или должен выполнять казахский язык.*

Ключевые слова: *язык, явление, патриотизм, основные функции, аспекты языка.*

Abstract: *Language is a multifunctional phenomenon. Patriotism and national pride of the Kazakh people related to the Kazakh language − a fairly common feeling, but in our meditation we deliberately abandon him and will only consider the practical aspects of the language and everything connected with them. Try to consider the basic functions that it performs or should perform the Kazakh language.*

Keywords: *language, phenomenon, patriotism, feeling, basic functions.*

«Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше», - деп дана халықымыз айтқандай, адамды сөз арқылы таниды, сөзі арқылы қабылдайды. Себебі «Сөз - күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады, сөз құдіреті ақты - қара, қараны - ақ етуге жетеді» [1].

Халық өмірі бір жылдап, я жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде әр халықтың дағдылы қолданылып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай айырмашылық болса, тілінде де сондай айырмашылықтар болады [2].

Қазіргі таңда қазақ тілімізді молынан бай, сауатты, көрнектілігі шексіз деп аузымызды толтырып айтқанымыздың өзінде де, жай адамды қоя тұрып, қазақ әдебиетіміздің тіл жағдайларының жыртысын жыртып жүрген әдебиетші-жазушыларымыздың өзінен де батпандай қателіктер жіберіліп жатады және бұл ғасырдан-ғасырға жөнделмей, осы біздер - ұрпақтарға тарап келеді. Егер мұндай қателіктерді жөндемесек, тіл әдебиетіміздің түбінде бір ауытқуға апарып соғуы мүмкін. Сондықтан қазақ тілі әдебиетіміздің қисынсыз кетіп бара жатқан жерлерді түзету, өңдеу мәселесі негізгі зерттеу жұмыстарының біріне айналып отыр.

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлеуінің дұрыс күйінде жұмсалуы айтылады. Олай болуы үшін керек:

Ең алдымен, сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысы өз орнына қолданылуы.

Екіншіден, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.

Үшіншіден, сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орналастырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру [3].

Мысалға, қазақ тілінде самай сөзінің самай шам, самайын қырау, шалған тәрізді орындарда жұмсалып, адамға байланысты қолданылатыны белгілі.Олай бола тұрса да, біз автордың былай жазғанын оқимыз: Басына киген түлкі тымағының екі самайына қалың қырау қатқан өзен қария шамадан түскені болмаса, қозғалмай тұр.

Сөз дұрыстығынан жөнсіз ауытқуының мұндай түрлері тіл білмегендіктен емес, көбіне мұқиятсыздықтан болып жатады. Әдетте, самай, желке дегендер адамға қарата айтылатын сөздер. Әлбетте тымақтың самайы, желкесі болмайтыны белгілі. Адамға тән мұндай нәрселерді киімге таңу ақиқатпен үйлеспейді.

Өзге тілден еніп, заңды түрде орныққан осы тәрізді сөздерден кейбіреудің дағдысына енген мүгістіктер: *остановкаға барамын, субботада келді, звонит ет т.б.*

Аударма әдебиет арқылы тұрақталып тілімізде тиянақ тапқан қолданыстардың қатары (*соңғы жылдарда тарих сахнасына шықты;екі арасын Қытай қорғанымен бөліп тастауға болмайды; Америка ашты; екінші тыныс (Мартен пешінің екінші тынысы)* тәрізді тұрақты тізбектермен көбейе түсті. Осындай тізбектерден тіл шұбарлайтын тіркестерді ажырата білу – сөз тазалығына қойылар талаптардың бірі.

Сөйлеуде немесе жазуда болсын әр сөз айтылар ойға, мазмұнға қатысты болып мағыналық жүк арқалап тұруға тиіс. Бірақ кейбір

адамдардың сөйлеу дағдысында сөз тазалығына нұқсан келтіретін, сөзді әсерлілігінен айыратын «қызметсіз» қыстырымды сөздер жиі кездеседі. Сөз арасында қыстырылып жүретін *жаңағы, нетіп, әлгі, мәселен, ал енді,яғни, сонымен* тәрізділерге аузы үйір адам тыңдаушысын мезі етеді. Әсіресе, сөйлеушінің айтар ойы айқын болмай сүреңсіз сөздер киліккіш келеді. Сөз тазалығын сақтауға талаптанған адам белгілі бір мәселе жөнінде әңгіме қозғамас бұрын сөйлейтінін кесіп-пішіп, ой елегінен өткізіп алып, жұрт алдына шығады. Тіл тазалығын сақтауға талаптанған адам сөз арасын ыбырсыта бермейді.

Айтылған сөз не жазылған сөз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтіндей болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады.

Айтылған сөз не жазылған сөз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керек. Адам анық танитын нәрсесін анық айтады да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт айтады. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз. Тілдің анық болмауы мынадай кемшіліктерден көрінеді, сөз мағынасы екіұшты болып айтылғанында. Мысалы:

Жаман қатын алсаңыз,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Жөнді жауап айта алмай,
Жалғанда қор болады.

Мұнда *«жалғанда қор болады»* дегенді екі түрлі ұғуға болады. *«Төркініне бере алмай, төсегіне жата алмай»* байы *«қор болады»* деп те ұғуға болады. Сондай-ақ «тең құрбысы келгенде, жөнді жауап айта алмай» қатыны «қор болады» деп те ұғуға болады [4].

Сол сияқты мынау да екі ұшты: *«Абай ұрыға қас еді, ұры ауылының маңына жоламаушы еді».* Мұнда *«ұры ауылының маңына»* Абай *«жоламаушы еді»* деп те ұғуға болады. *«Ұры Абай ауылының маңына жоламаушы еді»* деп те ұғуға болады.

Белгілі бір ұғымды білдіріп, яғни белгілі бір заттың аты немесе сынның, сапаның белгісін, санды, әр түрлі әрекет-құбылысты, қимылды білдіретін мағына, яғни сөздің ішкі сипаты, мазмұны қоса жүреді. Міне, осы мазмұны, ішкі сипатына қарамай сөздерді күнделікті өмірде қолдана беретін адамдар жеткілікті. Ол өзіміздің күнделікті өмірде, қоғамда, көптеген салаларда, тіпті оқыған, көзі ашық деген адамдардың өзінде де кездеседі.

Қазақ тілінің тұлғалану ерекшеліктеріне, сөздердің бір-бірімен тіркесе түсіп, сөйлем құрау сияқты қасиеттеріне қарай, топ-топтап қателіктерді әр түрлі салаларға бөлуге болады. Олар: лексикалық қателер, фразеологизмдерді қолдануда кететін қателер, морфологиялық қателер, синтаксистік қателер, стилистикалық қателер.

Лексикалық қателерге бірнеше мысал келтірсек:

Сөздің мағынасын білмей қолдану: *«Бәрінен де шиеттей баланыдалаға тастамай өсіріп адам қылғанын айтсайшы»*.

Сөздің мағынасын білмей тексеру: «*Қырық құлаш қыл шылбырдан аттың мойнына тұзақ салды»*, *«Кеше ғана университет есігін аттағанда».*

Сөздің мағынасының нақты қолданылмауы, күңгір болуы: *«Жігіт жігерлене жұтынды», «Екінші, үшінші курста біреудің айтқанымен жүрген сияқты ұйқылы көзбен сабаққа келіп аузын ашып сабақ айтады»*.

Паронимдердің қолданысы: *«Төсек жаңартты»(жаңғыртты), «Жазушылар сұрақты қардай жаудыртты» (боратты).*

Тілдің құрылым жүйесінде фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Бірақ фразеологиялық бірлікті танып білуде зерттеушілер арасында бір ауызды пікір жоқ. Сондықтан да мағынаға ие тілдік бірлік ретінде фразеологизмдер түрлі сөздіктерде әрқилы беріліп жүр. Зерттеулерде я болмаса лексикографиялық еңбектерде тұрақты сөздердің белгілі бір типтері фразеологиялық бірлікке жатқызылса, қайсысы бірі мүлде басқа құбылыс деп танылады. Дегенмен, зерттеушілер фразеологизмдерді ұқсас өзге де құбылыстардан ажыратудың ондаған белгісін ұсынды. Бірақ солардың ішінде негізгілерін атап айтқанда мыналар: фразеологиялық бірліктер тұтастығы, тіркесте нақтылығы, қолдану тиянақтылығы. Осы негізгі белгілерге сүйене отырып фразеологизмге мынадай анықтама беруге болады: құрылым құрылысы тұрақты әрі тиянақты, сыңарлары біртұтас мағынаны білдіретін және дара тұлғаланатын, сондай-ақ тұтас күйінде өзгеде сөздермен тіркеске түсе алатын, форма жағынан синтаксистік бірліктер (сөз тіркесі, сөйлем), мазмұны жағынан лексикалық бірліктер түріндегі тілдің мағыналық бірлігін фразеологизм деп атаймыз [5].

Осы фразеологизмді пайдалану барысында кететін қателіктер:

1.Тұрақты тіркес құрамындағы сыңарлардың мағынасына жақын келетін сөздермен ауыстырылып қолданылуы:*«ауыр қылмысқа адамды өмір сүру құқығынан қию жатады».*

2.Тұрақты тіркес мағынасының контекстке сай келмеуі: *«қылмыс таяң қатал жағдайда қайрап, егеп»* сөз тапқанға қолқа жоқ дегендей ерге, елге медет болып, адамның ақиқат пен шындыққа ақылдық пен қайсаршылыққа меңзелеп отырады.

Морфологиялық қателер:

1. Тек қана жекеше түрде қолданылатын зат есімдерге көптік жалғаудың тұлғасын қосып жазылуы.

2. Зат есімдерде септік жалғауын дұрыс қолданылмауы: *«біз бұл өмірде бақытты болу үшін туылдық», «XXI ғасырдың мақсаты осы өмірде сау сәбиді өмірге келтіру, ішімдік пен есірткіден аулақ болу»*.

3. Сын есімнің шылауларын орынсыз қолданылуы: *«бас хатшының баяндамасы проблеманың барынша тереңдігін және байыптылығын алғаш көрген БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің ерен әсерін туғызғанын атап кеткен ләзім».*

Синтаксис деген термин грек тілінен алынған, қазақша құрау, құрастыру немесе ретке келтіру деген мағынаны білдіреді. Грамматикада ол сөздердің басын қосып тіркес жасап, бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрауды, сол арқылы адам ойын білдіруді үйретеді. Сонымен бірге синтаксис сөйлем түрлерін, олардың құрылымын, неден жасалатынын және сөйлемді сазына келтіріп оқуды, айтуды және тыныс белгілерін қалай қою керектігін көрсетеді [6].

Синтаксистік қателер:

1. Сөз тіркестірудің нормаларының сақталмауы, бағыныңқы мен басыңқы сыңарларының тым алшақ болуынан мағына байланысының нақтылығының болмауы: *Қылмыс – елеулі маңызы бар немесе мемлекеттік қауіпсіздікке және адам өміріне зиян келтіретін әрекет не әрекетсіздік.*

2. Етістіктің шақ тұлғаларының бірі-біріне сәйкес қолданылмауы: *Ең алғаш мектепте оқып жүргенде арман етіп, қиялдап жүрген Алматы қаласына келдік, армандаған маман иесі болуымызға аз уақытта қалды.* Сондай-ақ бұл сөйлемдегі *«арман етіп, қиялдап жүрген»* есімше тұлғаларының басыңқы *«Алматы»* сөзімен байланысы орынсыз.

3. Бірыңғай мүшелі сөйлемдерді қолдануда жіберілетін қателер: *Қазіргі кезде қылмысты жасайтын адамдар, олар - негізінен жас балалар.*

4. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі сақталмауы: *көшеде бір қарапайым өзімен-өзі кетіп бара жатқан адамды полиция қызметкерлері көріп қалды.*

5. Бастауыштың қайталанып, үстемеленіп жұмсалуы: *«Өлді деуге бола ма ойландаршы», - дегендей, Ы.Алтынсарин, яғни ұстаз атамыз біз үшін тірі*.

6. Сөйлемге қажетті сөздерді тастап кетудің салдарынан сөйлем мағынасының күңгірттенуі: *Сәби жарыққа шыр етіп келгеннен бастап, өмірден жылу алуды армандайды.*

Стилистикалық қателер:

1. Сөздік қордың жетіспеуінен жіберілетін қателер: *Біз бұл өмірде бақытты болу үшін туылдық, сол себептен біз өзімізді бақытты қылуымыз керек. Осы жерден басталып екеуміздің таныстығымыз басталды.*

2. Тавталогиялық сөз қолданысының салдарынан сөйлеу тілінің көріксіз, кедей болуы: *15 сәуір күні біздің университет ұжымы жылдағыдай наурыз мерекесін Алматы қаласының орталық бағындағы стадионда тойлады.*

3. Қыстырма сөздерді орынсыз қолдану: *Қылмыстың алдын алу үшін мектеп қабырғасында дұрыс тәрбие беріп, қадағалап және де діни сабақтар жүргізіп, инспекторлар қою керек.*

4. Тілдің көріктеу құралдарын керекті жерінде пайдаланбау: *Әрине әр адамның өзі біртуар, қайта келмес даналары болады.Бұл адамзаттар ел үшін күреске, сонымен қатар біз туындылары қалдырып кеткен данышпандар болмақ.*

5. Бояма сөздерге құмар болу: *Ол өлеңді оқысымен жүрегім дүр сілкінді.*

6. Сындық мәні бар сөздерді дұрыс таңдай алмау: *Ол болашақта өз мүдделері және күллі адамзат мүдделері үшін тиімді еңбек етеріне шынайы үміттіміз.*

7. Сөйлемде басы артық, керексіз сөздерді келтіруден кететін қателер: *Балтаның сабын қолмен ұстап отын жардым. Орманға қарай аяғыммен жаяу жүрдім.*

Еліміздің болашағы – жастар қолында, олай болса, туған тіліне деген құрметті, тіл тазалығын сақтауға деген жауапкершілікті арттыруымыз шарт.

Қазіргі уақытта «мен – қазақпын, менің тілім – қазақ тілі, оны сақтау, қорғау – менің міндетім» деген ұғымды, ұлтжандылық қасиетті тумысынан жас ұрпақтың бойына сіңіру біздің міндетіміз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Хасенов. Тіл білімі. – Алматы: 1996 жыл. – 92 бет.
2. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: 1992 жыл. – 257-455 бет.
3. Н.Оразақынова, Н.Әміреев Қазақ тілі оқулығы. - 10 сынып. – Мектеп, 2010 жыл. – 160 бет.
4. Жанаш Нұрмахан Қазақ әдебиеті газеті. – 2006 жыл, 17 қараша.
5. М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. – Ана тілі. 1992 жыл. – 133 бет.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ

К.О. Өмірбаева
п.ғ.к, профессор
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан
Ohasovna48gmail.com

Резюме. *В данной статье рассматриваются методы лингвистического анализа XVдожественных текстов в учебном процессе. Даются некоторые высказывания ученых о методах лингвистического анализа XVдожественного текста, о его видах, а также предлагается классификация методов и пути языковых особенностей текста.*

Ключевые слова: *учебный процесс,XVдожественный текст,лингвистический анализ, методы.*

Resume. *This article refers to the methods of linguistic analysis of literary texts in the learning process. Forms and methods of scientists gaying about the procedures of linguistic analysis of artistic. The possibility of opening linguistic features of texts and classification methods.*

Keywords: *linguistic analysis, literary texts, learning process, texts, methods.*

Жас ұрпақты саналы тәрбие беруде үлкен маңызды құралдың бірі – көркем шығарма, оның ішінде мәтінмен жұмыс. Мәтінмен жұмыс бір жағынан, оқушылардың сөйлеу дағдысы мен ойлау логикасын дамытудың негізі болса, екінші жағынан, тілдің лексикалық, грамматикалық және стилистикалық жақтарының алуан түрлі қыр – сырларын, өзара бірлікте болатынын жан-жақты талдап, жинақтай білуге мүмкіндік береді.

Көркем текстi лингвистикалық талдау қазақ филологиясында ертеден жалғасы үзілмей келе жатқан ілгері сала.Тілдік талдаудың негізгі объектісі – шығарманың сөздік құрамы және мәтін лингвистикасы. Көркем шығарманың мазмұны терең, тілі күрделі. Мәтіндегі бейнелеуші қызмет атқаратын сөздер, фразеологиялық тіркестер, шаттық пен қуанышты әсерлейтін теңеулер, нәзік лирикалық бояулар т.б. тілдік құрылымдар белгілі бір жүйемен талданады.

Талдау кезінде жазушының айтайын деген ойын аса сезімталдықпен қабылдап, суреткердің идеясын терең түсінуге мүмкіндік туады. Сонымен, көркем мәтінді тілдік талдау шығарманың идеялық мазмұнына қатысты жүргізіледі.Көркем мәтінді тілдік талдау кезінде тілдік элементтердің мағынасы ашылып, эстетикалық қызметі айқындалады. Талдау арқылы мәтінді түсінуге қажетті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылымдар мен категориялардың мазмұны ашылады. [1,87]

Мәтін – әр түрлі лексикалық, логикалық, грамматикалық байланыстардан тұратын құрылымдық-мағыналық бірлік ретінде қызмет ететін күрделі тұтастық. Көркем мәтін тіл мен әдеби сөз арқылы жасалады. Лингвистикалық тұрғыда мәтінді талдау тілдік бірліктер мен тілдік категориялардың қызметтерін айқындаумен сипатталады.

Көркем мәтінді тілдік және әдеби талдау әдістемесі ілімінің іргетасын Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Балақаев, сияқты аға буын ғалымдарымыздың еңбектерінен көруге болады. Қазақ тіл білімінде Р.Сыздық, Т.Қордабаев, Б.Шалабай, М.Серғалиев, Б.Мүсірепова, С.Құнанбаева, Ж.Жакупов, О.Бүркіт, А.Жұбанов, Г.Смағұлова, З.Ерназарова, С.Мұстафина, Г.Әзімжанова, Н.Құрманова, К.Мухлис, А.Таусоғарова, Б.Райымбекова, Ф.Жақсыбаева, А.Қайдаров, Е.Жанпейісов, Ж.Қайшығұлова, М.К. Ахметова т.б. мәтін талдау мәселесіне бірнеше ғылыми зерттеу еңбектері мен мақалаларын, оқу құралдарын атауға болады.

Көркем ойды бейнелейтін тіл құралының эстетикалық қасиетін ашуды орыс грамматикасынан көрнекі орыс ғалымдары Г.Лакофф, Р.Харвег, В.Скаличка, Э.Бенвенист, С.Карцевский, З.Шмидт, Т.Николаева, А.А.Потебня, С.М. Пешковский, Я.В. Шерба, В.В.Виноградов еңбектерінен оқып білуге болады. Қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушылар – А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінен мәтін туралы алғашқы ойларды кездестіреміз. Сөйлеу тілін лингвистикалык тұрғыда қарастырған Қ.Жұбанов өз еңбегінде «Мәтін - тілдің негізгі бірліктерін, морфеманы, сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді камтитын күрделі бірлік» -десе, З.Ерназарова: «Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады» - деп таниды. [2,58]

Ғалымдардың мәтін туралы ой-пікірлері тілдің күнделікті қолданысындағы, қызметіндегі ерекшеліктерін байқаудан туындаған еді. Өйткені ғалымдар сол кезеңдерде мәтінді, оның сипатын, белгілерін зерттеу нысаны ретінде қарастыра отырып, зерттеуші және сол тілді иеленуші ретінде мәтін талдауға катысты құнды пікірлерін білдірген. Ә.Қайдар «Халық даналығы» еңбегінде және жерлес ғалымдарымыз

Н.Ж. Құрманова, К.Мухлис «Текст теориясы және текстi талдау әдістемесі» зерттеу жұмыстарында тілдік бірліктердін қолданымдық сипатын ашқандығын және автордың дара стильдік ерекшеліктерін анықтау жолдарын көруге болады.

Орыс ғалымдары Л.Выготский, Т.Дридзе, А.Леонтьев, Н.Жинкин мәтінді психолингвистикалық талдау, А.Н.Баранов прагматикалық талдау, Г.Золотова, Н.Болотнова қатысымдық талдау, М.Бахтин, М.Кожина, Т.Шмелева жанрлық-стильдік талдау арқылы ерекшеленеді. Олар біріншіден, экспериментальды әдістерді өте көп қолданады; екіншіден, тілді және тілдік бірліктерді психологиялық әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастырады. 1992 жылы жарық көрген Н.М. Шанский, Ш.А. Махмудовтың «Сборник упражнений по лингвистическому анализу текста» еңбегінен, 1976 жылы басылып шыққан Л.А.Новиковтың «Лингвистическое толкование XVдожественного текста» еңбегінен және 1982 жылы жазылған Н.М. Шанскийдің «Лингвистический анализ XVдожественного текста» орыс тілінде жазылған еңбектерінен көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі бойынша өзекті мәселелерді оқуға болады. [3,126]

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістемесі бойынша тілшілердің айтуынша, көркем шығарманың тілдік құралының көркем мазмұнын бейнелеуге қатысты мәселелерді талдаудың негізгі обьектісіне жатқызады. Сыздықова Р., Шалабай Б. «Мәтінді лингвистикалық талдау» еңбегінде М.Өтемісовтың, А.Құнанбаевтың, Ы.Алтынсариннің, С.Торайғыровтың, С.Сейфуллиннің, Ғ. Мүсіреповтың, С.Мұқановтың, М.Әуезовтың т.б. ақын-жазушылардың көркем шығармаларына лингвистикалық талдау жасайды.

Көркем мәтінді лингвистикалық талдау пәнінің объектісі – көркем шығармадағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысы, әдеби туындыда пайдаланылған тілдік элементтердің мағына мазмұны, эстетикалық қызметі. Бұл міндет мәтінге тілдік және стилистикалық талдаулар жүргізу арқылы жүзеге асады. Барлық мәтіндер ең алдымен лингвистикалық обьект болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан алынады.

Адамның рухани әлемін оның адамгершілік бүкіл ішкі сезім қасиетін қалыптастырып байытуда әдебиеттің, ана тілі пәнінің атқарар қызметі ерекше. Көркем туындыны толық, терең әрі жан-жақты түсіну оны талдаудың түр –түрін жетік меңгеріп, оларды талдаудың жоғары мәдениетін ғылымдық сапада жүргізуді талап етеді. Олардың қай – қайсысында да зерттеушінің алдына әдеби шығарманың шынайы көркем табиғатын тану мақсаты қойылады.

Талдау әдісі дегеніміз – тілдік және әдеби талдаудың ғылыми негізделген түрлі жолдары мен тәсілдерін іздестірумен айналысатын білім саласы. Мысалы, шығарманы танып-білу барысында тиімді тәсіл ретінде мәтіндегі эпитет пен метафораны терең ұғыну процесін алуға болады. Талдау арқылы көркем туындының көрінбей жасырын тұрған жақтарын аңғарамыз.

Әдеби туындыны пайдаланып тіл әлемінің мағынасы мен мазмұнына терең бойлап, эстетикалық қызметін ашып, айқындап, мәтінді мазмұндауға, мәнерлеп оқуға тез жаттықтыруға болады. [4,39]

Тілдік талдау – талдаудың ең қарапайым түрі. Оның мақсаты: көркем мәтінді пайымдау, әдеби шығарманы дұрыс ұғыну, тілдік тұлғаның мән-мағынасын, көркемдегіш құралдарын ашып беру. Лингвистикалық және стилистикалық талдаулар көркем шығарманы түсініп, оқудың жоғарғы мәдениетін қалыптастырады. Көркем туындыны ой мен сезім арқылы белсенді қабылдап, оқырманды суреткермен бірге толғанып, көркем бейнені бірге сомдайды. Әдеби туындының идеялық көркемдік болмысын шынайы терең түсінеді. Оның негізгі идеясын ашуға тілдік талдау арқылы қол жеткізеді. Бұл тұрғыдан тілдік талдау стилистикалық және әдеби талдауларға жәрдемші. Көркем шығарманың тілін талдаудың әдістері сан алуан, көп қырлы болып келеді.

Болашақ маман иесі жаңалыққа құмар, білім алу үшін ізденеді, жаңалық ашуға тырысады. Студенттер мәтіннен ізденіс арқылы ақпарат алады және мәтін лингвистикасының арқасында көптеген тілдік фактілерді меңгереді. Талдау барысында сөз таптарының, есімдіктердің мағыналық топтарының қызметі ашылады. Сөз таптары оның ішінде шылаулар, үстеулер, қыстырма сөздердің синтаксистік функциялары ашылады.

Көркем мәтінмен жұмыс жүргізу әдістемесі:

- Мәтінмен жұмыс жасау-мазмұндау, талдау;
- Монологты, диологты ажырата білу;
- Жоспар құра алу, грамматикалық сөйлем байланыстарын ажырату;
- Оқиғалар байланысын сақтап әңгімелеу;
- Шағын шығармаларды түрлендіріп, толықтырып дамытып құрастыра алу;
- Сөздікпен жұмыс, жаңа сөздермен күрделі сөздерді жаттау, оның мән -мағынасын түсіну;
- Ойын байланыстырып айту және жаза алу.

Әдістерді төмендегідей үш топқа жіктеп қарауға болады:

1. синтетикалық
2. құрылымдық
3. татистикалық

Бұлардың ішіндегі негізгісі – синтетикалық әдіс. Бұл әдіске тән белгі – сыртқы тұлғалық және ішкі мазмұндық талдаудың іштей органикалық түрде бірігуі.

Көркем әдебиет стилистикасында бұл әдіс ең алғаш А.А. Потебня, В.Б. Щебра, Б.А. Ларин, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур сияқты ғалымдардың еңбектерінде қолданыс тауып, кейінгі зерттеулерде одан әрі ұшталып, дамытылды. Бұл әдіс арқылы жазушы стилистиканың ерекшеліктерін тілдік тұлға мен бейнелі идеяның мазмұнының бірлігін, жанр түрінің өзгешелігін ашады. Синтетикалық әдісінің негізгі белгілерінің бірі – шығарманың жекелей тілдік ерекшеліктерін емес, оның әрбір элементінің эстетикалық маңыздылығын ашу мақсатымен тұтас көркем тілдік болмысын зерттеуге құрылуы.

Әдістің екінші бір маңызды белгісі – жазушы қолданған тілдік құралдарды тізбектеп, олардың бар екенін санамалап көрсетіп, кейбір ерекшеліктерін ашып қана қоймай, олардың қолданыстағы жүйелік сипатын көрсетуі. Сонымен көркем шығарманың тілін бұл әдіс арқылы талдау кезінде оның идеялық бейнелі мазмұны композициялық құрылымымен, тілдік тұлғаның стилистикалық қолданыста жасалуымен және олардың мағыналық жағымен анықталады.

Көркем шығарма тілін талдауда синтетикалық әдістен басқа құрылымдық және статистикалық әдістер де қолданылады. Бұлар синтетикалық әдіске көмекші ретінде, онымен бірлікте қолданылып, оны толықтырады.

Құрылымдық әдістің үш түрі болады:

- диетрибутивті әдіс;
- трансформативті әдіс;
- құрылымдық-симманенттік талдау әдісі.

Статистикалық әдіске келетін болсақ, оның талдау тәртібін пайдалана отырып, сөздердің белгілі бір топтарының синтаксистік құрылымдардың жазушы стилінде алатын орнын анықтауға болады. Қорыта келе айтарымыз, оқу процесінде көркем мәтінді талдау барысында Шығарманың тақырыбы мен идеясын және тәрбиелік мәнін түсінуге, мәтіндегі бейнелі сөздерді, көркемдегіш құралдарды тани білуге болады.

Студенттер мәтінді мазмұндауға және мәнерлеп оқуға төселеді, мәтін түрлерімен танысып, мәтін бойынша сұрақ қоя білуге дағдыланады. Олардың сөздік қоры, ауызша және жазбаша сөйлеу тілі, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Көлемді мәтіндердің мән-мағынасын түсініп, баяндап, дұрыс жүйелі түрде өз ойын айта біліп, мәтінді лингвистикалық талдауға машықтанады.Тіл ғылымы саласындағы жетістіктеріміз молая бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р., Шалабай Б. Мәтінді лингвистикалық талдау. - А:Мектеп, 1989. - 125 б.
2. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. - Алматы, 2001. -215 б.
3. Бабенко Л.Г. Филологический анализ текста. Основы теории, принципы и аспекты анализа: Учебник для вузов. - Москва: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004. - 464 с.
4. Құрманова Н.Ж., Мухлис К. Текст теориясы және текстi талдау әдістемесі: Студенттер мен мұғалімдерге арналған кітап. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 2000. -114 бет.

САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚАЛЫП СӨЗДЕР

А.А. Қасымова
PhD докторант
Нергис Бирай
PhD докторы, профессор
Памуккале университеті
Денизли, Түркия
asemzn@mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается речевой этикет турецкого и казахского языков. Речевые этикеты двух языков сопоставляются в лингвистических, в коммуникационных и в прагматических аспектах.*

Ключевые слова. *речевой этикет, процесс коммуникации, Турецкая и казахская культура, коммуникация*

Abstract. *The article discusses the speech etiquette Turkish and Kazakh languages. Speech etiquette two languages are compared in the language in communication and pragmatic aspects.*

Keywords. *speech etiquette, process of communication, Turkish and Kazakh culture, communication*

Бүгінгі таңда әрбір халықтың өзін өзі тануға деген құлшынысы ерекше кең өріс алып отыр. Осыған қатысты түркі халықтары да өзінің өткенін, бүгінгісін қайта саралап, тілін, дінін қайта жаңғыртып, рухани қазынасын, тарихын, халықтық төлтума болмысын қалпына келтіруге ұмтылуда. Мұның өзі бүгінгі түркі тану ғылымының алдына да жаңа мақсаттар мен міндеттер қойып отыр. Түркология тіл ғылымының бір саласы ретінде көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген еуропа ғалымдарының ізденістерімен бірге қалыптасқаны белгілі. Әрине, көрші туыстас халықтармен біздің қазіргі этно, гео, саяси шарттарымыз және мәдени, экономикалық қарым-қатынасымызды одан ары жетілдіре түсу үшін тарихи тамырластықтың маңызы зор. Дей тұрғанмен, қазіргі халықаралық және мемлекетаралық байланыстардың нығаюы үшін өткен тарихымызда ортақ жарқын беттердің болғаны басты себепке айнала алмайтынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұл мәселеде өткенді ғана алға тарту емес, ең алдымен өткеннен сабақ ала отырып, қазіргі қарым-қатынасымыздың сипатын әлемдік дамудың алғышарттарымен өрелестіріп отырудың маңызы айрықша. Қазіргі түркі тілдері болып табылатын қазақ тілі мен түрік тілінің сөйлеу мәдениеті аясында қалыптасқан қалып сөздері, немесе сөйлеу этикеттерінсалыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу бүгінгі түркітану ғылымының алдында тұрғанөзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Түрік тілі де, қазақ тілі детүркі тілдері деп аталатын алып бәйтеректің өте үлкен бір тармағына жатады. Сөздік қордағы төл сөздердің ортақболуымен бірге, грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердіңтүркі тілдеріне ортақ болып келуі олардың бір ата тілден тарағандығын, туыс екенін дәлелдейтін ең сенімді тілдік деректер болып табылады.

Туыстығы жағынан қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, түрік тілі оғызтобына жатады. Туыстығы алыс, туыстығы біршама жақын, туыстығы өте жақын тілдердіңдеректерін салыстыру арқылы тіліміздің қандай көнелік белгілері сақталғанын, дыбыстық, мағыналық жақтан қандай өзгерістердіөткергенін көре аламыз. Түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматкиалық құрылысынан, дыбыс жүйесінен нақты байқалады. Сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді туыстас тілдердің деректерін салыстыру арқылы байқауға болады.

Қазақ халқында да, түрік халқында да болмасын қарсымызға келген адамға *Ассалаумағалейкум, Сәлеметсіз бе, Сәлем, Мерхаба* деп амандасу әдебі сақталған. Екі халықта да, алдымызға келген адамға еш қызығушылығымыз болмаса да, *Қалыңыз қалай? Қалайсыз?Насылсыныз?* деп хал сұрасу үрдісі сақталған. Ас қабылдағанда *Ас болсын! Афиетолсун!*, телефонның тұтқасын көтергенде *Алло, Тыңдап тұрмын, Ефендим* тәрізді қалыптасқан сөз оралымдарын қолданамыз. Қандай да бір жетістікке жеткен адамға *Құттықтаймын, Құтты болсын, Тебрикедерим* қалып сөздерін айтсақ, *Рахмет, Көп рахмет, Тешекюрлер, Сағ ол* жауабын аламыз. Іс-әрекетімізден қандай да бір кемшілік кетсе, *Кешіріңіз, Айып етпеңіз, Аффедерсиниз, Кусрабакмайын* тіркестерін қолданамыз. Жаңадан сәбилі болған ата-анаға *Бауы берік болсын! Аналы бабалы бүйүсүн!* дейміз. Көріп отырғанымыздай, екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түскенде кез келген жағдайға байланысты айтылуға тиісті сөздер мен сөздер тізбегін еш ойланбастан қолдана береміз. Тіл тілде, адамдар арасындағы қарым-қатынаста мәселен, сәлемдесуде, қоштасуда, ас қабылдауда, екінші бір адамға қуаныш сезімін білдіргенде, қайғысына ортақтасқанда және т.б. жағдайларда әдетке айналып, қолдануға әзір тұратын сөздер тобы, оралымдар, немесе қалып сөздер екі тілде де үлкен қолданысқа ие.

«Қалып сөз» - түрік тіліне тән грамматикалық термин. Бұл термин қазақ әдеби тілінде сөйлеу әдебі, сөз әдебі, сөйлеу этикеті, көңіл күй лебіздері, ниет-тілек, қарғыс мәнді сөздер деген әр түрлі терминдік атауларға сай келеді.

Адам баласы белгілі бір қоғамда бірлесіп өмір сүріп, бірлесіп еңбек етеді. Кез келген қоғамның қабылданған әдет-ғұрып, қарым-қатынас жасау дәстүрі болады. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы сол дәстүрге негізделеді. Одан ауытқу өзара қалыптасқан қарым-қатынасқа кірбің түсіруі мүмкін. Сондықтан әркім қоғамның бір мүшесі бола отырып, көпшілікке аян дәстүрлі қағидалар мен әдет-ғұрыптарды құрметтеуге, орындап отыруға тиіс.

«Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы алдымен тіл арқылы жүзеге асады. Тіл пікір алысу құралы ретінде адамның тек ойын ғана емес, сезімін де білдіреді. Сөйлеудегіізет, құрмет, сыпайыгершілік кісінің сезіміне әсер етеді. Өмірде жиі қолданылатын амандасу, қоштасу, ризашылық білдіру, кешірім сұрау, құттықтау, көңіл айту... т.б. адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ұйтқы болады. Бұлар **сөйлеу этикеті** деген ұғымға саяды» [4;128] деп түрік тілінде «қалып сөздер» деп аталатын сөздер мен сөздер тіркесіне, сөздік оралымдарға қазақ тілінде сөйлеу этикеті деген атау бере отырып, ғалым Н.Уәлиұлы: «Адамдардың дидарласуына, ең алдымен, дәнекер болатын да - осылар. Туған-туысқан, жора-жолдас, тамыр-таныстармен кездескенде - амандасу, кетерде - қоштасу қаншалықты дәстүрлі әдетке айналса, біреудің қуанышына, қайғы-қасіретіне ортақтасу соншалықты табиғи да, адамның жанына жағымды, жылы сөздер оның көңіл күйінің пернесі сияқты» деп сөйлеу этикетін адамның көңіл күйімен байланыстырады [4;128]. Бұл ретте тілші ғалым С.Бизақов: «Қуанышы мен қиыншылығы, ризашылығы мен реніші, жетістігі мен кемшілігі, өкініші мен қайғы-мұңы, жиіркеніші мен сүйініші, сыйлауы мен жек көрініші қатар жүретін бұл фәни дүниеде тіршілік иесінің эмоцияғатолы тебіренісі мен сезімін танытатын сөз қолданыстарын көңіл күй лебіздері дейміз» [3;253] деп көңіл күй лебіздері терминін алға тартады. Қазақ әдеби тілі, фразеология, лексикология саласында ерен еңбек сіңірген М.Балақаев, Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы, М.Томанов, Б.Манасбаев, Е.Жанпейісов сынды ғалымдарымыз: «Экспрессивтік-эмоцианалды сөздер барлық стильде бірдей қолданыла бермейді. Олар негізінен сөйлеу тілі мен көркем әдебиетке тән» [2]. Қазақ тілінде әдеби нормадан шет қалатын, ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қызмет атқаратын эмоцианалды-экспрессивтібояуы ерекше сөздертобы «қарапайым сөздер» адамның, кейіпкердің көңіл күйін, мінез-құлқын беруде қолданылатынын айта келіп, ондай сөз оралымдарын қарапайым сөздер деп атайды [1]. Ауыз екі сөйлеу тілінде көңіл күй тебіреністері мен эмоциядан туындайтын алғыс, ниет тілек, қарғыс мәнді сөздер де шынайы өмірде адамдардың өзара қарым-қатынасынан туындап, жағымды көңіл күй мен жағымсыз көңіл күйден туындайтындықтан, профессор С.Бизақов екеуін де көңіл күй лебіздеріне жатқызады[3]. Яғни алғыс ризашылық сезімнен, толқудан, қуаныштан туады, ал қарғыс жек көру, ыза, өкпе реніштен туады.

Сайып келгенде, қазақ тілінде сөйлеу әдебі, сөйлеу этикеті, қарапайым сөздер, көңіл күй лебіздері, алғыс мәнді сөздер, қарғыс мәнді сөздер деп аталатын әр түрлі грамматикалық терминдермен беріліп жүрген ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық бірліктері түрік тіліндегі «қалып сөздер» деген грамматикалық атауға сай келеді.

Қалып сөздердің қолданыс аясы, мәдени бағыты мен қалыптасқан дәстүрлі қолданыстарын зерттеген түрік ғалымдары оларды «қарым-қатынас сөздері», «мәдени тұтастықтар», «байланыс сөздер» және «жауап сөздер» деген грамматикалық терминдермен атап келеді. Бұл атауларға қарап, қалып сөздердің қоғам мәдениетімен ерекше байланыста екенін

байқауға болады. Қоғамдағы белгілі бір сөйлеу мәдениетін беруде қалыптасқан сөздерді немесе сөздердің тізбегін «қарым-қатынас сөздері» деп атаған түрік ғалымы ДоғанАксан, олардың қоғам мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып табылатынын, адамдар арасындағы қарым-қатынастың алуан түрлі жағдайларында қолданылатынын және түріктердің сөз мәдениетінде үлкен қызмет атқаратындығын сөзге тиек етеді [5].

Түрік тілі бірнеше лексикалық қатар қалыптастыратын қалып сөздерге өте бай тіл. Сондықтан, кез келген қалып сөздің лексикалық мағынасын түсіну үшін сол қалып сөздің қандай мәдени жағдайда қалыптасқанын білу қажет [7,8]. Себебі, «халықтың ұжымдық мәдени білімі мен өресі олардың қолданған қалып сөздерінен айқын көрінеді. Бұл қолданыстарды негізге ала отырып, қоғамның мәдени бірігуін, білімі мен білігін анықтауға мүмкіндік туады» дейді, зерттеуші Доған Аскан [5].

Қалып сөздердің өзіне тән нормалары мен ерекшеліктері болады. Адамдар өз қарым-қатынастарында этикалық норманы сақтап, іземтілік, сыпайыгершілік, кішіпейілдік, әдептілікке жататын ерекшеліктерді орынды қолдануы отбасында, қоғамда, ұжымда қарым-қатынас өнімділігіне әсер етпей қоймайды.

Әрине, адамдар арасындағы тілдік қарым - қатынастың түрлері мен сипаты алуан түрлі. Қоғамда, ұжымда, отбасында, дос - жарандар ортасында, мәдени орындарда, көзқарасымызды, сезімкүйімізді бір - бірімізге тіл арқылы жеткіземіз, сөз арқылы бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Бір-бірімізбен амандасу, қоштасу, қуанышқа ортақтасып құттықтау, қайғысын бөлісіп, көңіл айту, байқаусызда жіберіп алған ағаттығымыз үшінкешірім сұрау, сыпайылық білдіру т.б. таныс - бейтаныс адамдар арасындағы қарым-қатынасқа жатады.

Қазақ тілінде, түрік тілінде де, осындай қоғамдағы адамдар арасындағы қарым - қатынастарды бейнелейтін сөз оралымдары, сөздер тіркесі немесе қалыптасқан сөздер көптеп кездеседі. Құрамындағы сөздердің тұтасып бір ғана мағына беруіне байланысты қалып сөздерді тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, идиомалар сияқты біртұтас бірлікте қарастырғанды жөн санайды түрік ғалымдары [6]. Алайда, әр екі тілде де, сөйлеу әдебін беретін қалып сөздердің лексикалық қатарда өз орны жоқтың қасы. Бүгінгі таңда бұл сөздерді тұрақты тіркестердің құрамынан, еркін сөз тіркестері қатарынан да көріп жүрміз.

Сонымен қорыта келе, тілдегі сөйлеу мәдениетінен қалыптасқан сөздер қоғам мәдениетімен өте тығыз байланыста бола отырып, адамдар арасындағы әртүрлі қатынастарды береді. Сан ғасырлық тарихы бар қоғам мәдениетінде қалыптасқан қалып сөздердің де өзіндік қалыптасу тарихы, лексика-грамматикалық сипаты, этнолингвистикалық сипаты болады. Ортақ тарихты басынан кешірген туыстас қазақ - түрік тілдеріндегі белгілі бір қалыпты білдіретін қалып сөздер немесе сөйлеу этикеті, көңіл-күй лебіздері қай кезеңде қалыптасып, қай кезде ортақ қолданылып, қай кезеңде бір-бірінен ажырағанын, қай кезде дыбыстық, мағыналық өзгеріске ұшырағанын анықтау бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселелерінің бірі деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. - А., 1965.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. - А., 1989.
3. Бизақов С. Қазақ тілі. - Алматы, 2010. - 298б.
4. Уали Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984.
5. AKSAN, Doğan (1996). Türkçenin Sözvarlığı. - Ankara: EnginYayınevi.
6. BULUT Serdar (2012). "Anadolu Ağızlarında Kullanılan Kalıp Sözler Ve Bu Kalıp Sözlerin Kullanım Özellikleri", Turkish Studies - International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, Volume 7/4, Fall, p. 1117–1155.
7. GÖKDAYI Hürriyet (2008). "TürkçedeKalıpSözler", bilig, Kış, sayı 44: 89–110.
8. GÖKDAYI, Hürriyet (2011). TürkçedeKalıpSözler. - İstanbul: KriterYayınları.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУ - БАСТЫ ПАРЫЗ

Б.А. Төлегенова
ф.ғ.к., доцент
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті.
Алматы, Қазақстан
beisenkul-jannur@mail.ru

Аннотация. *В статье дается краткий обзор что Государственный язык – это не только средство общения, а высшее достояние нации и его развитие – долг каждого гражданина.*

Ключевые слова: *Государственный язык, развитие, молодеж, традиция, казахская литература*

Abstract. *The state language is not only a means of communication, it is the highest property of nation and development of the language is a duty of every citizen.*

Keywords: *Official language, development, molodezh, of tradition, kazakh literature*

Қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді.

Қазіргі таңда сөз қадіріне жетіп, қазақ тілінің тазалығын сақтау, қазақпын деген әрбір жанға өзекті мәселе.

Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе.

Американдық ғалым Дэвид Харрисон: «Тілдің өміршеңдігін анықтайтын басты фактор – он жасар балалардың өз ана тілінде сөйлеу деңгейі. Егер он жастағы балалардың бір-бірімен ана тілінде пікірлесе, сөйлесе алмайтын болса, онда ол тілдің өміршеңдігі шүбәлі» [1,8б.] деген.

Қазақ бола тұра қазақ тілін білмейтін, біле тұра сөйлегісі келмейтін әрі өз ана тілін басқа тілдердің соңына қарай ығыстырып қойып, бір-бір мекемелерді басқарып отырғандар жайында не айтуға болады?

Әрине «алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда барады» емес пе?

«Орысшаға үйір» қазақ баласы қайдан шығады? Әрине, ата-аналар мен мектеп арасындағы байланыстың жеткіліксіздігі, олардың бірін-бірі қадағаламағандығы, ұрпақ тәрбиесін жақсартарлық мүмкіндікті азайтуға себепкер болып отыр.

«Түптеп келгенде тілді шұбарлау оны білмеуден де қатерлі. Бүгінгі күні жаһандану дегенді алға тартқан ірі державалар өз саясаттары мен дәстүрлерін сөз саптауларымен, түрлі атауларымен қоса қажымай-талмай тықпалап жатыр. Мұндай жағдайда біз жердің бүтіндігі үшін шекарамызды қалай күзетсек, ана тіліміздің тазалығына да дәл солай қырағылық танытуымыз керек» [2,18б.] - деген еді халықаралық журналист Қ.Шамахайұлы.

Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе еді.

Адам өз тілі арқылы жан сарайындағы қуанышы мен ренішін, қайғысы мен мұң-шерін, ашу-ызасы мен ризалығын немесе наразылығын, арманын, мұратын, мақсатын, мүддесін білдіре алады.

Бірнеше тіл жанашырларының пікірлеріне назар аударайық. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті философия, теология ғылымдарының профессоры, Досай Кенжетай: «Қазақ тілі қазақтан басқа ешкімге қажет емес. Бүгін соны ойлайтын, сезінетін, түйсінетін қазақтар мен қазақ билігі керек. Мемлекеттік және қоғамдық қабаттар үндестікте, үйлесімділікте қазақ болмысын жасауға, дамытуға талпынып, қамқор болмаса, қазақ баласына қауіп төніп тұр. Бұл сана «ұлттық мен» және саясат мәселесі. Қазір қарап отырсам, осы үш тұғыр да өлімші күйде. Сана да жетім, ұлт та шалажансар, саясат та қазақтан басқаға ойысқан» [1,5б.] - дейді.

Анар Салқынбай: «Әсіресе бастауыш сыныптарда қазақ тілін басқа тілдермен жарыстыра оқытуды қолдау қиындау. Өйткені бастауыш сыныптағы балаға кириллица мен латын қаріптерін қатар үйрету баланың қабылдауына кері әсер ететіні – ғылыми дәлелденген шындық» [1,5б.] - деген сөзінің жаны бар.

Бұл мәселе төңірегінде А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты, грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Орынай Жұбаева: «Қазіргі кезде ғалымдар жан-жақты дәлелдеп бергеніндей, бала шет тілді үйрену үшін алдымен ана тілін толық меңгеріп алуы тиіс... Тілдік санада ана тілінің схемасы әлі қалыптаса қоймаған балаға басқа тілді үйрету баланы жаңылдыруға, ана тілінің өзіндік ерекшелігін түсінбеуге апарып соғады... Осы тұрғыдан алғанда, сөйлеу дағдылары қалыптаспай тұрып, басқа тілді үйрету бала үшін де, мұғалім үшін де ауыр» [1,5б.] - дейді.

Жоғарыда айтылған ойларды түйіндейтін болсақ, бүлдіршіндердің қазақша жаза, оқи және сөйлей алуына, олардың ұлттық ойлау жүйесінің қалыптасуына ерекше мән берген жөн. Сондықтан білім мен тәрбиені қазақтың тілінде және ежелден келе жатқан еш халықтан кем емес ұлттық құндылықтарымызға негіздеп, бүгінгі замана талаптарына сәйкес жетілдіре, толықтыра ескере отырып жүргізген дұрыс.

Қазіргі кезде ана тіліміздің қадірін кетіріп, шұбарлаушылар қатары күннен күнге көбеюде. Күнделікті өмірде мұны баршамыз көріп те, біліп те жүрміз. Ана тілінен мақұрым ағайынға ұлттық діл мен дәстүр, намыс пен мәртебе деген жай ғана сөз болып қалады. Ондайлар үшін тіл де, туыс та, ұлт намысы мен өзара тілектестік те далада қалады.

«Телеарналар тілбұзарға айналды» деген мақаласында М.Кенжебай:

«Қазақстанда қарақұрым телеарналар алдағы уақытта да дәл бүгінгідей күндіз-түні орысша сампылдап тұра беретін болса, қазақ тілі осылайша орысшаның көшірмесіне түгел айналып бітеді де, бірте-бірте жойылып кетеді. Қазір қазақтар бір-бірімен сөйлескенде сөзінің тең жартысы орысша екенін байқап жүрсіз бе? Ол да осы телеарналардың қазақ миына тигізіп жатқан зардабы. Біз бүгінде ең әуелі өзінің ата-бабасының тілін, туған қазақ тілін үйренгісі келмейтін мәңгүрттердің көзін ашып, бетін бері қаратуымыз керек. Ал ұлттың бұзылуы мен ұрпақтың бұзылуы, ең алдымен осы тілбұзарлықтан басталады. Ондай ұлт біртіндеп өзінің бүкіл ұлттық белгілерінен, ерекшеліктерінен, өзгешеліктерінен айырылып, аты да, заты да жоқ, әйтеуір қарнын тойғызып, киім кигеніне мәз, аузынан «елімізде тыныштық» деген сөзді тастамайтын мәңгүрт бір тірі жанға айналады» [3,7б.] деп өткір мәселені көпшілік талқысына ұсынады.

Қазақ тілін жауапкершіліксіз, оның небір әсем қолдану ерекшеліктерін, стильдік тәртіптерін ескермеу, кейінгі кезде газеттерге де жайылып барады.

Көптеген журналистер интернеттен орыс тілінде жаңалықтар тауып алып, соны тікелей аударады. Сол тікелей аударғанда тілдің құрылымы, тілдің грамматикалық қалпы, әуезділігі бұзылады. Сингармонизм заңы сақталмайды.

Тіл мәдениетінің бір саласы сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, мәтінді, мазмұн мен ойды орынды, нақты қолдану болып табылады.

Мәселен, қазіргі кезде теледидардан да, күнделікті өмірде де «айтуың керексің, баруым керекпін, сен жөндеуің керексің» деген тіркестерді жиі еститін болдық. Тіпті көпшілік еш мән бермейтін сияқты. Осы бір қаптап кеткен «сің, піндердің» қазақ тілінің о бастан қалыптасқан сөйлеу мәнерін бұзып жатқаны айтпаса да түсінікті.

Қазақ тілінде сөздердің бір-бірімен тіркесуінде орныққан заңдылық бар. Ол заңдылық, біріншіден, сөздердің тіркесімпаздылық қабілетіне негізделеді. Тілде қалыптасқан осы заңдылықтың орынсыз бұзылып, «біз онда баруымыз керекпіз», «сен апаруың керексің» деп айтуды тілге енген жаңалық, оның сымбаттылығын арттырады, оны дамыта түседі десек, біз оңбай қателесеміз.

Т.Қордабаев: «Сөйлеу мәдениетін сөз еткенде, бұл саладағы кемшілікті сынға алғанда сүйеніш етер негіз, бағыт тұтар құбыламыз тілдік норма, әдеби тіліміздің сөйлеу, жазу нормасы болмақ. Сондықтан сөйлеу мәдениеті, тіл тазалығы үшін күрес – қалыптасқан норманы сақтау үшін күрес болмақ. Олай болса, бұдан шығатын қорытынды – сөйлеу мәдениеті жөніндегі ілімнің негізгі міндеті – тілдік норма дегеннің сырын ашу, оның құрамына нелердің енетінін айқындау болса керек» [4,118б.] - дейді.

Сөйлемдегі сөздердің қалыптасқан орын тәртібін бұзу, орысша құрап сөйлеу – тілге басты қатер болып табылады. Сондықтан басты талап сөйлеу тілінің дұрыстығын сақтау, тілдің тарихи қалыптасқан жүйесін сақтау болып табылады.

Тілдік норма жазуда ғана емес, сөз қолдануда да, сөздің айтылуынан да, грамматикалық тұлғаларды пайдалануда да, сөйлем құруда да, қысқасы, тілдің өн бойында болуға тиіс.

Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, ф.ғ.к. Ғ.Шойбекова:«...Ендеше ұлттың өзегі – тілі жоғалса, ұлттың да жоғалатыны анық. Бізде байқатпай оккупациялау (басып алу) әдісімен отарлау саясаты жүріп жатқан секілді. Бүгінде ұлттың көш басында тұрғандар бұл мәселені анық, айқын түсінгенімен, қолдарында қайран жоқ сияқты» - деп налиды да, «Ал енді неге бүгінде ортамызға сөз мәнін ұқпайтын, тұрақты тіркестердің беретін мағынасын мүлде білмейтін ұрпақ келді деп ойлайсыз. Оның бірден-бір себебі тест... Бұл қазақ тілінің өлуіне алып келетін бірінші жағдай» [1,5б.] деген келелі ой қозғайды.

Рухани өміріміз дамуының бүгінгі күнгі маңызды талаптарының бірі, өскелең ұрпақтың тіл мәдениетіне жауапты болуы. Сондықтан тіл мәдениетін жетілдіру ана тіліміздің нормасындағы тілдің жатықтығы, мәнерлілігі, әсерлілігі, тазалығы сияқты тіл сапаларын игеріп, қатенің не үшін қате екендігін дұрыс түсіндіру, үйрету бағытында әрбір оқу орындарында оқытушылар қауымы дұрыс жұмыс жүргізуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Он жасар балаң өз ана тілінде сөйлей ме? немесе ұлттық қауіпсіздік. Қазақ әдебиеті №27, 3бет. 1.07.2016
2. Ақиқат журналы. №11,2015
3. М.Кенжебай. Телеарналар тілбұзарға айналды. Ана тілі газеті, №5, 2013
4. Т.Қордабаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991.

КӘСІБИ ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БОЛАШАҚ МАМАН МҮДДЕСІНІҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

Н.Ж. Бекеева
ф.ғ.к., PhD докторант
КИМЭП Университеті
Алматы, Қазақстан
nuraisha@kimep.kz

Аннотация. *В статье рассматривается проблема формирования профессионально-языковой компетенции будущего специалиста. Автор основывается на опробированные материалы в практике. Результаты обучения казахскому языку как профессиональному преследуют цель возможного выхода на уровень профессиональной коммуникации. Педагогическое обеспечение профессионально-языковой компетенции рассматривается как фактор успешной учебной деятельности .*

Ключевые слова: *методика преподавания языка, профессионально-языковая компетенция, уровень профессиональной коммуникации.*

«Фразеологиялық компаратив» терминін тіл білімінде ең алғаш қолданған адам – А.И.Ефимов. Бұл терминмен А.И.Ефимов сөз тіркестерінің тұтастығын «баяндауыштық элементтердің салыстырулармен күрделенуін», яғни еркін және тұрақты салыстырулардың жиынтығын белгілеген[4,227б.]. Фразеологиялық компаративді баяндаған Ю.Л.Лясотаның «О традиционном сравнении как особом виде фразеологизмов словарного состава языка» (1958) деген және М.Д.Городниковаың «Устойчивые словосочетания, соотносительные с наречием, в современном немецком языке» деген еңбектері осы саладағы алғашқы зерттеулердің бірі болып саналады (1959).

Фразеологиялық компаративтерге біршама тыңғылықты байсалды талдауды И.И.Чернышева (1963, 1964) жасаған. Ол ФК-ге былайша анықтама береді: «Фразеологиялық компаратив дегеніміз – фразеологиялық құрылымы дәстүрлі салыстыруға негізделген, тұрақты және даяр қалпында жұмсалатын сөз тіркестері» (Чернышева, 1963, 247).

О.С.Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» компаративтерге: «Грамматикалық категориялардағы сын есімнің шырайлары және үстеулердің, лексика мен фразеологиядағы көп немесе аз мөлшердегі сапа дәрежесі, теңдік – теңсіздік ұғымының берілуі», – деген анықтама береді [5, 45 б.].

М.И.Черемисина компаратив деп – бірнеше мүшеден тұратын, құрамында міндетті түрде салыстырудың көрсеткіші бар құрылымды санайды [6, 22 б.].

Ал зерттеуші В.И. Рабкевич компаративтерді құрылымдық және синтаксистік қызметіне қарай салыстырмалы оралым және салыстырмалы бағыныңқы сөйлем, – деп жіктей келе салыстырмалы оралымның өзін: бейнелі және салыстырмалы деп тағы екіге бөледі (Рабкевич, 1973,8).

А.Ф. Марахова болса, фразеологиялық компаративтерді мағынасы жағынан узуальдық және окказионалдық деп екіге бөліп, құрылымдық жағынан өзара антонимдік, синонимдік қарым – қатынаста болады, – дейді. (Марахова, 1974,6).

Лингвистикалық әдебиеттерде фразеологиялық компаративтердің мәні туралы пікір бір ауызды емес. Алайда, көптеген тілші ғалымдар компаратив заттарды атаудағы сөздің лексикалық мағынасына жататын ортақ белгілердің негізінде салыстыратын тілдік – стилистикалық тәсіл, – дейді. Бұлардың қатарына – Л.И. Тимофеев, И.Н. Венгров (1963), Т.А. Смирнова (1976) т.б. жатады.

Жалпы филология теорияларын жасаумен байланысты фразеологиялық компаративтер мәселесі орыс, ағылшын, француз, поляк, литва, неміс және швед тілдерінің материалдары негізінде ары қарай дамытылған. (Огольцев, 1974; Сидякова, 1967; Назарян, 1965; Гюлумянц, 1967; Восилите, 1972;Глазырин, 1972).

Фразеология саласын көп жылдан бері зерттеп өз үлесін қосқан ғалымдардың қатарында М.М. Копыленко мен З.Д. Попованың да есімдерін атап өтуімізге болады.Олардың «Очерки по побщей фразеологии» деген еңбектерінде фразеологиялық компаративтер біршама тәуір қарастырылған (Копыленко, Попова, 1989, 102-110).

Бұл ғалымдар зерттеуші К.А. Долининнің мотивтендіруді экспрессистік және бейнелілікпен байланыстырған көзқарасын басшылыққа ала отырып, фразеологиялық сөз тіркестерін мотивті және мотивсіз деп екіге бөледі. Аталған еңбектерінде зерттеушілер индивидуальды – бейнелі салыстырулар мен фразеологиялық компаративтердің өзара ерекшеліктерін көрсетеді.

Бұлардың пікірі бойынша, фразеологиялық компаративтер біраз мөлшерде компаративтік құрылымның шығуын беретін мотивті күшейткіш сөз тіркестерінен (прекрасен как Нарцисс) және салыстырудың көрсеткіштері көмекші сөздер немесе морфемалар арқылы берілетін мотивсіз күшейткіш сөз тіркестерінен тұрады екен. (Много их тут, как собак нарезанных). Индивидуальды тілдік салыстырулар сияқты фразеологиялық сөз тіркестері де міндетті түрде мотивті болып келетін көрінеді (Копыленко, Попов, 1983, 105-107).

Зерттеуші ғалым З.К. Ахметжанова өзінің «Принципы сопоставительного исследования казахского и русского языка» деген еңбегінде қазақ және орыс тілдері материалдарын салыстыра зерттеу негізінде компаратив категориясына функциональды – семантикалық тұрғыдан талдау жасайды (Ахметжанова, 1989). Ол екі тілде де салыстыру мағынасының шырай категориясы арқылы берілуін жан – зерттеген.

Сөйтіп, фразеологиялық компаративтерге арналған бұл еңбектерден оның логикалық, эстетикалық, лингвистикалық табиғатын сипаттау Еуропа және орыс тіл білімінде біршама дұрыс жолға қойылғанын байқауға болады.

Бұл мәселені түркі тіліне қатысты айтатын болсақ, онда көрсетілген тақырып, зерттеу нысаны болып соңғы кездері ғана қолына алына бастағанын ескертуіміз керек.

Фразеологиялық компаративтердің жасалу жолдары туралы ең жалпы түсінік түркі тілдерінің грамматикаларында айтылған. Бірақ оларда компаративтік құрылымдар синтаксистік құрылымдардың басты тұлғасы ретінде қарастырылмады. Түркі тілдерінде кейбір грамматикалық формалардың салыстыру мағынасына кей уақыт көңіл аударылғанмен, компаративтерді шыңдап зерттеу ісі шамамен 60-жылдардан бері қарай ғана қолға алынды.

Компаративтер грамматикалық категория ретінде ең алғаш Н.К.Дмитриевтің «Грамматика башкирского языка» атты еңбегінде қарастырылған (Дмитриев, 1948, 83).

Бұның қатарына ең алғашқы еңбектің бірі деп А.Т.Қайдаровтың «Грамматическая характеристика некоторых сравнительно – метафорических выражений в уйгурском языке» атты көлемді мақаласын айтуымызға болады. Бұдан кейінгі уақытта түркі тілдеріндегі компаратив мәселелеріне арналған зерттеушілердің саны көбейе түсті.

Бұл саладағы зерттеушілердің ішінен С.М.Ибрагимов (1965), Н.Зуфарова (1971), М.Мукарамов (1971), Ю.И.Васильев (1981), Ф.Р.Ахметжанова (1981), Т.Қоңыровтардың (1978,1985) еңбектерін ерекше атап өткен жөн.

Қазақ теңеулеріне келсек, әдебиет тану ғылымы жөніндегі оқулықтарда (Жұмалиев, 1969; Қабдолов, 1970, 1976), сондай – ақ, кейбір еңбектерде (Ахметов, 1970; Базарбаев, 1973, 1960; Манасбаев, 1969; Сражиев, 1966) бұл мәселе жол – жөнекей әңгіме болған.

Тұңғыш рет теңеу категориясына лингво – стилистикалық талдауды жасаған ғалым – Т.Қоңыров. Бұл жерде зерттеушінің осы салада жазған «Қазақ теңеулері» (1978), «Структурно – семантическая природа сравнения в казахском языке» (1985), «Қазақ тілінің тұрақты теңеулер сөздігі» (1990) атты еңбектерін және «Компаративные конструкции в системе современного казахского языка» атты тақырыпта жазған докторлық диссертациясын атап өтуге міндеттіміз.

Зерттеуші ғалым Т.Қоңыров компаративті құрылымның үш элементтен тұратындығын атай келіп, теңеуге былай деп анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік спасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан – поэтикалық қырынан таңытатын, әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» [7, 45 б.].

Сөйтіп, біз барлық тілшілер мен әдебиетшілердің еңбектеріне қысқаша шолу жасай отырып, компаратив туралы ғылыми көзқарасты ортаға салдық және оның қыр – сырымен таныстырдық. Енді сол ғалымдардың айтқандарына сүйене отырып, компаратив дегеніміз не? – дегенге анықтама беруге тырысып көрелік.

Компаратив дегеніміз – кез келген заттың, ұғымның, құбылыстың, сапалық белгісін, сапалық мағынасын болмыстағы басқа бір заттың, құбылыстың, ұғымның сапалық мазмұнымен салыстыру арқылы айқындайтын, төрт мүшелі құрылымнан тұратын тілдік – стилистикалық тәсіл.

Кейбір зерттеу еңбектерінде ізденушілер компаративтер лингвистиканың қай саласына жатқызатынын анық бажайламайды. Қайсыбіреулер мұны фразеологизмдердің нысаны деп деп қарастырады (Ротт, 1967; Чернышева, 1964; Михайлов, 1972 Огольцев, 1974; Қоңыров, 1985, 1990).Екінші біреулер оны синтаксиске телігісі келеді (Черемисина, 1973).Тіпті кейде троптың немесе поэтикалық фигураның бір түрі ретінде қарастырып жүргендер де бар (Тимофеев, 1971; Жұмалиев, 1969; Ахметов, 1970; Базарбаев, 1973).

Біз компаративтер – фразеологизмдердің ерекше саласы деген И.И.Чернышеваның пікірін жақтаймыз. Ол былай дейді: «Тұрақты және дәстүрлі компаративтерді фразеологизмдердің ерекше тобы деп қарастыруға не негіз болады? Біріншіден, оған өзіндік құрылымдық сипат, екіншіден, мағыналық тұтастық тән» (Чернышева, 1964, 99-103).

Бұл жерде зерттеуші Т.А.Смирнованың да пікірін келтіре кету артықтық етпейді. Ол: «Компаратив дегенде салыстырудың жасалу тәсілдерінің морфологиялық, лексикалық синтаксистік және т.б. қарым – қатынасы ұғынылады», – дейді. (Смирнова, 1976,70).

Бұл пікірлерді құптай келе, фразеологиялық компаративтер– фразеологизмдердің ерекше құрылымдық топтарының бірі болып саналады дегіміз келеді.

Фразеологизмдерге арналған көптеген лингвистикалық еңбектерге, әдебиеттік зерттеулерге зейін қойғанымызда, олардың қай –қайсында болса да көбінесе фразеологиялық компаративтер туралы, оның құрылымдық ерекшеліктері, жасалу жолдары туралы әңгімеленеді. Ал, компаративтердің тілдегі бейнелілік қызметі туралы тек белгілі бір жазушының шығармаларының тілін зерттегенде ғана сөз болады.Бұл ретте Қ.Жұмалиевтің (1948, 1964, 1966), Р.Сыздықованың (1959), Б.Манасбаевтың (1960), Б.Хасановтың (1965), М.Сражиевтің (1966), Т.Қоңыровтың (1966) т.б. зерттеу еңбектерін атаған жөн.

Бейнелі компаративтері көркем шығармаларда зерттеу ісі бүгінгі күнге дейін қазақ тіл білімінде қолға алынбаған мәселе.Шындығына келсек, жазушы шығармаларындағы фразеологиялық компаративтерге семантика– стилистикалық мінездеме беру қазақ тіл білімі түгіл, орыс филологиясының өзінде де әлі нақтылы қалыптаса қоймапты.

Рас, орыс тіл білімінде кейінгі жылдары жазушы шығармаларындағы теңеулер жөнінде пікірлер айтылып, ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жарық көре бастады.Мәселен, К.Б.Бархин «О Пушкинских сравнениях» деген мақаласында көркем шығарма тіліндегі салыстыру тәрізді көркемдегіш құралдың стилистикалық қызметін сөз етеді (Бархин,1936).

Л.А.Ярославцеваның «Сравнение в романе М.Шолохова «Поднятая целина» атты шығармасында жазушының жалпыхалықтық қолданыстан авторлық салыстыруларға айналған құрылымдары талданған (Ярославцева, 1958).

Осы мақалаларда айтылған ойды жалғастыра келе, Б.А.Оррас «Стилическая роль сравнений в создании образа Матвея Кожемякина» деген өз мақаласында әрбір кейіпкер бейнесін жасауда, оның ішкі, сыртқы жан – дүниесін беруде, басқа кейіпкерлермен қарым – қатынас негізінде сипаттау үшін, салыстыруды таңдап, әрқайсысының өз орнында қолданылуын ескеру керек, – деген пікірді айтады (Оррас, 1961).

М.В.Глушкова «Сравнение в системе XVдожественной речи А.Толстого» деген мақаласында салыстырудың жазушы тіліндегі көркем – бейнелілік қызметі жайлы баяндай келіп, оны жазушы тіліндегі аса маңызды эстетикалық элемент деп біледі (Глушкова, 1965).

Т.С.Джейраншивили өзінің зерттеу еңбегінде «салыстыру – бейнелеу құралы ретінде екі негізгі қызмет, яғни көркемдік (бейнелі) және мағыналық (заттар мен құбылыстарды, ұғымдарды түсіндіру, ұғымдарды түсіндіру, нақтылау) қызмет атқарады», – деген шешімге келеді (Джейраншивили, 1970).

И.В. Андреева болса, «Сравнения в прозе Лермонтова» атты еңбегінде салыстырудың құрылымдық, мағыналық ерекшеліктерін авторлық және жалпыхалықтық түрлеріне тоқталып, Лермонтов шығармаларындағы салыстыруларды «адам» және «табиғат» деген ең негізгі екі мағыналық топқа жіктейді. Бір ескерте кететін нәрсе жоғарыда келтірілген зерттеу еңбектерімен салыстырғанда, бұл жұмыста көркем шығармадағы компаративтерге талдаудың неғұрлым толық жасалғандығы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кондаков Н.И. Логический словарь – справочник. –Москва, 1976.
2. Потебня А.А. Из записок по теории словесности. Эстетика и поэтика. – Москва: Искусство, 1976.
3. Шкловский В. Проблема лингвистической поэтики. – Москва, 1982.
4. Ефимов А.И. Стилистика русского языка. –Москва: Просвещение, 1969.
5. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. –Москва: Советская энциклопедия, 1966.
6. Черемисина М.И. О семантических отношениях между сравнительными союзами. – В кн.: Синонимия в языке и речи. – Новосибирск, 1970.
7. Коныров Т.К. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1985.
8. Қоңыров Т.К. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978.

ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОЙ ҮНДЕСТІГІ

С.Қ. Түсіпбаева
аға оқытушы, магистр
Шәкәрім атындағы МУ
Семей, Қазақстан
Tusupbaeva.saule@mail.ru

Аннотация. *В этой статье автор рассматривает проблемы языковых сознаний, приводит примеры и показывает сходства авторов.*

Ключевые слова. *Языковое сознание, концепт, Шакарим Кудайбердиев, метафора, должность.*

Abstract. *In this article author observe some problems of linguistic consciousness, gives examples and shows authors similarities.*

Keywords. *Language consciousness, the concept, metaphor, post.*

Тіл – адамның қабылдаған ақпаратын өңдеп санада реттеген нәтижесін көрсететін құрал. Тілдік санадағы таным ерекшелігін,семантикалық өрісін ұлттық санадағы шынайы, ақиқат дүниенің құндылықтарын таңбалайтын концептілерге талдау жасай отырып танымдық зерттеулер шеңберінде қарастырғанда ғана лауазым концептосферасына бойлай аламыз. «Антропоцентристік парадигма бағдарынан қарағанда зерттеу нысаны таным обьектісінен субьектіге ауысады, яғни тілде көрініс беретін адам тұлғасы мен адамның сөз саптауындағы тіл мәселесі талдауға түседі. Антропоцентристік тіл білімінің дамуына өзіндік үлес қосқан Ю.Н. Карауловтың : « Тілдің шекарасынан аспай, ауқымынан алыстамай тұрып, тілді жасаушы мен тұтынушыға, яғни нақты тілдік тұлға – адамға назар аудармай тұрып , тіл құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі тілін түсініп алмай немесе адамды тілінен танымай тұрып өзін жете тани алмайсың»[20.287б.]. деген пікірімен келіспеуге болмайды.

Белгілі ғалым Қ.Жұбанов «ойды сөзбен білдіру» амалдарын жеке – жеке түсіндіріп көрсетуді мақсат етті. Соған орай алғашқылардың бірі болып «сөйлеуші тас емес, тірі адам, сезімі бар, жүрегі бар адам» [2.216б.]. деген өзекті де мәнді қорытынды негізінде адамзатқа тән психологиялық ерекшеліктерді,олардың тілдік қатынас арқылы байқалу сипатын,өзін және қоршаған ортаны тану кезінде атқарар маңызды қызметін саралап берді.

Ғалым бұл ретте ой деген сөзге төмендегідей анықтама берді: ой деген адамның өзі жайлы, болмаса төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген –сол білген нәрселердің аты. Сондықтан адам, заттар мен құбылыстар жайында білгенін| ойын|білдіргісі келсе, сол заттар мен құбылыстардың аттарын айтып білдіреді, ойды сөзбен білдіреді. [2.150-151].

Ш.Құдайбердіұлының қоғамдағы билік, билік басындағы лауазымдылар, партия туралы жан дүниесіндегі ойы, сөзі, тіл арқылы тілдік санасынан көрініс тапқан. Сондай-ақ, партия, партияшы, партия адамдары тәрізді бірліктер ақынның тілдік санасында белсенді қолданысқа ие:

Өнерсіз жалқаулықпен жанды сатып,
Ант ішіп партияда жүрдім бе де....

немесе

Есі-дертің – ***партия ел билемек,***
Залалкес хайуаннан жаман болсаң.
Қазынасы тағы жоқ,
Басында бағы жоқ.
Партия , барымта...
Ісінің ағы жоқ[3.26 б].

Тағы бірде:

Бұл жалғаннан кеткен соң
Партия сатқан сауда жоқ.//
Мақтанқұмар партия күйлесеңіз,
Мен сықылды боласың сен де делбе, - деп көрсетуінде абстракт, дерексіз ұғымға мақтанқұмар сын есімін тіркестіруі - тілдік санада тосын құбылыс жасаудағы шеберлігінің бір қыры.

Осы тұста сөзіміздің дәлелі ретіндегі үзіндіні келтірер болсақ:

Кел, байлар, баланды оқыт, ғылым ізде,
Қазақты бастайтұғын қару сізде.
Партияға шашқанша осыған сал,
Қолыңда қорегің бар кезіңізде ...

Қазақ тіл білімінің тарихында тілдің танымдық табиғаты туралы алғашқы пікірлер А. Байтұрсыновтың [4], Қ.Жұбановтың [2] еңбектерінде көрініс тапқан.

Тілді оның құрылымдық,функционалдық сипаты тұрғысынан ғана зерттеудің аздық ететіні адам ақыл-ойының,сонымен байланыста тілдің жан-жақты дамып, ондағы адам факторының алдыңғы орынға шығуы нәтижесінде айқын көріне бастады. Тілді ұлт тарихымен,ұлт дүниетанымымен, ұлттық идеямен тамырластыра зерттеуге көңіл бөліне бастады. Бұндай бағыттағы зерттеулердің негізі қазақ тіл білімінде

Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы қаланған[5.]. Аталған ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің ізімен тілді ойлау мен таным контексінде зерттеуге байланысты жарыққа шыққан еңбектердің маңызы ерекше.

Танымдық лингвистиканың қазақ тіл білімінде алғаш рет зерттеу нысанына айналып, оның жеке мәселелерінің сөз бола бастауы – XX-ғасырдың 90-жылдары. Тіл біліміндегі осындай бетбұрыстар туралы: «Лингвистикалық поэтиканың дәстүрлі ғылыми базасы – тіл білімі қазіргі таңда ерекше қарқынмен дамуда. Оның негізгі қаруы гуманитарлық білімнің ғылыми прагматикасындағы интеграциялау принципі,соның ішінде адами ғылымның жетістіктерін белсенді құру және

шығармашылықпен синтездеу – XX ғасырмен XXI ғасыр басындағы лингвистиканың өзіндік дамуы мен концептуалды-конструктивті девизі яғни, антропологиялық лингвистиканың қайта тууы»,-деп көрсетті ғалым Қ.Ахмедияров [6. 45 б.].

Жалпы, концепт ұғымы танымдық бағытта алынған зерттеулердің барлығында сөз етіледі. Әр зерттеуші өз зерттеу нысанына бағыт, бағдарына қарай концептілерді тілдік тұлғаға, дүниенің тілдік бейнесіне, тіл мен мәдениет сабақтастығына, жеке тілдік құралдардың когнитивтік сипатын беру үшін де талдайды.

«Концепт» термині орыс тіл білімінде XX ғасырдың 20-30 жылдары қоршаған орта құбылыстарының тіл әлемінде бейнеленуін зерттеумен байланысты пайда болды. Концепт терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С.Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич А.Вежбицкаяның еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылады [7]. Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың халықтың тіл өрісінің дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады.

Лауазым ұғымымен байланысты адам баласының ойлау жүйесінде қалыптасқан құрылымға талдау жасап көрейік. Лауазым ұғымы қоғамдық өмірдің барлық саласындағы лауазымды тұрғалар,елді басқару, қоғамдағы билік мағыналарымен астасып жатады. Лауазым иесінің билік ету әрекеті қоғамнан тыс болмайды. Шәкәрім поэтикасында лауазым ұғымдарын сипаттауға қатысатын басты лауазымдық атаулар: атақ, дәреже,мансап атаулары. Патша, әкім, би, басшы, молда, ұлық, уәзір, бас уәзір, чиновник, жандарал т.б. ұғымдар Шәкәрім шығармаларында көптеп кездеседі. Бұлардың арасында пәнші (яғни пән-предмет, пәнші-предметник), кемеңгер, әлім, ғылымдылар,пән жамылған әлімдер тәрізді Шәкәрім қалыптастырған өзіндік қолданыстарының орны ерекше. Бұл атаулардың молынан ұшырасуы «лауазым» концептосферасы ауқымының кең екендігінің дәлелі. Сондай-ақ, лауазым концептісін толықтыратын негізгі ұлттық ұғымдардың қатарына қамшы, тізгін, көш атрибуттарының қатысуы- билік тізгінін ұстау, қамшылау, атқа мінерлер, көш бастаушылар, билік басындағылар, тізгінді қолдан алу қолданыстарына өзек болған. Олар семантикалық жақтан байланып концептуалдық танымды сипаттаған. «Лауазым» ядролық концепті болса, оны толықтырып мазмұнын байытатын төмендегідей ұсақ концептілер қатарында жуандар, мырзалар т.б. концептілік өрілім тезаурусы түзілген. Бұлардың арасында ақынның тілдік санасында жағымсыз мәнде, эмоциялық әсерде тұжырымдалатындары – ел жеген әкімдер, елді зарлатқандар, есепқор, жолкесер, мансапқор, араны ашық жан, саудагер, өсімшіл бай,паралатып ұлықты алған тұлға,қулар,қу залым, арсыз төбет тәрізді тілдік қолданыстары кездеседі. Атап айтқанда, ел жеген әкімдерді ақтарым жоқ [3. 233 б.] десе, енді бірде Партия қуған өңкей қырт. Әкімі – залым, биі – әңгірт [3. 240 б.]. тілдік құралдары арқылы сипаттаған. Сондай-ақ, бағалауыштық, жағымсыз сипаттарды беруде жұрнақ арқылы жасалған сөз- жасамдық үлгілер - мансапқор, сопысын, партияшыл, білгіштер, ұлықсып, әкімсымақ тәрізді

тілдік тұлғалары да жиі ұшырасады. Жағымсыз сипаттағы лауазым ұғымына байланысты концептуалды метафораларды,теңеулерді ақын өз шығармаларының өн бойында шеберлікпен ұтымды пайдаланған. Мысалы, қасқырша жемтік жеуден тартынбайды, адамшылық бойында қалмағандар [3.231 б.]; Қанағатсыз қасқырша ел зарлатып,өзіңше қыл дейсің ғой жуандықты дей келе, қанағатсыз қасқырдың жемтік жеу әрекеттерін, ешкімді аямай,талап жеуін Шәкәрім (аш бөрі) ретінде метафораланған (қасқыр) туралы адам баласының тұрмыс – тіршілігі негізінде қалыптасқан стереотип ұғымдармен көрсеткен.

Тындаушысын, оқырманын елең еткізер, тосын тіркес түзуде Шәкәрім дағдылы қолданыстан гөрі тың жол іздейді. Мысалы дағдылы қолданыстағы әлімжеттік жасау үлгісіндегі дайын тілдік тіркестің құрамын өзгертіп контоминацияналдау жолымен /жуандық қылу/, /қылып жүрген/ жуандықты/ тіркестерін [3. 371 б.] жасағанын байқаймыз.

Халқымыз қашанда лауазым иесінің қоғамдағы ролін,орнын, беделін, маңызын ерекше бағалаған «Лауазым» концептосферасына енетін ұғымдар халықтың рухани мәдениетінде, дүниетанымында ұлттық құндылықтар қатынасы тұрғысынан қарастырылады. Ендеше, Ш.Құдайбердіұлы қоғамның ынтымағын, береке бірлігін сақтауды ел басқарушы лауазымды тұлғаның міндеті ретінде танытады. Ел қамын ойлаған тұлғалардың бойындағы басым сипат, қасиеттер ар, әділет екендігін көрсетеді:

Мансапқорлар жойылса
Ерді адалдық жолға бастайтын
Елді арамдыққа әсте баспайтын
Басшы адам қойылса [3.298 б.] немесе,
Халқыңа еңбек қыл, Мақтанға салынба. Мансаптың тағы үшін [3. 386 б.]

Қорыта айтқанда, Шәкәрім шығармаларындағы «Лауазым» концептісі көп қатпарлы құрылымнан тұрады.Әрбір қатпарлары сол дәуірдегі мәдениеттің жемісі болып табылады. Белсенді қабаттарды түзіп, концептіні нақтылай түсетін мансап –мансапқор - мансаптың тағы элементтерін қолдануда ақын жағымды, жағымсыз астарларды айқын аңғартса,

Бостандық таңы атты, қазағым көріндер,
Арға ие басшының соңынан еріңдер [3.251 б.]. деген жолдардағы ойы арқылы Шәкәрім концептуалдық дүниетанымдағы ұлттық рух, ұлттық идеяны меңзейді және авторлық қолданыстағы тілдік таңбалармен ойын шебер бере білген.

Тілдік санадағы бірліктер негізінен сол қоғамның белгілі бір тарихи кезеңіндегі шындығын танытады. Мысалы, «Оқалы киім кию» фразеологизмі қоғамның өзгеруіне байланысты қазір қолданылмайтындығы, аталған тіркестің мағынасы шен алу ұғымын білдіретіндігі, халқымыздың тек өткен дәуіріндегі қоғамдық саяси – әлеуметтік өмірінде қалыптасқаны, қазіргі уақытта көркем шығарма беттерінен ғана орын тауып отыратындығы анық. Тіл – қоғамдық сана көрінісі. Дүниенің тілдік бейнесінен әр ұлттың өз болмысы,өз әлемі,

мәдени танымдық ерекшелігі анық көрінеді. Ойлау тілде көрініс тапса,керісінше, тіл де ұлттың ой жүйесіне өз таңбасын салады, яғни концептуализациялаудың өзіндік, ұлттық тәсілін көрсетеді. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов « Қазақ салты атты» өлеңінде

Солардың қатарында біз де жүрміз,
Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.
Не пайда өнерің мен біліміңнен
Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған?!
Бұл бір сөз қасірет етіп хатқа жазған,
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.
Байға – мал, ***оқығанға - шен*** *мақсұт* боп,
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан,- дейді.

А.Байтұрсынов Абайдың « Сегіз аяғы»үлгісімен, - әсерімен жазылған «Жиған – терген » өлеңінде де елді, ел намысын ойлайтындар аздығы, бірліктің жоқтығы, ел басшыларының зорлықшылығы туралы ой-тұжырымының тілдік санадағы көрінісін былай сипаттаған:

Қараймын кейін,
Орысқа шейін
Хан *бағыпты қазақты* немесе
Баға алмай жөндеп ,
Басқаға көн деп,
Артқан жұртқа азапты.
Бас адамдар халықты
Сатып, сыйлар алыпты.
Келген соң бері,
Кейінгілері
Болды ***құмар шекпенге.***
Салынып дауға,
Сатынып жауға,
Болыстықты алысты.
Қазық боп жұртқа,
Қорған боп сыртқа,
Кім ойлады намысты?!
Мақтады ұлық – болды мәз,
Қауым үшін қайғы аз.

Жоғарыдағы Мақтады ұлық- болды мәз деген жолдар ұлы ұстазы Абайдың «Мәз болады болысың, арқаға ұлық қаққанға» деген ой- пікірімен үндесетін тілдік сана паралельдері. Осы ретте

С.Торайғыров:

Әділдік қызметкері болғандарға
Алғысты сол күнде айтар баршалары,- деп көрсетсе,

А.Байтұрсыновың:

Ұл туып ұлы жолға қызмет етсе,
Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген, - үндес ойлары арқылы тілдік сана паралельдері берілгендігін көруге болады.

Шәкәрімде:

Адалдың жолы болар заман бар ма,
Жем болдық шын *жексұрын надандарға*[8.48б.].
Атқа мінген жігіттен үмітім жоқ,
Сөзімді ұқса ойланар кейінгі жас. [8.48б.] немесе
...Көрмедім көш бастаған қазақ ұлын,
Кеңірдек, өңеш кетіп, қалды жұлын
Бәрің есті, батырсың, айлалысың,

Қазақтың түзеттің бе жалғыз қылын? деп айтылған ой Сұлтанмахмұтта

«Ел дейтін адал басшы әзір сирек»
Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек.

Тағы бір ретте**:**

Қайдан табам ***халықтың шын баласын,***
Суын сүзіп, ақтарсам тау, даласын?! – деген сауал түрінде келеді.

Олай болса, Абай, Шәкәрім, Ахмет, Сұлтанмахмұт – дара, ірі шығармашыл тілдік тұлғалар. Соған қарамастан, олардың тілдік саналарындағы лауазымға қатысты жекелеген сөз тіркестері мен сөздердің қолданысындағы ұқсастықтар өте көп. Тілдік санадағы ой желісінің сарындас болуы жағынан, адамзаттық құндылықтар жайлы айтумен бірге әртүрлі құбылысты, ақиқат дүниені бағалау тұрғысынан олардың ойларының ұқсас түсіп жатуы тілдік сана паралельдеріне негіз болады. Жалпы, тілдік санадағы мұндай қолданыстар ұлтына ұл болу – ұлылық, ұлы болудың шарты- өз халқының өкілі бола білу деген тұжырыммен астасатындығын нақты көрсетеді . Адам баласын « ***Әділдік қызметкері*** » болуға шақырады.Тілдік санадағы бұндай ой-толғауға ұлт жанашыры Жүсіпбек Аймауытовтың: ***«....Қазаққа зор кеуде, ақ сүйек ,ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің,сұлу сөзді,құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек.Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын.***

Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» деген сөзін және Әлиханның «***қазақ үшін қызмет етемін*** » [8.] деген сертін дәйек ретінде келтіреміз. Сұлтанмахмұттың « Таныстыру»поэмасында да « Қазақтың оң көзі» нағыз лауазым иелері туралы айтылған ойлар қарастырылады:

Түймеге жарқылдаған алданбаған,

Басқадай бір басы үшін жалданбаған. Ел- жұрты тарыққанда жол сілтейтін көсем, халық тағдыры безбенге түскенде көмекейлері бүлкілдеген шешен, тар заманда тәуекелге бел байлайтын перзенттер нағыз лауазым иелері екендігін қазақтың тілдік санасы айтқызбай-ақ ұғады.

Метафоралық модель әмбебап когнитивті тәсілге жатады. Мұнда бір концептуалды саланың бейнелері басқа саланың сәйкес келетін құрылымына ауыстырылады.

Сөздің бір ғана мағынасы болмыстағы заттар мен құбылыстардың өзін белгілегенімен, сол заттың барлық табиғатын айқындай алмасы түсінікті.Сөз дегеніміздің өзін әдетте зерттеуші ғалымдар адам санасында бейнеленген ұғым арқылы таңбаланған бейне, атау деп түсіндіреді. Лауазым концептісіне қатысты атаулардың ішінде метафоралану тәсілі арқылы жасалатындары көп кездеседі. Халықтық танымменбайланысты *көшбасшы, атқосшы, бас адам* т.б ұғымдары тілдік санада кең қолданыста. Осы арқылы адамның ойлау жүйесінде батыл ассоциациялар жасалады. Тіл дамыған сайын оның ауыспалы мағынада жұмсалуы таным деңгейіне орай тереңдей түседі. Түптеп келгенде, бұл құбылыс адамның абстрактілі ойлау деңгейімен біте қайнасып жатады.

«Жазған сөз жаным ашып Алашыма» атты өлеңінде А.Байтұрсынов:

Іші лас, сырты таза ***залымдардың***
Алданып құр сыртының тазасына.
Мәз болып байғазы алған балаларша
Сатылып ***жылтыраған танасына,*** -дейді.

Қазақ дүниетанымының бір ерекшелігін көрсететін «Бір адамға» өлеңі арқылы С.Торайғыров та тілдік санадағы «Лауазым» концептосферасына қатысты шен, шенді шекпен, жез, түйме, оқа концептілік өрілімдер тазаурусын төмендегіше өрбітеді және оқа, түйме, шенді шекпен тәрізділердің әрқайсысын тілдік санада жағымсыз коннотациямен сынға алады. Автор дүниенің тілдік бейнесін шынайы образбен беруде этнолексемалардың (оқа, түйме, шен, шекпен) семантикасына сүйенеді. Мысалы:

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: « *Оңдырған- ау бақ қан халқын*».
Соншама *құны толық бұлды түйме*
Артында қалдырмас па жақсы даңқын?
Дедім мен: « Құтты болсын *шекпеніңіз,*
Артқыға қандай егін еккеніңіз?...

Мәтіннің когнитивті құрылымындағы тілдік сана көмегімен тілдік тұлға өзін қоршаған дүниеден өзге өз танымына сәйкес ерекше шындық қалыптастырады,ақынның тілдік тұлғасының өзіндік шындық болмысының бейнесін жасайды.Ақын тезаурусы мен мәдениетіндегі сөз - образдар – ғаламның тілдік бейнесін жасауға ат салысатын тілдік бірліктер.

Демек, «**тілдік көрініс»** дегеніміз – тілдің лексикасында, грамматикасында таңбаланған күллі әлем, ғалам туралы білімдердің жиынтығы. Заманның құбылмалы мінезі кейіпкерлер әрекеті мен ішкі ойы арқылы беріледі. Онда дүниенің тілдік көркем бейнесі кесе фреймімен ментальді берілген. Фреймдік қатынастағы тілдік белгілер ортақ лексика семантикалық топ құрап, « қазына мал» концептісінің когнитивтік моделін құраған. Фреймнің философиялық астары басым бағыт ұстанғанына көз жеткізе аламыз:

Ол рас аталарың *шенге алыпты,*
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Яки мақсат; тілмаш боп, жем табу ма,
Жылтыратып ***сары түйме шен*** *тағуға*;
«***Ел» дейтін адал басшы*** әзір сирек,
Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек [8].

Тағы да:

Төр алдында ***мырзалар,***
Көп мақтаса ырзалар.
Миллет десе түксиіп,
Сайлау десе қызбалар

немесе,

Жасты шіріткен шалы тұр,
Бір борандық малы тұр.
Аузын ашып, әкел деп,
Болыс,билер тағы тұр
Партия, дау-жанжалдың шеті шықса,
Мал тұрсын аямайды баласын да [8]

Кейбір лауазымды адамдар арасында ескіден келе жатқан қоғамдық дерт – жемқорлық, парақорлық.

Мысалы, ақын Шортанбай Қанайұлы да өз заманындағы би - болыстарды жемқорлықтан сақтандыра отырған.

Билер пара жемеңдер,
Жанға бейнет кезбеңдер.
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа пара салмаңдар, - деген ескертуі, әлі күнге дейін өзектілігін жоймаған психологиялық аXVалды пайымдауы - жоғары тілдік сана көрінісі. Жыраулар да қазақ қоғамында саяси-қоғамдық қызмет атқарғаны белгілі. Жыр мәтіндері арқылы мазмұндық – концептуалдық ақпараттарды, жыраулық дәстүрді тудырған тілдік сананы, жоғары ұлттық менталитетті, тілде жасырынған «білім қорын» сол қызметі арқылы жеткізе білген. Қоғам дертіне айналып отырған парақорлық жең ұшынан жалғасу, сыбайластық Ақтанберді жырауда да сәуегейлікпен тілдік санада суреттеледі:

Жазылмас дерттер көбейіп,
Шомылып ұрық себеді.
Төрелік айтар билердің
Ақша болар керегі.

Тілдік санадағы басшы ұғымының шляпа, очки, портфель тәрізді заттармен ассоциациялану үрдісі де кең көрініс тапқан. С.Торайғыровтың «Қандай басшы» өлеңінде басшы ұғымы шартты түрде өзгертілген. Бір жағынан мегзеу тәсіліне көшіп тұр. Мегзеу - алмастырудың бір түрі – бүтінніңорнына бөлшекті қолдану. Бұндай мегзеу сөздерге қарап лауазым иесінің мінез – құлқын, халқына адал қызмет көрсетпеу, өз қызметін асыра пайдалану, тоғышарлық т.б. ұнамсыз әрекеттердің сол қоғамда белең алған құбылыстарын анық аңғарамыз:

Қазаққа ***басшы****мыз дер* ***шляпалар,***
Очки сап, ***портфель*** ұстап жүрген жандар.
Істеген он тиындық еңбегі жоқ,
Бос мылжың даурықпада қанша мән бар!
Өзі үшін бір қалаға барып келсе,
Керек-жарақ нәрсесін алып келсе,
Одан *артық* ***басшыны*** қазақ таппас,
Шығынын он есе ғып салып келсе.
Газет-журнал басшыны мадақтаса,
Өтірік-ақ оған кір жолатпаса,
Көрінген мінін дағы бетке айта алмай,
Аңшының итіндей боп алақтаса
Кімде ***түйме*** көп болса, тілін алып,
Оларға пальто әперіп, галош салып
Ісің түзу болса да, ол шытынаса,
Кешу сұрап алдына шұлғып барып,
Не айтса да « таптыңыз***, құп тақсырлап***» ,
Біліміне тұрғансып мейрің қанып,
Өз көңіліңнің қалауын бір қыла алмай,
Закон не айтады деп тұра қалып,-
Әкім болсам осындай қорлықтардың
Басыма келетіні айдан анық.
Сорпаға шығарлары солар болса,
Мен оны құяр едім итке қалқып.
Қолда ту, аста тұлпар, үстім ***шенді,***
Тұрмайды омырауыма ***медаль*** сыйып
Солайша Шыңғысхан мен Бонапарттай
Атағым жұрт көзінде болса биік!.

Тілдік сана ретінде ең алдымен, тілдік құралдар арқылы, яғни сөздер, сөз тіркестері,фразеологизмдер, мәтіндер, ассоциацивтік өріс, сондай-ақ, осы өрістің жиынтығы ретіндегі ассоциациялық тезауруспен көрінетін сана бейнелері қарастырылады [1]. Сөздің ассоциацивтік мағынасына зер сала отырып, жоғарыдағы мысалдарда авторлардың тілдік санасындағы әлем бейнесінің құрылымдану көрінісі анықталды және адамзаттық ментальдік ерекшеліктеріне талдау жасалды. Қорыта айтқанда, «лауазым» концептісі батырлық,ерлік, әділдік, төзімділік,басқарушылық фреймдік тармақтар арқылы толыға түседі. Лауазым концептісін қалыптастыратын концептілік жүйе: лауазым-атақ, лауазым-байлық, лауазым- парақорлық, лауазым-билік, лауазым-бедел, лауазым-ел ағасы құрылымдарында анықталғандығын, аталған концептінің фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, теңеулер түріндегі үлгілері арқылы көрінетіндігін ескертеміз.

Сондықтан адам біткен ертең әлі
Бас иіп әділдікке келер бәрі.

Надсонның айтқанындай; Жауыз жолмен
Жүре алмай, дымы құрыр онан әрі.
Талған күш, ауырған жан,қиналған тән

Дертіне жақындықты етер дәрі
Әділдік қызметкері болғандарға
Алғысты сол күнде айтар баршалары [8.].
Былтыр ол «**би болсам**» деп арман етті,
Сойыс қып, елге шауып, ақша төкті,
Біреудің арқасында беделді боп,
Би болды, жез знакке қолы жетті.
Сары жез сатып алды малын шашып,
Сол үшін мақтанады мықын басып.
Төбетке тағып қойған **қарғыдай** қып,
Ол «**шенін**» тастамайды мойнына асып.
Ол қарғы білім бермес таққанменен,
Надан білгіш бола ма мақтанменен ?!
Мәстек шауып тұлпардан бәйге ала ма ,
Қадірлеп асыл жабу жапқанменен

Тілдік санада лауазым абстракт ұғым ретінде көрінгенімен оның негізінде субьект иесінің тұратындығы заңды. Әрі тілдік санадағы белгілі бір субьектіге жағымды және жағымсыз көзқарастар қалыптасатындығын ескерсек, әрбір лауазымдының бар болмысын бір ғана шағын детальмен таныту, өзара байланысты ұғымдар мен шектес заттармен тілдік бірліктермен атап көрсету өзінен-өзі түсінікті. Жуандар, күштілер, азулылар субстансивтері арқылы қоғамдағы қандай да бір әлеуметтік топқа жататын адамдардың жағымсыз әрекеті туралы астарлы ақпарат, мәлімет, ұғым қабылдаушы санасында тіл арқылы танылатындығы белгілі. Адамның ойлау әрекеті, көп жағдайда, белгіленген, шегі нақтыланған, шеңбері сызылып қойылған үлгі түріндегі логикалық ой – пікірдің аясына сыймайды. Айналадағы ақиқат дүниенің, нақты өмірдің сан алуандығы, сан түрлілігінің көрінісі адамның ойлау жүйесінен, ойлау әрекетінен сезіліп байқалатыны сондықтан. Обьективті дүниенің сезім мүшелері арқылы ғана емес, абстрактілі ойлаудың нақты нәтижесі – ұғым, пікір, ой қорыту болса, ол тілдік құралдар арқылы жарыққа шығады, өйткені тілсіз ой болмайды. Тілдік санадағы лауазымдыларға қатысты бейнелі, образды қолданыстар Абай мен Шәкәрімде, Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында молынан ұшырасады. Ақиқат дүниені бағалау тұрғысынан олардың тілдік санадағы ойларының ұқсастығына төмендегі мысалдар дәлел болады:

Жуаны қылады зорлық
Момынның көргені қорлық.
Теп-тегіс қулық пен ұрлық,
Ал енді **қайтіп ел болдық?**

Немесе,

Жуанның ойы осы ғой, ...
Бұл мінезден шошы, қой. **(**Шәкәрім)
Байлыққа **азулылар** күшпен жеткен ,
Аямай байлық үшін арын төккен...
(Сұлтанмахмұт)

Құлқынның құлы болып **ардан безген**,
«Халқым » деген **басшының** ісі сол ма?!
Не үшін кім берді екен **шенді шекпен**,
Қандайлық қызметі үшін халыққа еткен?
Еңбегін момын елдің күшпен талап,
У үшін алған шығар елге сепкен
Байлық пен дүниені қылған мақтан,
Сол үшін падишаға елді сатқан.
Бар байлығы жинаған көздің жасы,
Еңбекпен бір малы жоқ терлеп тапқан.
Сары жез – ит қарғысын шен деп таққан,
Ел сатқан, **пара берген** сөйтіп жаққан. («Қос үй»)
Бай едің өз алдыңа шаруа баққан,
Шалықтап, шалқып сөйлеп, шалқақ қаққан.
Ойладың; «Осы малдың арқасында ,
Мен дағы атансам,- деп,- бір **жез таққан**!»

(«Партияшыға»)

Абайдағы «Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап» деген жолдармен басталатын ой желі Сұлтанмахмұт тілдік санасында, қолданысында да жалғасын тауып, лауазымдылардың екіжүзділігі анық ашылады:

Төре көрсе, жалаң **бас шұлғып** билеп,
Бәйек боп әулиедей ізін сүймек.
Елге келсе өтірік мақтанатын;
«Қорқайын ба, **ұлыққа** айттым сүйдеп!»

(Сұлтанмахмұт)

Абай заманындағы тілдік санадағы
Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға
Шелтірейіп орысың
Шенді-шекпен жапқанға, - немесе Дулат айтқан «шен-шекпенге сатылған, батпаққа елін батырған» ұлықтар портретіндегі үндестік, лауазымдылар характерлерінің екіжүзді, жағымсыз, айлакер, жемқор ел пысықтарының тілдік санадағы ортақ бейнесін тілдік құралдармен шебер бере білгендігінің дәлелі.

Бір ұрты май, бір ұрты қандар **да бар,**
Қой терісін жамылған жандар **да бар.**
Жазасызды жазалап *атақ* алып,
Ақ жүрексіп жүретін паңдар **да бар**, - (Шәкәрім)

Материалдық мәдениет те, рухани мәдениет те тілден көрініс тауып отыратынын ескерсек,[9.] атаққа, шенге байланысты жағдайларда тілдік санада **жез тағу, жылтыраған тана, көп түйме, сары түйме, жез түйме, жез знак** концептілері белсенді қолданысқа ие болған.

Қорыта айтқанда, Абай, Шәкәрім, Ахмет, Сұлтанмахмұт өлеңдерінің өн бойында байқалатын тілдік сана паралельдерінен сол дәуірдегі, қоғамдағы, билік басындағы лауазымдыларға жағымсыз көзқарасын, халыққа адал қызмет ететін адал басшыны армандағанын нақты аңғарамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Караулов Ю.Н. Предисловие . Язык и личность. - Москва: Наука, 1989.-211с.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999.-581б.
3. Құдайбердіұлы Ш. Жол табалық ақылмен. Шығармаларының 1томдық жинағы.2006.
4. Байтұрсынұлы А.Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.-305 б.
5. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы:- 2004.-560 б.
6. Ахмедияров. Қ.Формирование и развитие метаязыка русской поэтики. Дисертация докт. фил. наук. Алматы. 2003.- 250б.
7. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика.Алматы.2011.
8. С. Торайғыров. Өлеңдері мен дастандары. Алматы: Раритет. 2007.-208 б.
9. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғыл. Докт... дис.:10.02.02.-Алматы,2007.-330 б.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҮШТІЛДІЛІКТІҢ МАҢЫЗЫ

Г.Р. Налибаева
магистр
К.А. Исентаева
магистр
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Астана қаласы бойынша
ПҚ БАИ мониторинг және талдау бөлімі
Астана, Қазақстан

Аннотация. *На сегодняшний день полиязычное обучение для подрастающего поколения раскрывает сеекреты мировой науки и позволяет обучающимся в образовательном пространстве свободно развивать свои способности и потребности.*

Обучение на трех языках – требование времени, где ее основными целями является: владение несколькими языками, способность к социальной и профессиональной ориентации, формирование и развитие культуры личности.

Сегодня наша страна согласно своим показателями должна достойно войти в число пятидесяти развитых стран мира, где система образования должна соответствовать требованиям мирового образования. Поэтому информационно-коммуникативный мультикультурализма в эпицентре образовательных компетенций должны быть признаны в качестве базовых знаний.

Ключевые слова. *полиязычное обучение, требование мирового образования, образовательные компетенции, информационно - коммуникативный мультикультурализм.*

Abstract. *To date, of multilingual education for the younger generation reveals seekrety world science and allows students in the educational space free to develop their abilities and needs.*

Education in three languages - the requirement of time, where its main objectives are: possession of several languages, the ability to social and professional orientation, formation and development of the individual's culture.

Today our country according to their performance should adequately enter the top fifty developed countries, where the education system must meet the requirements of world education.

Therefore, information and communication multiculturalism in the midst of educational competence must be recognized as a basic knowledge.

Keywords*. training of multilingual, global education requirement, educational competence, information and communication multiculturalism.*

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы көрсеткіштермен аттап, дамыған елу елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан білім ошағындағы көпмәдениеттілік ақпараттық және коммуникативтікпен қатар қойылып, білімнің базалық құзыреттілігі ретінде танылып отыр.

XXI ғасыр – білімділер ғасырының талабына сай зерделі, ой-өрісі жоғары азаматты қалыптастыру мемлекетіміздің негізгі стратегиясы болып саналады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Нұрсұлтан Әбішұлы «Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деген сындарлы да салдарлы үндеу жолдады 1.

Мемлекет басшысы 1 наурызда «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасын қабылдау туралы жарлыққа қол қойғанын айтты. Аталған бағдарламаның негізгі мақсаты - Президент ұсынған «Мәңгілік ел» идеясын орындауға бастайтын, оған негіз қалайтын платформа жасау.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы - қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде

сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге, тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі. Ана тіліңді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістікті қорғау, оған мемлекеттік тұрғыдан ықпал ету, ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ел тәуелсіздігін қорғаудағы басты ұстаным болуы тиіс. Білім беру жүйесі мәдениетпен тікелей байланысты. Демек, «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінің мақсатын өзгерту керек. Ол, біздіңше, креативті, шығармашылық сипатта ойлайтын «мәдениетті тұлғаны» қалыптастыру.

«Мәңгілік Ел» идеясының философиялық мәдени астарын талдауда ерекше назар аударатын мәселе - ұлттық тәрбие. Тәрбие тал бесіктен басталады десек, ұлттық тәрбие отбасынан бастау алуы керек. Отбасылық тәрбие мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруды басты мақсат ретінде ұстануы керек. Бұл жолда үлкенді құрметтеу мен ата-ананы сыйлауды, ар, намыс, ұят сынды құндылықтарды жастар санасына сіңдіруді басты идеологиялық ұстанымға айналдырудың маңызы зор. Қазақ болашағы тектілік пен кісілікті, бірлік пен татулықты, білім мен адамгершілікті ұштастыру негізінде жүруі тиіс. Отбасы мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет. Отбасы болашақ жастарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелей отырып, олардың санасына патриоттық сезім ұялатуы тиіс. Сонымен бірге, әйел-ананы қорғау, құрметтеу, жетім мен жесірін қорғау қоғамның ұлы жолдағы басты құндылығы ретінде мойындалуы тиіс.

Бұл саясатты қолдау дегеніміз, біріншіден, өз тіліміздің бай екендігін көрсете отырып өзге тілдерді еркін меңгере алатын ұлт ретінде дәлелдейміз. Екіншіден, шетелмен тығыз қарым-қатынас орната отырып экономикамызды жақсартамыз.Үшіншіден, «Жас болса да, бас бола алатын» мемлекет екендігімізді толығымен көрсетеміз. Қазақстан үшін үштұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілеттікке ұмтылуға бірінші баспалдағы.өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін қазақстандықтар өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру, тілді меңгеруге деген қызығушылықты ынталандыру, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды қалыптастыру.

Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру арқылы әлем суретін әр әлуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады. Көптілді үйретудің қай қырын алып қарасақ та, жүргізілетін жұмыстардың басты мақсаты - білім берудің сапасы мен нәтижелілігін арттыра отырып

полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Білім беру бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы болуының нәтижесінде қазақстандық мектептердің түлектері өз білімін шетелдік жоғары оқу орындарында жалғастыра алатындай болуы қажет. Сондықтан білім берудің маңызы стратегиялық міндеті, бір жағынан, мектеп бітірушілердің халықаралық біліктілік сапасын, лингвистикалық білімін жетілдіру, ең негізгісі мемелекеттік, ана тілі мен шетел тілдерін меңгеруді қамтамасыз ету болып табылады.

ЮНЕСКО XXI ғасырды полилингвизм ғасыры деп атады. Болашақ ұрпағымыз тек ана тілін меңгеріп қана қоймай, бірнеше шетел тілін меңгеруі керек. Ал шетел тілін жан - жақты меңгертуде оқу-тәрбие процесін қызықты, ыңғайлы және ұтымды ету үшін бірнеше тілдегі (қазақ,орыс,ағылшын) әдіс - тәсілдерді қолданамыз. Тәуелсіз ел болған соң әлемнің барша жұртымен қарым-қатынас жасай бастадық. Енді біз тек орыс тілін ғана емес, қытай, түрік, ағылшын, француз және басқа ұлттардың тілін біліп, олармен қатынас жасауға тиістіміз. Алайда, әлемде ең басты тіл - ағылшын тілі екені дау туғызбастай ақиқат.

Бүгінгі таңда ағылшын тілін меңгеру дегеніміз – ғаламдық ақпараттар мен инновациялардың ағынына ілесу деген сөз. Оған қоса ағылшынша білсең, әлемдегі ең үздік, ең беделді жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндігің мол. Тіпті, оқуыңды тәмамдаған соң біршама уақытқа шетелде қалып, еңбек етуің үшін де бұл тамаша мүмкіндік. Ең бастысы, ағылшын тілін білу – бұл іскерлік қарым-қатынас және әлемнің кез келген нүктесінде бизнеспен айналысу үшін міндетті талап. Жалпы Әлемдік рейтингте ағылшын тілі бірінші орын алады,сондықтан біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Ағылшын тілін меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Сонымен қатар ағылшын тілін меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады:

- өзге мәдениет өкілімен тікелей, аудармашының көмегінсіз қарым-қатынас жасай аламыз;
- ғылыми үлгілері дамыған шетелдік мағлұматқа қол жеткізе аламыз;
- ғаламтордағы ағылшын тіліндегі мағлұматты игере аламыз;
- жастар мен ғалымдар экономикасы дамыған елдерде білім алып, сол елдің озық тәжірибесін елге алып келуге мүмкіндік алады;
- өз зерттеулеріміздің нәтижесін шетелдердегі жоғары конференцияларға, конгрестерге, симпозиумдарға шығарып, көрсете аламыз;
- өзге мәдениеттің көркем әдебиетімен тұпнұсқасында таныса аламыз;
- өндірістің қай саласында болмасын жұмысқа тұру мүмкіндігіміз бен жалақымыз артады;
- соңғы инновациядан және жаңалықтардан хабардар болады, әсіресе инженерия мен технологияларға қатысты.

Қазақстанның азаматы, қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан неміс ұлтының өкілі Г.Бельгер: "Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі - шабытымның үш қайнар бұлағы» - деген екен. Қазақ халқының «Жеті

жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақаласы «Үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізудің негізі бола алады. Ал, А.П. Чеховтің «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, бір тілмен шектелген адам өзін еркін, бостандықта жүргенін сезіне алмайтынын нұсқап отыр. Ендеше, «Үштұғырлы тілді» меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бәсекеге қабілетті ұлт болудың, ұлт болашағының жарқын болуының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа Әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2007 .
2. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы. - Астана, 2014 жыл 11 қараша.
3. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамасы. №4 (112) 2016.
4. Қазақстан мектебі. № 5,8 (1084), (1087) 2016.
5. Республика ұстаздары. Педагогикалық газет. № 21-22 (322) 2016.
6. Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері. № 6 (90) 2016.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА ДАҒДЫЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Н.Ә. Кенжебекова
аға оқытушы
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан
pimno-spis@mail.ru

Аннотация*. В этой статье рассматриваются выгодные пути навыков работы учеников начальных классов. В целях увлечения учеников работать с текстом даются примеры познавательных заданий, описаны пути их решениях.*

Ключевые слова. *текст, текстовая структура, языковое отношение, целостность текста, стилевое единство.*

Abstract. *In this article sayed about advantageous ways of attainment works primary school children. At mission interest child's work with text gives examples of instructive tasks, description works their descision.*

Keywords. *text, text structure, language relation, integrity of text, stylish unity.*

Оқыту үрдісінің әдіснамалық негізі болып табылатын таным теориясы болып табылады, ал қозғалыс күші – қарама-қайшылық, егер ол мазмұнды болса, оқушының алдында осы қайшылықты шешу саналы қажеттілік болып саналады. Оқу үрдісінде осы қайшылықтарды оқушылар жаттап алатындай ғана емес, оны шешу әдісін өз бетінше таба алатындай заңдылықта дайындалуы қажет. Оқытуда оқушыларға мұғалімнің әсер етуімен білім алуға қажетті және меңгеруде маңызды мәліметтер, жаңа оқу тапсырмаларын орындау үшін танымдық қызмет тәжірибесі мен осы

қажеттіліктерді қанағаттандырудағы нақты мүмкіндіктер пайда болады. Оқушының оқу үрдісіндегі іс-әрекеті оқу-танымдық сипатта болады. Оқытудың нәтижелілігі мұғалімнің оқу үрдісін оқушының танымдық іс-әрекетінің негізгі заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыруы негізінде анықталады. Оқушы оқу-танымдық іс-әрекеті арқылы қоршаған ортаны ғылыми түрде түсінуге тырысады, осының негізінде ізденімпаздықпен айналысады, ізденімпаздық оның танымдық қызығушылығын тудырады. Танымдық тапсырмалар оқушылардың танымдық қызығушылығын туғызып, танымдық белсенділігін арттырады.

Танымдық қызығушылықты тудыратын танымдық тапсырмалардың бірі - мәтінмен жұмыс. Мәтін латын сөзі textus - өрілім, қосылым арқау, тілдік бірліктердің мағыналық байланысы арқылы біріккен жүйелілік дегенді білдіреді. Мәтін –сөйлесім әрекеті мен ойлау үрдісінің жемісі.

Мәтін – тұтастыққа, типологиялық ерекшелікке, стилистикалық реңкке, абзацтарға немесе күрделі синтаксистік тұтастыққа бөлінуге, мәтінішілік түрлі байланыстар мен қатынастар жүйесіне ие болып келетін тілдің күрделі бірлігі [1, 101].

«Мәтін өзінің құрылымымен ғана емес, мазмұнының көпқабаттылығымен де күрделі бірлік. Әрбір жекеленген мәтін - сөйлеудің туу процесінің жемісі ретінде белгілі бір ойдың синтезделген көрінісі.Әрбір мәтін-тілдік қызметтің, тілдік танымның «лабораториясынан» қайнап шыққан нәтиже. Сонда мәтіннің құрылымдық- мағыналық жүйесін танып – білу дегеніміз – ойдың құралу жолдарын тануға ұмтылу дегенмен бірдей. Текстi оқып-естіп түсінуі арқылы тыңдаушы, оқушы бұрын болып өткен ойлау процесін «қайта басынан кешіреді». Бұл бір психикалық процестің нәтижесі ретіндегі туындының екінші бір санада қайтадан «қорытып», орнығу процесі»,- дейді Н.Ж. Құрманова [2,7].

Мәтін-адамдардың тілдік қарым-қатынасының жемісі болып саналатындықтан, мәтін коммуникативтік аспектіге ие. Мәтіннің ерекшеліктерінің бірі–оның тұтастығы.Мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің байланыстылығы – мәтіннің қасиеті. Бірақ сөйлемдердің сыртқы формалдық байланысы емес, мағыналық байланыс қана сөйлемдерді бір логикалық желіде ұстап тұра алады. Мәтіннің тұтастығы, оның сөйлемнен жоғары деңгейде тұратындығы В.Г.Афанасьев, И.О.Москальская, О.А.Каменская еңбектерінде қарастырылған.

Б.Шалабаев мәтіннің маңызды белгілеріне оның тақырыбының болуы мен аяқталуын жатқызса, Т.А. Ладыженская оның тақырыбының болуы, белгілі бір жайды хабарлауы, тиянақты аяқталуы, тақырыптың бірлікте тұруы, мәтін компоненттерінің жалпы ортақ пікірге бағынуы, логикалық жүйеде құрылуы, мәтін бөліктерінің сөйлемдердің байланыстылығы, оның стильдік бірлікте болуы керек дейді [3,229].

Мәтінді синтаксистік семантика тұрғысынан талдауда тұратын идея - синтаксистің жоғары деңгейі сөйлем емес, мәтін деп тану. Г.Я.Солганик: «Өмір тәжірибесінде ойлаудың байымдау формасы өзімен тығыз

байланыста болатын келесі пайымдаула арқылы солардың жиынтығы арқылы білдіріледі. Солармен бірігіп келіп қана белгілі бір ойдың даму барысын көрсете алады»,- дейді. Г.Я.Солганиктің осындай ойын Л.П.Доблаев та қоштайды: «Егер сөйлем байымдауды білдіруге қызмет етсе, онда текст байымдаулардың бірігіп келіп білдіретін күрделі ойын танытады» [2,25]. Мәтін тек сөйлеудің туындау процесінің жемісі ғана емес, сонымен қатар, қабылдау жемісі болып табылады. Сондықтан да мәтінді екі жақты тану үлкен орын алады: біріншісі – айтушының тұрғысынан, екіншісі – тыңдаушының тұрғысынан қарастыру. О.М.Копыленко мәтін байланыстылығын айтушы сөйлеуімен байланыстырса, мәтіннің тұтастық сипатын тыңдаушының қабылдау ерекшелігімен байланыстырады. Сонда айтушы өзінің тұтас мәтінін тыңдаушы қажеттілігіне байланыстыра туғызады. Тыңдаушы тұрғысынан келсек, берілген мәтінді түсіну оны қабылдаудан басталады.

Мәтін – тіл бірліктерінің барлық басқа түрлерінен өзгеше келетін, өзіндік ерекшелігі ол бірлік ретінде танылады. Мәтін ұғымы тілдің ең кіші бірліктер қызметін танытса, екінші жағынан мәтіннің өзіндік табиғатын да танытады.

Мәтінмен жұмыс істеу – оның тұтастығы мен байланыстылығын немесе мазмұнын таныту ғана емес, әсіресе, мәтіннің құрылымдық және мазмұндық потенциалын баланың дүниетанымын дамытуға қарай бағыттауда маңызды болып табылады. Мұғалім пайдаланатын мәтіндер оқушының тіл бірлігінің белгілерін танып қана қоймай, танымдық қызығушылығы артуына да, сонымен қатар дүниетанымдық көзқарасы қалыптасып, дамуына да мүмкіндіктер беретіндей болуы тиіс.Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратын мәтінмен жұмыс түрлерін Н.Құрманова мен К.Мухлистің «Текст теориясы және текстi талдау әдістемесі» еңбегіндегіәдістемелерге сүйене талдау жасап көрелік. Аталған еңбекте мәтінмен жұмыстың бірнеше жолдары көрсетілген, соның бірі – мәтін құрастыру. Оқушылар мазмұндама, шығарма, әңгіме жазуда немесе сабақта ауызша сөйлеуі – барлығында да оқушы мәтін құру ерекшелігімен анылады. Оқушылар мәтін құрастыруы үшін алдымен мәтіннің құрылымдық ерекшелігі талданады. Дайын күйіндегі мәтіннің құрылымы төмендегідей тізбектен тұрады:

Мәтін - Абзац - Тезис – Жоспар - Тақырып

Ал оқушылар мәтін құрастыру үшін осы тізбек керісінше талданады.

Тақырып - Жоспар - Тезис - Абзац - Мәтін

Бұл тізбек - оқушыға тіл бірліктерінің мәтін құраудағы орыны мен қызметін айқын танытатын әдіс. Мәтіннің абзацтарға, күрделі сөйлем тұтастықтарына, сөйлемдерге бөлшектенетіні белгілі.

Оқушыларды мәтін құрастыруға жаттықтыратын тапсырмалардың бірі - дайын мәтіндерді салыстыру.

Оқушыларға тапсырма: төмендегі екі мәтінді салыстырып, қай мәтінде айтылған ой анық, әсерлі, бейнелі берілгендігін анықтаңдар. Ол неліктен екендігін түсіндіріңдер.

1- мәтін. 2- мәтін.

Тау ішінің жаңбырлы, қараңғы Тау ішінің түні. Бақтығұл көңілін түні. Бақтығұлдың көңілінде дегі күдікті бір сәттің ішінде көптен шешілмей келе жатқан оп-оңай жазып жібергендей болды. күдікті бір сәттің ішінде оп оңай Түні бойы малмен араласа жүрген жазып жібергендей болды. Түн көзбен маңайды бір шолды. Көп баласында малмен араласа жүрген жер.Тау. Кейде тау дию жүрген машықты көзбен мекеніндей көрінеді. Қарағайлары маңайды тағы бір шола қарады. Бар беттері үңірейіп көрінеді. Көп жүрген жер. Мол ұлы тау. М.Әуезов. Кейде тау қара түн, ақ жауын ішінде алып дию мекендегідей көрінеді. Сыпсың қарағай жапқан түкті беттері жақын жерден қап –қара болып үңірейіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияқтанады.

М.Әуезов.

Осындай салыстырулар оқушылардың мәтін құру қабілеттерін қалыптастыруға, логикалық ойлауын дамытуға негіз болады, өйткені оқушы мәтінді салыстыру арқылы мәтіндегі ойдың қалай «кірпіштен өрілетінін» «лингвистикалық эксперимент» жасау арқылы өзі бақылап отырады [2,82].

Екі мәтінді салыстыру үшін берілген талдау үлгісі төмендегідей: 1) екі мәтінде де 6 сөйлемнен бар. 2) Екеуінде де ой аяқталған, бірақ қай мәтіннің беретін ойы айқын, ашық, ауқымды екені салыстыру арқылы байқалады. Екінші мәтіндегі ойдың берілуіндегі синтаксистік босаңдық байқалады: болған жайды баяндау қысқа, сөйлемдеріндей ой тығыздығы бірінші мәтіндегідей емес, сөйлемдерінің арасына жаңа сөйлемдерді еркін кіріктіруге болатындай етіп құрылған мәтін. Бұндай талдау нәтижесінде оқушылардың «мәтін» туралы түсінігі нығайып, мәтін құру шеберліктерін шыңдауға жетелейтін қабілет қалыптасуына әсер етеді.

«Мәтін» туралы оқушылардың түсініктерін бекітуде оқушыларға тағы да мынадай тапсырмалар беруге болады:

1.Бір топ тәртіптелмей орналасқан сөйлемдер беріп, осы сөйлемдерді логикалық ой тәртібі бойынша орналастыр.

Рақтай менің қолымнан ала бергенде, еліктің лағы тағы бақырды. Қайта бірте-бірте жақындай берді. Осы дауысты естіді білем, аналық елік шыға келді. Баласымен бірге өлме түрі бар. Бізге қарай жасқанбай салып келеді. Елік сескеніп, состиып тұра қалды, бірақ кетпеді. «Айтақ, айтақ, айт!» деп итті көмекке шақырып, өтірік күшендік.

2. Тақтаға бір сөйлем жазып, үш түрлі тапсырма орындатуға болады:

а) осы сөйлемді мәтіннің басы етіп, әрі қарай өзің жалғастыр;

ә) осы сөйлемді мәтіннің ортасы етіп, басы мен аяғын құрастыр;

б) осы сөйлемді мәтіннің аяғы деп санап, мәтіннің басы мен ортасын құрастыр.

Сөйлем: *Бір топ бала жидек теруге орманға барды.*

Оқушылардың жазбаша да, ауызша да тілінде көп ретте мәтін туындамай жататыны белгілі. Бұл жағдай оқушылардың сөздік қорының кемдігінен, грамматикалық байланысу тәсілдерін дұрыс қолдана алмауынан, ең бастысы оқушыларда тұтастықтың құрылуы, тұтастықтың сақталуы туралы ұғым қалыптаспауынан туындап жатады.

Мұғалім оқушының мәтінді саналы түсінуі үшін төмендегідей бағытта жұмыстар жүргізуі тиіс:

1) Оқытылатын мәтінге дайындық ретінде алдын ала экскурсияға шығару, әр түрлі тәжірибе жасату.

2) Өтілетін тақырып мазмұнын толықтыратындай қосымша сыныптан тыс оқу материалдарын беру,оқыту.

3) Жұмбақтар,мақал-мәтелдер,тақырыптық суреттер іздету.

4) Пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Басқа пәндерге өтілген материалмен байланыстыру.

Мәтінге байланысты түрліше шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Бұл жұмыстар біріншіден, оқылған материалды тереңірек меңгеруге мүмкіндік туғызса, екіншіден, балаларды өз беттерімен ойланып жұмыс істеуге талаптандырады. Бастауыш сыныпта ұйымдастыруға болатын шығармашылық жұмыстар:

а) Әңгіменің баяндау түрін өзгертіп әңгімелеу. Айталық, әңгіме 1 жақпен баяндалса, 3 жаққа айналдырып, керісінше әңгімелету.

ә) Оқылған әңгіменің мазмұнын толық өзгертіп баяндау. Жұмыстың бұл түрін үйден орындап келуге тапсыруға болады. Мұнда оқушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен немесе өздері қатысқан не көрген оқиғалары жөнінде айтады.

Жұмыстың бұл түрі де оқылған мәтіннің мазмұнын балалар толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс балаларды өз беттерімен ойлануға, ізденуге және мәтіндегі жүйені пайдалана отырып, өздіктерінен мәтін құрастыруға, оны құрастыру барысында көптеген сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін таңдап алуға үйретеді.

б) Оқылған әңгіменің мазмұны бойынша суреттер салу. Жұмыстың мұндай түрі әңгімедегі оқиғаны нақтылай түседі. Мәтін мазмұны бойынша сурет салу оқушылардың елестету қабілеттерін арттырып, қиялын дамытады [4,74].

Сонымен мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстардың бәрі де балаларды өз беттерімен ізденуге, ақыл-ойы мен дүниетанымен кеңейтуге, тілін дамытуға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдірасалова Л. Әр түрлі жанрдағы мәтіндерді оқыту. - Алматы, 2003.-37 бет.
2. Құрманова Н., Мухлис К. Текст теориясы және тексті талдау әдістемесі.- Алматы, 2000. - 112 бет.
3. Жаппаров А. Оқушылардың тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. 1-том. –Алматы, 2007. - 267 бет.
4. Тұрдалиева Г.Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесі . - Алматы, 2009.-154 бет.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН ТІЛДІК СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.*С. Хибадуллина*
аға оқытушысы
Шәкәрім атындағы МУ
Семей, Қазақстан

Аннотация. *В статье автор сосредотачивается на роли казахской публицистики в обществе, а также раскрывает характер, языковых, стилевых, жанровых видов,.казахской телепередачи.*

Ключевые слова. *Публицистика, стиль, жанр, факт*

Abstract. *In the article the author focuses on the role of the Kazakh journalism in society and reveals the character, language, style, genre species.Kazakh TV.*

Keywords. *publicus, style,genre,Fuck*

Еліміз өз тәуелсіздігін алып,шекарасы анықталып, дербес мемлекет мәртебесіне ие болып отырған шақта дүние жүзіне қазақ деген ұлтты таныту үшін оның ұлттық болмысын көретін бай мұраларын, ұлттық құндылықтары мен рухани дүниелерін дамыта отырып, оларды таныту керек.

Кез-келген халықтың сарқылмас мәдени мұрасын танытуда қызмет ететін ұл, қыздары мен қоғам қайраткерлері бар. Олар арқылы елдің ел, халықтың халық, ұлттың ұлт екенін тану қиынға соқпайды. Осы орайда қазақ публицистикасының да рөлі айтарлықтай.

Басылым – ақпараттың баспадан шыққан нұсқасы. Ол газет немесе журнал болуы мүмкін. Жаңа нарық келсе де қазақ басылымдарының басынан бақ тая қойған жоқ. Баспасөздің бұқара халыққа қаншалықты пайдалы екенін алаш арыстарынан артық ешкім түсінбесе керек. Мәселен, бұл жөнінде Міржақып Дулатұлы «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі де мықты» деп, газет-журналдың маңыздылығына ерекше мән берген. Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі» деп бекер айтып кетпеген. Газет-журнал – бұл идеологиялық қару, үлкен күш. Журналистер де жазушылар секілді шығармашылық жолда болғандықтан, көп жағдайда бір – біріне ұқсас процестер бастан өтіп жатады. Творчество – шығарма жасау, шығарма туғызу, шығармашылыққа байланысты ұғым болса, «творчестволық лаборатория» ұғымы XIX ғасырда орыс әдебиеттануында ғылыми айналымға енген термин ретінде қабылданды. Міне, содан бері осы атау өмірде үзбей қолданылып келеді. Мұның өзі, әрине, заңды нәрсе еді, өйткені журналистің де еңбегі туралы осылай айтуға толық мүмкіндік береді. Сондықтан, журналистің «творчестволық лабораториясы» (шығармашылық шеберханасы) деген ұғымдағы сөз тіркестерін қолдануды ғылыми ортада жатсынбай, қайта өмірдің қажеттілігі ретінде өзінен-өзі қалыптасып келеді.Егер қазақ журналистикасының тарихына үңілсек, жалпы публицистиканың дамуына назар аударсақ көп жайды аңғаруға болады. Ал мұның бәрі өздігінен болған нәрсе емес, қайта көптеген тұлғаларымыздың басқа да елдердегі секілді,

қазақ журналистикасының негізін салып кеткеніне байланысты өткен ғасырдағы Шоқанның «Жоңғария очерктерінен» бастап, Абай мен Ыбырай еңбектеріндегі публицистикалық сарындар мен элементтер қазақ журналистикасының бастау бұлақтары десе де болады. одан соң мерзімді басылым ретінде дүниеге келген «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінің, «Шолпан», «Сана», «Садақ» журналдарының атқарған рөлі қалай айтуға да тұрарлық. Публицистика терминінің төркіні латынның publicus деген сөзіне барып тіреледі. Қазақша мағынасы қоғамдық дегенді білдіреді. Төл тіліміздегі баламасын алғаш ғылыми айналымға енгізген – ардақты алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» атты атақты еңбегінде көсем сөз ұғымын публицистика баламасы ретінде қолданады: «Көсем сөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсем сөз деп аталдады». Ұлттық рух ұстыны Ахмет Байтұрсынұлы ұйғарымын тарата талдамас бұрын көсемсөз туралы тағы қай ғалымның қандай көзқарасы бар екеніне тоқталмай өтуге болмайды.

Өткен ғасырдың 70 жылдарында Кеңес елінде көсемсөз туралы пікірталас қызу өрбіді. «Вопросы литературы» журналының 1970 жылғы жетінші санында «Публицистика - әдебиеттің алғы шебі» деген тақырыпта пікірталасқа қатысушылар ой-тұжырымдары оқырман талқысына салынды. Бұл мәселеге аталған басылым 1973 жылғы 10-санында «Публицистика және қазіргі заман» деген тақырыппен қайта айналып соқты. Екі санында да, тоқ етерін айтсақ, басылым жарияланымдарының ортақ тұжырымы публицистика әдебиеттің жауынгер жанры дегенге келіп саяды.

Орыс зерттеушілерінің осы тұжырымы әсер еткен болуы керек 1976 жылы жарық көрген Қазақ совет энциклопедиясының 9-томында ұлттық журналистика ұстазы Т.Амандосов пен белгілі ғалым Ә.Жұмабаев көсем сөзге мынадай анықтама берген: «Публицистика - өмірдің әлеуметтік, экономикалық, өндірістік, ғылыми және басқа да рухани құбылыстарын, өмірдің фактілерін өзіне арқау ететін әдеби жанр».

Көсемсөзді жанр ретінде қарастырушы зерттеушілер пікірімен белгілі ғалым Т.Қожакеевтің де көзқарасы сәйкес келеді: «Публицистика нақтылы өмірден орын алып отырған мәнді оқиға – фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды,- деп жазды профессор. Яғни, публицистика –фактінің, нақты оқиғаның жанры».

Зерттеуші Т.Ыдырысов көсемсөз жайлы мынадай пікір білдіреді: «Публицистика – жазушы мен журналистің әлеуметтік пікір айтуы, күнделікті өмірге, әр қилы қоғамдық шабытпен терең ой топтап, жұртшылықты белгілі бір оқиғаға, құбылысқа ерте, еліктіре білуі. Екінші сөзбен айтқанда, публицистика дегеніміз – саяси-көркем проза, қаламгердің әлеуметтік мәселелерді толғауы».

Публицистиканы әдебиетпен қоса журналистиканың саласы ретінде қарастырушылар да бар. «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» орын тапқан мақаласында С.Байменов мынандай пікір білдіреді: «Көсемсөз – әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайтын саласы»,- деп жазды ол.

Ғасырымыз ғарыштаған сайын заман талабына сай әр дәуір келбетін жаңғырта жеткізуде, бүгінгі заман талабына лайық байлам жасауда әркім әрқалай жолды таңдап алады. Мәселен, тарихшы дәуір тағылымына тарихи тұрғыдан баға беруге ұмтылса, әдебиетші көркем туындылары арқылы үлес қосады. Ал журналист дәуір дауылпазы – публицистика тілімен шындықтың шырайын аша көрсеткенді жөн көреді.Сөз өнерінің бір саласы – публицистика арқылы журналистер газетті қазіргі нарық заманында жасау үшін тек ақпарат қана беріп қоймай, оқырмандарды өзіне тарта білуі керек.

Ал, «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта зерттеу жүргізген ғалым Бауыржан Жақып дәл осы аттас кітабында публицистика мен журналистиканың аражігін бірнеше қырынан аша келе, нақты мынадай тұжырымға тоқталады: «Журналистика – белгілі бір қызмет саласы және әсер ету сферасы, түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын, ұйымдар мен мекемелердің басын құрайтын белгілі бір аппарат, әлеуметтік институт. Ал публицистика – белгілі бір нысаны, орны, функциясы, мазмұны, құрылымы мен пішіні бар, белгілі бір жанрлар жүйесі бар және қоғам мүшелеріне әсер ету тәсілдері бар тұтас шығармашылық түрі».

Байқап отырғандығымыздай, публицистика туралы осындай алуан түрлі түсінік бар. Оның олай болатын себебі де жоқ емес. Публицистика қоғамдық ойдың қозғаушы күші және қоғамдық өмір шындығының сырлы шежіресі болғандықтан ол туралы толыққанды зерттеу жүргізу кешегі кеңестік тоталитарлық қоғамда мүмкін болмады. Олай еткен күнде қоғам шындығы ашылып қалатын болды. Сол себепті публицистика зерттеушілеріне қатаң партиялық бақылау аясынан шықпай ой түйіндеулеріне тура келді. Публицистикатану ғылымының кенже дамып келе жатқанының негізгі себебі де содан деп білеміз.

Еліміздің егемендік алып, нарықтық экономикаға негізделген демократиялық қоғам орнату бағытындағы даму жолымызды айқындаған бүгінгі заманда публицистикаға объективті тұрғыдан толыққанды зерттеу жүргізуге мүмкіндік тууда.

Публицистиканың бір саласы саналатын телепублицистиканың қоғамдағы рөлі орасан зор. Ол кез келген мәселеге қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамдық санаға ықпал жасайды. Әрине, қоғамдық санаға публицистикадан өзге де өнер түрлері, атап айтқанда, театр өнері, кино өнері, айтыс өнері, сонымен бірге тәлім-тәрбие ошақтары, әлеуметтік орта, табиғат құбылыстары әсер ететнін жоққа шығармаймыз. Дегенмен қалың бұқараға қаратып айтылатын, көтерілген мәселе туралы пікірді иландырып, ұйытып, әсерлі жеткізетін телепублицистиканың орны ерекше екенін айрықша еске саламыз. Ал өз кезегінде қоғамдық сана сол замандағы қоғам субъектілерін ырқында ұстайтынын өмір дәлелдеумен келеді.

Телепублицистика өз тұсындағы әлеуметтік, қоғамдық, саяси мәні бар, өзекті мәселелерді көтереді. Ол бұқараға сол күнгі, сол кезеңдегі басты міндеттерді аңғартады. Өмір-тіршіліктегі болмыс-құбылыстардың сыр-сипат, мән-жайын түсіндіріп, сол жөнінде телехабарлар не болмаса телебағдарламалар арқылы жұртшылық пікірін қалыптастырады.

Телепублицистиканың қоғамдағы рөлі орасан зор. Ол кез-келген мәселеге қоғамдық пікір қалыптастыру арқылы қоғамдық санаға ықпал жасайды. Әрине, қоғамдық санаға телепублицистикадан өзге де өнер түрлері, атап айтқанда, театр өнері, кино өнері, айтыс өнері т.б., сонымен бірге тәлім-тәрбие ошақтары, әлеуметтік орта, табиғат құбылыстары т.б. әсер ететінін жоққа шығармаймыз. Дегенмен, қалың бұқараға қаратып айтылатын, көтерілген мәселе туралы пікірді иландырып, ұйытып, әсерлі жеткізетін телепублицистиканың орны ерекше екені даусыз.

Алғашқыда телеэкрандағы хабарларды журнал, лекция, хабар, әдеби хабар, әңгіме, сөз, концерт, мультфильм, фото және кинорепортаж, киноочерк, киножурнал, мақала, деректі, ғылми фильм, спектакль, телеқойылым, концерттік трансляция бағытындағы пішіндер мен жанрлар құрады. Келе-келе бұл пішіндер мен жанрлар көрермендер арасында танымалдыққа ие болды. Егер радиожурналистиканың алғашқы кеңестік әрі қазақстандық жанрлары радиогазет шеңберінде дамыса,, ал тележурналистиканың отандық урнал түрінде дамығаның ғылыми тұрғдан айқындалды.

Кеңестік тележурналистиканың басты міндеті – қоғамдық пікірді партияның саясатында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қалыптасытур арқылы аудиторияға тұрақты ықпал ету болды. Сонымен бірге марксизм-ленинизм тұрғысынан қоғамдық өмірдің көкейтесті құбылыстарын түсіндіретін, бағалайтын шығармаларды жасау және тарату, сол заманның жанды тарихын жасау, қоғамдық сананы қалыптастыруға қатысу, көпшіліктің және жекелеген тұлғалардың тәжірибелік қызметін жандандыру, халыққа қоғамдық, экономикалық және мәдени өмірдің маңызды оқиғалары туралы хабарлап отру, тәрбие, ойын-сауық, оқыту құралы ретінде көпшілікке қызмет көрсетудің мәні дәйекетлді.

Ақапарат қызметінің пайда болу үрдісі барлық жергілікті студияларда бір үлгіде өтті. Ол республиканың қоғамдық өміріндегі жаңалықты қамтудан басталып, облыстар мен қалалардың актуальді оқиғалармен аяқталды. Жаңалықтар спорт жарыстарынан шағын сюжеттер ғана беріліп тұрды. Экраннан жастар аудиториясын толғантқан проблемалар, жұмысшылар өмірі, комсомол ұйымның жұмыстары сирек көрсетілді. Өмірдің сан-саласындағы көкейтесті тақырытарға теледидар әлі шынайы түрде тереңдеп бара алмады. Көрермендерді көп ұлтты кеңес әдебиетімен, өнерімен, класиктер шығармаларымен таныстыру, өнер адамдарының мерейтойлық шығармашылық портреттері, өмірбаяндық хабарлар, өнер шеберлерінің концерттері – көркемдік бағыттағы хабарлардың негізгі мазмұнын құрады. Балалар хабарлары жолындағы алғашқы ізденістер басталды. Сөйтіп, Алматы телестудиясының шығармашылық тобы сан бағыттағы беймәлім пішінермен бетпе-бет келіп, газет пен радионың бар мүмкіндігін экранға ыңғайлау жолындағы ізденістерін жылдар бедерінде ұштап отырды.

Хабарлар құрылымын түрлендіру, мазмұынын байыту, идеялық дәрежесін көтеру бағытындағы кейбір ізденістер тиімділікке қол жеткізсе

де, телехабарлардың қалыптасу кезеңінде қиындықтар:а) теледидар жүйесі құрылымндағы ізденістердің баяу жүруі; ә) телеөндіріс табиғаты мен ерекшеліктерін ескермеу; б) кадрлар даярлаудағы босаңдық; в) шығармашылық құрамды қайта даярлауға мән берушілік; г) республика аумағында курстық жүйені өркендетуге көңіл бөлмеуден орын алды. Алайда партия қоғам өміріндегі қуатты қаруға бей-жай қарамады. Кеңестік кезеңдегі теледидарға партиялық басшылық мынаны көрсетті: идеологиядағы жаңа, маңызды жүйе – теледидардың қалыптасу мен дамуына партия ұйымдарының жан-жақты көмек көрсетулері, күн тәртібіндегі мәселелерді теледидар қызметкерінің дер кезінде айқындауларында жоғарыдан бағыт-бағдардың үнемі беріліп отыруы, теледидар кадрларын жасақтауға партия ұйымдарының қамқорлығы мен олардың кәсіби шеберлігін ұштауларында қажетті шараларды жүзеге асырулары, радиотелевизиялық өндірісті дамыту мен телевизиялық хабарлар таратудың материалдық-техникалық базасын нығайту, теледидардың программаларды қабылдау жүйесін ұлайтуға үнемі қамқорлық жасағаны, зор ықпал еткені көрсетілді.

Телевизия – уақытпен бірге дамып,елмен бірге өзгеріп, қоғаммен тығыз бірлікте қанатын жая түсті. Жастық жалынды хабарлар тобы да экранға шықты. Қазақ телевизиясының көркемдік жағын басқарған С.Шәріпов Қазақ телевизиясының он жылдық табысын тарзылай отыры, оның негізгі қызметін дә де айқын көрсетті.

Тележурналистер кезеңге сай өз хабарларында экономика мен өндіріске ғылыми басшылық жасауға батылдық әрі тереңірек үңіле бастады. Себебі уақыт сұранысына ора «Еңбек экраны», «Алматы және алматылықтар», «Уақыт және стиль», «Жанында жүр жақсы адам» т.б. хабарлар көрермендер тарапынан жыл қабылданды. Хабарларда заттық игілікті өз қолдарымен жсаушы еңбек адамдарының сан алуан бейнелері, өндірістік процестермен бірлікте жан-жақты ашылды. Жетпісінші жылдары экранда өндірісті басқаруды жетілдіру жөніндегі телевизиялық «Тимур» циклы мен артта қалған бригадалардың алдыңғылар сапына қосылуына көмектесуді мақсат ететін «Агрегат-13» хабарының тиімділігі айтарлықтай.

Қазақ телехабарының алғашқы айда болу, қалыптасу кезеңінде экранның барлық қырлары мен сипаты өз табиғатын толық ашпады, синкреттік өнер мүмкіндігі барынша пайдаланылмады. Себебі білімді кадрлардың аздығы, әрі синкретті өнер түрінің өзіне тән табиғилығын тануға техникалық және шығармашылық топтағы мамандардың білім-білігі мен парасат-пайымы жете бермеді. «Теледидарда бәрі де әрекетте, ол миллиондаған адамдардың көз алдында жүруді үйренуде. Ол өнер теориясының дәстүрлі сұрақтарын уақыт өткен сайын қайталап қоюда»,- деген пікір осының дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. - А.,2007. - 469б.
2. ҚожакеевТ. Көк сеңгірлер. - А., 1992. - 186б.

3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – 2003. - 84б.
4. Смайылов К. Қазақ телевизиясының қара шаңырағы. //Егемен Қазақстан. – 8 наурыз, 2003.
5. Тұрсын Қ. Көгілдір экран құпиясы .- А.,1998
6. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. - 1997-2006.
7. Садық М. Деректі фильмнен үлкен киноға дейін. – Астана,2004.
8. Бақ дизайны, бейнелеу және шығару - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - 2013.-3б.

ПРОИСХОЖДЕНИЕ “СЛЕНГ”, ЕГО ХАРАКТЕРИСТИКА И ОСОБЕННОСТИ

Ә.Т. Тұрғалиева, А.Қабдықалымқызы
Казахский инновационный гуманитарно-юридический университеті
Семей, Казахстан

Аңдатпа Бұл мақалада ағылшын тіліндегі «сленг» ұғымының шығу тарихы және де ерекшеліктері туралы айтылған.

Аннотация . В статье рассматриваются особенности и происхождение сленга на английском языке

Annotation. The article deals with the features and origins of slang in English language.

В средние века такие писатели, как Чосер, Уильям Кэкстон, Уильям Малмесбери выявили территориальные различия в произношении и диалектах. Это и стало первым значением понятия «сленг».

Однако современное значение понятия «сленг» появилось не раньше 16-17 веков. В конце 16 века появился Английский Уголовный Жаргон. Это был новый вид речи, используемый преступниками и мошенниками в питейных заведениях и игорных домах. Сначала Английский Уголовный Жаргон считался заграничным, многие учёные полагали, что он либо зародился в Румынии, либо имел какое-то отношение к французскому языку. Уголовный жаргон развивался очень медленно. Фактически из 4 миллионов человек, говоривших на английском, только 10 тысяч использовали уголовный жаргон. В 18 веке учителя убеждали своих учеников в том, что Английский уголовный жаргон является неправильным с точки зрения английского языка. Он стал считаться табу.

К 1700 культурные различия в Англии начали влиять на англоговорящее население, и сленг начал распространяться. Почти все сленговые слова и выражения этого периода были связаны с анатомией человека. Кроме того, в 18 веке произошли некоторые важные события, повлиявшие на развитие сленга; среди них - экспансия запада, гражданская война и движение аболиционистов. В то время такие

учёные, как Уолт Уитман, У.Д. Уитни, Брендон Мэтьюс утверждали, что сленг, это всё новое, что есть в языке. Уолт Уитман был убеждён в том, что сленг - это жизнь языка. Он писал, «that slang was a wholesome…..of common humanity to escape the form bald literalism, and express itself illimitably» (Winona Bullard, 2007).

Это стало поворотным моментом для сленга. Теперь он перестал ассоциироваться только с преступниками и иностранцами. Но только к началу 1920-ых сленг начал пользоваться популярностью у писателей. В период после Первой Мировой Войны отношение общества к сленгу начало меняться. Появился спрос на развлечения, масс-медиа и претенциозную литературу.

Современный сленг постоянно развивается под влиянием различных культур и новых технологий, создавая различные варианты сленга от экстремального сленга наркоманов до сленга афро-американцев (Winona Bulard, 2007).

Огромное количество слов зародилось именно в качестве сленга. Например, когда-то прилагательное *nice* было сленгом, а сегодня оно понятно абсолютно каждому - «a *nice* day», «a *nice* time», «a *nice* hotel.»

Прилагательное *awful* идёт по тому же пути. *«Awful* sweet» или *«awfully* dear» всё ещё звучат как сленг, однако такие выражения, как *«awful* children» или *«awful* job» давно не являются сленгом.

Перемещение слов из сленга в литературный язык - явление достаточно частое. Кто-то изобретает новый, захватывающий троп, а кто-то берёт старое выражение и делает его ярким и кричащим. В качестве примера можно привести некоторые фразы Рузвельта: *muck-raker, Ananias Club, short and ugly word, nature-faker* and *big-stick.* Ни одна из этих фраз не была новой, но особый талант Рузвельта сделал каждую из них острой и ироничной, позволив им стать частью сленга (Mencken, 1921).

Больше всего сленга сегодня появляется в США. Выражение «Not for Joe,» появилось во времена гражданской войны, когда один из солдат отказался дать другому попить. «Not if I know myself» - родом из Чикаго.

«What's the matter with- ? He's all right,»также появилось в Чикаго и вначале звучало как «What's the matter with Hannah?» относясь к ленивой служанке. «There's millions in it,» и «By a large majority» появились в «Позолоченном Веке» Марка Твена. «jim-jams,» - мандраж «, «that's what's the matter,» - вот в чем загвоздка, champion liar - великий обманщик, dry up - засохни, the man around the corner - прохожий, old hoss - старая кобыла, put up or shut up - смирись или заткнись, smart Aleck - нахал, top heavy - громоздкий, a little too fresh - слишком свежий, hold your horsesпридержи коней(узду) и многие другие выражения, используемые сегодня родом из Америки (Delvin, Waters, 1910).

Калифорния является наиболее плодородным местом для зарождения метафорического языка. Этот штат стал родиной для: go off and die - проваливай и сдохни, rough deal - плохо дело, it won`t wash - так не пойдет, go bury yourself - проваливай и сдохни, go drown yourself - пойди утопись, give your tongue a vacation - прикуси язык, a bad egg - непутевый, peter out - заглохнуть, slug of whiskey - порция виски, hard pan - тертый калач, small potatoes - пустяки, all fired - все уволены, an up-hill job - тяжелая работа, short cut - короткий путь.

Выражения «bark up the wrong tree,» - напасть на ложный след, «dead shot,» - контрольный выстрел - происходят из Южных штатов. «Dog gone it,» - он чертовский, «that beats the Dutch,» - что плохо для голландцев - пришли из Нью-Йорка. (Devlin, Waters, 1910).

Газеты оказывают огромное влияние на появление сленга. Репортеры, писатели, редакторы - именно эти люди создают сленг. Нью Йорк - «штаб квартира» сленга. Все нарушения и искажения языка происходят именно здесь на Пятой Авеню, где нормы Английского языка жестоко нарушаются.

Многие события, происходящие в современном мире, являются причиной появления новых сленгизмов. Через некоторое время эти слова входят в общее употребление в повседневной речи, те, кто их использует, забывают о том, что когда-то они были сленгом. Например, во времена Земельной Лиги в Ирландии появилось слово *boycott,* которое было именем очень непопулярного землевладельца - Captain Boycott. Люди отказались работать на него, и его урожай сгнил. С этого времени, любому, кто попадал в немилость и кому отказывались помогать соседи, объявлялся бойкот. Когда-то это слово было сленгом, но в современных словарях оно является нормой. Политики также пополняют состав сленга. Благодаря ним появились выражения «dark horse,» - темная лошадка, «buncombe,» - болтовня, «dark horse» (usually «dark horse candidate» - A candidate in a political race who is unknown but rises to prominence), «barrel of money,» - бочка денег, «gerrymander» - фальсификатор, «scalawag,» - прохвост, «machine,» - робот», etc. (Devlin, Waters, 1910).

Список литературы

1. Амосова Н.Н. Этимологические основы словарного состава современного английского языка. - М.: Изд-во лит-ры на иностранных языках, 1956.- С. 218.
2. Арнольд И.В. Современные лингвистические теории взаимодействия системы и среды // Вопросы языкознания. 1991. - №3. - С. 118-126.
3. Ахманова О. С. Марченко А. Н. II. Основные направления в социолингвистике. — ИЯШ. 1971, № 4. С. 14.
4. Ахманова О.С. Дихотомия «язык-диалект» в свете проблем современного билингвизма // Проблемы двуязычия и многоязычия. -М.: Наука, 1972. С. 98-102.
5. Беляева Т.М., Хомяков В.А. Нестандартная лексика английского языка. Л.: Изд-во Ленинградского университета, 1985. - С. 135.

6. Беркнер С. С. Проблема развития разговорного английского языка в XV1-XX вв. Воронеж. 1978. С. 28.
7. Виноградов В.А. Идиолект // Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Сов. энциклопедия, 1990. - С. 171.
8. Винокуров А. М. Субстандартная суффиксация в английском языке США. Канд. диссерт., Калинин, 1981. С. 36.
9. Гальперин И.Р. О термине «сленг» // ВЯ, 1956, №6. С. 107-114.
10. Ю.Дешериев Ю. Д. Социальная лингвистика, М., 1977. С. 61.11

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР, ҚАЗАҚ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

Ш.С. Ауезова
аға оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
auezova_shynar@mail.ru

Аннотация. *В каждом народе существуют неповторимые особенности различия своей своеобразной обрядно-традиционной лексикой.*

Из поколения в поколение, идущие из глубинных источников истории, систематизирует структуру для межкультурной коммуникации, ценностных особенностей родственных имен.

Среди тюркских языков можно назвать самым богатым языком – казахский язык.

Ключевые слова. *родственные имена, взаимствованные слова, говорение, тюркские языки, казахский язык.*

Abstract. *Each nation has unique features,differences of ritual- traditional vocabulary. From generation to generation, coming from deep sources of history represents structure for intercultural communication, value features related names. The Kazakh language – can be called the richest language amond Turkish languages.*

Keywords. *relative names, word building, speaking, Turkish languages, Kazakh languages.*

Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың басым бөлігі-ертеден келе жатқан төл сөздеріміз. Дегенмен, басқа тілдермен шектесіп жатқан немесе көрші халықтардың арасындағы қазақ сөйленістерінде кірме атаулар жиі кездеседі.

Олар сан жағынан әдеби тілдің құрамындағы сөздерден кем емес. Тілімізге ауысқан сөздер мен тұлғалар Әсіресе, Қазақстанның шет аймақтарында көп кездеседі. Қырғызстанмен шектес жатқан Жамбыл облысының оңтүстік аудандарында қырғыз, ал Өзбекстанмен шектес жатқан Шымкент облысының аудандарында өзбек тілдерінен енген сөздер бар. Жетісу өңірінің шығыс жағын мекендеген қазақтардың тіліне ұйғыр сөзі араласса, батыс қазақтарының тіліне татар, ноғай, башқұрт сөздері қосылып кеткен. Араб, иран тілдерінің элементтері солтүстік-батыс не шығысқа қарағанда оңтүстік аймақтарда көбірек ұшырасады.

Араб-иран тілдерінің басым көпшілігі оңтүстік говорларға өзбек, қырғыз тілдері арқылы ауысқан. Сол кірме сөздерінің кейбіреуіне тоқталып өтпекпін. *Сағыр. Сағыр* атауы «жетім» деген мағынадан басқа Шымкент облысының Мақтарал ауданында, Атырау облысының Маңғыстау өңірінде «жас бала» мағынасында қолданылады. Қырғыз тіліндегі *сағыр* да, қарақалпақ тіліндегі *сағыйра* да осы мағынада жұмсалады. *Сағыр* атауының көршілес түркі тілдерінде кездесуі бұл сөздің ертеректе кең қолданыста болғанын аңғартады.

*Тәбие // табиға.*Тәбие сөзі түркімен қазақтарының тілінде «ру», «ата» мағынасында жұмсалады. Бұл туыстық атау жергілікті тұрғындар тіліне түркмен тілінен енген болуы керек. С.Аманжоловтың сөздігінде тәбие сөзі мен тұлғалас бір табиға деген сөз тіркесі кездеседі. Онда бұл сөздің Қызылорда облысының Арал ауданында қолданылатындығы туралы мәлімет берілген. С.Аманжолов табиға сөзі араб тіліндегі «ру», «тайпа» деген мағынаны білдіретін тайфа деген сөзге бір сөзінің қосылып жергілікті жерде «бірнеше үй», «бір ауыл» деген мағынаны беру үшін пайда болған дейді.

Мысалы: «Ана тұрған бір табиға колхозшылармыз». Сонымен, *тәбие//табиға* сөзі түркмен тіліне араб тілінен енген. Ал, түркмен қазақтарының тіліне түркмен тілінен енген болуы керек. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде *тәрбие/табиға* сөздері «бір рудың ішіндегі аталас жақынырақ туыс» деп түсіндірілген де, «Бу да кедей жігіт, бәріміз табиға адамбыз»деген мысал берілген. Қарақалпақ тілінде *тәбия* «туыс», «жақын» деген мағынаны білдіреді.

Жам//жамия ағайын//жамағайын. Бұл атау қарақалпақ қазақтарының тілінде «алыс туысқан», «қашық ағайын» дегенді білдіреді. Бұл сөздің қазақ тіліндегі *жамғайын* сөзімен тұлғалас екендігі белгілі. *Жамағайын* атауы жам және ағайын сөздерінің бірігуінен жасалған. Қостанай облысы Семиозер ауданында *жам* сөзі «ру», «ата» мағынасында жұмсалады. «Жағалбайлы бірнеше жамға бөлінеді. Малатау жеті жам болады». Қазақ тілінің ауыз әдебиет үлгілерінде *жам ағайын, жам әулие* тіркестері кездеседі. Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде *жам*-араб сөзі, ол «жинау» деген етістік (жама), жам тұлғасы қазақ тілінде «түгел жиналған, барлық, барша» деген мағынада жұмсалған дейді. Жамға «жиын» деген мағынада жұмсалатын араб сөзі. Бұл кірме сөз. Қазіргі кезде сирек қолданылатын, көбінесе тіркестер құрамында сақталып, оның өзінде де өткендегі мұралар тілінде қолданылған сөз ретінде танылады.

*Тұқым-теберік//Тұқым-төберік//Тұқым-теберік.*Қарақалпақ қазақтарының тілінде *тұқым-тәберік* атауы «үрім-бұтақ» мағынасында жұмсалған. Сонымен қатар, Қызылорда облысының Арал ауданында да сәл ғана фонетикалық өзгеріске ұшыраған тұлғада кездеседі. Мысалы; «Ел ішіндегі бұл адамдарды тұқым-теберігіміз сыйлап өткен». Мұнда «немере-шөбере», «тұқым» деген мағынада жұмсалған. Ал, Түркменстан қазақтарының тілінде *тұқым-теберік.* Мұндағы қос сөздің бірінші сыңары әдеби тілде «ұрпақ», «түп-тамыр», «тек» деген мағыналарда жұмсалады. Парсыша *тәбәрік* үш мағынада қолданылады: 1.шыққан тегі. 2. нәсіл. 3. әулет. Бұл сөз тілімізге көрші түркмен тілінен енген болу керек.

Шақа// чақа// шақалақ. Бұл атау жергілікті жерлерде әр түрлі мағынада жұмсалады. С.Аманжолов Алматы облысының Шелек ауданында бұл сөздің «сәби», «кішкене жас бала» деген ұғымда жұмсалатындығын айтады. Ал, Ақтөбе облысының кейбір аудандарында «үрім-бұтақ» деген мағынада қолданылады.

Кәтқұда. Бұл атау Қарақалпақ қазақтарының тілінде «жасы үлкен», «белгілі», «абыройлы адам» мағынасында жұмсалады. Екі түбірден құралған бұл сөздің алғашқы сыңары өзбек тіліндегі «үлкен», «дәу» мағынасында қолданылып жүрген *кәтта* сөзінің қысқарған нұсқасы.

Кәтта апа//Дәу апа нұсқасы *әже* сөзінің синонимі ретінде Ташкент облысының Төменгі Шыршық, Аққорған, Шыназ, Янгюль аудандары мен Шымкент облысы Келес ауданындағы Ғ.Мұратбаев атындағы совхозда қолданылады. Шымкент облысының кейбір аудандарында *дәу апа* нұсқасы жұмсалады, *әже* атауы сирек айтылады.

Немелтай. Маңғыстау қазақтарының тілінде бұл сөз шөбере мағынасында қолданылады. Бұл атау Түркіменстан қазақтарының тілінде де осы мағынада ұшырасады. *Немелтай* атауы кейбір сөйленістерде аз ғана фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Мысалы, Қарақалпақ қазақтары шөбересін *немелтай* деп атайды. Ал Орда қазақтары *нементай* дейді. *Немелетай* атауы *немеле* сөзіне -тай (кішірейткіш) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Тұжырымдай келгенде, түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі негізгі туыстық терминдерін қарастыру нәтижесінде мынадай қорытындылар жасадық:

Қарастырылған терминдер шығу тегі жағынан негізінен түркілік немесе түркі-моңғол тілдеріне жатады. Соңғысына мынадай терминдер жатады: *ача//эже, аба//апа, аға, уруғ, йеген, бөлө, эр, кадын//хатун, куда* т.с.с., бұлардың көпшілігі әйел жаққа тиесілі. Ц.Д.Номинханов түркі және моңғол тілдерінде қатар кездесетін туыстық терминдерін көрсетеді: *абысын* «ағайынды адамдардың әйелдері бір-бірін атауы»; *аға; ата, аба* «әке», «ата»; *ача* «немере»; *бажа; бөле; ер; жиен; қатын; қайын; кенже; күйеу; құда; нағашы; эгачи* «үлкен әпке»; *көбөгөн, уре* «ұл»; *эже* «әже»; *äхä, өге, äнä, ана* «ана»; *бäргäн* «әже», «кемпір»; *ру, уруг, омок* «ру», «тайпа»; *төркін* «әйелдің туысқандары» [5,62.].

Туыстық терминдерінің көпшілігінің семантикалық тарихи дамуы жалпы мағынадан нақты мағынаға көшкен. Мысалы: *оғул//оол* «бала», «ұрпақ» > «ұл бала», «жас жеткіншек» > «ұл»; *уруғ* «ұрық» > «ру», «тайпа» > «ұрпақ», «туысқан» > «бала», (тува) «қыз»; *эр* «еркек» > «күйеу» және т.б.

Жекелеген туыстық терминдері қолданыстан шығып, бірте-бірте ұмытылады. Мысалы: *йезне* «жезде – үлкен әпкенің күйеуі», *йеңге* «ағаның немесе тәтенің әйелі» т.б. Мұндай терминдер негізінен диалектілерде қолданылады. Тұжырымдай келгенде, түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі негізгі туыстық терминдерін қарастыру нәтижесінде мынадай қорытындылар жасадық:

Қарастырылған терминдердің көпшілігі қазіргі түркі тілдерінің барлығында немесе көпшілігінде кездеседі, сол себепті олар жалпытүркілік сөздік қорға жатады. Қандық туыстық және неке туыстықтарының ең бастылары (*ана, ата, оғул, қыз, карындаш//кардаш, эр, келин, кайын* т.б.) түркі тілдерінде тұрақты қалыпта қолданылатындықтан бұл тілдердің негізгі сөздік қорына кіреді. Қорыта айтқанда қазақ тіліндегі туыстық терминдердің көпшілігі қазіргі түркі тілдерінің барлығында немесе көпшілігінде кездеседі, сол себептен олар жалпы түркілік сөздік қорға жатады.

Түрік және қазақ тілдеріндегі туыстық атаулар. Түрік және қазақ тілдерінде аппелятив қызметті адам есімдерімен қатар адам есімінің орнына жұмсалатын басқа жалпы есім сөздер де атқарады. Олардың бір тобы туыстық, отбасылық қатынасты білдіретін сөздер. Адам есімдерінің аппелятив қызметі мен туыстық қатынасты білдіретін сөздердің қолданысында айырмашылық бар. Адам есімі аппелятив қызмет атқарғанда нақты бір адамға ғана қатысты жұмсалатын болса, туыстық қатынасты білдіретін сөздер кез келген кісіге қатысты айтылуы мүмкін. Мысалы, *аға* сөзі адамның өзінің туған ағасына қарата жұмсалады, сондай-ақ, басқа туысқан ағаларының кез келгеніне және кез келген жасы үлкен ер адамға қарата сөйлегенде қолдануға болады. *Отағасы* деп әйел адам өзінің күйеуіне қарата қолданады, сондай-ақ, кез келген ересек адам басқа үйдің иесіне қарата да *отағасы* сөзін аппелятивтік қызметте қолдануы мүмкін. Мысалы,

- *Отағасы, сізбен қалжақтасып тұруға менің уақытым жоқ* (М.Әуезов). Бұл жөнінде ғалымдар М. Томанов пен Т. Сайранбаев "Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар" атты оқу құралында былай деп жазады: "Сөйлеуші "апа", "аға" деп атағанда сөз арналған кісінің атын да қоса еске алатыны белгілі. Дегенмен, зат есімдердің бұл тобының қолданылуындағы мынадай ерекшеліктерді де айту керек: ең алдымен, бұлар кез келген кісіге қатысты айтыла алады. «Апа» - кез келген жасы үлкен әйел, «аға» - кез келген жасы үлкен ер кісі бола алады, оның аты Оспан да, Омар да, Әли де, Ғали да, немесе Андрей де, Иван да болуы мүмкін. Яғни, кісілердің «апа», «аға» деп аталатын топтарын білдіреді, жеке топтың аты болады да, жеке кісіні түстеп, түрлеп анық көрсетпейді. Екінші жағынан бұлар барлық уақытта тек туыстық, семьялық қатысты білдіру мағынасында қолданыла бермейді» [6, 34.].

Коммуникативті акті барысында қолданылатын туыстық атаулардан жасалған қаратпалар түрік тілінде де әркез тек туысық қатынасты білдірмейді. Түрік тілінде аппелятив қызмет атқаратын *baba [баба] (баба), ata [ата] (ата), ağabey [ағабей](үлкен аға), атса[амжа] (әкесі жағынан туысатын ер адам)* сияқты туыстық атаулар өзімен туысқан ер адамға, жасы үлкен кісіге ғана емес, сөз ситуациясына қарай өзінен жасы үлкен кез келген адамға қарата қолданыла береді. Мысалы,

Adam konuşuyordu.Tatlı, munis bir Anadolu şivesiyle:

- Ağabey, - dedi, burdan bana benzer birtakım adamlar geçti mi?

(Адам сөйлеп жатыр еді. Сүйкімді, бәсең Анадолы диалектімен:

- Ағабей, - деді, - бұл жерден маған ұқсайтын біреулер өткен жоқ па? (S. Faik).

Түрік тіліндегі туыстық қатынасты білдіретін, әйел адамға қарата айтылатын *anne[анне](ана), abla[абла](әпке), teyze[тейзе] (шешесі жағынан туысатын әйел адам), kızım [қызым] (қызым), yenge [йенге] (жеңге,* ағасының әйелі) қаратпалары да туысқандар арасында ғана емес таныс, бейтаныс кез келген әйел адамға да қарата қолданылады.

Сөйлесіп тұрған әйел адамға деген ерекше құрметті білдіру үшін аталған қартпалардың алдына *hanım[ханым]* этикеті қосылады. Мысалы,

- Hanım teyze, -dedim, - Lütfi evde mi? Lütfi evede yoktu, mektepten daha dönmemişti.(Ханым тейзе, - дедім, Лүефи үйде ма? Лүтфи үйде жоқ еді, мектептен әлі келмепті) (S. Faik).

Түрік тілінде ауылдық жерлерде жиі қолданылатын қаратпа сөз - *ağa[ағa]*. Бұл қаратпа дәулетті адамға ғана емес, ауылдағы сыйлы, құрметті адамға, жас жағынан үлкен кісіге, сондай-ақ, өзінен үлкен бауырына да қарата айтылады.

Түрік отбасында әйел адам келін боп түскеннен кейін бір айға дейін күйеуінің көзінше сөйлемеу керек. Бұл дәстүр қалалық жерде жойылып кеткенімен, ауылдық жерде әлі күнге дейін сақталған. Келін күйеуінің әке-шешесімен сөйлескен кезде оның атын атамайды, *sizin oğlunuz (сіздің ұлыңыз)* деген тіркесті, ал бауырларымен сөйлескенде *sizin ağbeyiniz/sizin ağanız (сіздің ағаңыз)* тіркесін қолданады. Сол сияқты күйеуінің әке-шешесінің, бауыр-қарындастарының атын атамайды, тек туыстық атауларды қолданады. Мысалы, әкесін *baba [баба]*, шешесін *ana[ана],* бауырын *kardeş [кардеш]* немесе *amca[амжа]*, әкесі жағынан туыс әйелді *hala [һала]*, шешесі жағынан туыс әйелді *teyze[тейзе],* әкесі жағынан туыс ер адамды *amca[амжа],* шешесі жағынан туыс ер адамды *dayı[дайы]* деп атауы тиіс. Абысынын *elti [әльти],* ал күйеуінің әпкесін *görümce[гөрүмже]* деп атайды. Бала әке-шешесімен, отбасының басқа мүшелерімен сөйлескенде олардың есімін жеке атамайды, туыстық атауларды тіркестіре айтады. Балалары шешелерін *anne[анне]* немесе *ana[ана]*, әкелерін *baba [баба]* деп атайды. Әжесін *ebe [эбе]* немесе *büyük anne [бүюк анне]* деп, атасын *dede [деде]* деп атайды. Егер атасының ағасы тірі болса, оны *büyük amca[бүйүк амжа]* деп атайды [7, 42.].

Қазақ тілінде ағайын-туыс арасында қолданылатын, туыстық атаулардан жасалған қаратпалар өте көп. Мысалы, *ата, апа, құда, құдағи, шеше, әже, көке, әке, әпке, аға, іні, тәте, бауыр, нағашы, жиен, жезде, жеңге, балдыз, күйеу бала, келін, құдаша, қайын аға, қайын әпке, қайын бике, қайын апа, абысын,* т.б.

Мысалы,

- Жоқ, ата. Қошеметіміздi көріп қуансын, жолдан шаршап келе жатқанда біраз демалсын дедім (8,46).

- Әке, мен Төле биге барып сәлем беремін, өзін көріп, сөзін тыңдағым келеді, - деп бала Қазбек қолқа салады.

- Кел, бауырым,ендеше. Досбол құшағын аша түрегелді.

- *Інім, балаң бар ма деп сұрайды Алакөзден*.

Туыстық атауды білдіретін мұндай сөздер адамның лауазымын, мінез-құлқын т.б. да қасиеттерін білдіретін сөздермен тіркесе де жұмсалады. Мысалы,

- *Бар бол, би інім,- деп Досбол да өз тарапынан оның кішілік сәлемін зор ілтипат білдіре қабыл алады* [8, 118.].

Бұл қаратпалардың кейбіреуі жеке де, жалқы есіммен тіркесіп те қолданылады. Мысалы, *Жұлдыз көке, Тұрар тәте, Айхан жезде, Құндыз келін*, т.б.

Қазақ тілінде әйел адамға қатысты: *әже, апа, апай, тәте, ана, шеше, шешей, қарындас, сіңілі, қызым, мама, әпке* қаратапалары бар.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүріне сай қыз бала тұрмысқа шыққаннан кейін келген жеріне *келін* атанады. Бұл атауды жігіттің ата-анасы, жігіттен жасы үлкен барлық алыс-жақын туған-туыс, көрші-қолаң, ауылдас адамдары келінге қарата сөйлегенде қолданады. Тұрмысқа шыққан қыз бала келген жерінің жасы үлкендеріне *келін* болса, жасы кішілеріне *жеңге* болады. Бұл қаратпаларға *-жан, -тай* аффикстері қосылып, *келінжан, жеңгетай, жеңешетай* түрінде де айтылады. Мысалы, *Абай жеңгесінің екі қолын қапсыра ұстап тұрып:*

- *Жеңешетай, ұмытпаспын! Өлсем де ұмытпаспын осы жақсылығыңды! - деп қоштасты* (М. Әуезов).

Фразеология деген грамматикалық термин гректің фразис (сөйлемше), логос (ілім) - деген сөздерінен біріктіру арқылы жасалған. Тіл ғылымындағы қазіргі мағынасы тұрақты сөз тіркестері деген ұғымды береді. Сондықтан фразеология деп айтудың орнына кей кезде грамматикада тұрақты сөз тіркестері деп те қолданылады [1, 247].

Еліміз егемендік алып, әлемдік өркениет биігіне ұмтылып отырған заманда, жоғары дамыған Еуропа елдерімен саяси, экономикалық, мәдениаралық қарым-қатынастың дамып отырған уақытында – қазақ тілін Еуропа тілдерінің бірі ағылшын тілімен салыстыра зерттеу – баға жетпес құнды дүние болды.

Соңғы жылдары тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу барысында

екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалады. Сондай-ақ, тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айқындатуда. Әр типтес тілдердегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу де өзіндік терең сыры бар күрделі жұмыс [2, 85].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды. Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді қос тілден жиналған деректерден кездестіруге болады. Бұл тұрақты тіркестер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған құндылығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі етістікті фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын негіз етіп қарастырамыз.

Фразеологизмдер мағынасына қарай бірнеше семантикалық топтарға бөлінеді. Кейбіреуіне тоқталып өтелік [3, 96].

Соматикалық фразеологизмдер. Қазақ тілінде: аузына шайнап бергенді жұта алмайды; қолыңмен істегенді мойныңмен көтер; екі көзі төрт болды, шаш ал десең, бас алады т.б. Ал ағылшын тіліндегі соматикалық фразеологизмдер: something is on (at) the tip of somebody’s tonque (тілдің ұшында), in one ear and out the other (бір құлаққа кіріп, екінші құлағынан шығу; ақпа құлақ), zip your lip – don’t talk (ауызды құлыппен құлыптап тастау) т.б.

Жан-жануарларға байланысты тұрақты тіркестер: бір оқпен екі қоянды ату; бір қазанға екі қошқардың басы сыймау, жерден жеті қоян тауып алғандай т.б. Ағылшын тілінде: Every dog has his day (итке де бақыт күні туар) [4, 712].

Фразеологизмдер шыққан тегіне қарай еркін сөз тіркесінен өзгеше болып келеді. Фразеологиялық тұрақтылық дегеніміз – тіркестің мағынасының астарлы, образды болуы, бүтін тұлғаға ғана тән болуы. Фразеологизмдердің туу себебі фразеологиялану процесі болып табылады. Нәтижесінде сөз тіркесі түгелдей жаңа, туынды мағынаға ие болады, дайын күйінде қолданылатын тілдік материалға айналады. Көптеген фразеологизмдер ағылшын-қазақ тіларалық фразеологиялық қорында семантикалық жолмен жасалынған. Ағылшын тіліндегі: Keep one’s nose to

the grindstone – мұрнынан шаншылып жүру. Екі тілдеде мағынасы «жұмыстан қолы босамау» деген ұғымды білдіреді. Тағы да, Be in smb's pulse – тамырын басу – «ақырын пікір, сыр тартып көңілін бөлмек болу» деген мағынада қолданылады.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмнің аспан денелеріне табынудан пайда болған түрлері кездеседі: Be born under a lucky star – бақытты жұлдыздың астында туу, believe in one's star – өзінің тағдырына сену. Қазақ тіліндегі аспанға табыну дәстүріне байланысты пайда болып, қалыптасқан фразеологизмдер: «көк, аспан, тәңір, құдай» сөздері арқау болған: құдай жарылқады, тәңірі қолдады, жұлдызы оңынан туды, аспанымыз ашық болсын т.б.[5, 712].

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына әдеби тілмен қатар терминологиялық және кәсіби лексика негіз болған. Мысалы, ағылшын тіліндегі talk shop – «көпшілік жерде жұмыс жайлы сөйлеу» мағынасын білдіреді, яғни «shop» – «шеберхана» ұғымында қолданылады. to turn face about – «көзқарасын (мінезін) күрт өзгерту» мағынасын білдіреді. Әскери терминалогия бойынша «солға шыр айналу» деп аударылады екен. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің пайда болып, қалыптасуынан әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады: Move heaven and earth (жер мен көкті жылжыту) қазақ тіліндегі баламасы «айды аспанға шығару», яғни таң қалдыру ұғымын береді [6, 7]. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар негіз болған. Ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестер, идиомалар көбінесе ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көп қолданылады.

Мысалы:

1. *He was too soft – hearted and could not refuse money to his children and relatives whenever they asked for it*. Бұл жердегі идиома «soft – hearted» «жұмсақ жүрек» (қазақша қайырымды, қолы ашық) деген мағынаны білдіреді.

2. *When the boy asked his parents to allow him to learn to play piano, they agreed because they knew he had a good ear for music.* Бұл жердегі идиома «good ear for music». Мұны сөзбе-сөз аударсақ, «good ear» – «жақсы құлақ» дегенді білдіреді, яғни қазақша баламасы «құйма құлақ».

3. Justify somebody's confidence — біреудің сенімін ақтау;

talk nonsense, talk rubbish, talk rot – аузына түскенін оқтай;

take revenge, to cook one's goose – алдына келтіру;[5, 26].

Қорыта келгенде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ағылшын және қазақ ұлттарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері негізгі себеп болған деген тұжырым жасауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Дәуір,2003 - 247 б.

2. Сатенова С. Қос тағанды фразеологиялық тіркестердің авторлық қолданысына қарай өзгеруі // Тіл тарихы және сөз табиғаты. Алматы: Ғылым, 1997, Б.85-89.
3. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің синонимдік қатарлары. Алматы: Ғылым, 1997.- 96 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977 - 712 б.
5. А.И. Алехина Краткий русско-английский и англо-русский словарь. БССР. Минск
6. Аблақов Ә., Исаев С., Ағыманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы, 1977.

ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

М.С. Оскина
магистр
makpal.shyngys@mail.ru
Ж.М. Бакирова
магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
jamilya_08_04@mail.ru

Аннотация. *В статье анализируются гуманистические основы педагогики и философии как науки преподавания в языковых и неязыковых вузах, теория и методика преподавания языков, в том числе и иностранных, анализ теории критического мышления личности, концепция гуманизации педагогического процесса. Рассматривая способности и возможности языковой, полиязычной и поликультурной личности, указывается на роль и место трехъязычия для студентов неязыковых специальностей, подтверждается важность использования технологии критического мышления для развития умственной способности студентов.*

Ключевые слова. *поликультурная личность, критическое мышление, трехъязычное обучение*

Abstract. *The article analyzes the humanistic basis of pedagogy, philosophy as a science, including teaching of foreign languages, analysis of the theory and technology of critical thinking, the concept of humanization of educational process, training of education technologies. Explaining the abilities and possibilities of language mastering of multilingual and multicultural individual, the role of multilinguism and its place for students of non-linguistic specialties are considered. The article confirms the importance of critical thinking technology for the development of mental abilities of students.*

Keywords. *multicultural individual, critical thinking, multilingual education*

Бүгінде білім берудің сапасын жақсарту – әдістемелік ілімнің уақыт сұранысына сай келуінен туындап отырған қажеттілік. Өйткені мектеп өмірі соны жаңалықтар мен оңды өзгерістерге толы. Білім саласындағы басты мақсат нені оқыту емес, қалай оқыту қажет деген сауалға жауап

табу. Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж.Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [1].

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының болуымен, басқалардыңда пікірін ескеріп, қандайда обьективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан білудің жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көтеруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор.

Бұл бағдарлама барлық жастағы оқушыларға сабақта кез-келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйретуді мақсат етеді. Біздің елімізге Джордж Соростың ашық қоғам институты, “Сорос-Қазақстан” қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне енгелі біраз жылдың жүзі болды. «Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіріледі.

Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үрдіс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сын тұрғысына қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады.

Құзырлы оқытудың маңызды факторлары мұғалімнің оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруін түсінуі мен бағалауы болып табылады.

Сапалы оқыту мұғалімнің бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады. Сапалы оқытудың оқушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады.

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының болуымен, басқалардыңда пікірін ескеріп,қандайда обьективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Сыни тұрғыдан білудің жаңа идеяларыды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көтеруге қабілетті, мәселелерді шешу кезінде маңызы зор [2].

Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез –келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды

және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірбиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

- Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.
- Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.
- Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.
- Елімізде осындай жаңа технологиялық бағдарламаның енгізілу себебі де сол, жаңа инновациялық дамуда өз орнын табу үшін, біз осындай жаңа технологияларды қабылдап іске асыруымыз керек.

Демек, елімізде оқытудың жаңаша тәсілдерін енгізу – өзекті мәселе. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «XXI ғасыр – білікті, білімді, бәсекеге қабілетті жастардікі» деп айтқандай, білім саласында енгізіліп жатырған жаңалықтарды қолдау болашақ жастардың бірден - бір міндеті десек те болады [6].

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өзі білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте - бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Мағынаны ашу

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту

стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйретететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Ой толғаныс

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады Тақырып туралы ой - толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, оқушының өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру.

Жалпы инновациялық білім беру әдістемелерінің ішінде сын тұрғысынан ойлау технологиясы - тиімді құралдың бірі. Инновациялық білім - іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет пәндердің мазмұнын тереңдетуге, ұстаздың кәсіптік шеберлігін арттыруға, оқу ісін дамытуға бағытталған. Ең бастысы, оқушыны келешек өмірге дайындап, білім-біліктерін, іскерлігін өмірде қолдауға жағдай жасайды. Үш тілді меңгеру барысында қолданылатын сыни тұрғысынан ойлау технологиясы әртүрлі формада болсада, оны әрбір тілде қолдануға болады.

Қазақ тілінің грамматикасының сын тұрғысынан ойлау технологиясында сабақ құрылымы үш кезең бойынша жүзеге асырылады: *қызығушылығын ояту, мағынаны ашу, толғаныс.*

Осы үш кезең арқылы оқушыларды ойлауға жетелеп, қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, белсенділікке ынталандыруға болады.

1. Қызығушылығын ояту стратегиялары: *ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру;*

2. Мағынаны ашу стратегиялары: *ассоциация, Венн диаграммасы, бес жолдық өлең;*

3. Толғаныс стратегиялары: *автор орындығы, бірлескен жоба, эссе.*

Ал грамматикалық материалдарды және лексикалық тақырыптарды оқытуда стратегия түрлерінің қолданылуы арқылы тілді дамытуға,сөздік қорды молайтуға, бір-бірімен қарым-қатынас (сөйлеу, жазу, айту, оқу) жасауға, ойлау қабілетін дамыту, ойын еркін шешен жеткізе білуге үйретеді.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының негізгі ережелері негізгі үш кезеңнен немесе сатыдан тұрады, олар:

1) әңгімеге тарту;

2) жаңа ақпараттың мәнін түсіну;

3) ой қорыту (рефлексия).

Сыни ойлауды дамыту технологиясы оқу әрекеті түрлері бойынша оқыту үдерісін қамтитын белгілі бір әдістер, тәсілдер, мен стратегияларды ұсынады. Әр сатының өзінің нақты, мысалы, әңгімеге тарту сатысына арналған қолданылатын тәсілдер мен стратегиялары бар. Осындай негіздемелерді қолдана отырып, оларды зерттей отырып, студенттер арасында сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз тәжірибемде қолданып көрдім. Яғни оқытушылар көмегімен, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сын тұрғысынан технологиясын қолдана отырып, тақырыпты түсіндіруге тырыстым. Осындай іс-әрекетті зерттей отырып, бұл технологияның дәстүрлі технологиядан тиімді екеніне көзім жетті. Жәнеде үштілді меңгерудеде, меңгертудеде бұл технологияның нәтижесі жоғары. Технология тиімділігін сабақтар барысында тәжірибе ретінде байқаған болатынмын [4].

«Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының 3 курс студенті Хасимова Ұ. ғылыми жетекші Оскина М.С. «Үш тілді меңгеру – полимәдениетті тұлға қалыптастыру кепілі» атты тақырыпта ғылыми жоба жасалды. Ғылыми жобаның тәжірибе бөлігінде Хасимова Ұ. пән мұғалімдерінің рұқсатынмен қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдерінің сабағына қатысып, технология реттілігін өткізіп көрген болатын.

Қазақ тілі пәнінен Б-12, ДШС-12 топтарына ауызша, жазбаша бақылау жұмыстары тақырыбына 10 минуттық технологияның бір жүйесін қолданды. Сол күнгі тақырып ауызша, жазбаша бақылау жұмыстары болатын. Яғни бұл жерде тақырыптың студенттерге қаншалықты түсінікті және бұл тақырып бойынша сұрақтары жоқпа деген негізде, ауызша сауалнама тақырыбын талдауға бір топ, жазбаша сауалнаманы талдауға екінші топты бөлдім. Және екі топта сол тақырып бойынша өз

түсінгендерін қағаз бітіне түсіріп, содан кейін әртүрлі түсініктерді қосып, топтар бір біріне сол тақырыпты ашып түсіндірді. Бұл жерде сыни тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы студенттер топта жұмыс істеуді және пікір алмасып, сол пікірлердің ішінде өздеріне керек немесе білмейтін жақтарын біле алады. Жәнеде сабаққа қатыспай қалмайтын студент болмай, әрқайсысы өз ойын еркін жеткізе алады.

Келесі орыс тілі сабағында берілген тақырып «План и его составление в научной сфере». Бұл тақырып бойынша студенттерге технологияның «инвентаризация» сатысын қолдандым. Яғни, студенттер арасында осы тақырып бойынша пікірталаспен қатар аударма және тақырып бойынша ақпараттар тізімі жасалды [3].

Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша келесі тәжірибе ағылшын пәні бойынша «MEALS» тақырыбында өткізілді. Бұл тақырып бойынша студенттер әрқайсысы ағылшын және қазақ халықтарының тағамдарының аттарын айтып, олардың құрамдарын, олардың ішіндегі ұқсас және ұқсас емес тағамдарды атап көрсетті. Әр студент ортаға шығып, еркін түрде оларды жан - жақты түсіндіріп шықты. Олар бір - бірінің ойларын тындап, осы тақырып бойынша бір-біріне осы тақырып бойынша ұсыныстарын айтты. Бір – бірінің ойларын толықтырып отырды. Осы арқылы тұлға бойында полимәдениеттіліктің бір сатысы қалыптасады және бұл технология арқылы студент өзінің ойлау қабілетін дамыта алады.

Осы тақырыпты зерттеу барысында, еліміздің жастары үш тілді меңгеріп қана қоймай, полимәдениетті тұлғалық талпынуы керектігіне көз жеткізе алдым. Зерттеу жүргізе отырып, осы мәселе бойынша өз үлесімді қоса алдым деген үміттемін. Елбасымыз 2006 жылғы Жолдауында Қазақстандықтардың жаңа ұрпағы кім дегенде үш тілді біліп, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеуі шарт екендігін, көптілділік біз үшін қалыпты жағдайға айналуы керектігін айтқан болатын. Яғни үштілді меңгеру - уақыт талабы. Уақыт талабын орындау біздің міндетіміз, уақыт талабына сай болу,ол тұлғалық даму. Қазіргі уақыт талабына сай тұлға-үштілді меңгерген, полимәдениетті болу қажет [5].

Халқымыз ежелден тіл абыройын биік көтеріп, әдетте тіл жөнінде, тіл – адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы деп, оған жай-жадағай анықтама берілгенімен, іс жүзінде тіл тек адамдар ара қарым-қатынас жасау құралы ғана болып қалмастан, қайта онан да маңыздысы, ол белгілі бір ұлттың ұлттық сана-сезімі, халықтың халықтық қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет - ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым. Сондықтан тіл мейлі қайсы ұлттың болмасын тарихы мен тағдырының, тәрбиесі мен тағылымының, бүкіл халықтық болмысының баға жетпес асылы, сарқылмас құнды қазынасы, ұлт рухының ұйтқысы болып келген. Бүгінгі таңда елімізде «Көптілділік» мәселесі көкейкесті мәселелердің бірі болып саналады. Елбасымыз соның ішінде тілдердің үштұғырлылығын міндеттеп отыр. Себебі үш тілді жетік меңгеру ел болашағы, заман талабы болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер :
1. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту. Білім – Образование. – 2006, №2.
2. Қазақстан мектебі . - 2010.
3. Кузмин С.С., Шадрин Н.Л. Русско-английский словарь пословиц и поговорок. – М.: Русский язык, 1989.
4. Интернет көзі:http://adilet.zan.kz
5. Интернет көзі https://kaz.tengrinews.kz/
6. Интернет көзі https://strategy2050.kz/news/33399

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕ ПАЙДАЛАНУДА ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.С. Шонғалова
магистр
anar_dodo@ mail.ru
Ж.Ж. Байдалина
аға оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
zhanar.baydalina@ mail.ru

Аннотация. *В статье рассматривается вопрос о теоретических особенностях ИКТ в профессиональной подготовке будущего педагога. Основным критерием развития профессионального образования является философия нового подхода к образованию, наука об обществе и человеке, теория практики. В настоящее время роль информационной технологии в поготовке будущих специалистов в формирований их навыков и способностей к будущей профессии становиться все значимее.*

Ключевые слова. *Интеграция, современная технология, навыки, научно-исследовательский, функциональный, индивидуальный.*

Abstract. *This article deals with the theoretical peculiarities in professional training of future specialists of ICT. The main criterion in development of professional education is the philosophy of new approach to education, science and society, theory of practice. Nowadays, the role of informational technology is increasing in developing their skills, abilities, habits for future career.*

Keywords. *Integration, modern technologies, abilities, science–researching, functional, individual*

Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін осы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Қазақстанның оқу орындарының міндеті – әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру», - деп Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында атап көрсетті.

Сондықтан мемлекетіміздің негізгі мақсаты – оқу орындарында адамзаттың дамуына сапалы білім беруді талап ету [1; 2].

Жаңа технологияны енгізуде алдымызға қойылған мақсаттың орындалуы қазіргі ақпараттық технологиялар заманында өркениет көшінен қалмау үшін, қандай болмасын мүмкіндіктерді қарастыру – күттірмейтін нәрсе.

Соңғы жылдары білім беру саласы деңгейін жоғарылату мен оны жетілдіру проблемаларының шешімін іздестіру бірқатар мемлекеттік құжаттарда және маңызды заң актілерінде көрініс табуда. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [3], "Ақпараттандыру туралы" Заңын, «Білім туралы» Заңын (2007 ж.) [4] атап өтуге болады. Жоспарда дәстүрлі және ақпараттық-компьютерлік технологияларды интеграциялайтын, білім берудің бүгінгі заманауи талаптарын қанағаттандыратын оқытудың ақпараттық-компьютерлік орталықтарын құрудың кешенді тәсілдерін қарастырады.

Білім мазмұнын жаңарту жоғары мектеп реформасының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Республиканың жоғары оқу орындары үшін мемлекеттік білім стандартының тұжырымдамасын жасауда ол, біртұтас білім кеңістігінің моделін анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарының міндетін, қажетті білім деңгейінің кепілдігін дүниежүзілік мәдени ағарту кеңістігіне интеграциялануды қамтамасыз ету секілді маңызды проблемалардың шешімін іздестіреді.

Кәсіби білімді дамытудың алғашқы негіздері болып: жаңа білім философиясы; қоғам және адам туралы ғылымдар (білім психологиясы, әлеуметтану және тағы басқалар); тәжірибе теориясы (педагогика білімі менеджменті және жобалау) саналады.

Ақпараттандыру қоғам өмірінің барлық саларына түбегейлі өзгеріс әкеліп отыр: адамдардың өмір сүру жағдайына, іс-әрекеттеріне, мәдениеті мен өзіндік келбетіне, бейнелі ойлау қабілетіне және т.б. *Ақпараттандыру* адамзат өмірінің барлық саласына әсер ететін парасаттылық іс-әрекетінің ролі мен денгейін көтерумен байланысты жан-жақты даму үдерісі болып табылады. Ақпараттандыру кең көлемде қолданылады, ол адамзат әрекетіндегі қоғамдық мәні бар толық анықталған, жеткілікті және сол уақыттағы білім негізіндегі қоғам өмірін қайта құру үдерісін көрсетеді.

Қоғам мен білім беруді ақпараттандыру – жауапкершілік сезімі мол, терең білімді, жаңа қоғамды жасаушы мамандар санының арта түсуін талап етеді. Барлық типтегі оқу орындарын, соның ішінде, жоғары оқу орындарын бітірушілердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар да күшейтілуде. Білім берудің пәндік құрамы да толықтырыла түсуде. Ақпараттандыруда – білім беру жүйесі және онымен байланысты адамзат әрекеттерінің түрлері де бірге қалыптасады, нақтырақ айтқанда ол заманауи технологияның әсерімен маңызды өзгерістерді басынан өткере отырып оларға ықпал етеді. Бұл мәселеде, әсіресе, жоғары кәсіби білім беруді жетілдірудің алатын орны ерекше.

Ақпараттық-компьютерлік технология – объектінің, үдерістің немесе құбылыстың жай - күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтер жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын үдеріс. Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалану біліктілігі *білім, іскерлік дағды* үштігінің бірлігінде қарастырылады (1-сурет).

1-сурет. *Болашақ шетел тілі пәні мұғалімдерінің біліктілігі сипатын құраушылар*

Болашақ мұғалімдердің қызметінде ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдалану даярлығының деңгейі жоғары болуы үшін оқыту үдерісі барысында олардың дербес даму дағдыларын, болашақ қызметке кәсіби даярлық барысында ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалануға талпыныстарын ескеру қажет. Бұл мәселенің шешімін мынадай жолдар арқылы қарастыруға болады:

- оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын жетілдіру;
- лекциялық, практикалық, лабораториялық сабақтарға оқытудың ақпараттық-компьютерлік технологияларын кең көлемде ендіру;
- ақпараттық-компьютерлік технологиялар бағыты бойынша біліктілікті көтеру үшін арнайы курстар жасап, ендіру.

Осы мәселелерді жүзеге асыру барысында міндетті және таңдау пәндерін оқытуда болашақ педагогтардың сапалы даярлығын қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік жабдықтар жүйесін қалыптастыру қажет. *Ақпараттық қоғам* мүшелерінің ақпаратпен және ақпараттық-компьютерлік технологиялармен жұмыс жасап білу қабілеті іскерліктің, білім, яғни ақпараттық мәдениеттің жоғары деңгейде болуын қажет етеді.

Ақпараттық мәдениет – бұл адамның өзінің күнделікті іс-әрекетінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар кешенін үйлесімді пайдаланудағы біліктілігі. Ол адамдардың болған және болатын жағдайларға өздігімен талдау бере білу қабілетін дамытуға, анықталмаған шарттар бойынша шешім қабылдауға, табиғи – экономикалық және әлеуметтік үдерістердің даму тенденциялары мен жалпы заңдылықтарын түсінуге, сондай-ақ, қабылданған шешімдердің салдарларын болжауға мүмкіндік береді.

Педагогтардың даярлық деңгейінің жоғары болуы кәсіби-педагогикалық білімі, іскерлігі мен шеберлігіне байланысты. Кезінде В.А. Сластенин “Кеңес Одағындағы кәсіби даярлық үдерісі кезінде мектеп мұғалімдерінің жеке тұлға ретінде қалыптасуы” деген еңбегінде: “Елеулі

даярлық көрсеткіші болып” – тұлға қалыптасуының дамуын, ішкі қуатты байлығын, еріктігін, ықыласын, өнертапқыштығын және т.б. көрсететін психикалық жағдайы табылады. Оған өзін дұрыс ұстауы мен бекемділігін қамтамасыз ететін эмоционалды төзімділікті де жатқызуға болады, сонымен қатар, кәсіби-педагогикалық пікірі, яғни педагогикалық үдеріске байланысты себеп-салдарларға енуіне, өз іс-әрекетін талдауға, табыстылығы мен табыссыздығына ғылыми-негізді түсінік іздеуге, жұмысының нәтижесін көруге мүмкіндік беретінін өте орынды айтқан.

Оқытудың ақпараттық-компьютерлік технологияларына өту (АКТ), оларды жасау шарттарын құру, ендіру жаңа және дәстүрлі оқыту әдістерін үйлестіру психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және басқа да мәселелердің біртұтас кешендерін шешуді талап етеді. Оларды мынадай бағыттарға бөліп қарастыруға болады:

- оқу үдерісіне мынадай ақпараттық-компьютерлік технологияларды ендіру мәселелерін шешудің біртұтас кешенді ғылыми-әдістемелік тәсілін жасау;

-практикалық іс-әрекеттерде ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалану әдістемесін жасау;

-педагогикалық кадрларды оқытудың ақпараттық-компьютерлік техноло-гияларын меңгеруге, оларды оқу үдерісіне ендіруге даярлау;

- студенттерді білім мен істерліктерді игеруге, пайдалануға даярлау;

- оқу ғимаратының материалдық-техникалық қорын пайдалану;

- сәйкес ғылыми-әдістемелік қамсыздандыруды іздеу, құру және жасау.

Студенттерді ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлауды тұлға сипатының аяқталымы деп қабылдауға болмайды. Студенттің білім процесі мен өзін жетілдірудегі әлеуметтік және кәсіби сұранысын “студенттің ақпараттық-компьютерлік технологияларды кәсіби іс-әрекеттерде пайдлануға даярлау” түсінігін ашық, жүйелі білім ретінде көрсетеді. Біз осының бәрін ескере отырып және педагогтар мен психологтардың іс-әрекет даярлығын мотивациялық, танымдық, эмоционалды-еріктік компоненттерінің бірлігі ретіндегі көзқарасын бөлісе отырып, *кәсіби іс-әрекеттерде ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдалануға даярлық түсінігін жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекеттерде ақпараттық-компьютерлік технологияны пайдалану тәжірибесін меңгеру деңгейін көрсететін қасиеті тұрғысында және субьектілік деңгейде мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерді біріктіретін біртұтас жүйе тұрғысында анықтаймыз.*

Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануын “ақпараттық-компьютерлік технологиялар бойынша даярлық” деп түсінеміз.

"Педагогикалық даярлық" – оқытушы тұлғасына қажетті кәсіби қасиет тұрғысында қарастырылады. Ол тұлғалық (кәсіби мотив пен қызығушылық) және іс-әрекеттік (кәсіби білім және іскерлік) аспектілерді қарастыратын өзара байланыстағы құрылымдық компоненттер жүйесін құрайды (К.М.Дурай-Новакова, В.А. Сластенин, Н.М. Яковлева және т.б.) [5].

Бірқатар ғалымдар (И.М. Богданова, М.А. Лейбовский және т.б.) мамандардың профессиограммасын жасау барысында болашақ маманның кәсіби даярлығының мәнін, құрылымын компьютерді пайдалану арқылы анықтайды және болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлығын тұлғаның біртұтас үш компонентті (мотивациялық, бағдарлық, іс-әрекеттік) қамтыған білімі тұрғысында түсінеді.

Күнделікті өмірде «іс-әрекет» сөзі – еңбек, іс деген қарапайым ұғымды білдіреді. Ал ғылымда адамның болмысымен байланысты қарастырылады, онымен ғылымның бірнеше салалары (философия, психология, тарих, мәдениеттану, педагогика және т.б.) шұғылданады. Іс-әрекет проблемасы, көбінесе, гуманитарлық пәндерде (психологияда, философияда, социологияда) зерттелген, онда іс-әрекеттің түрлеріне бірегей анықтама берілмеген. Егер олардың бірінде, оны – оқу, еңбек, ойын деп түсіндірсе, *екіншісі* – таным, еңбек, қарым-қатынас деп негіздейді, ал келесі бірі оны – еңбек, саяси, көркемөнер, ғылыми іс-әрекет және т.б. деп қабылдайды.

Философияда "іс-әрекет" ұғымы тарихи-қоғамдық сипаты бар, "барлық адамзаттың теориялық тәжірибесі" тұрғысында, "қоршаған ортаға адамның арнайы қалыптасуы" мағынасында қарастырылады және іскерліктің негізгі белгісі – оның өзіндік сипаты" деп түсіндіріледі. Іс-әрекетті философиялық тұрғыда түсіну психология мен педагогикалық тұрғыда анықтауда негіз болады. Ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау, қазіргі психологияда психологиялық даярлық түсінігіне екі негізгі теориялық көзқарастың қалыптасқанын көрсетеді: *функционалдық* және *жеке тұлғалық. Даярлық* міндетті түрде болатын іс-әрекетке негізделеді, ал *даярлану* – болашақ кәсіби іс-әрекетке тұлғаның тиянақты даярлануы.

Кәсіби іс-әрекет болса, әлеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде, адамзаттың болашақ ұрпаққа тастаған мәдени қоры ретінде айқындалады.[6]

Бүгінгі таңда адамзат әрекетінің барлық саласында ақпаратқа деген қызығушылық арта түсуде. Ал бұл болса, ақпараттық-компьютерлік технологияларды кәсіби іс-әрекеттерде болашақ мұғалімдердің сапалы пайдалануын талап етеді және жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырылады.

Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау жүйесінің құрамында біз мына компонеттерді қарастырамыз:

- *мазмұндық* (ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға байланысты білім жүйесі);

- *іс-әрекеттік* (ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану іскерлігі және осы іскерліктер қалыптасып, дамитын іс-әрекет түрлерін пайдалану іскерлігі);

- *технологиялық* (ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау үдерісін қажетті әдістер, құралдар және бағдарламалар жүйесі арқылы ұйымдастыру ерекшелігі) [7].

Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану даярлығы қалыптастырылғандығының өлшемдері ретінде мотивациясы (қызығушылығы, ұмтылысы, т.б.), педагогикалық және АКТ-ға қатысты білімдері, педагогикалық функцияларды орындауы болып табылады. Осы өлшемдерді басшылыққа ала отырып, модельдің негізінде болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану даярлығын қалыптастырудың төрт деңгейі анықталды, олар: *жоғары, жеткілікті, орта, төменгі деңгей*.

Жоғары деңгей: мамандыққа деген ынта-ықыласы, талпынысы жетілген мамандығы бойынша білімдері шыңдалған, өздігінен дербес ізденеді, ақпараттық компьютерлік технологиялардың жетістіктеріне кәсіби тұрғыда талдау береді, қазіргі заманауи компьютерлік құралдарымен еркін байланыс жасайды. Интернетті жетік меңгерген; АКТ-ның кәсіби педагогикалық қажеттілігін өте жақсы түсінеді; компьютер арқылы оқытудың мүмкіндігін жетік меңгерген, АКТ-ны оқыту үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін түсінеді; өз білімін педагогикалық іс-әрекетте пайдаланады, пән бойынша бағдарламалық құралдарды оқу жағдайларын жобалауда байланыстыра отырып қолданады; болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерінде бағдарламалық-әдістемелік кешендерді пән бойынша өзіндік ойлау қабілетін дамытуда пайдалана алады.

Жеткілікті деңгей: мамандықты меңгеруге деген қызығушылығы, мамандық бойынша білімі бар; ақпараттық-компьютерлік технологиялар бойынша мәліметтерді өңдеуде, әртүрлі ақпарат көздерін іздеуді біледі; АКТ-ның кәсіби педагогикалық қажеттілігін түсінеді; мамандық бойынша компьютерлік білімінің мүмкіндігін меңгерген, кәсіби қызметте, АКТ-ны оқыту үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін біледі; пән бойынша бағдарламалық құралдарды оқу жағдайларын жобалауда байланыстыра отырып қолданады; болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекеттерінде бағдарламалық-әдістемелік кешендерді пән бойынша өзіндік ойлау қабілетін дамытуда, өз білімін педагогикалық іс-әрекетте тиімді жүзеге асыруда қолданады.

Орта деңгей: мамандықта таңдауда ерекше ұмтылысы байқалмайды; мамандық бойынша білімі жеткіліксіз; ақпараттық-компьютерлік технологиялар саласынан білімі таяз; АКТ-ның педагогикалық қажеттілігін түсінуде өздігінен ішінара ізденеді, компьютердің мүмкіндігін түсіне бермейді, ақпараттық-компьютерлік технологияны игеруде кездескен мәселелерді өздігімен шешуде қиналады, АКТ-ны оқыту үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін оқытушының көмегімен асырады.

Төмен деңгей: болашақ мамандықты таңдауда қиналады; мамандық бойынша білімі нашар; ақпараттық компьютерлік технологияның көмегімен мәліметтерді өздігімен өңдей алмайды; АКТ-ның педагогикалық іс-әрекетте қажеттілігін түсіне бермейді, өз білімін компьютер арқылы

оқытудың мүмкіндігін және кәсіби қызметте қажеттілігін білмейді; АКТ-ны оқыту үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктерін түсінбейді және педагогикалық іс-әрекетте пайдалана алмайды.

Болашақ мұғалімдердің ақпараттық-компьютерлік технологияны кәсіби іс-әрекеттерде пайдалану даярлығы педагогикалық жүйеде жүзеге асады. Кез-келген жүйе, соның ішінде студенттерді ақпараттық-компьютерлік технологияларды кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау жүйесі де белгілі бір шарттарды орындағанда ғана тиімді жүзеге асады. Сол себепті оны тиімді жүзеге асырудың шарттарын анықтап алу қажет [8].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: Болашаққа интеллектуалдық секіріс. // Егемен Қазақстан. -14-қазан, 2009.
2. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол» Қазақстан халқына Жолдауы.– Астана. - 2014, 11- қазан.
3. Назарбаев Н.Ә. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012, 27 қаңтар .
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007, 8 шілде.
5. Сластенин В.А. Формирование профессиональной культуры учителя: учебное пособие. - М.: Прометей.
6. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті.
7. Теоретические основы дидактической системы повышения квалификации: дис. ... док. пед. наук. – Минск.
8. Пышкало А.М. Гузеев В.В. Башкирова И.Ю. Дидактические условия формирования технологической культуры у будущих учителей: дис. ... канд. пед. наук. – Тула.

ПРИЕМЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Г.С. Жумабаева
преподаватель
Ж.З. Аубакирова
старший преподаватель, магистр
АркГПИ им. И.Алтынсарина
Аркалык, Казахстан
aubakirova_69@inbox.ru

Аңдатпа. *Мақалада сын тұрғысынан ойлау технологиясының қызметі жан – жақты қарастырылған. Оқу үрдісінде жүйелі түрде сын тұрғысынан ойлау стартегиясының элементтерін қолдану арқылы білім алушының жаңа ақпарат бойынша өзіндік көзқарасын білдіру, жаңа идеяларды әр түрлі көзқарас тұрғысынан бағалау, берілген ақпараттың құндылығы және нақтылығы бойынша түйін жасай білу дағдысын қалыптасатынындығы айтылған.*

Түйін сөздер. *оқыту тәсілдері, сыни тұрғыдан ойлау, дәстүрлі емес сабақтар, жаңашылдық, кластер, пікірсайыс.*

Abstract. *The article states that need the ability to not only master the information, but it is critical to evaluate, interpret and apply. Critical thinking technology solutions open to a wide range of problems in the field of education .It is also said that the students met with the new information, it should be to consider thoughtfully, critically evaluate new ideas from different perspectives, drawing conclusions as to the accuracy and value of the information.*

Keywords. *the methods of teaching, critical thinking, non-traditional lessons, originality, discussion, cluster.*

В современной школе и в вузах используется много различных методов обучения. В последние годы стала популярной методика критического мышления, элементы которого можно с успехом применять на уроках русского языка.

Критическое мышление - ведущее современное педагогическое понятие, актуальное для развития преподавания и обучения в Казахстане. Данный модуль предполагает адаптацию сознательного и обдуманного подхода к развитию критического мышления, как учеников, так и учителей.

Категория «критический», используемая в понятии «критическое мышление» означает концентрацию мышления на процессе решения вопроса или проблемы. «Критический» в данном контексте не означает «неодобрение» или «отрицание». Критическое мышление может происходить всякий раз, когда происхоит процесс рассуждения, формулировки выводов или решения проблемы, т.е. - всякий раз, когда необходимо установить, чему верить, что делать, и как делать это разумным и рефлексивным способом [1].

Критическое мышление – это точка опоры для мышления человека, это естественный способ взаимодействия с идеями и информацией. Мы и наши ученики часто стоим перед проблемой выбора, выбора информации. Необходимо умение не только овладеть информацией, но и критически ее оценить, осмыслить, применить. Встречаясь с новой информацией, обучающиеся должны уметь рассматривать ее вдумчиво, критически, оценивать новые идеи с различных точек зрения, делая выводы относительно точности и ценности данной информации.

Развитию критического мышления способствуют и нетрадиционные уроки, которые позволяют повысить интерес ученика, как к предмету, так и к обучению в целом. Творчество на таких уроках зависит в подборе таких заданий, такого дидактического материала, который своей новизной, необычностью подачи, вызывая удивление, активизирует внимание, мышление обучающихся. Попадая в необычную ситуацию, обучающийся включается в деятельность, сотрудничество с учителем, при этом создается положительный эмоциональный фон, начинают активно функционировать интеллектуальная и волевая сферы, легче усваиваются знания, быстрее формируются умения и навыки. Этому способствует создание на нестандартных уроках условий для мобилизации творческих резервов и учителя, и ученика.

Существует множество видов нестандартных уроков. Практически все они позволяют задавать проблемные вопросы и создавать проблемные ситуации, решать задачи дифференцированного обучения, активизируют учебную деятельность, повышают познавательный интерес, способствуют развитию критического мышления. Нетрадиционные же уроки русского языка обеспечивают системный анализ лингвистических сведений, развивают языковую наблюдательность.

Вот несколько нетрадиционных форм урока, которые можно использовать на уроках русского языка систематически: урок-семинар, дискуссия, кластер, викторина, толстые и тонкие вопросы, диалог на основе проблемной ситуации, деловая игра, синквейн. Выбор зависит от нескольких условий: во-первых, возрастные особенности, во-вторых, задачи, цели, содержание обучения в связи с изучаемой темой.

Некоторые правила технологии развития критического мышления:

Урок-семинар имеет повторительно-обобщающий характер и его целесообразно проводить для студентов и учащихся старших классов, так как он способствует формированию научного стиля речи, самооценке собственных высказываний, оказывается эффективной формой контроля и самоконтроля, студенты учатся работать самостоятельно, пользоваться научной литературой. Основой содержания урока-семинара служит теория. Ведущая цель - формирование теоретического мышления, которое позволит учащимся самостоятельно отбирать, изучать информацию и применять полученные знания на практике.

Наиболее приемлемым также считаю такой прием, как дискуссия. Дискуссия — одна из весьма сложных форм речи, для овладения которой необходима предварительная подготовка, поэтому при проведении такого урока необходимо знакомство учащихся с правилами ведения дискуссии, с речевыми штампами, помогающими им выражать свои мысли.

Основными задачами дискуссии являются: обмен первичной информацией; выявление противоречий, переосмысления полученных сведений, сравнение собственного видения проблемы с другими взглядами и позициями.

Учащимся предлагается поделиться друг с другом знаниями, соображениями, доводами. Обязательным условием при проведении дискуссии является уважение к различным точкам зрения ее участников, а также совместный поиск конструктивного решения возникших разногласий.

Групповая дискуссия может использоваться как на стадии вызова, так и на стадии рефлексии. При этом в первом случае ее задача: обмен первичной информацией, выявление противоречий, а во втором – это возможность переосмысления полученных сведений, сравнение собственного видения проблемы с другими взглядами и позициями. Форма групповой дискуссии способствует развитию диалогичности общения, становлению самостоятельности мышления.

Кластер - это способ графической организации материала, который позволяет сделать наглядными те мыслительные процессы,

которые происходят при погружении в ту или иную тему; на стадии рефлексии понятия группируются, систематизируются и между ними устанавливаются логические связи.

Суть этого приема – выделение смысловых единиц темы и их графическое оформление в определенном порядке в виде «грозди» - схемы. Важно: выделить главную смысловую единицу (тема); выделить связанные с ключевым словом смысловые единицы (категории информации); конкретизировать фактами и мнениями. Исправление неверных предположений в предварительных кластерах, заполнение их на основе новой информации. Очень важным этапом является презентация новых кластеров. Задачей этой работы является не только систематизация материала, но и установление причинно-следственных связей между «гроздями».

Система кластеров позволяет охватить избыточный объем информации. В дальнейшей работе, анализируя получившийся кластер как «поле идей», следует конкретизировать направления развития темы. Кластер – это прием, который является палочкой-выручалочкой в старших классах при подготовке к ЕНТ.

«Толстые» и «тонкие» вопросы. Этот прием используется для организации взаимоопроса, для начала беседы по изучаемой теме, определения вопросов, оставшихся без ответа после изучения темы. Вопросы могут служить мотивацией к изучению материала, могут способствовать лучшему закреплению изученного, а также работать на рефлексию.

Приемы постановки вопросов - стратегия «Вопросительные слова».

Эта стратегия используется тогда, когда учащиеся уже имеют некоторые сведения по теме и ориентируются в ряде базовых понятий, связанных с изучаемым материалом. «Вопросительные слова» помогают им создать так называемое «поле интереса».

Химия тілі ғылыми және оқу танымының құралы. Химия тілі тек заттардың реакцияға түсуін түсіндірудің құралы ғана болып қоймай, ол оқушының қоршаған дүниені тануына негіз болатын басты құрал. Таным философиялық ұғым, айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі. Қоршаған дүние объективті өмір сүретін болғандықтан, оның заттары мен құбылыстары санада бейнеленеді. Таным арқылы заттар мен құбылыстардың басты белгілері, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жайындағы бейнені қабылдау нәтижесінде ұғым туады.

Химия тілі ғылыми негізде құрылады да, білім мен тәрбие құралы ретінде оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі, химиялық білімнің берілу формасы және көзі болып табылады.

Химия тілі нақты заттарды, оның қасиетін ұғымдыра отырып, оқушыларды абстракциялық ойға жетелейді. Жоғары сынып оқушыларында абстракты ойлауға символдар мен номенклатураларды меңгеру, ойлау қабілеті арқылы негіз салады. Мұның бәрі оқушы дамуына, химия тілін жете меңгеруіне жағдай жасайды. Химия тілі пәнінің ғылыми аймағымен тікелей байланысты болғандықтан берілген білім де, өз кезегінде, заттар мен құбылыстардың бейнелеуі символика мен номенклатура түрінде баяндалады. Атап өтетін жай-ғылым тілі ғылыми білімдерді байланыстырушы жалғыз ғана форма емес, білім тілдік емес таңбалармен де, табиғи тілмен де өрнектеледі және жасанды ақпараттық тілдермен беріледі. Химиялық танымның пәндік аймағы-заттар атауларының жүйесі химиялық номенклатурамен, мағыналық жағы-ұғымдар жүйесі химиялық терминологиямен, таңбалық жағы-символикамен бекітіледі. Ғылым тілі материалдық бірліктерінің жиынтығы терминологияға қарағанда кең, жалпы халықтың тіл шекарасынан шығады, мұндай бірлікке номенклатуралық атаулар мен символдық құралдар жатады. Химиялық терминология, номенклатура және символика химияның өзіндік ғылыми тілін құрайды.

Химиялық танымның логикасы және мектепте химияны оқытудың үрдісі оны зерттеу мен пайдаланудың ұстанымдары химиялық тілдің мына мүмкіндіктерін көрсетеді:

1. Химия тілін оқытудағы тарихнамалық;

2. Шындықты бейнелеудегі оның барлық компоненттерінің өзара байланысы;

3. Оқыту мақсатының біртіндеп өзгеруі және теориялық деңгейінің әр алуандығын ескере отырып, кезең бойынша дамуы;

4. Шынайылықты бейнелеудегі химия тілінің ролі;

5. Химия тілін қолданудағы мазмұндылықтың өзара байланысы;

6. Таңбаларды меңгеру барысында оқушылардың ақыл-ойын дамыту

Қалыптасу процесінде химия тілі бірқатар кезеңдерден өтеді: алдымен ол арнайы оқыту пәні, содан соң таным, білім, іскерлікті игеру әдісі, ақыр соңында білім мен іскерлікті практикада шығармашылықпен қолдану құралы. Химия тілін оқыту пәнінен жаңа сапалы күйге, яғни оқыту құралына тезірек өзгерту - химия мұғалімінің маңызды міндеті. Мұндай міндетті шешу тілдік материалды, жаттығуларды және сабақтың негізгі мазмұнын мұхият таңдап алуды талап етеді.

Химия тіл білімінің мазмұны оның үш жағын қамтиды:

✓ Семантикалық, химия тілінің қызметі мен мәнін ашуға бағытталған. Мұндағы басты нәрсе химия нысандары мен таңбалары арасындағы қатынасты орнату.

✓ Грамматикалық, таңбалар мен белгілеулердің,формулалардың, теңдеулердің, терминдердің дұрыс аталуын көрсетеді.

Практикалық, меңгерілген білімді химиялық тілмен жеткізу тәсілімен қаруландырады, барлық қарым-қатынас түрін (оқу,жазу, тыңдау) қамтамасыз етеді [2. 319б].

Семиотика(гр.*Semeion*- белгі, танба) (семиология) - таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл,мәдениет,салтдәстүр,кино т.б.),табиғаттағы(жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау,логикалық пайымдау)ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әр түрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Тіл табиғи және жасанды тіл деп ажыратылады. Табиғи тіл-қазақ тілі,орыс тілі, ағылшын тілі т.б. Жасанды тілге ғылым тілі жатады Мысалы,химия тілі

Химия тілінің және оның әдіснамалық бағыты химиялық танымда әр түрлі қызмет атқарады:

✓ Химиялық нысандарды бейнелейді және ол туралы ақпарат береді;

✓ Шартты белгілер мен терминдер арқылы қысқа және нұсқа түсінік береді;

✓ Химиялық танымды сандық және сапалық бейнелейді;

✓ Табиғи тілмен түсіндірілмейтін идеалды нысандарды түсіндіреді (мысалы сигма байланыс, пи байланыс, функция т.б.);

✓ Білімді қорытындылап, жүйелеп және жинақтап береді;

✓ Химиялық нысандардың негізіне жататын реакцияларды және оларды синтездеу тәсілін, жаңа қосылыстарды моделдеу немесе жорамалдауға мүмкіндік жасайды;

✓ Еске сақтауды жеңілдетеді;

✓ Ақыл-ойға күш түсірмейді;

✓ Химиялық ақпаратты уақыт және кеңістік шеңберінде беруге мүмкіндік жасайды;

✓ Химиктердің халықаралық қатынас тілін жүзеге асырады,әлемдік арсеналдағы ғылым мен практиканы біліммен байытады;

Химия тілі – химиялық ақпараттарды беруге және қысқа,толық мәнді, көрнекі жазуға арналған ұғымдар мен шартты белгілердің жүйесі. Кез келген тілде жазылған хабарламалар сөйлемдерден, ол өз кезегінде сөзден, ол әріптерден тұрады.

✓ Химия тілінің де өз құраушылары бар.

Кесте 1.Химия тілінің құраушылары

Атомдар және химиялық элементтер туралы ақпараттар (Химиялық тіл “әріптері”)	Химиялық заттар туралы ақпараттар (химиялық тіл “сөзі”)	Химиялық реакциялар туралы ақпараттар (химиялық тіл “Сөйлемі”)
Химиялық элементтер таңбалары	Химиялық формулалар	Химиялық реакциялар теңдеулері және схемасы

Кесте2. Химия тілінің құраушылары

АТАЛУЫ			ТАҢБАСЫ	
қазақша	Латынша		жазылуы	оқылуы
-	жазылуы	Шығу тегі	-	-
Азот	Nitrogenium	Грекше "селитра туғызушы"	N	" эн"
Алюминий	Aluminium	Грекше" ашудас"	Al	" алюминий"
Аргон	Argon	Грекше. "бейқам"	Ar	" аргон"
Барий	Barium	Грекше."ауыр"	Ba	" барий"
Бор	Borum	Арабша " ақминерал"	B	" бор"
Бром	Bromum	Грекше "сасық иісті"	Br	" бром"
Сутегі	Hydrogenium	Грекше. "суды туғызушы"	H	" аш"
Гелий	Helium	Грекше. «күн"	He.	" гелий"
Темір	Ferrum	Латынша. "семсер"	Fe	" феррум"

Химиялық заттар туралы ақпарат әр түрлі сондықтан, химиялық формулалардың келесі түрін ажыратады:

- ✓ Қарапайым формуласы
- ✓ Молекулалық формуласы
- ✓ Кеңістіктік формуласы
- ✓ Электрондық немесе құрылымдық формуласы

Химиялық формулалар арқылы берілетін ақпараттар:

- ✓ Зат құрамына қандай элемент атомдары кіреді.
- ✓ Элемент атомдары санының қатынасы.
- ✓ Химиялық байланыс типі .
- ✓ Ковалентті байланыстармен атомдардың қосылу реті
- ✓ Ковалентті қос байланыс
- ✓ Атомдардың кеңістікте орналасуы
- ✓ Байланыс ұзындығы және валенттік бұрыштар

Химиялық тіддің бірінші бөлігі - терминология, яғни атаулар жүйесінен тұратын сөз таңбалары. Химиялық ғылыми ұғымдардың шартты белгілі бір атаулар арқылы беріледі. Дегенмен, тарихи даму тұрысында химиялық терминдердің формасынан гөрі мәні мен мағынасы үздіксіз өзгеріске ұшырайды. Термин арқылы берілетін әр ұғымның анықтамасы бар, осы анықтамаға негіз етіп алынатын белгі ғылымның теориялық деңгейіне тәуелді. Химиялық тілдің екінші бөлігі - химиялық номенклатура мен атаудың белгілі негізге сүйенетін арнайы жүйесі. Олгривиалды (тұрмыстық) және жүйелік деп екіге бөлінеді. Жүйелік номенклатура химиялық символикаға негізделеді. Сондықтан химия ғылымында оны формулалар мен зат атауларынан тұрады деп есептейді. Тұрмыстық (тривиалды) номенклатура – заттарды майдалану кезінде берілген әртүрлі атаулар. Ол атаулар кездейсоқ қалыптасқан, тұрмыста, құрылыста, медицинада, халықшаруашылығының алуан түрлі салаларында кеңінен пайдаланылады.[3.222б]

Бұл атаулардың көпшілігі қысқа, ұтымды ауыз екі сөйлеуде, мәтінде пайдалануға қолайлы. Химиялық тілдің үшінші бөлігі-химиялық символика, ол химиялық таңба, формула және теңдеуден құралады. Химиялық символика – халықаралық шартты тіл, заттар мен құбылыстарды белгілеудің ең қысқа және тиімді құралы. Сондай-ақ, химиялық символика заттың құрамы мен құрылысы жөнінде көптеген мағлұматтаралуға, заттың қасиетін, реакцияласу қабілетін және реакциялардың жүру бағыттарын болжауға мүмкіндік туғызады. Жүйелік номенклатура мен химиялық символика ұлттық тілдің құрамына кірмейді, өзінше дербес қолданылады. Химиялық таңба - элемент атомының шартты белгісі. Ол элемент атомының атын ғана емес, белгіленіп отырған элементтің көміртектік бірлікпен алынған атомдық массасын, атомның молін, мольдегі атом санын көрсетеді. Қорыта айтқанда, химиялық таңба арқылы оның (заттың) сапалық және сандық мәнін ажыратуға болады.

Химияны оқыту міндеттері мен мақсаттары айқындалып, ол талдап көрсетілген: оқушыларға деректі материалдар, химиялық түсініктер, заңдар, теориялар, химиялық символика және химиялық құбылыстар жайында білім беріп, сол арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, білімнің жүйелілігі мен тиянақтылығын қамтамасыз ету қарастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұғыманов И., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі.-Алматы: Prin s, 2005.-343 б.
2. Нұғыманов И. Химияны оқыту әдістемесі.-Алматы: Рауан, 1993.-319 б.
3. Мырзабаев А.Н. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері.-Алматы, 2004.-222 б.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ХИМИЯ ТУРАЛЫ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

К.К. Досмагулова
аға оқытушы, магистр
Қ.К. Хамитова
оқытушы,
А.С. Аятов
оқытушы, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық қ, Қазақстан
Askar-92.14kz@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматриваются накопленные годами богатства исторического, культурного наследия, которые в процессе современных требований прикладной химии, необходимо обновить и использовать эти традиции, обычаи в повседневной жизни. Из закон веков социальные, культурные, нравственные богатства народа помогали человеку в его формирований, как личности.*

Ключовые слова. *Образования, закон, духовной, век, населения*

Abstract. *In this article the richness of historical, cultural heritage which is saved up for years which in the course of modern requirements of applied chemistry, it is necessary to update and use these traditions, customs in everyday life is considered. From the law of centuries social, cultural, moral wealth of the people helped the person in his forming as persons.*

Keywords. *Educations, law, spiritual, century, populations*

Қазақстан Республикасының білім туралы заңы, Президентіміз Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы жолдауындағы жастарды тәрбиелеу, білім беру қағидалары, еліміздің білім беру саласында дүние жүзілік кеңістікте өз орын алуға бағытталған «Білім тұжырымдамасы» болып табылады [1.1].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғаннан кейін жүріп жатқан қоғамды демократияландыру мен жаңарту үрдістеріне байланысты, өткен тарихымызды қайта таразылап, әлеуметтік рухани және ұмытылған немесе тиым мәселелерімізді қайта қарауға тура келді. Осындай актуалды мәселелердің бірі – туған халқымыздың, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан бай тарихы, мәдени мұрасын қайта жаңарту немесе жаңа заман талабына сай қолданбалы химияның озық салт-дәстүрлерін бүгінгі өмірде кең қолдану. Халқымыздың әлеуметтік, мәдени, рухани байлықтары әр заманда да, әр кезеңдерде де, әр адамның азамат болып қалыптасуына зор әсер еткені, әлі де әсер ете беретіні белгілі. Сондықтан халқымыздың өткен өмірінде, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет - ғұрпына ғылыми тұрғыдан әділ баға беріп, келешек жас ұрпаққа пайдалы қажетті дүниелерді үнемі насихаттап отыруды дәстүрге айналдыру қажет.

Тәуелсіз елімізде өркениетті қоғам мен құқылы мәдениеттің қалыптасу жағдайында жас ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімдарлығын арттырып, әлемдік өркениетке шығу мәселесін туындап отыр. Бұл жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін қайта құруды, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту арқылы оның мазмұнын қайта қарап, жоғарғы деңгейге көтеруді қажет етеді. Білім беру ісін жақсарту-өскелең өмір талабына туындаған, заман талабы.

Халқымыздың ғасырлар бойы тірнкетеп жинап қалыптастырған дәстүрлері мен озық үлгілерінің жоғалуы, қоғамның рухани жағынан жұтаңдыққа ұшырауына, қазақ халқының соңғы екі ұрпағы ана тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін білмеуге ұласты. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, кәсібі, халқының өзіне тән тұрмыстық көрінісі жоғала бастады. Демократияны бетке ұстап жастарды «идеясыздандыру», «ұлтсыздандыру», «мәңгүрттендіру» орыстың, батыстың тәрбиесін дәріптеу, қазақ жастарының басқа дінге енуі белең алып, еліміздің идеологиясына, рухани беріктігіне нұсқан келіп отыр.

Білім беру жүйесін ұлттық және әлеуметтік рухани құндылықтар негізінде қайта құрмай бүгінгі жаңа қоғамды дамытып, бүкіл әлемдік деңгейге көтеру мүмкін емес. Білім беру ісін реформалау немесе 12 жылдық білім беру ісін ұйымдастырудың мақсаты ағарту жүйесін дүние жүзілік аренаға шығару, өркениетті батыс, шығыс елдері деңгейіне шендестіру, білікті, сапалы маман саналы азамат даярлау мақсатынан туып отыр. Осы ғасыр білім, ғылым және ақпарат ғасыры болмақ. Білім мен ақпарат адамның, қоғамның интеллектісін белгілейді.

Осыған байланысты, қолданбалы химияның кейбір тақырыптарды оқытқанда маңызы зор.

Қазақ халқының ерте заманнан бергі тыныс - тіршілігі өмірлік болмысы пайдаланылған құрал-жабдықтары, үй ішілік бұйымдарды, елін, жерін қорғаған қару-жарағы жайлы бізге толық мағлұматты қазақ ауыз әдебиеті береді. Олар әсіресе қазақ халқының батырлық жырында, ғашықтық дастандарында, мақал-мәтел, жұмбақтарында көрініс табады [2.153].

Қазақ халқының батырлық жырлары біздің заманымызға дейінгі сақ дәуірінде өмірге келген туынды десек, онда сол кездің өзінде төмендегі аталатын металл бұйымдар өмірге терең енгендігін байқаймыз.

V-VIII ғасыр нұсқасы болып табылатын «Орхон - Енесей жазбаларында» да кездеседі.

Қазақ халқының әр дәуірге жататын батырлық жырына көз салсақ тұрмыста металдарды жиі қоладанғанын көреміз.

Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай
Ер салды атқа батырлар
Алтынды тұрман тағынып
Алмас қылыш сартылдап
Алтын жүген жартылдап
Өмілдірік сом алтын - десе (Қобыланды батыр)

Алқымға пышақ таяды
Ауыздықпен алысып
Үзеңгісін береді.(Алпамыс батыр)
Әр жерден ұста алдырды
Еңдігі жеті кез иіп
Темір үйді салдырды
Темір үйге тастады
Шұбар атты кіргізіп
Шынжырлап мойнын ноқталап - деген жыр жолдары қайшы, жүген, ер тұрман, пышақ, алмас қылыш, үзеңкі, ауыздық тәрізді бұйымдар ертедегі қазақтардың тіршілік сипатын айқындап тұр.

Осы тәрізді бұйымдар мақал-мәтелдерде кездеседі.

Кезі келсе кетпен шап

Майырылмаса қайырылсын - деген де еңбек бұйым бүлінсе де тозса да еңбек ету керектігін айтады.

Орайы келсе орақ ор - деп кез келген жұмысқа кірісіп кету керектігін ескертеді.

Темірді қызғанда соқ - деген мақалды екі түрлі мағынада пайдалану ға болады. Әрбір жұмыстың өзінің орындалу кезі, мерзімі болатынын айтса, келесі мағынасы темір өңдеу процесінде айтылған. Темір қатты қызған кезде балқып жұмсарады, осы кезде одан иіп, орап түрлі бұйым жасау жеңіл болатынын білген.

Ертедегі ата-бабаларымыз үй тұрмысында сәндік, әсемдік бұйымдар мен зергерлік істің шебері болғанын мынадай жыр жолдарынан білеміз.

Жағасы алтын жеңі жез,
Бадана көзді ақ сауыт.
Бекітіп соқан ақ дәуіт,
Алтын қалпақ, жез телпек
Жез тарақпен таратқан
Жолы жұмсақ болсын - деп (Төрехан батыр).

Жез қарғылы құба алаң
Жетпей түлкі ала алмай (Шалкиіз)
Күмістен бесік идірді
Алтын түбек құйдырды (Ер Сайын).
Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміс – деп тұрғын үйдің тұрмысындағы бұйымдарының аты аталуымен бірге оларды алтын, күміс, жезден жасалғанын бідіреді. Сонымен бірге металдарды сәндік, сұлулық, әдемілiктің теңеуі ретінде көрсетеді[3.265].

Қазақтар ұсталықпен бірге зергерлік істі де өте шебер меңгерген.

Ел қадірін ерлер білер
Зер қадірін зергер білер - деген мақал осының дәлелі.

Зергерлік іс көбіне алтын күміспен бірге жезге де байланысты. «Жез» - дегеніміз көпшілік бөлігі мыс пен мырыш болып келетін басқада металдар қоспасы. Академик Ә.Марғұланның дәлелдеуінше «жез» алғаш рет б.з.д. VII-X ғасырларда Қазақстанда пайда болған, оны Жезқазған, Жезді деген Орталық Қазақстандағы топонимер дәлелдеп тұр.

Зергерлер пайдаланылатын «зер» - дегеніміз алтын, күміс т.б. металдардан сымша тартылған жіңішке жіптері. «Зерге» байланысты мынандай сөз тіркесі мен атаулары бар

Зерлеу- алтынмен не жалтырауық затпен әшекейлеу.

Зер төгу -алтын күміс жез жіптермен кестелеу. Түбірі «Зер» болып келетін Қазақстанда мынандай атаулар бар.

Зеренді - жер аты
Зеренді - иранша қайқы қылыш
Зерен - киіктің бір түрі
Зерен - бояу жасайтын шөп
Зерен - ағаштан жасалған ыдыс.

Міне осындай сөз байлықтары қазақта зергерлік істің кең тарағанын білдіреді.

Қазақ көшпелі өмірі, қатал табиғаты, жан - жақтан анталаған жау, қазақтардан қажырлықты, мықтылықты, қарулық шыдамдылықты қажет етті. Тынымсыз жауынгершілік заман, мазасыз өмір, үнемі ат үстіндегі тіршілік сарынына үйренген қазақтар жыр - дастандарында өзіне - өзі қайта беріп, кейінгі ұрпаққа қажырлық дәнін себе білген. Осы кезде де насихатты сөздер металдарсыз теңеусіз болған емес.

«Алтын шыққан жерді белден қаз», «Алтын көрсең санап ал» -деген сөздің өзі ұқыптылыққа, үнемділікке үйретсе, «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегенде адамзат баласының пендешілікке бой ұрып дүниеге сатылатыны туралы сөз естіледі. Ертедегі қазақтар өмірінде металдар оның ішінде металдар темірді шамандық діннің қалдығы түрінде басқалар әдет-ғұрып, ем -дом жасау үшін кең пайдаланады.

Мысалы жауын жаудыру үшін:

- Темір, темір, теміржан

Темірдің ұлы қауға жан - деп шақырған. Мұнда темір мен жаңбырды байланыстырып отыр[4.129].

Адамзат баласының дүние танымы, кең көлемде алғанда әлеуметтік ортамен иманды, адамгершілік қарым-қатынаста болуымен қатар, оның салт-санасы, бағыт бағдары, білімді түсінуі сыртқы ықпалдарды қабылдап, оны ішкі жан дүниесі елегінен өткізіп, өзінің өмірлік іс-әрекетіне, тұрмыс-тіршілігіне пайдалануы «түсінік», «құбылыстарды» тұрмыс барысында қолдана отырып өмірге бейімделеді. Адамның ішкі жан дүниесінің қалыптауына сол кездегі қоғамның рухани мәдениетінің даму деңгейі мен салт-санасы әсер етеді. Адамның ой - өрісі өзін қоршаған табиғат, ондағы құбылыстар туралы білімдері неғұрлым толыққан сайын, дүниетанымы соғұрлым байып, тұрақтанатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. 2012 жылғы жолдауынан.-1б.
2. Ақпанбет Ғ. Қазақтардың дүние танымы. – Алматы:Қазақ университеті, 1993.- 153б.
3. Батырлар жыры. - Алматы: Жазушы, 2000. – 265б.
4. Құралұлы А. жалпы ред. басқарған Ғ. Халықұлы Қазақ дәстүрінің анықтамалығы. - Алматы, 2001. – 129б.

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ БАҒДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІК

С.А.Арыстанова
оқытушы
Г.С.Тасбулатова
аға оқытушы
М.С. Амиров
аға оқытушы
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
saule_arstanoba @mail ru

Аннотация. *В данной статье говориться о том, как повлияет данная программа на развитие нашего языка и в целом на развитие страны. Естественно приоритеты нашего президента как всегда верны. Трехязычное образование предполагает, что обучение английскому языку, является важнейшим фактором, определяющим доступ к информации на языке международного общения и компьютерных технологии.*

Ключевые слова. *язык, политика, образование, общество, государство, народ.*

Abstract. *This article speaks about how the program will affect the development of our language and the overall development of the country. Naturally the priorities of our president as always true. Trilingual education presupposes that teaching English is the most important determinant of access to information in the language of international communication and computer technology.*

Keywords. *language, politics, education, society, state, nation.*

«Тіл – ақылдың өлшемі, ұлттың жаны» деп,тілдің маңызын ерекше бағалаған дана халқымыз. Яғни, елдің елдігін де, бірлігін де айқындайтын сол ұлттың тілі мен діні, ұлттық құндылықтары мен ұлттық қасиеті. Ал, бүгінгі күнде жан- жақты көзқарас қалыптастырған үш тұғырлы тіл мәселесі.

Үш тұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің қабілеттерін жан-жақты кеңейтіп отырған. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл- елдің бәсекеге қабілетті болуға ұмтылудағы бірінші баспалдағы. Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жазада білетін азамат өз елінде де, шетелде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Мемлекет басшысы «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды.Үш тілдің біріншісі,негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деген ескерту айтқан болатын. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында: Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт аралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», деп атап көрсеткен болатын. Дегенмен, «Үш тұғырлы тілдің» мәні, маңызы, халық пен болашақ ұрпаққа беретін пайдасы мен зияны төңірегінде әлі де көпшілік арасында шешуі табылмаған сұрақтар көп.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі артуда. Көптеген проблемалы мәселелер Елбасымыздың көреген саясатының арқасында соңғы жылдары шешімін тауып, игілікті істер жүзеге асырылып жатыр.

Тіл – ұлттың ең басты белгісі, ең басты құндылығы. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызда одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Кез келген тіл өзге тілмен қарым – қатынасқа түскенде ғана өсіп,өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз» [1].

Президентіміз аталмыш тілдік стратегияны 2004 жылы жария еткен болатын [2]. Ал 2015 жылы Еуродақ өздерінде үш тілді білім тәжірибесін заңды түрде енгізді. Бұл тарихи қажеттілік. Әрбір адам өз туған халқының, өз өмір сүретін елдің елдің тілін білу қажеттігі – ертеден келе жатқан қағида. Алайда, жаһандану қалыптасқан осы қағидаға түзетулер енгізуде. Қазіргі кезде халықаралық қатынас тілін білу қажеттігі туындап отыр. Бұл біздің жастарымыз үшін аса қажет. Елбасының 2015 жылы 29 мамырында Акордада бір топ қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен ұлттық жаңғыру және халқымыздың бәсекеге қабілеттілігі аясында келелі кездесуінде «Тілдердің үштұғырлылығы» бағдарламасына, мемлекеттік тіл мәселесіне кеңінен тоқталып өтті. Мемлекет басшысы: «...Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Және оған қамқорлық та сондай дәрежеде болады» деп сендірді. Орыс және ағылшын тілдерін оқып үйрену білімнің, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түсетін,

экономикалық мүмкіншіліктерімізді арттыратын бірден – бір тетігі дей келе, жаһандануға бейімделуді, заман көшінен қалмай, осы үш тілдің үйлесіміне қол жеткізу арқылы тілімізді, дінімізді, дәстүрімізді, салт – ғұрпымызды сақтап қала аламыз – деді. Мемлекеттік тілдің мәртебесі артуда. Көптеген проблемалы мәселелер Елбасымыздың көреген саясатының арқасында соңғы жылдары шешімін тауып, игілікті істер жүзеге асырылып жатыр. Соның ішіндегі ең маңыздысы – тіл саясатына қатысты атқарылып жатқан шаралар. Бүгінгі күні «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» негізінде бүкіл республика бойынша тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ауқымды шаралар белгіленіп, сол бойынша жүйелі әрі мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Бағдарламаны жүзеге асыруда балабақшадан бастап, мемлекеттік емес мекемелерге дейінгі барлық салалар қамтылған. Қазақ халқының қоғам қайраткерлерінің, ағартушыларының, ақын – жазушыларының шығармашылықтарын, қазақ халқының дамып, өсіп – өркендеуіне, ұлт ретінде қалыптасуына сіңірген еңбектерін ұмыттырмау мақсатында өзге ұлт өкілдері және мектеп оқушылары арасында «Абай оқулары» байқауын өткізу дәстүрге айналған. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілдегі құжат айналымының сапасын көтеру және іс жүргізу барысында туындайтын тағы да басқа проблемалы мәселелерді талқылау мақсатында мемлекеттік мекемелер қызметкерлерімен «дөнгелек үстелдер», семинарлар жиі ұйымдастырылады. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңының 21 – бабы «Жарнама туралы» Заңының талаптары сақталуын бақылау мақсатында мемлекттік мекемелер қызметкерлері кәсіпкерлермен семинар - кеңес өткізіп, нақты кенестер беріп, құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Жалпы, жоғарыдағы шараларды ұйымдастырудағы басты мақсат – мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, қоғамның әлеуметтік – саяси, мәдени өмірінде мемлекеттік тідің кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілің игеруге деген құлшыныстарын туғызу, елі үшін қызмет ететін әрбір азаматтың мемлекеттік тіл мәртебесін нығайтуға мүдделілігін таныту. Ең бастысы, қоғамдағы тіл саясатына, тідерді дамыту мәселелеріне деген халықтың көзқарасы өзгерді. Елімізді мекендеген қай ұлттын өкілі болсын, Қазақстан Республикасы азаматы ретінде Елбасының, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын қолдап,барынша атсалысуының нәтижесінде елімізде тұрақтылық пен ынтымақтастық сақталып отыр. Барша қазақстандықтардың басын біріктіретін мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларында қолданысын қамтамасыз ету – ең басты міндетіміз.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің дәстүрлі жолдауында мемлекеттік тілге қатысты: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді он жылдан кейін бітірушілердің 100 пайызы мемлекттік тілді біліп шығатын болады» [1].

Қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдіснамасын жітілдіру мақсатымен әлемдік білім кеңістігінде орныққан «шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің деңгейлері мен олардың

сипаттарының негізінде қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалып, «Балабақша – мектеп – колледж – жоғарғы оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты бекітілді.

Тілдік стандартта: «...қазақ тілін деңгейлеп оқытудың нәтижелі болуы оқыту үдерісінде ұтымды әдіс –тәсілдер мен инновациялық технологияларды саралап пайдалануға байланысты» деп, сабақ сапасын арттыратын мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту аясында дәстүрлі әдістерді кең қолданумен қатар, оқушылардың оқу мотивтерін, қажеттіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін шығармашылық, проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар,пікірталас түрлері, креативтік, іскерлік ойындар, синектика, «ойға шуыл» және т.б.әрекеттік жұмыстар арқылы іске асырылатын әдістер көрсетілген[3].

Қорыта келетін болсақ, тілдік аXVал уақыт өткен сайын жақсарып келетінін байқаймыз. Қазақ тілін меңгерту үшін көптеген технологиялар, әдіс – тәсілдер қолданылып, оқыту әдістемесі әлемдік тәжірибеде қалыптасқан игі үдерістің нәтижесін ескере отырып жасалды. Отандық білім жүйесінің, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері осы үрдіспен үндесіп, тілді меңгертудің Қазақстандық жаңа үлгісі әзірленді. Енді тіл үйренуге ықылас артып, үш тілде еркін сөйлейтін жастар қатары көбейіп, еліміздің жаңа қоғамын қалыптастырады деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Қазақстан халқына жолдауы. -2011 жылғы 28 қаңтар
2. Назарбаев.Н.Ә. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». - Егемен Қазақстан газеті. 19/I – 2006. №16
3. «Балабақша – мектеп – колледж – жоғарғы оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты: [жоба]. – Алматы, 2014 .

БИОЛОИЯ, ХИМИЯ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІ ПӘНДЕРІМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

Ә.Д .Нүркенова
магистр
А.С. Аятов
магистр
А.К. Кемелбаева
магистр
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ
Арқалық, Қазақстан
aigera29_92@mail.ru

Аннотация. *В сфере образования метод интегрального обучения часто используются в Казакстанских школах. Междисциплинарной интеграции, преемственности содержания и обеспечения диалога с соблюдением трех языков.*

Ключевое слово. *Интегрированный, предметный аспект, культурный аспект, социальный аспект, познания.*

Abstract. *In the field of education the method of integrated is often used learning of subjects in schools of Kazakhstan. Interdisciplinary integration ensuring continuity of the content of the dialogue with the observance of the three languages.*

Keywords*.Cultural aspect, social aspect, integrated, cognitions, subject aspect.*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында аталып көрсетілгендей: «Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды. Білім алушылар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды-біліктің жиынтығын меңгеріп қана қоймауға тиіс. Оқитындардың өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (құзыреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі» [1, Б. 12-15].

Сондықтан осындай талаптарға сай студенттерге білім беру еліміздің мемлекеттік білім беру саясатының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

ҚР Жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында: «Жаңа формацияның мұғалімі – кәсіптік дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға»,– деп көрсетілген. Осыған орай, өмірде өз орнын тауып, экономикалық тұрғыдан еркін ойлау қабілеті бар, проблемалық жағдайлардан шығудың жол-жобаларын таба білетін, істің нәтижесін алдын ала болжай алатын жастарды оқытып-тәрбиелеу мақсатына жету үшін мына жағдайлар ескерілуге тиіс:

– білім беру барысында ғасырлар бойы жиналған жалпы адамзаттық құндылықтарды психология-педагогикалық тұрғыдан қалыптастыру тәсілдерін кеңінен пайдалану;

– қазіргі кездегі ақпараттық технология мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, пәндерді кіріктіре оқыту арқылы студенттердің құзыреттілігін арттырып, оларды шығармашылық дербестікке жеткізу;

Білім беру саласында пәндерді кіріктіре оқыту тәсілі қазақстан мектептерінде жиі қолдынылады. Бұл оқушының тек бір пәнді ғана меңгеріп қоймай, барлық пәндерді бірдей меңгеруіне көмегін тигізбек. Нақтырақ айтсақ кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді [2, Б. 354].

Қазіргі оқыту үрдісі пәндердің мазмұнын кіріктіру өзектілігін одан әрі арттырып, осы үрдісті ақпараттық оқыту құралдарымен пән мазмұнына сай жасақталу мәселесін шешумен ұштастыруды керек етіп отыр. Өйткені, ақпараттандыру – бүгінде қоғамдық өмірдің өзге салаларындағыдай білім берудегі стратегиялық мақсат-міндеттерді орындауды интенсивтендіруге мүмкіндік беріп отырған бірден-бір үрдіс.

Осы ретте химия пәнін орыс және ағылшын тілі пәндерімен ақпараттандыру негізінде кіріктіре оқыту тиімді:

– химия пәнінде қолданылатын негізгі терминдердің ағылшын және орыс тілдеріндегі аудармаларымен бірге үйрету, глоссариймен жұмыс істеу;

– ақпарат көздерін пайдалану, ондағы мәліметтерді үш тілде пайдалану;

– пәндерді кіріктіруде мазмұндық-құрылымдық тетіктерді пайдалануға негіздеп қолдану;

– пәнаралық кіріктіру, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып үш тілдің үндесуін қамтамасыз ету;

– аударма арқылы материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ету;

– оқушылардың пәнді тілдердің кең қолданысы көмегімен меңгеруіне мүмкіндіктер туғызу;

Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде математика, физика, биология және химия пәндерін ағылшын тілінде оқыту қолға алынып жатыр. Бұл бір

жағынан қиын болғанымен, қажеттілікен туындап отыр. Ал егер сабақ барысында ағылшын, орыс тілдерімен байланыстыра өткізетін болсақ, осы бастамаға қолдау жасап, азғантай болса да көмегімізді тигізген болар едік.

Пәнаралық кіріктіру арқылы материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздік жұмыстарының орындалу деңгейін көтеруге қол жеткізсе болады. Мұнда ақпараттық, негізінен компьютерлік құралдарды белгілі бір әдістемелік ұстанымдарға сәйкес оқытуды интенсивтендірудің, яғни сапалық жағынан арттырудың маңызы көп. Химия пәнін оқытуды кіріктірудің оңтайлы жолдарын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асыруға болады [3, Б. 26-27].

Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту тарихына көз жүгіртсек. Бұл идея Я.А. Коменскийден басталады. Ұлы дидакт: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысы көрсетіле отырып оқытылуы қажет»,– деген болатын. Атақты педагог пәндердің арасындағы байланысты пайдаланып кіріктіре оқыту негізінде оқыту үрдісінің біртұтастығын қалыптастыруға қол жеткізуге болатынын айтты. Осы идеяға көптеген педагогтар қосылып, оны одан әрі дамытты. Кіріктіре оқыту идеяларын В.Я. Стахарин, Н.Ф. Бунаков, В.И.Водовозов, т.б. педагог ғалымдар жалғастырып, пәндерді кіріктіре оқыту әдістемелерін ұсынды.



Үздіксіз білім беру теориясында 1980-жылдардың соңында білім беру мазмұнының одан әрі дамуының негізгі жолдарының бірі (саралаумен бірге) болып көрсетілген кіріктіру қазіргі таңда оқу-тәрбие процесін технологияландырудың бірден-бір шарты болып табылады. Этимологиялық мағынасы («интеграция» – лат. untegratio) «қалпына келтіру», «толықтыруды» білдіретін бұл ұғым педагогикада бірнеше тұрғыдан қаралады:

– кіріктіру – оқытудың жүйелік принципіне сай жақсы ойластырылған, жіті қарастырылған педагогикалық үрдіс;

– кіріктіру – мазмұндық қайталауларды болдырмау; оқу үрдісінде бағдарламадағы пәндерді логикалық негізделген бірізділік принципіне қарай құрастыру және түрлі пәндерді оқытуда «шекаралық білімді» үйлестіру арқылы қол жеткізуге болады;

– кіріктірудің маңызы, кіріктірілетін пәннің оқу жоспарына сәйкес оқушылардың сапалы білім ала отырып, өздерінің танымдық қабілеттерін дамытады, табиғаттың біртұтас ғылыми бейнесі жөнінде түсінік қалыптастырады, алған білімдерін болашақта тиімді пайдалануға, оны дамытуға қажетті білік-дағдыларды бойына сіңіреді.

– пәнді шет тілдерімен кіріктіру арқылы бүгінгі оқушы, ал ертеңгі маман иесі өзге елдердің мамандарымен бәсекелесуге қабілетін арттырады, өзге мемлекеттердің мамандарынан үйренуге жол ашылады [4, Б. 320-337].

Түрлі пәндерді кіріктіру материалдық дүние мен оны кешенді танып білу мүмкіндіктерінің жалпы әдіснамалық бірлігі принципіне негізделеді. Сондықтан да жаратылыстану пәндерін, соның ішінде, химия пәнін ақпараттандыру негізінде ағылшын және орыс тілдерімен кіріктіре отырып оқыту табиғат, қоғам, болмысты, олардың өзара диалектикалық байланысын тұтас қабылдап, студенттердің жүйелі ойлау қабілетін дамытуға септігін тигізеді және оқушының білім сайысында халықаралық деңгейде бәсекеге түсуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев.Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы // «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. - Астана, 2007. – 12-15бб.
2. Нұғыманұлы И. Химияны оқыту әдістемесі. –Алматы: -Print-S, -2005. – 354б.
3. Жолдыбаева Г.Б. Тілді оқытуда инновациялық технологияларды қолданып білім беруді дамыту // «Қазақстан-2050» стратегиясы – жоғары оқу орындарында педагог кадрларды кәсіби даярлауды қалыптастыру концепциясының негізі» Халық.ғыл.-прак.конф. матер. –Шымкент, 2014. - 26-27бб.
4. Griffths, C. (2008). Lessons from Good Language Learners. Cambridge: CUP. Macaro, E. (2006). Strategies for language learning and for language use: Revising the theoretical framework. The Modern Language Journal, 90/3, L. - 320-337бб.

СПОСОБСТВУЮТ ЛИ ИНТЕГРИРОВАННЫЕ УРОКИ РУССКОГО ЯЗЫКА И ИНФОРМАТИКИ РАЗВИТИЮ УСТНОЙ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ?

О.Д. Сулейменова
учитель, магистр
suleimenova_o@ukk.nis.edu.kz
О.О. Садыканова
учитель
НИШг.Усть-Каменогорска
г.Усть-Каменогорск, Казахстан
sadykanova_o@ukk.nis.edu.kz

Аңдатпа. *Бұл мақалада орыс тілі мен информатика сабақтарын кіріктірудің тиімділігі көрсетілген және оқытудағы аталған тәсілдің келешектегі дамуы мен жетілдірілуі анықталған. Кіріктірілген сабақтар мұғалімдер мен оқушыларға оқытудың өнімді ортасын құруға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізеді. Оқушылар жоғары нәтижеге сай болғанда , олар өзінің мүмкіндігін жоғарылатуға, сондай – ақ өзіне деген сенімділігін бекітуге мүдделі болады. Аталған сабақтар студенттердің функционалды сауаттылықтарын арттырып, академиялық тілді меңгеру деңгейін жоғарылатады.*

Түйін сөздер. *кіріктірудің тиімділігі, оқытудың өнімді ортасы, жоғары нәтиже, сенімділік.*

Abstract. *The artide discusses the productivity and efficiency of russian and IT ingredated lessons and performs the perspectives of its further improvement. Integrated lessons help teachers and students to create effective teaching fnd learning process and meet high academic reguirement and expections. It students are to satisty high reguiements they become highly motivated to seif –improvement and become moce self- confident in their academic development.Integrated lessons help studens to develop their functional literaas and ability to use academic language.*

Key words. *productivity and efficiency, integrated lessons, academic reguirement.*

На современном этапе развития Казахстана идет реформация системы образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Поэтому перед всеми школами стоит задача подготовки конкурентоспособных выпускников, основными качествами которых являются владение государственным и иностранными языками, способность ориентироваться в быстро меняющихся жизненных ситуациях. В эпоXV глобализации одним их признаков конкурентоспособности выпускников школ является знание языков и предметных областей на других языках. Преподавая предметное содержание на трех языках, НИШ стремится создать образовательную среду, в которой все уроки поддерживают изучение как предметного содержания, так и языка.

Согласно политике трехъязычия Назарбаев Интеллектуальных школ [1, с.4] предмет Информатика начиная с 7 по 10 классы ведется на русском языке. Продолжительное время (за 7 и 8 класс) нами велось наблюдение за учениками 8 D класса, и было отмечено, что некоторые студенты данного класса испытывают затруднения в выражении собственных мыслей на втором языке обучения, не принимают активного участия в обсуждении прочитанного, что оказывало отрицательное влияние на качество знания учащихся. В этом мы убедились, когда провели первый интегрированный урок в рамках проекта «LessonStudy» .

Мы хотим выразить благодарность исследовательской группе проекта LessonStudy, так как исследования проводились в рамках данного проекта. Тема исследования группы Lesson Study звучала следующим образом «Способствуют ли интегрированные уроки развитию устной речи учащихся?», поэтому мы решили провести интеграцию предметов русский язык и Информатика.

Группа оказывала неоценимую помощь: мы вместе обсуждали урок, вносили изменения. При планировании урока они советовали нам, какие наиболее подходящие активити, стратегии использовать для того или иного урока. На уроках они вели наблюдение за учащимися A,B,C, брали интервью у учащихся.

Целью данного исследования было оказание помощи студентам, имеющим трудности в обучении на втором языке. Мы запланировали проведение серии уроков в рамках проекта «LessonStudy».

Актуальность исследования:

Актуальность исследования состоит в том, что проведение интегрированных уроков, где осуществляется языковая поддержка, помогает учителям и учащимся создать богатую среду обучения и отвечать высоким ожиданиям**.** Когда учащиеся отвечают высоким ожиданиям, они более заинтересованы в наращивании собственного потенциала и мотивации к обучению, а также укрепления уверенности в себе. Также такие уроки развивают функциональную грамотность студентов, повышают уровень владения академическим языком.

Первым нашим шагом было изучение литературы по теме интеграции предметного содержания и языка. Мы изучили Руководство для учителей по применению подхода «Предметно-языковое интегрированное обучение», разработанное АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», «Политика трехъязычного образования в Назарбаев Интеллектуальных школах», «Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL**)**». Изучив данную литературу, мы пришли к выводу, что благодаря сотрудничеству, учителя-предметники и учителя языковых дисциплин могут создавать более богатую среду обучения, которая поможет студентам сделать более соотносимые связи. Связи между идеями, понятиями, языком и содержанием, и между различными предметами поможет сделать процесс обучения более значимым для студентов [2, с. 51].

Затем мы приступили к разработке серии уроков, где нашей задачей было оказание помощи учащимся в изучении академического языка, необходимого на уроках информатики.

Первый урок был проведен по теме «Программирование ветвящихся алгоритмов: Ветвление».

Были определены следующие цели урока: знание определения слова «ветвление», видов ветвления, построение блок схемы и написание словесного алгоритма решения задач.

Для достижения целей урока нами были подобраны различные виды устных и письменных заданий. В начале урока мы провели «Мозговой штурм», используя эпизод сказки «Иван царевич на перепутье», чтобы выйти на тему урока. Мы попросили учеников вспомнить фрагмент из этой сказки, в котором необходимо определить условие, перед которым поставлен герой, где он должен был выбрать условие, чтобы совершить какое-то действие. Так ученики обсудив в парах представленную блок-схему, смогли определить тему урока, что вызвало интерес к уроку.

При выполнении задания №1, учащиеся должны были составить определение слова «ветвление», используя выражения: **если, то…, иначе** и записать в тетрадях. Учащиеся хорошо справились с заданием, но при обсуждении урока наблюдателями отмечалось то, что учащимися не была использована предметная лексика. Наше упущение было в том, что дети не имели четких критериев выполнения задания.

Также в ходе урока учителя акцентировали внимание на развитие коммуникативных навыков учащихся, через вопросы: «Подумайте и ответьте», «Как вы думаете», «Обсудите в парах» и т.д.

Второе задание требовало от учащихся определить условие задачи и результат программы по заданной блок-схеме. В целом учащиеся так же хорошо справились с данным заданием, но при обсуждении урока один из наблюдателей заметил, что ученица В не поняла условия задания и не знала, где записывать, так как шаблон был на обратной стороне листа, а учитель об этом не предупредил, поэтому она потеряла время и не успела до конца выполнить данное задание. Обсуждая выполнение учащимися второго задания, мы пришли к выводу, что перед выполнением задания нужно ещё раз акцентировать внимание учащихся на условиях выполнения, выяснить понимание учащимися цели данного задания.

Третье задание, предложенное учащимся, написать эссе на тему «Где я могу использовать знания, полученные на данном уроке?» отражало идею интеграции учебных предметов, а также давало возможность ученикам использовать на практике знания, полученные на уроке. В ожидаемых результатах было прописано, что ученики дадут определение слову «ветвление», смогут привести примеры из жизни, используя ключевые слова и термины с данного урока. Но в критерий определение значения слова «ветвление» не было включено, поэтому ни один из учеников не дал определение этому слову, поэтому группа пришла к выводу, что в дальнейшем следует разрабатывать чёткие критерии к заданиям. Мы увидели, что в результате интегрирования предметов класс

справился с этим заданием, так как ученики свободно оперировали понятиями, данными на этом уроке [2, с.6].

В ходе обсуждения были даны следующие рекомендации:

1. Разработать четкие критерии к каждому заданию.
2. Оценивать по критериям, работу хотя бы одного ученика.
3. Уточнять, понятно или нет условие задания.

В ходе исследования для сбора информации мы применяли метод наблюдение, интервью, описание.

Затем провела анкетирование с целью выявления уровня мотивации учащихся 8D класса. (Приложение №) Результаты анкетирования показали, что у 30% учащихся низкий уровень внутренней мотивации, у 60% - средний уровень и лишь у 11% учащихся наблюдается высокий уровень внутренней мотивации к обучению.

Для дальнейшего наблюдения на уроке нами были отобраны ученики со следующими характеристиками:

Характеристики учеников -участников исследования

Ученики	**Возраст**	**Тип интеллекта по Г.Гарднеру**	**Тип восприятия**	**Уровень внутренней мотивации**
А	14	Межличностный, вербально- лингвистический	Визуал	Высокий
В	14	Межличностный, вербально- лингвистический	Аудиал	Средний
С	13	Артист. Кулин. интел.	Визуал-аудиал	средний

После каждого урока с учениками – участниками исследования проводилось интервью по следующим вопросам:

- Понял ли ты цель урока и достиг ли ты ожидаемых результатов?

-Была ли у вас возможность для объяснения того, насколько вы поняли сегодняшнюю тему? Каким образом?

-Что мешало вам на сегодняшнем уроке для достижения цели урока**?**

Интервьюер	
ученик–участник исследования А	
ученик–участник исследования В	
ученик–участник исследования С	

Практика показала плодотворность интеграции уроков русского языка и Информатики и выявила перспективы дальнейшего развития и совершенствования такого подхода в обучении. Мы пришли к мнению, что достижения учащихся, улучшаются, когда навыки изучения языка развиваются осознанно, и когда учащиеся измеряют прогресс в использовании этих навыков. Проведя ряд интегрированных уроков, мы увидели прогресс в учениках. Они уже не испытывают страха при выражении своих мыслей, даже если учащийся не имеет достаточного

лексического запаса или нет достаточных знаний по грамматике для полного выражения мысли, научились проводить самоанализ с целью повышения грамотного и точного использования языка, используют различные возможности для публичного выступления, примером может служить участие Сагандыковой Д. в ТЕД-х.

Учителям информатики рекомендуется работать в тесном контакте с учителями языковых дисциплин, так как существует сильная взаимосвязь между успеваемостью учащихся и хорошим владением языком, в частности, академическим языком. Когда учителя-предметники систематически поддерживают изучение языка, то наблюдается более высокий уровень мотивации и обучения у учащихся.

Использованная литература:

1. Руководство для учителей по применению подхода «Предметно-языковое интегрированное обучение», разработанное АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы».
2. «Политика трехъязычного образования в Назарбаев Интеллектуальных школах».
3. «Методические рекомендации учителям по использованию метода предметно-интегрированного обучения (CLIL)».

ПЕРСПЕКТИВЫ И РАЗВИТИЕ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

М.А. Аскарова
старший преподаватель
ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана
Астана, казахстан
adinras11@mail.ru

Аңдатпа. *Жаһандану және технологизация кезеңінде және қазіргі уақытта тиімді жағдайда, басқа мәдениеттер еркін диалог дайын жас ұрпақтың тетіктерін білім табу процесінің қарқынын байқалады. Ал өзара байланысты және өзара әлемдегі өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады - көптілділік.*

Және, бәлкім, Қазақстанның қазіргі әлемдегі басқа елдер мен халықтар үшін, оның халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс.

Овладение коммуникативной и межкультурной компетенцией невозможно без практики общения, и использование ресурсов Интернет на уроке иностранного языка в этом смысле просто незаменимо: виртуальная среда Интернет позволяет выйти за временные и пространственное рамки, предоставляя ее пользователям возможность аутентичного общения с реальными собеседниками на актуальные для обеих сторон темы. Однако нельзя забывать о том, что Интернет - лишь вспомогательное техническое средство обучения, и для достижения оптимальных результатов необходимо грамотно интегрировать его использование в процесс урока.

Английский язык, как и любой другой, выполняет коммуникативную функцию, поэтому как учебный предмет он является одновременно и целью, и средством обучения. В Интернете опубликовано несколько миллиардов мультимедийных файлов на английском языке, содержащих учебно-методическую и научную информацию, что позволяет организовывать оперативную консультационную помощь, моделировать научно-исследовательскую деятельность, проводить виртуальные учебные занятия (семинары, лекции) в режиме реального времени [4, с.37].

Несомненно, новые компьютерные технологии играют важную роль в обучении иностранным языкам на современном этапе. Главным образом, это зависит от широкого спектра возможностей сети.

Во-первых, Интернет позволяет постоянно получать новую информацию на интересующую тему. При этом информация на иностранном языке будет совершенно аутентичной и, кроме того, современной.

Во-вторых, существующие сайты позволяют отследить уровень своих знаний, выполняя то или иное тренировочное упражнение.

В-третьих, с помощью сети Интернет можно создать подлинную языковую среду на основе интенсивного общения с носителями языка, работой с аутентичной литературой, аудирования оригинальных текстов, что, несомненно, способствует повышению уровня мотивации учащихся.

И, наконец, Интернет является незаменимым помощником при обучении различным видам и аспектам речевой деятельности.

Ресурсы Интернет, несомненно, могут присутствовать на всех этапах обучения иностранному языку. Особенно важную роль глобальная сеть будет играть при самостоятельной работе учащихся, побуждая их к поисковой и творческой деятельности.

Дидактические возможности сети очень велики. Она может стать средством достижения образовательных целей как для учащегося, так и для учителя. В этом случае учитель становится помощником, выполняющим работу, которая наиболее органична в современном контексте образования. Интернет не заменяет учителя, а становится одним из наиболее важных средств обучения иностранному языку на современном этапе [5, с.33].

Таким образом, использование информационных технологий в обучении иностранному языку дает возможность постоянного совершенствования учебных материалов, повышает уровень мотивации в изучении языка.

Сейчас уже все понимают, что Интернет обладает колоссальными информационными возможностями и не менее впечатляющими услугами. Интернет создает уникальную возможность для изучающих иностранный язык пользоваться аутентичными текстами, слушать и общаться с носителями языка.

Используя информационные ресурсы сети Интернет, можно, интегрируя их в учебном процесс более эффективно решать целый ряд дидактических задач на уроке:

- формировать навыки и умения чтения, непосредственно используя материалы сети разной степени сложности,

- совершенствовать умения аудирования на основе аутентичных звуковых текстов сети Интернет, также соответственно подготовленных учителем,

- совершенствовать умения монологического и диалогического высказывания на основе проблемного обсуждения представленных учителем или кем-то из учащихся материалов сети,

- пополнять свой словарный запас, как активный, так и пассивный, лексикой современного иностранного языка, отражающего определенный этап развития культуры народа,

- знакомиться с культуроведческими знаниями, включающими с себя речевой этикет, особенно речевого поведения различных народов в условиях общения, особенности культуры, традиций страны изучаемого языка [6, с.9].

Использованная литература:

1. Щемелева И.Ю. Применение инновационных методов обучения иностранным языкам в школе: учебно-методическое пособие – Орск: Издательство ОГТИ, 2009 г. – 118 с.
2. Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка// ИЯШ № 2, 3 2001 г. - с.65
3. Кушниренко А. Г., Леонов А. Г., Кузьменко М. А. и т.д. Что такое Интернет? Информационные и коммуникационные технологии в образовании. // Информатика и образование. - 1998. - №5-7.
4. Мильруд Р.П. Сотрудничество на уроке иностранного языка, // ИЯШ.-1991. - №6.
5. Владимирова Л.П. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе - 2002. - №3. - С.33.
6. Андриянова Г.В. Использование информационно-коммуникативных технологий в обучении английсокму языку. – с. 9

АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ АСПЕКТІЛЕРІ

А.С. Батырғалиева
магистрант
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана, Қазақстан
Ako-01@mail.ru

Аннотация. *Оценка – как ее логическая категория характерно только для человека. Все вещества в мире оценивается с хороший/плохой, положительной/отрицательной стороны. Во многом исследований термин «Аксиология» исползуется как «оценка», «оценивать». В данной статье рассматриваются аспекты лингвистического аксиологического анализа и виды оценки.*

Ключевые слова. *аксиология, оценка, ценность, человек.*

Abstract. *Estimation - as her logical category characteristically only for a man. All substances in the world estimated with good/bad, positive/negative side. In a great deal researches term "Axiology" of use as "estimation", to "estimate". There are many classifications of estimates that are based on different criteria. In modern linguistic science presents a number of estimates, the most common is the unit assessments and rational emotive.*

Keywords. *axiology, value, assessment, discourse*

Аксиология (көне гр. axios – құнды) – құндылықтар туралы ілім. Құндылық термині гуманитарлық ғылымдарда неміс ойшылы Р.Г.Лотценің философиялық трактаттары және неокантшылдардың еңбектері арқасында орнықты. Құндылық жағымды мәндегі жеке заттардың, әлеуметтік –

мәдени феномендердің және болмыстың ойға алынатын және елестетілетін универсумы түрінде айқындалуы мүмкін. Н.О. Лосский: «Адамға қатысты нәрсенің бәрін не бірыңғай жағымды, не бірыңғай жағымсыз деп бағалауға болады. Сондықтан құндылық дегеніміз – бұл барына қатысты болып, дендеп еніп, тұтас әлемінің, жеке тұлғаның, оның әр ісінің мәнісін анықтаушы», - деген ой айтады [1, 245-б].

Адам өмірінде құндылықтар табиғи, мәдени, танымдық, этикалық, эстетикалық болып келеді. Тіл арқылы сөйлеуші адам құндылықтар әлемінде өз орнын тауып, басқа да субъектілермен байланыс орнатады. Құндылықтарды біз негізгі және қосымша деп екі үлкен топқа бөліп қарастыратын болсақ, онда негізгі құндылықтар адам үшін ең маңызды, тіпті ол үшін өз өмірін де қиюға дайын болатын құндылық болып табылады. Осыған орай лингвистикалық аксиология мына жүйеде қызмет етеді: «Адам – Тіл – Қоғам – Мәдениет – Әлем». Бұл жүйе әлеуметтік маңызды әлем құрып, бір жағынан тілде қолданылса, екінші жағынан сөйлеу актісінде дискурстық бірліктер немесе мәтін арқылы адамдар қарым – қатынасын білдіреді.

Жалпы аксиологиядан біз тілге қатысты лингвистикалық аксиологияны қарастырамыз. Аксиология мен тіл білімінің арақатынасы бізге тілдің аксиологиялық аймағын қарастыруға мүмкіндік береді. Аксиология баға, бағалау мағынасында жұмсалады. Оның барлығы баға, бағалаумен тікелей байланысты. Әр адамның қоршаған орта, құбылыстар, іс – әрекеттер, мінез – құлық туралы түсініктері әртүрлі болады. Әркім іс – әрекеттерге, мінез – құлыққа, құбылыстарға өзінің ойлау өресі жеткенше, өз түсінігі шеңберінде баға береді. Мәселен, *құралайды көзге атқан* деген тұрақты сөз тіркесі адамның мергендігін, яғни бағытталып айтылған адамға жағымды баға беріп, мақтау мәнінде қолданылады. Сол сияқты төрт түлігі сай адам немесе мал біту деген сөз тіркестері байлық, бай, баю мағыналарын береді. Бұдан қазақ халқы байлықты төрт түлік малмен өлшегендігін көруімізге болады.

Зерттеулердің нәтижесінде бағалаушы сөздердің мынандай түрлері анықталған: ұнайды \ ұнамайды, мақұлдау/ мақұлдамау сияқты жалпы бағалаушы лексика, сүйіспеншілік, жек көру, қорқыныш, мұң сияқты сөздердің «эмотивті аспектісін» түсіндіретін жеке бағалаушы сөздер. Бұл бағалауыштықпен қатар эмоцияның атауын да білдіреді.

Осы пікірлерден адамның эмоциялық көңіл-күйі сөйлеу тілінде эмоционалды сөздер арқылы беріліп, оның бағалауыштықпен байланысы бар екендігіне көз жеткізе отырып, бағалауыштық туралы ойымызды кеңірек қарастырсақ. Бағалауыштықты зерттеушілер бағалаудың абсолютті баға және салыстырмалы баға деген түрлерін атайды. Біріншісінде «жақсы/ жаман» («хорошо\ плохо») терминдері қолданылса, екіншісінде «артық/ кем» («лучше/ XVже») терминдері қолданылады. Абсолютті баға кезінде бағалау үшін кем дегенде екі обьект немесе бір обьектінің екі күйі салыстырылады. Абсолютті бағалау әлеуметтік стеоротиптердің ортақтығына негізделген орамды (имплицитті) салыстыруға, яғни көп нәрселерді қамти отырып салыстыруға негізделсе, салыстырмалы баға нақты

екі обьектіні салыстыра отырып бағалауға негізделеді. Бұл сұрақты тілдік бірліктерге қатыстыра зерттеген Э. Сепир: «градуирование как психический процесс предшествует измерению и счету. Мера «фут» не имеет смысла, пока мы не знаем, что он больше, чем, дюм и меньше чем ярд», - деген пікір айтады [2, 155-б]. Семантикалық талдау кезінде бағаны салыстырудан бөліп қарастыруға болмайтындығы анықталды: абсолютті белгілердің өзінде имплицитті салыстыру бар. Мысалы: *Қырағы көз кешегіден бүгінге қарағанда алыстан көргенің күндеп, мен де көріп тұрмын деп еліктегенмен, соқырды көздіден оңай-ақ айырасың. Жаман қауіп келіп қалғанда ғана алас-тұлас болатын болса, болмағаны жақсы-ақ.*

Н.Д.Арутюнованың пікірі бойынша бағалау – бұл когнитивті акт, соған сәйкес адамның өмірі мен қызметінде алатын орнын анықтау үшін субъектінің бағаланатын объектіге қатынасы белгіленеді. Осы орайда мәтіннің екі түрі анықталады: жалпыға ортақ пікірге негізделген мәтін және жеке пікірді білдіретін мәтін. Жеке пікірді білдіретін мәтіндерде, «аксиологемалар», адамның ойын білдіретін құнды сөздер қолданылады. «Аксиологема» термині мен дискурсті әлемдегі бағалау ұғымын білдіретін кез келген тілдік бірліктерді атауға болады. Бұл, ең алдымен, бағалауыштық пікірлер, тұрақты сөз тіркестері, біліктілікті білдіретін атауыштық сөздер [3, 45-б].

Г.В.Выжлецов құндылықты субъектаралық қатынас деп таныса, М.С. Каган субъект пен объект арасындағы қарым – қатынас жүйесінде құндылықтық қатынастың болатынын жазады. Құндылықтар адамның өз мақсаты мен мінез – құлқының нормалары ретінде, фундаментальды нормалар қызметін атқаруда, мәдениет мәнін ашуда, адамдар әрекетінің қызығушылық және орындалу шартына әсері, қоғам мен жеке адам негізінде сипатталады [4,134-б]. Осыған сәйкес мынадай қорытындыға келеміз: құндылықтар қоғам мен адамнан тыс өмір сүрмейді, адамға қатыссыз ешбір зат өздігінен құндылық болмайды, құндылықтар адамның қызметіне, әрекетіне байланысты қалыптасады. Осылайша адам мен құндылықтар өзара тығыз байланыста болады екен.

«Жалпылай бағалау» ұғымына сай кез келген объект жақсы немесе жаман бағалануы мүмкін. Яғни, құндылықтар аксиологиялық статусында құндылықтарды анықтаудың 5 дәстүрлі аймағы қарастырылады [5, 134-б].

Шындық аймағы, бұл жерде құндылықтар «шынайы/жалған» терминдерімен анықталып, заттар мен құбылыстардың бар болуы мен олардың қасиеттерінің сапасына мән беріледі; Мысалы, *Ал сондай қайғылы ортаны, сол ортаның мұңын арқалаған дәрменсіз өкілді өз араларыңнан кездестіргендерің бар ма? Жоқ, бұл ендеше сол лирикалық геройдың өмірде дерегі, тұрағы жоқтығын танытады.* ***Жалған*** *нәрсе көріксіз болады қашан да, - деп ұзақ сөйлеп барып тоқтады* (221 бет). Бұл сөйлемдерде белгілі бір затқа анықтама берілген. Яғни, «жалған нәрсе» ешқашан биіктен көрінбейді, оның сұлулығы да болмайды, ол әрқашан көріксіз болады. Ал көріксіз нәрсенің ешқашан да құны болған емес, болмайды да. Міне, автордың бастапқыда берген бағасы да, айтпақ ойы да осы.

Сұлулық аймағы – эстетикалық аймақ. Мұнда құндылықтар «әдемі/ұсқынсыз» терминдерімен анықталып, адам өзі тудырған немесе адамның сол заттар мен құбылыстарға байланысты туындаған ойларының бақылау әлеміндегі бағалау көрінісі; Мысалы, *Мәуленнің осы ойын Инеш алдын ала сезгендей, өз қаласын арашалай сөйледі: - Қалалар тарихына қарасаң, ғасырлап өседі. Ал біздің елдің қалалары айлап, жылдап өсіп жатыр. Бұл – факті. Алматының келешегі зор. Жаманның бәрі сырылып,* ***сәндік*** *пен* ***сұлулыққа*** *жол беріп келеді ғой. (21-бет). Қарсы беттегі қара диванда екеу отыр. Үстінде «спортшы» деп аталатын көнетоз костюм киген жас жігіт барынша зор дауыспен қасындағы сәнді киінген біреуге қарап сөйлеп жатыр (25-бет). Әйтеуір кешегі кештен бері соның түрі Мәулен есінде айқын қалған. Аласа бойлы, балуан денелі, қара көзді, келбетті қара жігіт. Үстіңгі бір күрек тісі қатарынан қырындай бөлек шығып, көзге бірден шалынады (29-бет).* Ал бұған қарама – қарсы мағынаны, жағымсыз мағынаны білдіретін де бағалаулар бар. Мысалы, *Алматының бірінші станциясы оған ұнамайтын еді. Көшелері* ***қисық, үйлері сәнсіз****. Сыртын сары бояумен сылаған бір қабат аласа ғана вокзал тасқын судың жолына ұстаған жеңіл – желпі бөгеудей ғана. Мыңдаған адам қалаға келіп, соншасы аттанып жатады(21-бет).* Айтылған сөйлемдерде заттар жағымды/жағымсыз тұрғысынан бағаланған. Алғашқы сөйлемдерде қалаға берілген жағымды, қанағаттану деңгейіндегі бағаны көреміз. Сол арқылы адамдардың болашағы бар, зор қалада өмір сүріп жатқанын да елестете аламыз. Жамандықтың бәрі жойылып, алда тек жарқын болашақ, жақсылық қана күтіп тұрғандай...Сонымен қатар, адамның киім – кешегін, оның бет – әлпетін жақсы жағынан бағалаған. Жазушы қолданысындағы бағалау категориясы арқылы жігіттің түр – түсін, денесін, киімін көз алдымызға еркін елестете аламыз. Яғни, жазушы қолданысындағы заттар, адамзатты, дүниені бағалау қаншалықты айқын, дәл, нақты болса, оқырман өзін құдды бір сол әлемнің ортасында жүргендей сезінеді.Ал соңғы сөйлемдерде осы айтылғандарға қарама – қарсы жағымсыз баға беріледі. Оны мынадай предикаттар білдіреді: көріксіз, қисық, сәнсіз. Осы лексемалар арқылы адамның бағаланып тұрған затқа не құбылысқа қанағаттанбағанын, көңілі толмағанын байқаймыз.

Этика аймағы, құндылықтар «жақсы/жаман, жақсылық/жамандық» терминдерімен анықталады. Адамның әлеуметтік ортада, қоғамда өзін – өзі ұстауы; .Мысалы, *Гүлшаттың осы бір пиғылынан Инеш өзіне деген* ***жанашырлық, жақындықты*** *сезді. Қайрат, төзімділігіне таңырқанды. (15- бет). Инеш Гүлшатқа сондай разы болып қалды. «Ай, Гүлшат-ай, қандай* ***жақсы, қандай әділсің сен****!»(50-бет). Өзі* ***ақжарқын, тамаша*** *адам екен. (58-бет).* Бұл сөйлемдерде адам бойындағы жақсы, жағымды қасиеттер бағаланады. Бағалау мағынасы «жанашыр», «әділ» лексемалары, «қандай жақсы», «ақжарқын, тамаша» сияқты синтаксистік конструкциялар арқылы берілген. Кейіпкер өзіне деген ыстық ықыласты сезіп, құрбысынан ондай іс – әрекетті күтпей, таңқалып тұрғанын байқаймыз. Өмірдегі барлық адамдардан көңілі қалып, ондай жанашырлықты күтпеген кейіпкеріміздің әлемде жақсы жандар бар екендігіне көзі жеткендей.

Қанағаттану аймағы, «жағымды/жағымсыз» терминдерімен құндылықтар анықталады. Адамның адамдармен, заттармен, құбылыстармен қарым – қатынас кезінде жақсы сезімде болуы; Мысалы, *Осы бір сәтте оның құлағына ысылдаған **жағымсыз** бір дыбыс келді. Алыстан талып естілгендей. Ыстық буалдыр күнде құрғақ ауа жаңғырықпайды. Бар дыбысты обырлықпен жұтып, елсіз дала кеңістігінде тымырық тыныштық жайлап тұрған бір шақ (14 бет).*

Пайда аймағы, бұл прагматикалық аймақ. Құндылықтар «пайдалы/пайдасыз/зиянды» терминдерімен беріледі. Бағаланатын объектінің әкелетін пайдасы мен зиянды жақтары анықталады. Мысалы, *Әңгіме атағында емес. Әңгіме түсірер **пайдасында** (87 бет). Ие, ие **пайдасында** әңгіме, егер шайыр пайдаға асса, миллиондаған мемлекет қаржысы үнемделеді. Бізді ойландырған осы жай (87 бет). Жоқ, мен мына студенттердің қасына–ақ отырармын, маған сол ара **қолайлы**, - деп қарулы қолдарымен машина жақтауынан қапсыра ұстады да, жеңіл ырғып үске шықты (101 бет).Сыртқы жағдайдың қызметін дұрыс бағалауға бұл жаңалықтың қазірдің өзінде – ақ үлкен **пайдасы** бар, - деп Гүлшат өз қорытындысын айтты (104 бет).*

Жоғарыда келтірілген құндылықтарды жоққа шығаруға болмайды. Олардың барлығы адамның дүниеге көзқарасынан, жазушылардың өзіндік қолтаңбасынан туған құндылықтар.

Қазіргі таңда бағалаудың типологиясын дәл анықтап беру мүмкін емес. Себебі, бағалау жүйесі бағалаудың бағытына, бағалауды жүргізу әдісіне және де адамның іс – әрекетіне байланысты. Шартты түрде де бағалаудың мынадай түрлерін ажыратып көрсетуге болады:

Жалпы бағалау, белгілі бір объектінің жағымды немесе жағымсыз жағын көрсетеді.

Көзқарасты білдіретін бағалау, белгілі бір затты немесе құбылысты бағалау кезіндегі сөйлеушінің шынайы көзқарасын білдіру. Мұнда пікірдің шындыққа жанасу – жанаспауы қыстырма сөздер арқылы беріледі (мүмкін, менің ойымша, бұған қарағанда т.б.).

Нақты бағалау, қайта тексеруге жатпайтын бағалау түрі. Бағалаушының дәлелдемелерге қарап, өз пікірін нақты беруі.

Шартты бағалау, қайта тексеріп, қайта бағалауға болатын қабылдау мәліметтеріне негізделген бағалау.

Жеке бағалау, бір адамның пікіріне негізделген бағалау.

Топтық бағалау, бірнеше адамның пікіріне негізделген бағалау.

Шексіз бағалау, ешқандай жүйеге негізделмей, ешқандай ережеге сүйенбей адамның қалауына қарай бағалау.

Дарынды бағалау, ойлау жүйесі мен білімді бағалау.

Жүйелі бағалау, бағалаушының бір жүйе бойынша бағалау түрі.

Дәрежелі бағалау, бағалаушының дәлелдемелерге қарап отырып, объектінің немесе субъектінің қай дәрежелі екенін анықталуы.

Көңіл – күйге байланысты бағалау, бағалау кезінде бағалаушының көңіл-күйін білдіреді (қуаныш, реніш, өкініш, қорқыныш).

Баға, бағалау объектісі күні бүгінге дейін толық зерттелмеген өзекті мәселелердің бірі. Бағалау мен құндылықтар жүйесі әрқашан да ғалымдардың зерттеуін талап ететін тақырыптардың бірі. Қорытындылай келе, бағалау арқылы біз құндылықтарды танимыз. Баға беру арқылы лингвистикалық аксиологиялық талдау жүргізіп, әлемнің тілдік суретінде аксиологиялық аспектілерді көрсетеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Шелер М. цит. по: Краткая философская энциклопедия. - 1994.-547б.
2. Ильин В.В. Аксиология. – М.:Изд-во МГУ, 2005. – 216 б.
3. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. - М.: Наука, 1988. – 124 с.
4. Каган М.С. Философская теория ценности. – СПб.: ТОО ТК «Петрополис», 1999 – 205 б.
5. Қожабекова Г.К. Вестник КазНУ. № 2 (148). 2014.
6. Шаймерденов С. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1996. – 479 б.

СЫН ЕСІМДЕРДІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Ә.Темірғалиқызы
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты
Семей, Қазақстан

Аннотация. *В статье рассматривается символическое значение прилагательных в казахском языке.*

Abstract. *The article deals with the symbolic meaning of adjectives in Kazakh language*

Кез келген ұлт мәдениетіндегі түр-түс әлемі өзіндік ерекшелікке ие. Түр-түстердің символдық мәні бар. Ол символдық мән әр халықта әр түрлі.

Мәдениеттегі түр-түс арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоционалдық қалпын, адамгершілік түсініктерін, ырымдарын, наным сенімдерін білдірген.

Қазақ тіл білімінде сын есімдерді халқымыздың тыныс-тіршілігімен, салт-санасымен, эстетикалық талғамымен байланыстыра зерттеген ғалым – академик Ә.Т.Қайдар. Ғалым өз зерттеулерінде табиғаттағы түр-түстерге, олардың жер-су атаулары құрамындағы мағыналық ерекшеліктеріне шолу жасай отырып, төрт түлік мал түстеріне байланысты атаулардың семантикалық және этнографиялық сөз орамдарына ұйытқы болуын жан-жақты баяндайды

Түр-түс – ұлт мәдениетін танытатын бір тұғыр. Түр-түс ата-бабаларымыздың мифтік түсінігімен астасып жатады.

Түр-түстердің өзіндік сипаты, зерттелу тарихы, семантикасы, қолданылуы т.б. мәселелер төңірегіндегі зерттеуді Ә.Қайдар, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбековтердің «Түр –түстердің тілдегі көрінісі» еңбегінен көруге болады[1].

Тілші-ғалым Б.Ақбердиева еңбегінде түр-түс атауларының символдық мәні талданады[2].

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде, аңыздық мифтерінде, бақсы сарыны мәтіндерінде **сары** түс атауының төңірегінде жасалған символдық мағыналы сөздер де көптеп кездеседі. Көбінесе бұл *сары* сөзі адам, пері, шайтан аттарына, яғни белгілі бір субъектіге қатысты қолданылған (*Мыстан, Сарықыз, Күнікей, Бекторы* және т.б.). *Сары* түсінің жағымсыз кейіпкердің символы екендігін, басқа да халықтардың мифтік аңыз-әңгімелерінен аңғаруға болады.

Қазақ мифіндегі *көк түс* аспанға қатысты, оның тәңірлік сипаты болған. Бұл танымның тереңде жатқандығын Күлтегін ескерткішіндегі «Биікте *Көк Тәңірі,* Төменде қара Жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» жолдары дәлелдей түседі. Ата-бабамыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп, әр бұрышқа өзіндік символикалық реңк-түс берген. Атап айтқанда, шығыс – **көк**, оңтүстік – **қызыл,** солтүстік – **қара**, батыс – **ақ** түс деген күн айналымына негізделген таным. Осындағы шығыстың символы ретінде *көк түсін* киелі санаумен байланысты қазақ халқы шығысты да қасиетті санап, шығысқа қарап тілек тілеген, киіз үйдің есігін шығысқа қаратып ашқан. Бұның бәрі ұлы *«көк»* – аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан. Демек, *көк түс* - адалдықтың, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы ретінде «мәңгілік көк аспанмен», «тәңірімен» ұқсастырылады. Осы түсінік *жеті қат көк, тоғыз қат көк* тіркестерімен бейнеленген. Еліміздің туының түсі ашық аспан түстес болуын да *көк* түсінің ерекше ықыласқа бөленуімен түсіндіруге болады.

Басқа халықтардағыдай қазақ халқы үшін де әлем екі түске – **ақ** пен **қараға** бөлінген. Оның бірі ақ түс-күллі игі, жақсы қасиеттер бернесі болса, көп жағдайда қара түс-жамандық біткеннің бедеріне ие: «Ақ» дегені – алғыс, «Қара» дегені – қарғыс»; «Ақ»пен «Қараны» шындық айырар»; «Ақ пейілдің аты арып,тоны тозбайды»; «Ақтың отын ақымақ өшіре алмайды»;

« Ақ сауыттың жағасы бар,жеңі жоқ, Шың жақсының ашуы бар,кегі жоқ»; «Ашамай нарға жарасар,ақ түйе барға жарасар»; «Ақ қар көп болса, ақ нан көп болар»; «Ақ сұңқар ұшар жем үшін,ер жігіт туар ел үшін»; «Ақ сөз ащы болар, ғайбат сөз тәтті болар»; «Аштың көңілі ақ ұнда, тоқтың көңілі сағымда»; «Ағын су арнасын табады,ақ адам орнын табады»; «Ақ бидайдың қадірін ашыққанда білерсің,ағарғанның қадірін қыс шыққанда білерсің»; «Ананың алды-ақ жаулық».

Абай Құнанбаев өлеңдеріндегі түр-түс символикасы өзіндік ерекшелікке, символдық мәнге ие. Яғни, «мәдениеттегі түр-түс» арқылы халық өзіндік эстетикалық көзқарасын, эмоциялық қалпын, адамгершілік түсініктерін білдірген. Мысалы,Абай Құнанбаевта ақ түс символдық мағынасында келіп, халықтың ұлттық танымдық жолын білдіреді.

Ынсапсызға не керек

*Істің **ақ** пен **қарасы**? (29 бет. Интернатта оқып жүр)*

Бұл жерде ақ пен қара қарама-қарсы алынып,яғни істің дұрысы, адалдығы ақ, ал істің бұрыстығы қара деп алынған. Іс-әрекет дерексіз, деректі зат сияқты алынған, түсі де анықталған. Халық танымындағы «ақ» түсінің адалдық, пәктік, тазалық мағынасына сүйенген. «Қара» түсі де халық танына сай мағынасында, яғни «ақ» түске антоним ретінде жұмсалған.

Абайда:

***Аққа** тартқан,*

Жөнге қайтқан,

*Ақыл айтар пенде жоқ. (*129 бет. Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң)

Өленде ақ түсі халықтың ақ – пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы ретінде алынатын мағынасында жұмсалған Жалпы халқымыз киелі нәрселер мен қасиетті заттарды ақ атауымен атап, оларды аққа балаған. Сондықтан да сүттің түсі қазақтың ұлттық танымында көптеген жағымды ұғымдардың нышанына айналған. Халық «аққа Құдай жақ» деп бекер айтпаған. Мысалы, Абайда:

Ойым да ақ, жарым да ақ,

Кеңімді, тарамды

Қарасам пайымдап,

Сөзің сол сарынды.

(Болды да партия, 196 бет).

Ақтың «тазалық» мәнін білдіруін қайтыс болған адамды ардақтап, қастерлеп қою салтынан да байқаймыз. Мысалы, Абайда:

***Ақ көйлекті** бітіріп,*

Кебінім деп киді, өлді.

(Асқа, тойға баратұғын,103 бет),-деген жолдар кездеседі.

Ақтың бұл сынды мағыналарымен «сұлулық», «келбеттілік», «әдемілік» ұғымдары астасып жатады. Мысалы, Абайда:

Ақ тамақ, қызыл жүз,

Қарағым, бетіңді аш!

Қара көз, имек қас,

Қараса жан тоймас.

Аузың бал, қызыл гүл,

Ақ тісің кір шалмас.

Ақ етің үлбіреп,

Өзгеше біткен гүл.

(Көзімнің қарасы,115 бет)

Ақ түстің «киелілік», «қасиеттілік» мәнін әулие - әнбиелерді сипаттауынан да көруге болады. Мысалы, халық ұғымында Қыдыр бабамызды ақ сақалды, ақ сәлделі, ақ шапанды қария ретінде сипаттайды.

Ақ түсті жақсы ниет, ырым, жақсылық деп есептеген қазақтар ырымын да ақ қой сойып бата алу да кездеседі.

Алты қанат ақ орда үй шайқалды (Қыс,55 бет)

Алты қанат ақ орда қазақ ұғымындағы сұлулықты, әдемілікті бейнелейді.

Оқыған білер әр сөзді,

*Надандай болмас **ақ** көзді.*

(Біреуден біреу артылса, 64 бет)

Ақ түсі бұл жерде қарама-қарсы мағынада жұмсалған. Қараңғы, білімі жоқ, түсінігі жоқ деген ұғымды беруге қызмет етеді.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қара сөзінің мағынасына қатысты берілген сөздерден ***түстік, белгісіздік, қайғы-уайым, қатыгездік, киелілік, қасиеттілік, қарапайымдылық*** мағыналарын тануға болады. Бұл мағыналар қара сөзінің ұғымдық нышандық, яғни таңбалық белгісін де білдіріп тұр. ***Қара*** сөзінің тура мағынасы – *«ақтың қарама-қарсы түрі».* Бұл оның негізгі мағынасы. Өмірдегі заттар мен құбылыстардың сапасы мен қасиеті қандай болса да, олардың бір қатарын ақ деп айқындау ұлттың мол мейірім,іңкәр көңілінің,үлкен үміт, телегей тілегінің, шалқар сезімінің, асыл арманының куәсі. Қазақ мәдениетінде ақтың антиподы ретінде **қара** түс қолданылып, ақ-қара бинарлық жүйесін құрайды. Мысалы, Абай ақын өлеңіне үңілсек,

*Ақылды **қара қылды** қырыққа бөлмек,*

Әр нәрсеге өзіндей баға бермек. (Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,11 бет)

Сонымен бірге ақ-күннің, қара-түннің символдық белгісі. Дүниеде қарама-қарсылықсыз еш нәрсе жоқ. Қарама-қарсылықсыз дамудың жүзеге асуы да мүмкін емес. Бұл – дәлелденген диалектикалық өмір заңы. Оны нақты түрде былай деп көрсетуге болады: ізгілік пен жауыздық, әділеттілік пен әділетсіздік, адалдық пен арамдық, пайда мен зиян т.б. Демек, өмірдің мәні қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресін тану, жеңу болса, сол түсінік қазақ ұғымында ақ пен қара айналасынан орын алады. Сонда қуаныштың, адалдықтың, сән-салтанаттың, жақсылықтың символына айналған ақ түске қарама-қарсы қайғы-қасіреттің, жамандықтың белгісі ретінде қара түс.

Абайда:

Қара басқан, қаңғыған

Хас надан нені ұға алсын? (Өзгеге, көңілім, тоярсың,98 бет) ,- түрінде кездеседі.

Мысалы: «**Қара** жерге қарыз арқалама»; «**Қара** жерді жамандама – қайтіп сонда барарсың , Қауым елді жамандама – қарғысына қаларсың»; «**Қара** күн басыңа тумай **қара** су кешпе»; «Қасапшыға мал қайғы, **Қара** ешкіге жан қайғы»; «Жауды **қара** қашырды, Батыр атақ Барақта қалды»; «Өрмекшінің торы – **қара** шыбынның соры»; «Кемеңгер келістіден шығар, Қара байыр желістіден шығар»; «Кәрі атың мақтаған **қара** жаяу қалар»; «Қазанға жолама, қарасы жұғар, Жаманға жолама,жаласы жұғар»; «Қайғысы жоқ адамға қара көже балмен тең, Қайғысы көп адамға кең дүние жермен тең»; «**Қара** көзден нұр тайса, қарға адым жер мұң болар»; «Жаман адам – құлқынның **қара** қабы, Жақсы адам – адалдықтың тағы»; «Жақыныңды жаралама, Алысты **қаралама**».

Абай өлеңдерінде:

***Қара қарға** сықылды шуласар жұрт,*

Кім көп берсе, мен соған серт берем деп. (Қартайдық, қайрат қайтты, ұлғайды арман,13 бет)немесе

*Қарындас **қара** жерге тыға алмай жүр,*

Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.

Қайғы-қасіреттің белгісі европалықтарда –қара түс, ал австралиялықтарда – **ақ** түс болған десе, қазақтар үшін – **қара** түс. Оған тіліміздегі: қара жамылды, қара қағаз, қаралы ат, қаралы дауыс, қаралы болды, қаралы күн тәрізді сөз оралымдары дәлел болады. Абайда:

*Жарқ етпес **қара көңілім** не қылса да,*

Аспанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,

Саған жар менен артық табылса да. (Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,90 бет)

Қара түс бұл өлең жолдарында қайғылы, уайымға салынған деген мәнді білдіреді.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә.Марғұлан: **«Көк** түс-көкке табынудың, аспанның символы, **қызыл** – оттың, күннің, **ақ** – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, **сары** – ақыл-ойдың, **қара** – жердің, **жасыл**-көктемнің, жастықтың символы», - деп жазады [3,256 б].

Түр-түстің символдық мағынасына байланысты ғалым Ислам Айбарша: «Түр-түсті білдірер символдар жүйесі қандай да болмасын ұлттың дәстүрлі дүниетанымның негізгі танымдық кодтарының бірі болып табылады» - дейді [4,21б].

Ата-бабаларымыз дүниені төрт бұрыш деп түсініп әрі әр бұрышқа өзіндік символдық реңк – түс берген. Атап айтқанда, шығыс-көк түс, оңтүстік – қызыл түс, солтүстік – қара түс, батыс – ақ түс деген күн айналымына негізделген таным. Қазақ ұғымында **«көк»** түс – аспанға берілген оның тәңірлік сипаты болған. Мысалы: «Күн сіркіресе, **көк** дүркірейді»; «Сәуір болса, күн күркірер, Күн күркіресе, **көк** дүркірер»; «Жаманның тілі ащы, **Көк** мияның гүлі ащы»;; «Көп ұнатса, **көк** тоқтыны сойып ал»; «Көбік қарда түлкі ойнар, **Көк** көрпеде жылқы ойнар»т.б. *Көк түйнек, көк сабақ, көк сағал* дегенде егістің, бақша дақылдарының *әлі піспеген, шикі* екенін білдірген. Абай өлеңінде осы көк түстің жас деген мағына бергендігін аңғарамыз.

*Көп жасамай, **көк** орған,*

Жарасы үлкен жас өлім. (Немере інісі өлгенде айтқаны,170 бет)

Көк- жас деген мағынаны береді.

*Біреуі –**көк балдырған**, бірі –құрай,*

Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?(Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,174 бет)

Көк түс- көктем мезгілін, жас шөптің шығуына байланысты жыл мезгілін суреттеп тұр.

Адамның кейбір кездері

Көңілде алаң басылса;

Тәңірінің берген өнері

***Көк** бұлттан ашылса.(Адамның кейбір кездері,179 бет)*

«Көк судың тоғы болмас» дегенде нәрі жоқ деген мәнде жұмсалады. Көк бұлт деген- уайым мен қайғыдан серпілсе, алаңсыз күй кешсе деген ойды ашуға жұмсалады. Ал мына жолдарда **көк** түсі тура мағынада.

Көк ала бұлт *сөгіліп,*

Күн жауады кей шақта. (Көк ала бұлт сөгіліп,180 бет)

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,

Көп ит жеңіп, ***көк итті*** *күнде жемек. (****Көк тұман*** *–алдындағы келер заман, 186 бет)*

Адамның мінез ерекшелігін береді. Көк лексемасы түсті білдіріп тұрған жоқ. Көк түсі топтан ерекшелендіріп, дараландырып тұр. Көк бөрі деген тілімізде ұғым бар. Көк – қасиетті, мықты деген ұғымды білдіреді.

Көк түсті киелі санаумен байланысты халық шығысты да қасиетті санап, шығысқа қарап тілек тілеген,киіз үйдің есігін шығысқа қаратып ашқан.Бұның бәрі ұлы«көк»аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан. Демек, көк түс-адалдықтың, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы ретінде танылған. Бұл-халық танымының айнасы. Ол халық рухының бет-пердесін, ұлттық рухтың шырқау биікке, жоғарыға, тазалыққа, руханилыққа ұмтылысын танытады.Сонымен қатар тілімізде ***көк түсі*** – тек зиялылық, қарапайымдылық, ойлылық, іскерлік т.б. реңктерді білдіріп қоймастан, әр түрлі ойсыздық, сенімсіздік, тұрақсыздық т.б. ұғымдарының белгісін сипаттайтынын айта кетуге болады.

Қызыл түс о баста Күннің, Оттың түсіне байланысты қабылданып, күні бүгінге дейін көптеген халықтар үшін солардың символы ретінде қасиетті түс болып саналады. Мысалы: «Қылымсыған қыз **қызыл** көйлек киеді»; «Ананың көзі қызында, қыздың көзі **қызылда**» т.б. Сонымен қатар, қызыл түске қатысты мақал – мәтелдер: «Ашуы қысқанның көзі **қызарар,** Ашуы басылса, жүзі **қызарар**»; «**Қызыл** тілден ашығанда у тамар»; «Қиядағы **қызыл** түлкіні, қияннан соққан бүркіт алар»; «Өнер алды – қызыл тіл»; «Қызыл гүл де қурайды»; «Қисық бұтаққа да **қызыл** жиде бітеді»; **«Қызыл** жұлдыз күндіз де, түнде де жарқырайды».

Кез – келген мәдениеттегі түр-түс өзіндік символдық мәнге ие болып келеді. Бұл тәрізді символдар адам баласының сан ғасырлық тәжірибесінен қорытылып шыққан, тарихи жағынан қалыптасқан белгілі бір түсініктің, философиялық ой мен ұлттық дүниетанымның жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә, Ахтамбердиева З. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992.– 160 б.
2. Б. Қазақ тілі материалы бойынша «Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар». Фил. ғыл. канд. ... дисс.- Алматы, 2000. - 119б.
3. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы : Ғылым, 1977.
4. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. автореферат. - Алматы, 2004. - 251б.

КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ «ДӘУРЕН» КОНЦЕПТІСІ

Ы.Т. Серікбаева
студент
Б.С. Қарағұлова
ф.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
yrzagul_95@list.ru

Аннотация*. В данной статье рассматривается концепт и его терминологические связи в казахском языкознании. Проводится обзор научных трудов, посвященных данному понятию. А также анализируется на концепт «даурен».*

Ключевые слова. *когнитивная лингвистика; концепт; «даурен»; «национальный».*

Abstract. *This stet is considered the concept and terminology due to the Kazakh linguistics. The review of scientific papers on this is clear. Also analyzed in the concept of «Dauren».*

Keywords. *cognitive linguistics; concept; «Dauren»; national.*

Когнитивтік тіл білімінде қазіргі антропцентризмдік талдаулар деңгейінде қалыптасқан когнитивизм негізінде пайда болып, тілдік зерттеулердің көкжиегін кеңейтеді. Когнитивизм, когниция ұғымы тек адам рухына (білім, сана, ақыл, ой, түсінік, шығармашылық, ойлау, логикалық түйін, проблеманы шешу, қиялдау, арман т.б) қатысты жайттарды ғана емес, сонымен бірге қабылдау, еске сақтау, зейін, танып білу сияқты процестерді де қамтиды [1, 15]. Бұдан когнитивизм, когнитация ұғымдары адам рухына қатысты логика-философиялық танымдық негізбен ұштасып жатқанын байқаймыз. Когнитологияда тіл тек ақпарат баулумен шектелмейді, бейнелі образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттауда айрықша қызмет атқарады.

Когнитивтік тіл білімінің жаңа бағыт ретінде зерттелуінде В.Гумбольдт, Э.Кассирер, Л.Витгенштейн, Дж.Миллер, Дж.Лаккоф, Д.деСоссюр, Бодуэн де Куртенэ, Э.Сепир, Б. Уорф, т.б[2, 76] ғалымдардың ықпалы күшті болады. Орыс тіл білімінде когнитология мәселесімен Л.Вайсгербер, Ю.С.Степанов, В.Н.Телия, Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресиян, Ю.Караулов, Д.С.Лихачев, В.З.Демьяков, М.Минский, Н.Н.Жинкин, И.Р.Гельперин, В.А.Маслова [2, 77] т.б. ғалымдар шұғылданған.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік ізденістерді А.Байтұрсынов, Ж.Манкеева, Б.Қасым, А.Ислам, Н.Н.Аитова, Ж.Санткенова, Ж.М.Жанпейсова, Ж.И.Исаева, С.А.Жиренов, Ш.М.Мажитаева, С.А.Кенжеғалиев, Ә.К.Шадыкенов, Ғ.Б.Шойбекова, К.К. Күркебаев [3, 39] т.б. еңбектерінен көруге болады.

Когнитивті лингвистиканың басты категориясы концептілер, олар концептілік құрылымды ұйымдастырушы ұғымдардан тұрады. Концепт табиғатын түсіну үшін жасалған әрекеттердің қай-қайсысы да бір-бірімен шектес бірқатар ұғымдар мен терминдердің бар екенін аңғартады.

Концептің ең алдымен ұғым мен мағынадан тұрады. Концепт ұғымы тіл біліміне философиядан келген, латынша *концептус* (ұғым) сөзінің калькасы болып табылады. Бірақ *«концепт», «ұғым»* терминдерінің негізі бір болғанмен, мәні, маңызы бірдей емес. *Ұғым* – объектінің танылған маңызды белгілерінің жиынтық бейнесі болса, *концепт* – этностық ерекшеліктермен байланысты менталдық құрылым, ол мазмұны жағынан белгілі обьект жайындағы білімнің жиынтығы, ал білдіруі жағынан барлық тілдік құралдардың жиынтығы[1, 27].

Концепт ұғымына тән белгілерге қарай Б.Қасым оның мәнін былай түсіндіреді: *«Концепт – ақиқат болмыстағы ақпаратты сақтайтын, өңдеуге түсірілетін бірлік; Концепт – тіл иесінің конитивтік санасын танытатын этномәдени ұя және негізгі менталдық ұғым; Концепт – тіл иесі тәжірибесіндегі идеалды түсініктің кіші бірлігі»* [4, 8].

Біздің зерттеу объектімізге байланысты концепт ұғымын қазақ этносының әртүрлі даму кезеңіндегі оның қоғамдық, әлеуметтік болмысы мен мәдени, рухани өміріне қатысты біздің санамызда қалыптасқан менталдық, психикалық русурстарын, қарама-қарсы сипаттағы ақпараттық мағлұматтарын түсіндіруге қызмет ететін семантикалық құрылым деп қабылдауға болады.

Қандай этностың болмасын психологиялық тұрғыда қалыптасуына оның тарихи дамуындағы ерекшеліктері, жағдайлары, өмір сүру салты, күнкөріс материалдық ресурстары әсер етеді. Этнос тарихында орын алған тарихи уақиғалар, кезеңдер, оның мәдени-рухани және психологиялық келбетінде өз ізін қалдыратыны белгілі. Этностың әсіресе тілден айқын көрінетін рухани қазынасының қалыптасуы этнос психологиясымен бірлікте қаралуға тиіс, сонда ғана этносты толық түсінуге болады.

Ендеше, біздің талдауымыздағы «*дәурен*» концептісі де соның айқын дәлелдемесі деуімізге толық негіз бар. Ендеше талдауымызға ойыссақ...

«Өмірдің» мазмұнын танытушы құрамдас компоненттердің бірі-«дәурен» макроконцептісі. «Дәурен» концептісін тілдік-танымдық тұрғыда қарастыра отырып, «өмір» мазмұнын ашуға болады. «Дәурен» адамның өмірдегі тіршілік әрекетінің ажырамас маңызды метафизикалық құбылыстарының қатарына жатады. «Дәурен» «өмірмен» біте қайнасқан күрделі құбылыс. «Дәурен» - адам баласының өмірдегі тіршілік әрекетінің жақсылы не жаманды, шарықтау не құлдырау, бақытқа кенелген не күйзелген, т.б.әрекеттерінің бірі ретінде уақыт өте келе адам жадында үнемі жаңғырып отыратын өмір кезеңі. «Дәурен» концептісінің беретін ұғымдары мен түсініктеріне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: 1. Өмір, заман. 2. Қызықты, бақытты шақ. Дәурен кешті. Өмір сүрді, тіршілік етті; Бастан дәурен өтті. Дүниенің қызығы кетті; Дәурен сүрді. Қызық көрді; Жас дәурен. Жас кез, қызықты шақ – деген бір-бірімен сабақтас мағыналар тізбегінен тұрады.

Дәурен концептісінің лингвофилософиялық сипаты этностың өзіндік ерекшелігін танытатын, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде де жиі кездеседі. Сонымен қатар этнос болмысының табиғатын көрсететін танымдық ерекшеліктердің ұқсастығын, ақын-жыраулар поэзиясымен өзара сабақтастықта қарау арқылы, бүтіндей бір ұлттың табиғи бітіміне

қатысты ақпараттармен танысуға болады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы «дәурен» микроконцептісі – ғаламның тілдік бейнесін жасауға қатысатын лингвокогнитивтік категориялардың бірі. «Дәурен» концептісінің болмысы ақын-жыраулар поэзиясында әр түрлі аспектіде көрінеді.

Ат құйрығын кесермін,

Ат сауырсын берермін,

Алыста дәурен сүрермін (Жиембет жырау) [5, 51]. – деген жыр жолдарындағы «дәурен» лексемасы «өмір» концептісінің құрамдас компоненті болумен қатар, «өмір» дегенге балама ретінде жұмсалып, «тіршілік ету, әрекет ету» «жырақта өмір сүру», «қызық» деген логикалық модельдерге негізделген.

Арыстанның барында

Жорғасы болса мінісіп,

Торқасы болса киісіп,

Толғамалы қамшы алып,

Толғай да толғау дәурен сүрмес пе? (Бұқар жырау) [5, 81] – дейтін өлең жолдарынан «дәурен» концептісінің мазмұны «мамыражай өмір, тіршіліктің» бір сәтті тыныштығы деген ұғымдар аясына шоғырланған. «Дәурен» концептісінің логикалық модельдерінің бірі «өмірдің сәтті кезеңі» болып танылса, бұл ұғымды жыраулар поэзиясы мен философиялық түйіндемелерінен көптеп кездестіруге болады. Жыраулар поэзиясы мен одан арғы дәуірлерде өмір сүрген ақын-жыршылар өмірі мен творчествосынан мамыражай дәуреннің баянды болуын іздеген идеялар мен әрекеттер Қорқыт ата мен Асан қайғы өмірінен, одан кейінгі жасаған жыраулар поэзиясынан көрініс тапқан.

Дүние қызық екен жасыңдағы,

Барады өтіп дәурен басымдағы (Шал ақын) [5, 111] -деген жыр жолдарындағы «дәуреннің» адам жасы мен тұрмысына, әлеуметтік ерекшелігіне байланысты бола келіп, «өмір» макроконцептісінің басы логикалық моделі «өтпелі, тұрақсыз, жылжымалы, ауыспалы» деген концептілік жүйеге тірек болғанын көруге болады. Жоғарыда көрсетілген жыр жолдарының толық мағыналық сипатын Шал ақынның мына бір өлең жолдары «дәурен» концептісінің мазмұнын толықтыра түседі.

Бұрынғы өткен дәурен қайтып келмес,

Зарығып күндіз түні сағынсақ та.

Жастардың біреуіндей білгендейміз

Қартайып әбден естен жаңылсақ та.

...Дүниеге қызығамыз несін біліп,

Аз күнгі қызығына есерленіп.

Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз ғой

Мойынға төрт қары бөз тесіп іліп [5, 113] –деген өлең мәтінінен «дәурен» концептісінің өмірдегі қайталанбайтын, сәтті кезеңдерінің бірі екендігін көрсетеді. «Өмір» макроконцептісінің құрамдас компоненттері үнемі бір-бірімен сабақтастықта болатын, бірінің мазмұнын бірі толықтырып отыратын лингвофилософиялық бірліктер.

«Өмір» қандай тұрақсыз болса, «өмір» макроконцептісінің құрамдас компонеттері де сондай бір тұрақсыз құбылыстың мазмұнын жетілдіре түсуші бірліктер. Жыраулар поэзиясында «Өмір» макроконцептісінің құрамдас компоненттердің семантикалық мазмұны дидактикалық сарынға құрылып, кішіге өсиет, үлкенге ескерту, замандасқа сабақ ретінде жырға арқау болады.

Баста дәурен тұрғанда,
Біздер-дағы Байеке,
Оза көшіп, кең жайлап,
Еркімен еркін ел едік. (Махамбет) [5, 179] – деген жыр жолдарының мазмұнынан «дәуреннің» ауыспалы құбылыс екендігі бейнелі сипатқа ие болады. Адамзат қоғамындағы заманның өзгеруі дәуреннің ауысуына себеп болады. «Өмірдің» құрамдас компоненттері бір-біріне әсер етуші, кейде бірінің мазмұнын бірі толықтырушы қарама-қарсы құбылыстар бола тұрып, бір құбылыс аясына шоғырланған лингвофилософиялық бірлік ретінде саналады.

«Дәурен» концептісі ақын-жыраулар поэзиясында адам баласының басында тұрақсыз құбылыс, өмірдің әр түрлі кезеңдері ретінде көрініс табады.

Тарихтан талай адам көрген едік,
Қызықты нелер дәурен сүрген едік (Орынбай) [5, 259]

Азды-көпті өмір-жаз,
Уақыт бітпей тұра алмас.
Басыңнан дәурен бір өтсе,
Қайтадан дәурен құралмас (Нұрым) [5. 354]

Ажары ақ бетінің айға меңзес,
Бұл дәурен бір күн-ақ-ты қайта келмес.
Пендеге шыныменен қаза келген күні,
Дүниеден қосын түзеп, кім жөнелмес?

Ерке өстің ата-енеңе жасында, қыз,
Бұл күнде қосылғайсыз асылға, қыз.
Қуалап дүние түбін малды ойласаң,
Бір күні өтет дәурен қапыда, қыз.
Елжіреп іші-баурың елді ойласаң,
Бір жүрген қатар құрбы теңді ойласаң,
Көл болып көздің жасы көп жыларсың,
Тетелес аға менен жеңге ойласаң.
Басыңда қызыл шарқат боп тұрғанда,
Сол күнің болар дәурен енді ойласаң.
Басыңнан өтер дәурен белді-белді,
Отырсың жөнейін деп бөтен елге.
Сылтауымен жасы үлкеннен алғыс алсан

Жеткенге қор болмассың жасың жерге.
Алыпты Адам-Ата, Хауа-Ананы,
Жарқыным кетемін деп жылай көрме (Нұрым жырау) [5, 359].

Жоғарыда көрсетілген өлең мәтіндері арқылы «дәурен» концептісінің ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі мен этностың танымдық әлемінде «қайталанбайтын құбылыс», «қызықты кезең», «өтпелі уақыт», «тұрақсыз мезгіл» секілді логикалық модельдер аясына шоғырланғандығын көруге болады.

Сонымен, «дәурен» концептісінің тілдік моделі ретінде ақын-жыраулардың тіліндегі «дәуренге» қатысты туындаған жыр-толғауларын жатқызуға болады. Себебі, ақын ойы мен оның тілі мен бүтін бір әлеуметтік топтың немесе ұлттың айтарын бір сөзі айтатындығында.

Уақыт өтіп, заман озған сайын этникалық сана бірте-бірте архаикалық, әпсаналық түсініктерден арыла түсетінін ескерсек, «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» болғанымен, қоршаған ақиқатқа деген ұлттық менталитетпен тығыз байланысты болады.

«Өмір» концептісінің бір элементі-«дәурен», «дәурендеу» концептілері адам санасында ерекше орын алатын, тілде әр түрлі сипатта көрініс табатын лингвофилософиялық бірлік. «Дәуренге» қатысты атаулар мен предикаттары, олардың уақытқа, мезгілге қатыстығының динамикалық белгілері «дәурен» концептісінің диалектикалық күрделі құбылыс екендігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, тілдік қолданыстағы «өмірдің» құрамдас бөлігі «дәурен» концептісінің когнитивтік модельдері мен пропорциялық құрылымдары «дәурен» ұғымының концептілік жүйесін құрайды. Олардың тілдегі танымдық көрінісіне фразеологизмдер, мақал-мәтел, ақын-жыраулар поэиясы, сонымен қатар сөздердің лексика-семантикалық топтары мен пожтикалық образды сөздер белсенді қызмет атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маслова В.А. «Введение в лингвокультурологию». М.:Наука, 1984.
2. Когнитвиная лингвистика: концепций и парадигмы. Алматы: 1966
3. Манкеева Ж. «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері». Алматы, 2001.
4. Қасым Б. «Когнитивтік лингвистика: Таным. Уәждеме» Алматы, 2013.
5. Бес ғасыр жырлайды. –Алматы: Жазушы, 1989.

МАХМҰТ ҚАШҚАРИДІҢ «ДИУАНИ ЛҰҒАТ-АТ ТҮРІК» СӨЗДІГІНДЕГІ КЕЙБІР МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАМАСЫ

Ә.Н. Самбаева
студент
assem.sambaeva@mail.ru
Б.С.Қарағұлова
ф.ғ.к., доцент
bkaragulova@mail.ru
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. *В этой статье приведены сведения о жизни Махмуда Кашкари и о словаре «Диуани лугат-ат турик». Пронализирован некоторые казахские варианты пословиц и поговорок в словаре. А также делается анализ тюркским и казахским пословицам.*

Ключевые слова. *пословица, поговорка, туркология, словарь*

Abstract. *In this article information is driven about life of Makhmut Kashkari and about the dictionary of «Diuani luqat-at turik». Analised some Kazakh variants of proverbs in a dictionary. And also an analysis is done to the turkic and Kazakh proverbs.*

Keywords. *proverb, byword, dictionary, Turkic-speaking population, language, classification, net Turkic language, Kazakh language, dictionary, literature, tukology.*

Қазақ тілі туралы ғылым ешқандай негізсіз, сүйенішсіз өз–өзінен пайда бола қойған жоқ. Ол қалса әлемдік, қалса отандық лингвистика іліміне сүйенген түркология негізіндse, соның бір тарауы ретінде қалыптасып, дамып келеді. Ал түркология – бұл күнде бүкіл әлемге тараған әйгілі және түркі халықтарының тілдері мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерттейтін ғылым мәнінде қолданылады. Қазақ тілі туыстық сипаты жағынан да, типологиялық белгілері жағынан да түркі тілдері тобына қосылады. Қазақ халқы өзінің ұзақ ғасырлық тарихы бойында түркі халықтарымен қонысы, саяси, шаруашылық жағдайлары жағынан да тығыз байланыста болғаны сияқты оның тілі де сол халықтар тілдерімен өте жақын қарым-қатынаста болды. Түркология түркі халықтарының барлығына, соның ішінде қазақ халқы үшін де ортақ ғылым. Жеке түркі тілдері туралы ғылымдар, әсіресе қазақ тіл білімі түркологияның жеке салалары, оның құрамдық бөлшектері болып табылады. Сондықтан түркология тарихы мен қазақ тіл білімі тарихы бөлінбестік бірлікте қаралуға тиісті. Бұлар арасындағы қарым-қатынас жалпы мен жалқылар арасында болатын заңдылыққа негізделеді, бір-бірімен мыңдаған жолдар арқылы ұштасып жатады. Қазақ тілі туралы ғылым тарихын түркологиямен ұштастыра, бірлікте қарауымыз да сондықтан. [1]

Қазақ тіл білі мен түркология туралы сөз қозғалса ойымызға XI ғасырда, Қарахан дәуірінде жарық көрген Махмуд бин ал-XVсейн бин Махмуд ал-Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі келеді. Түркі тілдерін классификациялауда М.Қашқари сол тілдің табиғи тазалығы

тұрғысынан, басқа тілдер әсерінің қаншалықты ықпал еткені тұрғысынан қараған. Осы тұста автордың қырғыз, қыпшақ, оғыз, тухси, яғма, чығыл, ырғақ, яруқ тілдерін «таза түркі» тілі деп танығанын ерекше атағанымыз жөн. Бұлардың ішіндегі қыпшақ тілі тобына қазақ тілінің де жататнын ескеру міндет. Махмут Қашқари кітабының басында бұл кітапты сол замандағы мәдениет дүниесі мұсылмандарға түрік ұлтын таныту, білдіру үшін жазғанын тілгек тиек етеді.[2] Сөздік шамамен 1073 жылы (сиыр жылы) жазылған. «Диуаниды» жазудағы Махмудтың негізгі мақсаты түркі тілінің мәртебесін жоғары көтеріп, оның араб тілінен ешқандай кемдігі жоқ екендігін дәлелдеу болған» дейді А.Н.Кононов. [3]

Мазмұны жағынан «Диуаи лұғат – ат түрік» сол замандағы түріктердің қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің сан алуан өзіндік сипатын әржақты қамтитын материалдарға толы. Сонымен бірге кітапта этнографиялық мәліметтер мен әдеби және мәдени мұраларға, географиялық және астрономиялық атауларға, тіл ерекшеліктері мен ғылыми зерттеулерге қатысты өте бай нақтылы мысалдарға сүйенген деректі мәліметтер келтірілген. «Бұл жағынан, - дейді профессор Әбжан Құрышжанов, - «Диуани лұғат–ат түрік » өзі әңгімелеп отырған лингвистикалық зерттеулердің әдейі құрастырылған хрестоматиясы тәрізді». Қашқари кітабына арнайы тәртіппен 6800 түркі сөздерін топтастырып, (110 жер-су атына, 40 ел мен тайпаға) араб тілінде анықтама-түсінік берген. Оған қосы 242 шумақ бәйіттер мен 262 мақал-мәтелді мысал ретінде пайдаланған.Бір ғажабы «Диуаниға» енген 875 сөз бен 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында қолданылып келеді.

Қашқаридің еңбеген зерттеген ғалымдар өте көп. Ал тілдік тұрғыдан зерттеген ғалымдар В.В.Бартольд, В.А.Гордлевский, Т.А.Боровков, А.Н.Кононов, Ә.И.Фазылов, Х.Г.Нигматов, Т.М.Гарипов В.И.Асланов т.б. Ал қазақ тіл білімінде Н.Т.Сауренбаев, С.А.Аманжолов, А.Н.Ысқақов, Ғ.Ғ.Мұсабаев, Ә.Құрышжанов сынды ғалымдар зерттеген. Ғалымдар арасында кітаптың қай тілде екендігі туралы кереғар пікірлер болған. Кейбірі өзбек десе, кейбірі ұйғыр тілі дейді. Ал Ғ.Мұсабаев үйсін тілі, демек, қазақ тілінің ескерткіші дейді. [2]

Менің ойымша, «Диуани лұғат-ат түрік » сөздігін белгілі бір тілге теліп тастауға болмайды. Онда қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де сол кездегі тілдік мәліметтері келтірілген. Сол себепті «Диуани лұғат-ат түрікті» түркітілдес халықтардың бәріне ортақ мұра деп танған жөн. Бұл кітап түркі тілдерінің бірінші салыстырмалы сөздігі және ең алғашқы филологиялық зерттеу. Сөздікте сол кездегі түркі тайпаларының тілдері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленеді. Ондағы жеке сөздердің тек мағыналары ғана емес, этимологиясы да түсіндіріледі. Оған қоса ол сөздің қандай тайпаның тіліне тән екендігі анықталады. «Диуани хикметті » тек сөздік деп қарауға болмайды. Онда жеке сөздермен қатар ғасырда Орта Азияны тұрақтаған халықтардың ауыз әдебиетінің сан алуан үлгілері мен тарихының құнды деректері мейлінше мол. Қазақ тілі мен түркі тілдерінің арасындағы алтын көпірдің негізін нығайтып тұрған Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігіндегі кейбір мақал-

мәтелдердің қазақ тіліндегі баламасы десем қателеспеген болар едім. Сөздікте бүгінгі таңда тұлғасы өзгерген мағыналас мақал-мәтелдер де, қаз – қалпында сақталған мақал-мәтелдер де бар. «Диуани лұғат ат-түрік » сөздігінде 262 мақал-мәтел мысал ретінде қолданылады. Бізге солардың барлығы бірдей жетпеген. Алайда, тұлғасы өзгергенімен, мағынасы өзгермеген кей мақалдар мен мәтелдер бүгінде қолданыста бар. Сол мақал - мәтелдерден мысал келтіре кетейін.

“Қашада лақ туса, арықта шөп өседі” дейді. Қазақтың “қой егіз туса, шөп басы айырық шығадысы”.

“Көрпеден артық көсілсе аяқ үсір”. Бұл кейін “көрпеңе қарай көсіл” деп жетілдірген.

Сөздікте «Қузда қар әскумас, қойда йағ әскумас» деп берілген мақал қазақ тіліне «құзда қар ерімес, қойда май ерімес» деп аударылса, бүгінде «құзда қар азаймас, малда май азаймас» деп қолданылады.

«Болдачы буғазу өкуз ара белгулуг». Мақалдың тікелей аудармасы «болатын өгіз бұзауында-ақ білінер». Уақыт езгісінен өте келе «болатын бала боғынан» болып өзгеріске ұшыраған. Бұл мақалмен мәнедес «болар бала бесікте бұлқынар, болар құлын желіде жұлқынар» деген нұсқасы да бар.

Біздің тілдік қолданысымызда «құрғақ қасық ауыз жыртар» деген мәтелдің сөздіктегі аудармасы « құрғақ қасық ауызға жарамас». Ал сөздіктегі нұсқасы «куруқ қашуқ ағызға йарамас».

«Тапұғ таш иарар, таш башығ иарар – Қызмет тас жарар, тас бас жарар» . Бұл мақалға сөздікте «қожайынының жақсылығын көрсе де, оның дұшпандарына жәрдем беретін адам» деп түсініктеме береді. Алайда қазақ тілінде берілген мысалдан мағынасы бөлек, тұлғасы ұқсас мақалдар кездеседі. Оған «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» немесе «Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер» деген мақалдар дәлел бола алады.

Автор «салт, әдет» сөздерін түсіндіру барысында «ел қалыр, төрү қалмас» деген мақалды мысалға алады. Түпкі мәнін мемлекет қалса да, қалыптасқан жөн-жосық қалмас, алдыңғы адамдардың әдетін, салтын сақтауды діттеген адамға қарата айтылады деп түсіндіреді. Белгілі ғалым Асқар Егеубай «ел қалар, әдет қалмас» деп аударса, бүгінде тілдік нормада да, әдеби нормада да «ауру қалса да, әдет қалмайды» нұсқасы қолданылады. Бұл мақалдың бүгінгі таңдағы тілдік нормада да, әдеби нормада да қолданылатын нұсқасымен мәндес сөздікте тағы бір мақал бар. «Иыпарлығ кесүргүдін иыпар кетсе иызды қалұр – Жұпарлық қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар». Мағынасын Қашқари: «Байлық, дәулеті қолдан шығып кетсе де, бірдеңе іздестіргенде табыла беретін адамды айтады» деп түйіндейді. Демек, сөздікте тұлғасы ұқсаса да, айтқалы тұрған ойы бөлек мақалдар да кездеседі.

Істе басқалармен жәрдемдеспек жөн екендігін меңзей айтылған «иалңұс қаз өтмес» мақалының аудармасын «жалғыз қаз сайрамас» немесе «жалғыз қаздың үні шықпас» деп келтірсе, халық ауыз әдебиетінде тағы бір тармақ тіркесіп «жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дейді.

«Ұлұғны ұлұғласа құт бұлұр» мақалы қазақшаға «ұлыны ұлықтаса құт болар» деп аударылса, бүгінгі баламасы «қарияны құрметтесе құт болар».

Ұқыпты болуға үндеп айтылған «көп сөгүтке құш қонар, көрлүг кішіге сөз келір» мақалының дәлме – дәл аудармасы «көп бұтақты ағашқа құс қонар, көрікті кісіге сөз келер». Кейін «ағаш ұшына жел тиер, көріктіге сөз тиер» деп жетілдірілген.

Махмұт Қашқари келтірген «мақса – тутнур, чалса – білнур» мақалын «шалса – тұтанар, ұғындырылса – білінер» деп тәржімаласа, кейін «шақпақты шақса – от тұтанар, сөз ұғындырылса – ой білінер» деп тұлғалық өзгеріске ұшыраған.

Аудармасы «көкке түкірсе, көзге түсер» болатын мәтелдің мәнін автор үлкендерге жамандық жасаса, өзіне де жамандық тиеді деп түсіндіріп, сөздікте «көкгэ сағурса, иузгэ тушур» деп келтіреді. «Аспанға түкірсе, жүзіне түсер» осы мәтелдің қолданыстағы варианты.

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат - ат түрік» сөздігі XI ғасырда жазылса да, мазмұнындағы кей мақал - мәтелдер түп нұсқа күйінде сақталған, демек, бүгінгі таңда қаз-қалпында қолданылады.

«Алб йағыда, алчақ чоғыда». Бұл мақалдың қазақша баламасы – «батыр соғыста, қорқақ жанжалда».

«Ауыз жесе, көз уялар». Бұл да түркі халықтарына ортақ мақал. Оған дәлел сөздіктегі «ауыз» сөзіне анықтама беру барысында Қашқаридің келтірген мысалы. «Ағыз йесә, көз уйалур».

«Диуани лұғат ат-түрікті» оқып отырып, мақал - мәтелдер жинағында да, көркем шығармаларда да қазақтың сөзі ретінде берілетін «үлкеннің ауырлығы кішіге қалар» деген мақалдың түркі халықтарына ортақ мұра екендігін байқаймыз. Сөздікте «улуқ йағыры уғулқа қалыр» деп келтірілген.

Қазақта әккі, өте тәжірибелі екі адам бір-бірімен айтысып, дауласып,ерегісіп қалғанда айтылатын, айлакердің кез келген жайттан сытылып кететіндегін негізге алатын «аңшы қанша айла білсе, аю сонша жол білер» деген мақал бар. Бірақ қазақта деп жекелегенімізбен, жалпыдан жалқыға көшкен мақалдың түп төркіні түркі тілінде жатқандығы «Диуандағы» «учы неча ал білсә, азығ анча йол білір» деп келтірілген мысалдан байқаймыз.

Баланың ақыл, мінез-құлқы ата-бабсына, тегіне тартатындығын меңзейтін «ата баласы атаға тартып туар» деген мақал бар. Сөздікте «ата оғлы аташ тұғыр» деп келтіріледі. Екі мақалдың мағынасы да бірдей, құрылымы дәл сол қалпында сақталған.

«Алымчы – арслан, берімчі – тышқан – Алушы – арыстан, беруші – тышқан». Қарызын талап етуші адам құдды арыстанға, ал төлем төлеуші қорыққанынан тышқанға ұқсап кетеді. Бұл мақал соларға арнап айтылған.

Махмұт Қашқари аш адамның алдына келген астың барлығн таңдамай жей беретіндігін, ал тоқ адамның ас талғайтынын түсіндіріп, «Ас нә йіməс, тоқ нә тіməс» дейді. «Аш не жемес, тоқ не демес» деп аударылып, сол күінде қолданылады.

«Кіші аласы ічтін, иылқы аласы тыштын - Кісі аласы ішінде, жылқы аласы сыртында». Бұл мақал өзі жағымды көрініп, жан дүниесіндегі жамандық пен арамдықты жасыратын жандарға айтылады.

Қазақ халқы «қонағын Құдайындай күтеді». Сөздіктегі «ума келсә қут келур» мақалы бұл қасиеттің түркі халықтарының барлығына тән екендігіне дәлел. «Қонақ келсе , құт келер» деп аударылады.

«Азын кіші нәңі нәң санмас – Бөтен кісінің малы мал саналмас». Бұл мақалдың да мағынасы да, тұлғасы да өзгеріссіз қалған.

«Инабатты қонақ үй иесін құрметтер» деген мақалдың «Түркі сөздігіндегі» нұсқасы «ендук ума еулікні ағырлар».

«Андыз болса, ат өлмес». Кептірілген тамырды ұнтақтап, ауру аттың тұмсығына сепсе, жазылып кетеді. Бұл мақал жолаушыларды жолға шығарда жабдығын түгендеп жүруге үндеп айтылады. Автор «андуз болса, ат өлмәс» деп ұсынған.

Адамға ізетті болуға бағдар беретін, жаман қасиеттерден аулақ болуға шақыратын «итке уят бітсе, өлексе жемес» деген мақалдың түп негізі түркі тілінде екенін «Түрік сөздігіндегі» «итқа увут етсә, улдан иемес» нұсқасы дәлел.

«Беш ернәк туз ермәс». Бұл мәтел адамдар әр алуан болады деген ойды алға тартады. Қазақ тіліндегі баламасы «бес саусақ бірдей емес».

Ертеде түркі халықтарының барлығы Ұмай анаға табынатын болған. Содан «Умайқа табынса, оғул болур» деген мақал дүниеге келген. «Ұмайға табынса, ұлды болар».

«Ет тырнақтың әзірмәс» деген мәтел де қазақ тілінде сол қалпында колданылады. «Ет тырнақтан ажырамас»

«Тай ататса ат тынур, оғул ерәрсә узік кәлір - Тай өссе ат тынығар, ұл өссе әке тынығар» Мақалдың мәні мен мағынасы, түрі мен тұлғасы қаз-қалпында сақталған.

«Қулақ ештісә, көңул білір, көз көрсә, уәзік кәлір». Бұл мақалдың алғашқы сыңары дәл осы қалпында сақталып, екінші тармағы жойылып кеткен. «Құлақ естісе, көңіл білер».

Бір істің шешімі, түйіні болмау мүмкін емес, кез келген тығырықтан шығар жол табылады. Осы мағынаны білдіретін «қайнар өкуз кәчіксіз болмас» деген мақалдың «асау өзен өткелсіз болмас» нұсқасы тілдік қолданысқа ие.

Қазақ тіліндегі «көсеуі ұзын болса, қолы күймес» мәтелі Махмұт Қашқари еңбегінде «көзәгу узун болса, елік көймәс» деп беріледі.

«Қорқмышқа қош көрінур – Қорыққанға қос көрінер». Мақалдың тұлғасы мен мағынасы алғашы күйінен өзгермеген.

«Мақал – сөздің мәйегі» дейді қазақ. Ал сол мақалдың түп төркіні туралы не білеміз? Халық даналығы дейміз ғой. Бірақ халық даналығының шығу тегі түбі бір түркі тілі екендігін білуміз міндет. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігіндегі құнды деректер бүгінгі күнге дейн мәнін жоймаған. Әсіресе, сөздікте қолданылған мақал - мәтелдер қазіргі таңда қаз - қалпында сақталып, қолданыстан шықтапағаны таң қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1. Қордабаев. Т .Түркология және қазақ тіл білімі. -Алматы: Санат, 1998.
2. Досмұхамедұлы. Х .Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Қашқари. М. Түбі бір түркі тілі . – Алматы:Ана тілі, 1999.
4. Қашқари. М.Түрік сөздігі. I, II, III том. - Алматы: Хант, 1997 .
5. Этимологиялық сөздік
6. Кейкін. Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы:Өлке, 2002.

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІ

Қ.М. Айнадин
студент
Б.Қ. Мұратбек
ф.ғ.к., доцент
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
ak-korkem@mail.ru

Аннотация. *В данной статье рассматривается языковая личность А.Кекилбаева. Были приведены примеры с его творчества.*

Абиш Кекилбаев своим творчеством не только и не просто погрузил нас в богатейший арсенал родной речи, но и возвысил ее, тем самым подняв планку возможностей казахского языка на еще никем не взятую высоту. Сегодня, если взглянуть с той вершины, куда писатель Кекилбаев вознес родную речь, невольно замечаешь, как благодатно расширился ее горизонт, как велики и многогранны ее возможности.

Ключевые слова. *языковая лчность, когнитивизм, речь.*

Abstract*. This article discusses language identify A. Kekilbayevs. These are examples with creativity.*

Abish Kekilbayev their creativity not only and not simply loaded us into a rich arsenal of the native language, but also exalted it, thereby raising the bar in the Kazakh language capabilities has not yet been taken hide. Nowadays, we can sea the great opportunities and garrisons of Kazakh language cause of A. Kekilbayev's creativity and feature to our language.

Keywords. *linguistic personality, cognitivism, speech.*

Қазақ ұлттық мәдениетінде шығармалары арқылы өзінше бір көркемдік әлем қалыптастырып, халқымыздың байырғы сөз өнерін терең игеріп, жаңаша түрлеген сөз зергерлері де, қоғам қайраткерлері де аз емес. Сондай тұлғаның бірі - Әбіш Кекілбаев.

Тіл құнарын терең игеріп қана қоймай, оны тамаша түрлендіре де білетін сөз зергерінің ойшылдық стихиясы басым. Ойшыл қаламгер көркем сөз кестелерін көңіл аулар қызыл-жасыл бояу ретінде емес, өзіне тартып барып, өзегін тануға өзгеше жолбасшы ретінде пайдаланады. Ол үшін сөз зергерлігі мен ой тереңдігі екі түрлі катергория емес, тұтас бір болмыс. Сондықтан да көпшілік оның сөзі мен ойын бірдей жақсы көреді. Әбіш Кекілбаев шығармаларының шырайы –оптимистігі мен өміршеңдік рухы. Жылағанмен қоса жылап, жасыққа жеңгетайлық жасауды емес, шикіні ширату мен мықтыны мадақтауды мұрат тұтады. Тақырып маятнигі мәңгүрттік пен мәрттік арасындағы кең амплитудада еркін тербелгенімен, ат байлары айқын: адамгершілік, адалдық пен әділдік, тазалық пен тектілік.

Ә.Кекілбаев шығармаларының тілдік қолданысы мен тілдік, стильдік ерекшеліктерін, ондағы дүниетанымдық лексиканың қолданысына тоқталу жалпы ана тілін қолданушы ретіндегі Ә.Кекілбаев тұлғасы айқындала түспек.

Бұл қазіргі орыс тіл білімінде зерттеліп жүрген тілдік тұлға ұғымымен тікелей байланысты. Бұл әрі кең мағынасында жалпы тілдің тіл ретіндегі жеке тұлғалық ерекшелігін, тіл ретіндегі мүмкіндігін анықтауға, тілдің ұлт тілі ретіндегі өзіндік сипатын нақтылау, әрі жеке тілді қолданушының тілдік байлығын, тілдік қолданысындағы шеберлікті дәлелдеу үшін қажетті тілдік зерттеу бағыты болып табылады.

Тілдік тұлға мәселесі – когнитивтік тұрғыдан зерттеу нысаны ретінде алынатын жаңа түсінік. Тіл білімінде антропоөзектік бағыттың белең алуымен байланысты қалыптасқан ұғымның бірі әрі бірегейі осы тілдік тұлға ұғымы. Термин қалыптасуы жағынан екі мәселенің басын қосады: тіл және адам (тұлға). Термин тілдік бірліктер мен оған адамның қатысын көрсетеді. Тіл білімінде тілдік деректердің адамға қатысын «антропологиялық лингвистика» аясында қарастыратын жаңа сала пайда болды: «жалпы тілдік деректер адамның қатысымдық әрекетін, ойлау жүйесін анықтау мақсатында талданып, оның жалғасын құраған тарихи ізденістер мен жеке тұлғалық, халықтық әрі жалпыадамзаттық мәліметтерді толықтыруға ат салысатындықтан, бүгінгі тіл ғылымы адам мен қоршаған әлем заңдылықтарын танып қабылдауға ұмтылатын, тілдік фактілерді де сол танымдық үдерістің ұшқыны деп қарастыратын сала ретінде ұғынылады»[1,147-б.]. Тіл біліміндегі антропоөзектік парадигма бірінші орынға адамды (тілдік тұлғаны) шығарады да, ал тіл адам танымын құрастырушы сипатта қарастырылады [2,40-б.].

Бір қарағанда, «тілдік тұлға» термині өз-өзінен түсінікті көрінеді. Тілдік тұлға – белгілі бір тілде сөйлейтін, жазатын, ойлайтын субъект, сол тілдің сөздік құрамын еркін игерген, қоршаған әлемді сол тілде танитын тұлға, тілді тасымалдаушы адам. Әрине, тілдік тұлғаға берілетін мұндай сипаттама барынша жалпылама, үстірт екені түсінікті. Зерттеулерге қарасақ, тілдік тұлға ұғымының жалпығылымдық терең негізі бар екенін көреміз.

Тілдік тұлғаны қалыптастыратын белгілі бір ұлттың дүниетанымына, ұзақ ғасырлық философиясына, әлемді өзіндік тұрғыдан қабылдау тәсіліне, этикалық және адамгершілік құндылықтарына негізделеді. Мәтін арқылы көрінетін тілдік тұлға болмысы - аса күрделі құрылым, аталған факторлардан туындап отыратын көптеген құрастырушы сыңарлардан тұрады, атап айтқанда, олар: әлеуметтік-этикалық, психологиялық және эмоционалдық компоненттер. Тілдік тұлға өзінің дискурсы арқылы сөз саптаулары, қойған мақсаттары мен уәждемелері негізінде айқындалатын ұғым.

Зерттеушілер көркемдік мән, тілдік тұлға ұғымын оның жүйелілігімен тығыз байланыстырады. Әр тілдің жүйелі болуы сол тілдің тілдік тұлға, жеке тіл ретіндегі даралық қалпын, бейнесін дәлелдей алатындығын атап көрсетеді. Яғни, жүйеліліктің қажеті тілдің тіл ретінде өмір сүруі үшін бірден-бір белгісі екендігін негізге алады. Біздің ойымызша, көркемдік мән болуы үшін тілде өзіндік қалыптасқан сөзжасам

жүйесі, тілдік қолданыс жүйесі болуы керек екендігіне дау жоқ. Себебі, әр жазушы, әр көркемөнер иесі сол халықтың тілі негізінде ғана өзіндік сөз қолдану ерекшелігін жасай алады.

Зерттеуші Ю.Н.Караулов өз еңбегінде тілдік тұлға ұғымына былай анықтама береді: «...тілдік тұлға тілде(мәтіндерде) және тіл арқылы танылатын тұлға, өзінің негізгі сипаттары жағынан тілдік құралдар базасында қайта толықтырылған тұлға»[3,38-б.]. Демек, жеке жазушы шығармаларының тілі ұлт тілінің негізгі көрінісі, соның нәтижесінде шыңдалған шеберліктің жемісі болып табылады. Яғни, ұлт тілін тани отырып, жеке тұлға тілінің шеберлігін түсінуге, жеке тұлға тілінің ерекшеліктерін тани отырып, жалпы ұлт тілінің өзіндік сипатын тануға, тілдік құрылымы мен лексикалық қабатындағы, сөзжасам жүйесіндегі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Тілдік тұлға тұрғысынан келгенде қазақ тілінің байлығы, сөз қолданысының ерекшелігі біршама жеткілікті Ә.Кекілбаев сынды жазушы шығармаларын, оның шығармаларының тілін зерттеу өте орынды. Мысалы: *«Ине жұтқан тазыдай Ханбалық пен Петербордың арасында кезек қыңсылап, қоңтайшының жүрісі –анау»*. Сойлемдегі *ине жұтқан тазыдай* деген теңеудің қолданысы іс-әрекет иесін бейнелеп, сөйлемнің көркемдік мәнін ашып тұр. Бұл қолданыс арқылы жазушы өлуге жақын қалған образдың бейнесін сомдаған.

Жеке тұлға тілінің өзіндік қырлары арқылы жалпы ұлт тілі ғана емес, жеке тұлғаның ішкі әлемі жан-жақты ашыла түседі. Осы тұрғыдан, тілдік тұлға ұғымы жеке адамның ішкі әлемі, оның тіл арқылы берілген нұсқасы болып табылады. Демек, Ә.Кекілбаев шығармалары тек ұлт тарихы, ұлт танымы ғана емес, оның жеке жазушы ретіндегі тұлғалық бейнесі де айқындала түседі. Осы арада дәлел ретінде мысал келтіре кетсек: ... *тіпті, қыбыр-қыбыр жүрісі де өмір емес, жай әншейін жартыкеш, жанбағыс, итшілеген құр әуре-сарсаң*(Дала балалары, 2т.160-б.). Жартыкеш – бүтін емес, сынық, ойық [4,114-б.]. Бұл сөйлемдегі *жартыкеш, жанбағыс* тіркесі бұрын-соңды Ә.Кекілбаевқа дейін қолданылмаған. Себебі, кез келген қазақ тілін қолданушының немесе қазақ жазушысының тілінен мұндай тіркесті жиі кездестірмейсіз. Тіпті, жоқ деп айтуға болады. Осы сөздерді өзара үйлесіммен тіркестіре отырып, жазушы әдемі сөз қолданыстарын жасап, жаңа тіркестер қалыптастырған.

Нәтижесінде, алдымен сөйлемдегі ойды көркемдетіп жеткізіп тұр. Оның көркем болуына себеп – аталған қолданыс алдымен тіркес түрінде жасалғандығы. Екіншіден, бұл тіркес ауыспалы мағынасында белгілі бір мағынаны білдіріп, тілдің эмотивтілігін мазмұнды беруге қызмет етуіне ұйытқы болып, көркем шығарма тілінің талабына сай, көркемдік деңгейді сақтай отырып қолданып тұр. Жазушының әлемге, қоршаған ортаға деген көзқарасын кейіпкердің ішкі толғанысын суреттеу кезінде пайда болған тіркестен көре аламыз. Күнделікті өмірдің күннен-күнге нашарлап бара жатқанын, тіршіліктің нашарлағанын автор қолданысындағы сөзден көре аламыз.

Г.Е.Имашева тілдік тұлға қалыптасуының төмендегідей алғышарттары болатындығын баяндайды: 1) Ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2) Ұлттық үлгідегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3) Мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4)Рухани сана (дін қағидалары); 5) Үлгі тұтатын тұлғалар(Абай, Шоқан, т.б.); 6) Озық білім жүйесі; 7) Тектілік интеллектісі [5,7-б.].

Тілдік тұлғаның айқындалуы тілді қолданушының шешендігімен, тілдік шеберлігімен де байланысты. Адам тілдік қазына мен шешендік өнерді терең меңгергенде елге танымал тілдік тұлға дәрежесіне көтеріледі. Шешендік -қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің бірі. Қазақ халқы бейнелі, астарлы, тұспалдап айтатын шешендік сөздерді терең меңгерген. Шешендік өнер дарыған тұлға Отаншыл, елінің салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білетін ұшқыр ойлы, «орақ ауыз, от тілді» болып келеді. Ол халқының басынан өткерген мұң-зарын, арман-тілегін, өмірлік құндылықтарын түйіндеп айтып береді. Бұл елге танымал тілдік тұлға дәрежесіне көтерілуіне бірден-бір себеп болады. Жеке тұлға тілінің өзіндік қырлары арқылы жалпы ұлт тілі ғана емес, жеке тұлғаның ішкі әлемі жан-жақты ашыла түседі. Осы тұрғыдан, тілдік тұлға ұғымы жеке адамның ішкі әлемі, оның тіл арқылы берілген нұсқасы болып табылады

Демек, Әбіш Кекілбаев шығармаларынан тек ұлт тарихы, ұлт танымы ғана емес, оның жеке жазушы ретіндегі тұлғалық бейнесі де айқындала түседі. Ойымызды нақтылап, мысалдар келтіре кетейік. Мысалы: *Оның тұңғиық жанарында қуаныш та, мұң да, ақжарылыс та, абыржушылық та емес, олардың бәрінен де терең, бәрінен де жұмбақ, бұрын бұл жан баласынан көрмеген бір тұңғиық тосын сыр тұнып тұр.* Осындағы *ақжарылыс* сөзінің жазушының контекске сәйкес қолданған өзіндік сөз жасау мәнері. Халықтың тілінде «ағынан жарылу, барын айту» деген ұғымдар бар екені рас. Дегенмен аталған сөз қуаныш сөзінің орнына қолданылып, сөйлемге ерекше бір ажар беріп тұр.

Ә. Кекілбаев: «Бірі бастап берген әңгімені екіншісі қостай жөнелгенде, тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің аузының дуасындай бірлік бергенде, қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырар еді?! Қандай қиын түйінде де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді. Қандай қиқар даукесің де Әйтеке айтқанда құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда қоштамасқа, Төле айтқанда «төресі осы» деп жығыла кетпеске жағдайы жоқ-ты. "Әйтеке жарып, Қазыбек қазып, Төле тауып айтады" деген сөз осыдан қалған екен. Үш арысты қазақ сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау?» деп тіл кестесін танытып, дәлелдей түседі.

Әр жазушының өзіндік тіл қолданысындағы, сөз саптау мәнеріндегі шеберлігі, стильдік ерекшелігі болатыны белгілі. Өзінің шығармашылық тұлғасымен де, адамдық болмысымен де, елден ерек тұлға-тұрпатымен де қазақ деген тағдыр-талайы талқыға түскіш "құдайдың сүйген құлының" табиғатын таныта алатын, көп азулының шамына тигіш осы бір ұлттың сырбаздығы мен тектілігін, кірпияздығын, соған қарамастан кең қолтық кеңдігі мен замананың жазылмаған заңдарына сия бермейтін шектен тыс

сахилығын бір бойына жинаған, Маңғыстау деген өңірде дүниеге келгені өзіне бек жарасатын қазақтың біртуар перзенті, «Айдаса қойдың көсемі, Сөйлесе қызыл тілдің шешені, Ұстаса қашағанның ұзын құрығы, Қалайыланған қасты орданың сырығы» (Қазтуған, «Мадақ жыры») Әбіш Кекілбайұлының тілдік әлеуеті, қазақтың сөз қазынасындағы әрбір дүниені орнымен қиыстыра білудегі ешкімді қайталамайтын, ешкімге қайталата алмайтын хас шеберлігі тіл өнеріндегі бөлекше әлем деуге татиды.

Қорыта келе, Ә.Кекілбаев сынды дара тұлғаның тілдік арсеналы мен раурсы кең,әсіресе, ұлттық ментальділікті танытанын сөз,сөз тіркестерін жиі қолданатын сөздік қоры мол жазушының тілдік тұлғасын танудың да танытудың бір парасы осы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. -Алматы: Ан Арыс, 2007. -312 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. // Тілтаным, 2001. №4.-39-44 бб.
3. Караулов Ю.Н. «Языковая личность» // Русский язык: Энциклопедия.-М, 1986.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: Тілтаным. 15 томдық. 6-том. Д-Ж. – Алматы, 2007.
5. Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармашылығындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: -10.02.02: филол.ғыл.канд.дисс.автореферат.- Алматы, 2007.- 31 б.

ҚАЗАҚ ТҮСІНІГІНДЕГІ «ҮШ» САНЫНЫҢ КОНЦЕПТІСІ

Г.С. Сырым
студент
Guljihan98@mail.ru
Г.С. Обаева
аға оқытушы, магистр
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ
gso72@mail.ru

Аннотация. *В этой статье анализируется понятие о цифре «три» и связанные с этим же цифром фразеологизмы. А также приведены примеры пословицы и поговорки Обзор к старым традициям казахского народа.*

Ключевые слова. *Три, понятие, фразеологизмы, религия, пословица.*

Abstract: *This article analyzes the concept of the number "three" and associated with the same numeral idioms. And examples of proverbs and sayings. Browse to the old traditions of the kazakh people.*

Keyword. *Idioms, number "three", religion, proverb.*

Қазақ ауыз әдебиетінде «үш» – өте қасиетті сан, бұл санның ерекше саналуы көнеден келе жатыр. Бұл сан халқымыздың ұлттық болмысына, санасына, салт-дәстүріне әбден сіңіп кеткен.Қазақ тілінде «жеті» тәрізді көп айтылмағанмен «үш» санының да ала-бөле қолданылатын жерлері бар.Ертегілерде: «Біреудің үш баласы болыпты»немесе «...хан үш қайтара сұрапты »деген сияқты фразалар жиі кездесіп отырады. Күнделікті өмірде де «үш» саны айрықша, жиі қолданып отырады.

«Жан алу», «жан беру» сияқты дәстүр көп елдерде болған. Бұл әдет қазақтарда болды.Ертеде бірдемеге "жан беруге" тура келсе,өлген бір ардақты кісінің (еркек кісінің) моласына барып,одан «үш» рет айналып: «Жалған айтсам осы кісінің аруағы ұрсын» деп қарғанған;ол кезде жан беруші айыпқа тартылған кісі емес, ол кісінің «үш ата» алыстығы бар жақын туысы болу шарт болған. Туысқандығы үш атаға жеткен кісінің өзі әшкереленіп, жаман қылығы жұртқа аян,сенімсіз болса ғана айыпқа тартылған кісінің басқа туысы(бірақ үш атадан бері болмау керек)жан беретін болған.(Қазақта болған бұл салтты (Н.И.Ильминский өзінің «Материалы к изучению киргизского наречия» дегенінде келтірілген).

«Үш» сөзімен байланысты ойын аты ырым, салт, түрлі сенім, жыл маусымы (кей халықтарда ай аттары) тәрізді сөздер бар. Қазақта «үш табан» деген-асық ойынының бір түрі. Қырғызда «ордо» деген балалардың асық ойынныда үш-пен келетін сөз тізбектері (синтагмалар) бар. Ұйғыр тілінде бұрынғы уақыт жылдың үшінші айын «үшінді» ай деген. Жыл айларын осы ретпен санау түркі елдерінде де болған. Мұсылман елдерінің ауыз бекітетін «Ражаб», «Шабан», «Рамазан» айларын басқа айлардан бөліп алып, айрықша «үш айлар» деп атаған. Шағатай тілінде «үш» деген жақыг туған қаны бір туысқан деген ұғымды берген. [1, 183-б.]. Сонымен қатар халықтық шығармаларда, фольклорлық мұраларда сандық ұғымның көрініс табатынын «Жүсіп – Зылиқа» дастанынан да көреміз. Шығармада Зылиханың Жүсіпті түсінде көріп ғашық болғандығын: Жатады үш күн, үш түн тағам татпай, Бір ауыз еш адамға жауап қатпай. Әйтеуір тіршілік бар, рахаты жоқ Ах, дейді анда-санда тыныш жатпай, – деп суреттейді. Жүсіп Зылиханың түсіне үш рет кіреді. Жалпы дастанның бойында үш саны он бір жерде ұшырасады екен [2,184-б.]. Сонымен қатар қайтыс болған адамның “үшін беру” деген ұғым қалыптасқан. Мұны ғылымда былайша түсіндіреді: адам өлгеннен кейін денеден бөлініп шыққан шыбын жан тәнді қимай, үш күнге дейін оны айналып жүреді екен. Және өлі денедегі биологиялық процестер әлі үздіксіз жүріп жататындықтан, осы кезде адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары өседі. Молда өлген адамның денесін жуып, жаназа дұғасын оқығаннан кейін барып ғана жан тәнмен толық байланысын үзіп, тәннің сезімталдығы толығымен доғарылады екен [3, 27-б.]. «Христиан әлемі «үш» санын тікелей Құдаймен байланыстырады. Олардың ұғымынша, құдай – баласы – қасиетті рух «үштігі» арқылы тіршілік сақталып тұр [2, 185-б.]. Сондай-ақ тілімізде үш сан есімінен келетін культтік фразеологизмдер де баршылық. Бұлардың бәрі ескі салт-дәстүрге қатысты болып келеді. Олар: үш жұрт (жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты; қайын жұрты; нағашы жұрты); үш қазына (ер қазынасы – жүрген із; ел қазынасы – көрсе көз; тіл қазынасы – ескі сөз); үш із (бала – артта қалған із; бақыт – ұзатылған қыз; байлық – қолға ұстаған мұз); үш арсыз (ұйқы, тамақ, күлкі). Осылардың қатарына үш дана, үш арыс, үш қат, үш жамандық, үш асыл т.б. фразеологизмдерді жатқызуға болады. «Үш қайнатса сорпасы қосылмайды» деген фразеологизм берекесіздік, бірікпеушілік деген

мағынада; «үш ұйықтаса түсіне кірмеген» тіркесі көңіліне де алмаған, ойына кіріп-шықпаған деген мағынада айтылады. Ал осы фразеологизмдерде неге үшті қолданған, неге төрт, бес емес деген сұрақ туады. Бұл сұрақтарға жауап әлі нақты беріле қойған жоқ [4, 146-б.

1.2. Киелі үш санымен байланысты ұғымдар.

Қазақ халқы тілге бай. Әр сөзін талдай білген, әр сөзіне мән берген халық. Қазақ үшін әр сөздің ғана емес, әр санның өзіндік қасиеті, шариғатқа қатысы, тәрбиелік мәні, саналы орны болған. Расында Қазақ бір санынан бастап, әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген, орнына, маңызына сай қолданған. Әр санда өзіндік ие болатынын мақсаты мен мағынасы болатынын сезе, түйсіне білген.

Мәселен «үш» санының қадір-қасиетіне көз жүгіртсек .

Мысалы қазақ үш санының байламдарын былай түйіндеген:

Үш көз: Су анасы – бұлақ, жол анасы – тұяқ, сөз анасы – құлақ

Үш тоқтам: Ақыл – арқан, ой - өріс, адам – қазық

Үш қасиет: өліде – аруақ, малда – кие, аста – кепиет

Үш талғам: мейірім – сауап, жақсылықтан шарапат, жамандықтан кесепат

Үш жүз: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз

Үш би: Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би

Үш тәтті: жан тәтті, жар тәтті, мал тәтті

Үш қуат: ақыл, жүрек, тіл:

Үш із: бала, байлық, бақыт – білім

Үш ғайып: қонақ, несібе, ажал

Үш алыс: жер мен көк, жас пен кәрі, жақсы мен жаманның арасы

Үш арсыз: күлкі, ұйқы, тамақ

Үш байлық: денсаулық, ақ жаулық, он саулық

Үш қазына: Ер қазынасы – жүрген із,

Ел қазынасы – көне сөз,

Тіл қазынасы – ескі сөз

Үш мақсат: Саудагер мақсаты – ұту, жол мұраты – жету, дау мұраты – біту

Үш үміт: жазылам деп науқас үмітті, байимын деп кедей үмітті, кетем деп қыз үмітті

Үш қадірлі: ырыс, бақ, дәулет

Үш қадірсіз: жастық, денсаулық, жақсы жар

Үш кемшілік: атың шабан болса – жалғанның азабы, алғаның жаман болса – дүниенің тозағы, балаң жаман болса – көрінгеннің мазағы.

Қазақ ұғымында осы күні басталған істің бәрі де сәтті болады деп сенген. Аптаның үшінші күні, яғни сәрсенбінің сәтті күні деп сапарға шығатын болған. Қазақ халқынан өзге де ұлттарда үш саны қасиетті болып саналған. Бір мен екінің қосындысы ретінде қандай да бір істің бастамасын да, жалғасын да білдіреді. Қытайларда үш саны біраз құбылыстың символикасы болып табылады. Жарықтың үш көзі – Жұлдыз, Күн, Ай. Үш бастау – Аспан, Жер, Адам. Отбасының үш элементі – еркек, әйел, ұрпақ. Үш саны қытайлардың түсінігінде Марс арқылы басқарылады және жалынға теңеледі.

Бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрдің бірі – 3-4 жасқа келген ұл баланы атқа мінгізу. Алдымен ағаштан ашамай-ер жасалған. Осыны жуас құнанға ерттеп, баланы мінгізіп байлап қойған. Тізгінді балаға ұстатып, бір адам құнанды жетектеп, ауылды айналдыра жүргізіп, жиналып тұрған үлкендерге сәлем бергізетін. Әйелдер баланың атқа міну құрметіне шашу шашқан. Ересек балалар таймен жарысып, бірімен-бірі күресіп, түрлі ойындар ойнаған. Балаға ат қою бала дүниеге келгеннен кейін атасы мен әжесі немесе ауыл ақсақалы балаға ат қояды. Ат қоюшы адам баланың құлағына: «Сенің атың…» деп үш рет қайталайды.

Үш санына байланысты мақал-мәтелдер

1.Досыңды үш күн сынама, үш жыл сына.

2.Жұмысқа үш жылда үйренеді, жалқаулыққа үш күнде үйренеді.

3.Ат баспаймын деген жерін үш басады.

Үш санының қасиетін барша халық бағалаған. Қазақ қауымы ұлт болып ұйысып, ел болып еңсе көтергенде отбасылық үштікті негізге алған. Отбасы үштік бірліктен құралған. Әке мен шеше және бала. Кадимги уш ошақтың буты бар7

Үлкендер шүйіркелескенде «Ошақтың үш бұтындай емеспіз бе?» деп жақын тартады. Үштікті халық бірігудің негізіне жатқызған. «Үйірімен үш тоғыз», «Үш жүздің баласымыз», «Ер кезегі үшке дейін».Нәрестенің дүниеге келген құрметіне арналатын салт дәстүрдің бірі шілдехананың да үш күн, үш түн бойы күзетуінің де себебі бекер емес. Яғни жаңа босанған ана мен жас нәрестені назардан ты қалдырмай, сыртқы кері әсерлерден қорғау сенімінен туындаған ырым. Қазақ ұғымында осы күні, яғни аптаның үшінші күні басталған істің бәрі сәтті болады деп сапарға шығатын болған. «Үшті» құрметтеу ислам дінінде де бар. Мәселен, қасиетті «Ыхылас» сүресі, кез келген аятты оқығанда үш рет қайталанып отырады.

Корыта келгенде, «Үш – жаратылыс дамуының алғашқы баспалдағы немесе даму заңдылығы «үштен» бастау» алады деген ойдың дұрыстығына күмән келтірмеген жөн. «Санның да киесі бар» деген қазақ. Сол себепті қазақ санасында қалыптасқан үш санына байланысты ұғымдардың мағынасын білуіміз міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. І.Кеңесбаев Қазақ тіл білімінің мәселелері -Алматы: Арыс, 2008.
2. Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы. Діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. – 254 б.
3. Парасат, 2006, №4. -23-24 б.б.
4. Н.Сауранбаев және қазақ тілі білімі. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2000. – 253 б.
5. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 2004.

Мазмұны

1.	**С.Б. Қуанышбаев**	Алғысөз.....	3

II СЕКЦИЯ

Тіл біліміндегі дәстүрлі бағыттар мен жаңа үрдістер

2.	**Ш.Б. Сейітова**	Кейбір этнотұрақты тіркестердің рухани құндылығы (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары негізінде).....	4
3.	**С.С. Сейтенова**	Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері.....	10
4.	**Г.Баялиева**	Ноғайлы дәуірі мұраларының лексика-грамматикалық сипаты.....	15
5.	**А.М. Абасилов** **Ж.Қ. Кеңес** **А.Е. Төлеген**	Қазіргі сөз қолданысында ұшырасатын келеңсіздіктер.....	20
6.	**К.О. Өмірбаева**	Оқу үрдісінде көркем мәтінді лингвистикалық талдау әдістері.....	25
7.	**А.А. Қасымова** **Нергис Бирай**	Салыстырмалы қазақ және түрік тілдеріндегі қалып сөздер.....	30
8.	**Б.А. Төлегенова**	Тіл мәдениетін жетілдіру – басты парыз.....	34
9.	**Н.Ж. Бекеева**	Кәсіби тілдік құзіреттілікті қалыптастыруда болашақ маман мүддесінің қамтамасыз етілуі...	38
10.	**Ж.У. Калимова**	Семантические особенности имен собственных в английском языке	42
11.	**А.Т. Акишева**	Речевые (текстовые) тактики в жанре интервью	49
12.	**Н.А. Екибаева** **А.Х. Сатышева**	Использование видеоматериалов в обучении слогам английского языка.....	54
13.	**Б.З. Ахметова** **А.Е. Ибрагим**	Топонимия Костанайской области: ассоциативный анализ.....	58
14.	**Б.З. Ахметова** **А.Е. Ибрагим**	Лексико-семантическая особенность годонимов г.Аркалыка Костанайской области	63
15.	**А.С. Даулетова** **М.Ж. Умбетова**	Есімшелердің қалыптасу тарихы.....	68
16.	**Э.М. Самекбаева**	Фразеологиялық компаративтердің теориялық мәселелері.....	74
17.	**С.Қ. Түсіпбаева**	Тілдік тұлғалар шығармашылығындағы ой үндестігі.....	80
18.	**Г.Р. Налибаева** **К.А. Исентаева**	Жеке тұлға қалыптастыруда үштілділіктің маңызы.....	91
19.	**Н.Ә. Кенжебекова**	Бастауыш сынып оқушыларын мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландырудың тиімді жолдары.....	95

20.	**А.С. Хибадуллина**	Қазіргі қазақ публицистерінің негізгі тақырыптары мен тілдік стильдік ерекшеліктері.....	100
21.	**Ә.Т. Тұрғалиева А.Қабдықалымқызы**	Происхождение “сленг”, его характеристика и особенности.....	105
22.	**Ш.С. Ауезова**	Туыстық атаулардағы кірме сөздер, қазақ түркі тілдеріндегі туыстық атаулар.....	108
23.	**Р.А. Абдрашитова**	Воспитание учащихся в процессе обучения русскому языку.....	116
24.	**Р.А. Абдрашитова**	Исследование проблем для чего учить, чему учить, как учить и как учиться русскому языку	122
25.	**Ж.З. Аубакирова Г.С. Жумабаева**	Работа с научным текстом при изучении синтаксиса русского языка в группах неязыковых специальностей.....	128
26.	**Г.С. Штатбаева Б.Б. Айтжанова**	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің ерекшеліктері.	132
27.	**М.С. Оскина Ж.М. Бакирова**	Тілді меңгерген полимәдениетті тұлға қалыптастыруда сыни тұрғысынан ойлау технологиясы.....	135
28.	**А.С. Шонғалова Ж.Ж. Байдалина**	Ақпараттық технологияларды оқытудың кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануда дайындықтың теориялық негіздері.....	141
29.	**Г.С. Жумабаева Ж.З. Аубакирова**	Приемы, используемые в технологии критического мышления на уроках русского языка.....	147
30.	**А.Б. Боранбаева Ш.С. Багитжанова**	Ағылшын тілі сабақтарында халық даналығы негіздерін тиімді пайдалану арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру.....	152
31.	**Д.Б. Курманбаева Б.Т. Тургумбекова**	Компетентностый подход в обучении иностранным языкам.....	158
32.	**Р.К. Жунусова Ж. Турганбек**	Формы, методы и средства формирования основ экологической культуры детей старшего дошкольного и младшего школьного возраста.....	162
33.	**А.Ж. Хамит А.Е. Сейлова А.Д. Нүркенова**	Химия тілі − таным құралы.....	167
34.	**К.К. Досмагулова Қ.К. Хамитова А.С. Аятов**	Қазақ халқының қолданбалы химия туралы білімін қалыптастырудың әлеуметтік негіздері	172

35.	**С.А. Арыстанова** **Г.С. Тасбулатова** **М.С. Амиров**	Үш тұғырлы тіл бағдарында білім берудегі тиімділік.....	176
36.	**Ә.Д. Нүркенова** **А.С. Аятов** **А.К. Кемелбаева**	Биолоия, химия пәндерін ағылшын және орыс тілдері пәндерімен кіріктіре оқыту.....	180
37.	**О.Д. Сулейменова** **О.О. Садыканова**	Способствуют ли интегрированные уроки русского языка и информатики развитию устной речи учащихся?.....	184
38.	**М.А. Аскарова**	Перспективы и развитие полиязычия в системе образования.....	188
39.	**А.А. Аубакирова**	Ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін жетілдіру.....	192
40.	**Ж.Б. Абдрахманова**	Развитие творческих навыков учащихся на уроках русского языка через мотивационный и инструментальный признаки одарённости.....	197
41.	**Н.А. Сайлаубекова**	Проблемы развития социокультурной компетенции у учащихся средней школы ...	203
42.	**Р.К. Абышева**	«Пути развития навыка «говорение» через комментированный ответ учащихся в рамках интегрированной образовательной программы (на уроках русского языка в 7 классе в работе над текстом)».....	208
43.	**Г.Ж. Жукокова**	Возможности групповой работы при качественном анализе текста.....	212
44.	**Г.У. Бекболатова** **А.Н. Бекмашева**	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі эмоционалды мәнді соматикалық фразеологизмдер.....	219
45.	**А.М. Джумагалиева** **У.К. Доукариева**	Использование интернет-ресурсов при обучении иностранному языку.....	223
46.	**А.С. Батырғалиева**	Аксиологиялық лингвистикалық талдаудың аспектілері.....	227
47.	**Ә. Темірғалиқызы**	Сын есімдердің символдық мәні.....	232
48.	**Ы.Т. Серікбаева** **Б.С. Қарағұлова**	Когнитивті лингвистика және «дәурен» концептісі.....	238
49.	**Ә.Н. Самбаева** **Б.С. Қарағұлова**	Махмұт қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» сөздігіндегі кейбір мақал-мәтелдердің қазақ тіліндегі баламасы.....	243
50.	**Қ.М. Айнадин** **Б.Қ. Мұратбек**	Тіл біліміндегі тілдік тұлға мәселесі.....	248
51.	**Г.С. Сырым** **Г.С. Обаева**	Қазақ түсінігіндегі «үш» санының концептісі.....	252

«ҚАЗІРГІ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»
халықаралық қатысуымен республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
II бөлім

23 ақпан 2017 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической конференции
с международным участием
«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ»
II часть

23 февраля 2017 года

Компьютерлік беттеу: Г.Қ. Төлебаева
Басуға 22.02.2017 қол қойылды. Гарнитура Times New Roman
Пішіні 29,7х21½. Көлемі 26,24 ш.б.т
Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1011

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының
редакциялық-баспа бөлімі

110300, Арқалық қаласы
Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru